

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 373.2.035

Қолжазба құқығында

ЕРКЕБАЕВА САУЛЕ ЖОМАРТОВНА

**Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы
балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту**

6D010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
пед.ғыл.докт., проф.
Жумабаева А.Е.
пед.ғыл.канд., доц.
Тасжурекова Ж.Т.

Шет елдік кеңесші
пед.ғыл.докт., проф.
Луценко И.А.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
АНЫҚТАМАЛАР	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	16
1.1 «Коммуникация», «коммуникативтік дағды» ұғымдары мен «мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыны дамыту» түсінігінің мәні.....	16
1.2 Ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері.....	33
1.3 Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мәселесінің қазіргі жайы.....	55
2 ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДЫ МОДЕЛДЕУ	71
2.1 Ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудағы ойынның рөлі мен маңызы.....	71
2.2 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың әдістемелік жүйесі.....	82
2.3 Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі.....	95
3 МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСТАРЫ	111
3.1 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың диагностикасы.....	111
3.2 Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың мазмұны.....	121
3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері.....	135
ҚОРЫТЫНДЫ	149
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	151
ҚОСЫМША А – Енгізу актісі.....	160
ҚОСЫМША Б – Сөйлеуді дамыту.....	164
ҚОСЫМША В – Перспективалық жоспар.....	165
ҚОСЫМША Г – «Баланың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге ұмтылысын диагностикалау» авторлық сауалнамасы.....	170
ҚОСЫМША Ғ – Г. Р. Хузееваның ситуациялық жағдаяттар «Менің досым» суретті әдістемесі.....	171

ҚОСЫМША Д – Г.Р. Хузееваның «Бояу» әдістемесі.....	172
ҚОСЫМША Е – Е.О.Смирнованың балалардың құрдастарымен қарым-қатынаста коммуникативтік құзыреттілігін анықтауға арналған «Суреттер» әдістемесі.....	174
ҚОСЫМША Ж – Е. Е. Кравцованың «Ересек адаммен контекстік қарым-қатынас» әдістемесі.....	179
ҚОСЫМША З – Е.А. Вороничтың байланыстыра сөйлеу құралдарын қолдануды бағалау әдістемесі (Е.М. Мостюкова и Т.Б. Филичева тапсырмалары негізінде)	181
ҚОСЫМША И – Е.А. Вороничтің «Баланың коммуникативті мінез-құлық профилі» әдістемесі (М.И. Лисина бойынша).....	183
ҚОСЫМША К – Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту бойынша ата-аналарға арналған авторлық сауалнама.....	184
ҚОСЫМША Қ – Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту бойынша тәрбиешілерге арналған авторлық сауалнама.....	186
ҚОСЫМША Л – Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ата аналары мен тәрбиешілеріне сауалнамалар нәтижесі.....	188
ҚОСЫМША С – Тәрбиеші педагогтардың біліктілігін арттыруға арналған «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту оқу-әдістемелік» семинар практикумы (32сағат).....	196
ҚОСЫМША М – «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту" бойынша ата-аналарға кеңес.....	207

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертциялық жұмыста төмендегі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». 2022 жылғы 16 наурыз.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_.

Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>.

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>.

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>.

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы».

«Заманауи мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі педагогтерінің съезі материалдары: тенденциялар, мәселелер, перспективалар. (2022).

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Білім берудің жаңартылуы – бұл отандық білім берудің ең жақсы дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі өмір талаптарына сәйкес, білім беру әрекетінің барлық аймақтарының және білім беру жүйесінің барлық буындарының кешенді, жан-жақты жаңартылуы.

Оқу бағдарламасы – меңгерілуі тиіс білім, біліктердің, дағдылар мен күзiреттiлiктердiң мазмұны мен көлемiн айқындайтын бағдарлама.

Жаңарту (модернизация) – нысанның жаңаруы, оның жаңа талаптарға және нормаларға, техникалық шарттарға, сапалы көрсеткіштеріне сәйкестендіру.

Диалогтық оқыту – мұғалімнің оқу материалын балаларға түсіндіріп, балалардың сол оқу материалын меңгеруі мақсатында оқу материалын дайындаудың және баяндаушы әңгіме жүргізудің нақтылы реттеуші ережелерін ескере отырып құрылған оқыту мен оқу тәсілі.

Мектепке дейінгі ересек жас – 3 жасатан 6-7 жасқа дейінгі, яғни ерте мектепке дейінгі жастан кіші мектеп жасына дейінгі балалық кезең.

Модель – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы.

Дағды – автоматты түрде жасауға дейін жеткізілген, көп рет қайталау жолымен саналы түрде қалыптасқан әрекет.

Коммуникативті дағды – қарым-қатынас құралдарын қолдана отырып, қарым-қатынас әрекеттерін орындау.

Коммуникация – лат. Communication - байланыс, хабар, ортақ істеу, байланыс, хабарлау, ақпарат алмасуды болжайтын кез келген табиғат объектілер арасындағы белсенді өзара іс- қимыл түрі.

Қатынас – қарым-қатынас, байланыс, вербалды немесе бейвербалды түрде ақпаратты жеткізу.

Ұйымдастырылған іс-әрекет – балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы

Интеграция – мазмұнның құрылымдық бөлімдерінің арасындағы байланысты орнататын үдеріс.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті
білімберу стандарты

ҮОБ – үлгілік оқу бағдарламасы

МДЕЖБ – мектепке дейінгі ересек жастағы балалар

ҰІӨ – ұйымдастырылған іс-әрекет

ЭТ – эксперименттік топ

БТ – бақылау тобы

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі кездегі еліміздің экономикалық даму жағдайында мектеп жасына дейінгі бала бойында креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілік пен командада жұмыс істей білу дағдыларын дамытуға басты назар аударылып, әлеуметтік тұлғасын қалыптастыру қажеттілігі артып отыр. Бұл өз кезегінде, балалардың физикалық, интеллектуалдық, коммуникативтік, эмоциональдық дамуын зерттеуді, балалардың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауды талап етеді.

Осыған байланысты мектепке жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар жасауды реформалау мемлекеттің ұлттық саясатының құнды басымдықтарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауларында ұлт сапасын жақсарту ісіндегі білім беру жүйесіне, оның ішінде мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие жұмысын ұйымдастыруға өзгерістер енгізудің бірқатар шаралары көрсетілген. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «...мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керектігін» атап өткен. Қазақта «...Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөз бар екендігін, алайда, бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға баратындығын атап өтіп, мұндай олқылыққа жол беруге болмайтындығына аса мән берген [1].

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету, әрбір баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашуға қолайлы жағдайлар жасау міндеттелген [2].

Сондықтан да мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық дамуында коммуникациялық ортаны кеңейту арқылы коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру өзекті болып табылады.

Соңғы уақытта Қазақстан Республикасының педагогика ғылымы мен тәжірибесі саласында мектепке дейінгі кезеңде баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамытуға ерекше мән берілуде.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде: «...балалардың бойынан әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілікті, когнитивтік және қарым-қатынас дағдыларын дамытуды, таным мен зерттеуге деген жоғары ішкі мотивациясын қалыптастыруды, әрбір баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс» деп көрсетілген [3].

Соңғы онжылдықта мектепке дейінгі балаларға тәрбие мен білім беру үдерісінде «4К тұжырымдамасы» бойынша бала бойындағы креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамыту және командада жұмыс істей білу дағдыларын дамыту табысты жүзеге асырылып келеді. Осы тәжірибе қарым-қатынас үдерісінде басқалардың мүдделерімен келісу, олардың көзқарасын есепке ала білу, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында құрдастарымен және ересектермен белсенді өзара іс-қимыл жасау, өзіне және басқа адамдарға

оң көзқарас орнату сияқты коммуникативтік сипаттамалардың болатындығын және т.б. көрсетті.

Балаларда коммуникативтік дағдының болмауы қарым-қатынасты қиындатады, себебі олардың мектепке дейінгі ұйымдағы ұйымдастырылған іс-әрекеті құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас негізінде жүзеге асырылады. Сондықтан да мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың жеке тұлға ретінде дамуы үшін коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың маңызы ерекше.

Алайда, қазіргі уақытта мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін, «4К тұжырымдамасын» мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісіне толығымен ендіру, көшіре салу мүмкін емес. Өйткені олардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері жасала қойған жоқ. Сондықтан мектеп дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуды жүзеге асырудағы қиындықтардың себептерінің анықталмауы және оны ендіру механизмінің жасалмауы да бұл мәселенің теориялық-практикалық тұрғыдан зерттелуін қажет етеді.

Қазақ халқының ойшыл-педагог ғұламалары А.Құнанбаев [4], Ы.Алтынсарин [5], Ш.Құдайбердиев [6], М.Жұмабаев [7], А.Байтұрсынов [8], Ж.Аймауытов [9], еңбектерінде тіл және қарым-қатынас мәселесі орын алған.

Философиялық тұрғыда тұлға бойындағы қарым-қатынастың орны және олардың бір-бірімен диалектикалық байланысы М.М.Бахтин [10], Н.А.Бердяев [11], Т.Ғабитов [12], Д.Кішібеков [13], А.Маслоу [14], т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Тұлғааралық қарым-қатынас мәселесінің бірқатар аспектілері, атап айтқанда, мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғааралық қарым-қатынастарын құрдастарымен, сондай-ақ ересектермен коммуникативтік байланыс құру арқылы олардың әлеуметтенуін М.А.Логутова [15], М.Ю.Коноволенко [16], Б.В.Вишнякова [17], Д.Т.Мид [18], В.А.Тищенко [19], Г.Ж.Бахтыбаева [20], К.Ж.Төребаева [21], Х.Т.Шерьязданова [22], А.Б.Ынтықбаева [23], және еңбектерінде қарастырылған.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік білік пен дағдысының қалыптасу кезеңін Л.А.Дубина [24], Е.В.Локтева [25], Р.Б.Немов [26], Е.О.Смирнова [27], Л.Б.Выготский [28], А.А.Люблинская [29], В.Б.Мухина [30], А.Қ.Атыманова [31] және т.б. әлеуметтенудің маңызды кезеңі деп санайды. М.И.Лисина мектеп жасына дейінгі балалардың қалыптасқан коммуникативтік дағдылары тұлғааралық қарым-қатынас аясын кеңейтуге, өнімді және жағымды өзара әрекеттесу үлгілерін игеруге, құрдастарымен қарым-қатынас қажеттілігін қанағаттандыруға ықпал ететіндігін анықтаған [32].

Мектеп жасына дейінгі баланың коммуникативтік дамуы мәселесі бойынша қарым-қатынасты ұйымдастырудың психологиялық және педагогикалық негіздері отандық және шетелдік ғалымдардың Ж.Әубәкірова [33], А.Бақраденова [34], Х.Т.Наубаева [35], М.Мұқанов [36], Ә.Алдамұратов [37], Б.Елеусізов [38], Қ.Жарықбаев [39], К.Роджерс [40], Б.Л.Рубинштейн [41], Ж.Пиаже [42], В.В.Давыдов [43], А.В.Запорожец [44], Л.И.Божович [45], Л.А.Венгер [46] және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуда тілдің маңыздылығы отандық және шетелдік педагог ғалымдар Н.Құлжанова [47], Б.Баймұратова [48], Қ.Меңдаяқова [49], Ә.Б.Әмірова [50], А. А. Капенова [51], Г.З.Таубаева [52], К.М. Метербаева [53], Б.,К.Д.Ушинский [54], Е.И.Тихеева [55], Е.А.Флерина [56], А.М.Бородич [57], т.б еңбектерінде жан-жақты талданып көрсетілген.

Балалардың коммуникативтік қарым-қатынасының ойын барысында қалыптасуы Т.Иманбеков [58], М.Турыскельдина [59], Г.М. Қасымова [60], Ұ.Ауталипова [61], М.Н.Махаманова [62], Л.Я Лозован [63], А.Т.Ружскаяның [64] ғылыми жұмыстарында терең зерттелген.

Коммуникативтік дағдыны қарым-қатынастың бір қыры ретінде философ, әлеуметтанушы, психологтер мен педагогтердің еңбектерінде қарастырылып, жан-жақты талданған.

Балалар тұлғасының қалыптасуына қарым-қатынас әсерінің педагогикалық аспектісін зерттеген И.А. Луценко өзінің ғылыми еңбегінде тілдік қарым-қатынастың баланың өзін-өзі тануына, әлеуметтенуіне, ересектермен және құрдастарымен өзара қарым-қатынас жасауына ықпал ететінін анықтаған [65].

Жоғарыда көрсетілген еңбектерге жасалған талдау мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту мәселесінің зерттелмегенін көрсетті. Проблеманың өзектілігін талдау мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуды жүзеге асыруда қоғамның сұранысы мен педагогика ғылымында, оның теориялық және практикалық негізделуі арасында қарама-қайшылықтар бар екендігін айқындады:

– мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуға қоғамның жедел сұранысы мен практикада оның жүзеге асырудың теориялық негіздерінің зерттелмеуі;

– мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуды мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылатын педагогикалық үдеріске ендіру қажеттігі мен оны жүзеге асырудың арнайы әдістемелік кешенінің жоқтығы.

Осы қарама-қайшылықтар зерттеу жұмысымыздың мәселесін анықтады, ол мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық негіздерін айқындау және оның тиімді әдістемелік кешенін ұсынып, практикада жүзеге асыру қажеттілігімен анықталады. Аталған қарама-қайшылықтардан туындаған зерттеу мәселесі бізге тақырыпты **«Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту»** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің нысаны: мектепке дейінгі ұйымдарда ересек жастағы балалармен ұйымдастырылатын педагогикалық үдеріс.

Зерттеудің пәні: жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың әдістемесі.

Зерттеудің мақсаты: Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуды теориялық негіздеу және әдістемелік жүйесін жасау, оның тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеу.

Зерттеудің міндеттері

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;
- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудағы ойынның рөлі мен маңызын айқындау;
- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау;
- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың әдістемелік жүйесін әзірлеу, оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру және нәтижелерін оқыту үдерісіне енгізу, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындау.

Зерттеудің болжамы – егер мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық негіздері мен компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері айқындалса, аталған дамыту үдерісінде ойынның рөлі мен маңызы анықталып, оларды жүзеге асырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемелік жүйесі жасалып, тәжірибеге ендірілсе, онда осы жастағы балалардың коммуникативтік дағдылары мен біліктерін дамыту мүмкін болады, өйткені мектепке дейінгі жаста тұлғаның мотивациялық, танымдық, эмоционалды және іс-әрекеттік сапаларының дамуына және әлеуметтенуіне қол жеткізіледі.

Зерттеудің жетекші идеясы. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды әлеуметтік тұлға деп бағалап, коммуникациялық ортаны кеңейту арқылы ауызша сөйлеу тілінің қалыптасуына мүмкіндік жасау бұл жастағы балалардың өмірлік маңызды дағдыларын, оның ішінде коммуникативтік дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми материалдары, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мәселелері туралы нормативті құжаттары мен оқу кешендері (тұжырымдама, стандарт, типтік оқу бағдарламалары және т.б.); философ, әлеуметтанушы, психолог, педагогтердің зерттеулері, шетелдік және отандық ғалымдардың коммуникация теориясы, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша озық тәжірибе; ғылыми мерзімді басылымдар, автордың педагогикалық және ғылыми-зерттеу тәжірибесі.

Зерттеудің негізгі кезеңдері

Зерттеу жұмысының *бірінші кезеңінде* (2018-2019 жылдар)

диссертацияның тақырыбы бойынша отандық және шетелдік философиялық, педагогикалық, психологиялық, дидактикалық, әдістемелік-дидактикалық тұрғыдан ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен зерттеу жұмыстары жинақталып, оларға ғылыми талдаулар жүргізілді. «Коммуникация», «коммуникативтік дағды» ұғымдары мен мәселелері бойынша талдаулар жасалынды. Зерттеу жұмысының әдіснамалық тұғырлары мен теориялық негіздері жүйеленді [11].

Зерттеу жұмысының *екінші кезеңінде* (2019-2020 жылдар) мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау бойынша ізденістер жасалынды, талдаулар жүргізілді, нәтижесінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі анықталды және әдістемелік жүйесі жасалды.

Зерттеу жұмысының *үшінші кезеңінде* (2020-2021 жылдар) мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары ұйымдастырылып өткізілді. Арнайы әзірленген әдістемелік кешен (тәрбиешілерге арналған «Сөйлеуді дамытудың әдістемелік нұсқаулығы», мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған «Сөйлеуді дамыту» дәптері, «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытудың 4К негізіндегі ойындар жинағы») тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтау, оқыту-қалыптастыру, бақылау кезеңдерінен өткізіліп, сыналды. Нәтижелері бойынша математикалық статистика тұрғысынан талдаулар жасалынып, әдістемелік ұсыныстар әзірленді. Диссертация мәтіні түзіліп, ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша қорытынды жасалынды.

Зерттеу әдістері

- зерттеу жұмысында келесі теориялық әдістер қолданылды: талдау, жинақтау (анализ бен синтез), контент-талдау, индукция, дедукция, салыстыру, нақтылау, жүйелеу, жіктеу (классификациялау), модельдеу;

- зерттеу жұмысында келесі эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды: бақылау, тексеру, бағалау, сауалнама, тестілеу, диагностикалау әдістері эксперимент әдісі, математикалық статистика әдістері.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: таным теориясы, тұлға теориясы, іс-әрекет теориясы, ақыл-ой әрекетін кезеңмен қалыптастыру теориясы, проблемалық оқыту, коммуникация теориясы, элеуметтану, синергия теориясы, тұлғалық-бағдарлы оқыту теориясы.

Зерттеудің базасы: Алматы қаласының №30, №105, бөбекжай-балабақшасы №179 балабақшалары.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудағы ойынның рөлі мен маңызы айқындалды;

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үдерісінің құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды;

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік

дағдыларын дамытудың әдістемелік жүйесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: зерттеу жұмысының нәтижесінде әзірленген әдістемелік кешенді – тәрбиешілерге арналған «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты 32 сағаттық оқу бағдарламасын, «Сөйлеуді дамытудың әдістемелік нұсқаулығын», мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған «Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптерін, «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың 4К негізіндегі ойындар жинағын» – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарында және зерттеу жұмысының нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында элективті курс ретінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысымдық сөйлеу әрекеттерін дамытуда негізгі ұғымдардың, түсініктердің мәнін психологиялық, педагогикалық, физиологиялық тұрғыдан талдау негізінде нақтылау, оның ішкі мазмұндық құрылымын анықтау жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларының сапалы дамуына кепіл бола алады.

«Коммуникация» ұғымының мәні – бұл екі немесе бірнеше адамдар арасында ақпарат, хабарлама беру, ақпарат алу немесе онымен алмасу арқылы өзінің белсенділігі мен мақсаттарына қол жеткізу, ал *«коммуникативтік дағды» ұғымының мәні* – бұл басқа адамдармен қарым-қатынас жасау, басқалардың пікірін тыңдау және өз ойын айта алу қабілеті, қарым-қатынасты ұйымдастыра білу, қарым-қатынас нормалары мен ережелерін білу үдерісі деп тұжырымдалды.

«Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» түсінігінің мәні – ауызша қарым-қатынас үдерісінде басқалардың мүдделерімен келісу, олардың көзқарасын есепке ала білу, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында құрдастарымен және ересектермен белсенді өзара іс-қимыл жасау, өзіне және басқа адамдарға оң көзқарас орнату жиынтығы ретінде кіріктірілген тұлғалық сапаларының көрініс табуының кешені.

«Коммуникация», «коммуникативтік дағды» ұғымдарының философиялық, психологиялық-педагогикалық ұғым ретіндегі нақтыланған мәні мен оның құрылымы ұйымдастырылған іс-әрекеттің ғылыми-әдістемелік негізін жасаудың базасы болып табылады.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың әдіснамалық негіздерінде жүйелілік-іс-әрекеттік, кіріктірілген, коммуникативтік, синергетикалық әдіснамалық тұғырлары тұғырлары басшылыққа алынады.

2. Мектепке дейінгі балалармен ұйымдастырылған іс-әрекеттер ойын түрінде жүзеге асырылады. Ойын жетекші іс-әрекет ретінде балалардың өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ коммуникативті дағдыларын дамытуда

маңызды рөл атқарады. Ойын барысында мектепке дейінгі ересек жастағы балалар жан-жақты дамиды, айналасындағы ересектермен және құрдастарымен өзара әрекеттеседі, олардың сөйлеу тілі дамиды, сөздік қоры молаяды, сөйлеудің грамматикалық құрылымы дамиды.

3. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі ақырғы нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері, коммуникативтік дағдыны дамытудың компоненттері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындалған, әдістемелік кешені жасалған құрылым болып табылады. Модель мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда басшылыққа алатын ғылыми негізделген әдістемелік нұсқаулық бола алады.

4. Коммуникативтік дағдыны дамытудың әдістемелік жүйесі ұйымдастырылған іс-әрекет үдерісінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың құрдастарымен және ересектермен белсенді қарым-қатынас жасау әдіс-тәсіл, құрал және формалармен қамтамасыздандырады.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуда тәрбиешілерге арналған «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты 32 сағаттық оқу-бағдарламасы және «Сөйлеуді дамытудың әдістемелік нұсқаулығы», мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған «Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптері, «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытудың 4К негізіндегі ойындар жинағы» әдістемелік кешені дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы дәлелденеді.

Зерттеудің талқылануы мен жариялануы. Зерттеудегі негізгі ойлар, диссертацияның негізгі мазмұны, ондағы негізгі тұжырымдар халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда және ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда бекіткен тізімдегі республикалық басылымдарда жарық көрді.

Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 14 мақала жарық көрді. *Соның ішінде 1-еуі Scopus деректер қорына кіретін басылымда:*

1.«Development of communication skills of older preschool children through information technology» //Cypriot Journal of Educational Sciences Volume 17, Issue 8, 2733-2744 стр. [https://un-pub.eu/ojs/index.php/cjes/article/view/7828#:~:text=DOI%3A-](https://un-pub.eu/ojs/index.php/cjes/article/view/7828#:~:text=DOI%3A-,), Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі –75 %), Қосалқы авторлар: (Сарсенкуль, Ж., Қыяқбаева Ұ., Нұрғалиева Д., Абильбакиева Г., Назерке, С).

ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 3-еуі жарияланды:

2.«Мектепке дейінгі ұйымдағы жаңартылған білім мазмұнының басым бағыттары»// Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3 (63), 2019 ж. 223- бет (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

3.«Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары»//Абай

атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы № 4 (64), 2019 ж, 424-428 беттер (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 80%, Қосалқы автор: Жұмабаева Ә.Е.).

4. «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың теориялық аспектілері»//Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(65), 2020 ж 368-374 беттер (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%. Қосалқы авторлар: Шырынбаева Г.К., Инаятова А.Е.).

Алыс-жақын шетелдердегі халықаралық конференцияларында:

5. «Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау ерекшелігі»// «ОБРАЗОВАНИЕ в XXI веке». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (Мәскеу қ, 20 ақпан 2019 ж)/164-167 беттер. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

6. «The development of communicative abilities of children». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. «Сучасні стратегії педагогічної освіти в контексті розбудови суспільства сталого розвитку та євроінтеграції .14-15 қараша 2019 ж. Киев қ, Украина <https://www.researchgate.net/publication/342203977>_(Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

7. «Теоретические основы развития креативности у детей дошкольного возраста»//Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары «Débats scientifiques et orientations prospectives du développement scientifique» ақпан 2021 ж • Париж қ, Франция. УДК 001(08) <https://doi.org/10.36074/logos-05.02.2021.v5>. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 80%, қосалқы авторлар: (Тайтелиева Л, Изат М, Нурбекова С, Мусина Г.).

8. «Структурный анализ общения детей старшего дошкольного возраста»// Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. The driving force of science and trends in its development I international scientific and theoretical conference volume 4 УДК 001(08) <https://doi.org/10.36074/scientia-29.01.2021.v4> t 44 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 80%, қосалқы авторлар: (Кыякбаева Ұ, Ошакпаева С, Анарбек. Л, Тусупова А).

9. «Развитие коммуникативных навыков у детей дошкольного возраста в соответствии с обновленным содержанием среднего образования в Республике Казахстан»// Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. «Образование в XXI веке». Мәскеу қ, 28-31 наурыз 2022 ж. [электронды ресурс] //88-98 беттер, (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 80%, Қосалқы авторлар:Тасжурекова Ж.Т, Луценко И.А.).

Республикалық және халықаралық конференцияларында:

10. «Ерте жастағы балалардың онтогенезінде сөйлеу тілін дамыту»// «Цифрлық Қазақстан жағдайында үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту: өзекті мәселелер және оларды шешу жолдары» республикалық ғылыми-практикалық конференциясы, ТарМПУ, 24-25 қаңтар 2019 ж. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

11. «Мектепке дейінгі жастағы балаларға қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудың ерекшеліктері»//«Құндылық-бағдарлы білім беру идеясын жүзеге асыру: мәселелер, ізденістер, шешімдер» атты ІХ халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Өскемен: Б. Аманжолов атындағы ШҚМУ. - 2020 ж. – 76-83 б.б. ISBN 978-601-314-443-6, (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор Азимбаева Д.Қ.);

12. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік - тілдік дағдыларын жетілдірудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» // "Адамзаттың ғаламдық мәселелерін шешуде ұлттық психологияның рөлі" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция, 391 -394 б.б. Алматы, «Тұран» университеті, 21 сәуір 2021ж. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор Ошакпаева С.К.);

13. «Мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың психологиялық аспектілері»// X халықаралық ғылыми-практикалық конференция – Алматы. «Тұран» университеті, 28 сәуір 2021ж. 144 - 149 беттер. ISBN 978-601-214-478-9 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор Ошакпаева С.К.);

14. «Сөйлеуді дамыту» дәптері мен тәрбиешілерге арналған «Әдістемелік құрал». Алматы: «Атамұра» баспасы, 2022 ж. 132 б. (дәптер мен әдістемелік құралды жазудағы докторанттың үлесі – 50%, қосалқы автор Жұмабаева Ә.Е. – 50 %).

Диссертация жұмысының құрылымы мен көлемі. Диссертация жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Жұмыстың жалпы көлемі – 150 бетке компьютермен теріліп басылған. Жұмыстың мазмұнында 38 кесте, 29 сурет берілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 151-159 аталымнан тұрады.

Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлданыуы, тәжірибеге ендірілуі отандық және шет елдік тарихи педагогикалық, психологиялық-педагогикалық еңбектердегі теориялық-әдіснамалық қағидаларды басшылыққа алуымен, тұжырымдарға негізделуімен, зерттеудің мақсатына сай теориялық, эмпирикалық әдіс-тәсілдерді қолдануымен, алынған нәтижелерді қорытындылауымен қамтамасыздандырылды.

1 МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫСЫН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Коммуникация», «коммуникативтік дағды» ұғымдары мен «мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту» түсінігінің мәні

Коммуникативтік қарым-қатынас дағдылары тұлғаның толыққанды қалыптасуының маңызды аспектісі болып табылады. Тұлғааралық қарым-қатынас басқалармен байланыс орнатуда ерекше орын алады. Қарым-қатынас дағдыларын меңгеру арқылы мектепке дейінгі ересек жастағы балалар адамзаттың бай тәжірибесін, қоршаған ортаны танып біледі. Коммуникативтік дағды баланың жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуына, психологиялық қабілеттерінің қалыптасуына ықпал етеді.

Коммуникация – негізінен танымдық қызмет, тілдің көмегімен жүзеге асырылады. «Коммуникация» ұғымы ғылыми әдебиеттерде «communicatio» – латын тілінен аударғанда – хабарлау, жеткізу, «communicare» – ортақ ету, әңгімелесу, байланыстыру, хабарлау, жеткізу ұғымдарын білдіреді. Бұл ұғым жеке тұлғалардың, топтардың, халықтардың хабарды жеткізу және өзара хабарласу, өзара сезімін бағалау, мәліметті жеткізу сияқты әлеуметтік үдеріс саласында алдыңғы орынды алатын құндылықтарды жүзеге асыруға аса қажетті элемент ретінде ХХ ғасырдың басында пайда болды [66].

«Қазақ ұлттық энциклопедиясы» сөздігінде «коммуникация» сөзіне: 1) қатысым жолы, бір орынның екінші жақпен байланысы; 2) сөйлесу, ақпарат беру деп берілген [67].

Б.И. Ожеговтың сөздігінде «коммуникация» хабарлама, байланыс деп түсіндіріледі. Ал синонимдер сөздігінде «коммуникация» анықтамасы «қарым-қатынас» сөзіне синоним ретінде сипатталады [68].

Философиялық сөздікте: «Коммуникация – әлеуметтік өзара әрекеттің мәндік және идеалдық-мазмұндық аспектісі. Оның мағыналық қабылдауында саналы бағдарлануы коммуникативтік әрекет болып табылады. Тілдің коммуникативтік құралы – қарым-қатынас» делінген [69-97].

Коммуникация қарым-қатынастың философиялық негізін қалаған ғалымдар Л.П.Будева [98], И.А.Ильясова [99], М.Б.Каган [81, б. 22], Н.А.Бердяев [11, б. 1], қазақ ғалымдарынан Ж.М.Әбдилдин [100], Қ.Ә.Әбішев [101], Д.Кішібеков [13, б. 245] және т.б. әлеуметтік іс-әрекет және қарым-қатынастардың ара қатысымен топтастырады.

A.L. Sillars, A.L. Vangelisli шетелдік зерттеушілер де осыған ұқсас көзқарасты ұстанады, коммуникацияны өзара әрекеттесу үдерісінде жеке қатынастарды құру және қолдау құралы деп сипаттайды [70, р. 331]. Авторлардың пікірінше, «коммуникация» категориясы философияда танымдық және еңбек ету үдерісінде адамдардың өзара әрекеттесуінің нақты формасы ретінде анықталады.

Жоғарыда келтірілген анықтамаларды талдау барысында коммуникацияға келесі сипаттамалар тән екенін анықтадық:

- коммуникация – бұл үдеріс ретінде қарастырылады;
- коммуникация барысында екі тарап (адресат пен адресант) арасында ақпарат беру және ақпарат алу жүргізіледі;
- коммуникация өзара әрекеттесу жағдайында жүзеге асырылады (субъект – объект, субъект – субъект).

Жалпы ғылыми еңбектерде «коммуникация» ұғымының маңызды сипаттамалары жеткілікті түрде ашылмаған категория болып табылады. Авторлардың ғылыми ізденістерін талдау кезінде біз олардың «коммуникация» туралы көзқарастары мен пікірлері әртүрлі екенін байқадық.

К.Ясперс [71, б. 18], О.Большов [72, б. 222], Э.Мунье [73, б. 1] еңбектерінде «коммуникация» адамдар арасындағы «өзара келісімнің негізінде түсінушілік, пікірталасқа түсе алу біліктілігі» деп түсіндіріледі.

Психологтер коммуникация адамның маңызды әлеуметтік қажеттіліктерінің бірі екенін дәлелдейді П.Б. Берхин [74, б. 100], Б.Ф.Ломов [75, б. 47], О.И. Муравьев [76, б. 118]. Ғалымдар коммуникация үдерісін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кейбір сипаттамалық қасиеттер мен жеке қасиеттердің жиынтығы ретінде ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаға субъектінің коммуникативтік бағытын қажет ететін адамның мотивациялық-қажеттілік саласының құрамдас бөлігі ретінде анықтайды.

Коммуникация ұғымы «байланыс», «қабілет», «құзыреттілік», «белсенділік» ұғымдарымен тығыз байланысты. Қарым-қатынас әлеуметтік психологияда «ақпарат алмасу және адамдардың өзара әрекеті» деп түсіндіріледі.

Коммуникативтік қабілеттер – бұл адамның қарым-қатынасының тиімділігі мен басқа адамдармен үйлесімділігін қамтамасыз ететін жеке психологиялық ерекшеліктері.

Коммуникативтік құзыреттілік – бұл адамдармен қарым-қатынас жасау білімдері мен дағдылар жиынтығын білдіретін әлеуметтік-психологиялық ұғым.

Коммуникативтік белсенділік – басқа адамдармен-құрдастарымен және ересектермен әлеуметтік байланыстағы бастамашылық [18, б. 227].

К.Ж.Төребаева қарым-қатынас – бұл адамдардың танымдық хабарлар алмасуы, өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы деп түсіндіреді [21, б. 148]. Автордың пікірінше, ересек адамның қарым-қатынасы қабылдау мен түсінісу, ал мектеп жасына дейінгі баланың ересек адамдармен қарым-қатынасы еліктеу арқылы жүзеге асады.

М.А.Логутованың «қарым-қатынас» пен «коммуникация» ұғымдары бірдей құбылыстар шеңберін білдіре ме, жоқ па?» деген ғылыми сұрағына М.Ю. Коноваленко бұл ұғымдардың арақатынасын анықтайтын үш негізгі көзқарас түрлерін ұсынады [15, б. 12].

Бірінші көзқарас бойынша Л.Б. Выготский [144, б. 352], В.Н. Курбатов [77, б. 240], А.А. Леонтьев [78, б. 365], Т.Парсонс [79, б. 15], К.Черри [80, б. 368], және т.б. «коммуникация» терминін «байланыс жолы, байланыс» деп

түсіндіреді. Қарым-қатынас – бұл «әлеуметтік құбылыс, адамдар жасаған көптеген байланыс жүйелерін қолданатын әлеуметтік қарым-қатынас, олардың ішіндегі ең бастысы – адамның сөйлеуі мен тілі жатады» дейді.

Екінші көзқарас бойынша «қарым-қатынас» ұғымының коммуникациядан бөлінуін М.Б.Каган былай деп түсіндіреді:

- біріншіден, қарым-қатынас практикалық, материалдық, рухани, ақпараттық және іс жүзінде рухани сипатқа ие, ал коммуникация... бұл таза ақпараттық үдеріс – белгілі бір хабарламаларды беру».

- екіншіден, олар өзара әрекеттесетін жүйелер байланысының табиғаты бойынша ерекшеленеді. Қатынас дегеніміз – объектілік байланыс, онда субъект белгілі бір ақпаратты береді, ал объект ақпаратты пассивті алушы (қабылдағыш) ретінде әрекет етеді.

Үшінші көзқарас «ақпарат алмасу» ұғымына негізделген. Ақпарат алмасу тілдік емес нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін және оның тасымалдаушылары тек вербалды емес құралдарды ғана емес (мимика, ым-ишара, интонация және т.б.), сонымен қатар басқа да заттарды да тасымалдаушы болуы мүмкін [81, б. 319]. Сондықтан «қарым-қатынас» адамдар арасындағы өзара әрекеттесуді орнатуға және қолдауға бағытталған.

М.Ю. Коноваленко бұл ұғымдарды келесідей түсіндіреді:

- «коммуникация» – бұл ақпарат алмасу;

- «әлеуметтік коммуникация» – ауызша және вербалды емес деңгейде жүзеге асырылатын қоғамдағы ақпарат алмасу [16, б. 21],

А.Н Леонтьев: «Коммуникация – әлеуметтік құбылыспен қатар жеке даралық құбылыс болып саналады. Оның жеке даралық көрінісі сөйлеуден, баланың жеке сөздік қоры мен тіл байлығынан көрінеді» деп есептейді [82, б. 1].

А.М. Руденконың түсіндірмесінде: «...коммуникативтік үдеріс – бұл әртүрлі коммуникативтік арналар арқылы ауызша және вербалды емес құралдарды қолдана отырып, жіберуші мен алушы арасында ақпарат (хабарламалар) алмасу үдерісі» делінген [83, б. 303].

Демек коммуникация үдерісі – қандай да бір мақсатпен жүретін, адамның сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу тәсілі. Коммуникативтік үдеріс құрылымын 1-кестеден байқауға болады.

Кесте 1 – Коммуникативтік үдеріс элементтері

Коммуникативті үдеріс элементтері			
Ақпарат жіберуші (коммуникатор) – алушыға ықпал ету мақсатында ақпаратты генерациялайтын және беретін тұлға	Хабар - бұл жаңалықпен сипатталатын және арнайы таңбалармен, белгілермен кодталған маңызды ақпарат	Желі – ақпаратты жіберуші мен қабылдап алушының арасындағы құрал. Тікелей және жанама болуы мүмкін (техниканың көмегімен)	Ақпарат алушы – ақпарат тағайындалған және оны түсіндіретін (хабарламаны кодтайтын) тұлға немесе тұлғалар тобы

Коммуникативтік қажеттілік – жеке тұлға қоршаған ортадағы біреу мен

өзара әрекеттесе отырып, өзін және басқаларды танып білу, бағалау кезінде пайда болады. Қарым-қатынас себептері мен міндеттері бір-бірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Қарым-қатынас құралы – бұл байланыс әрекеттерінің көмегімен жүзеге асырылатын операциялар. Қарым-қатынас өнімдері – қарым-қатынас нәтижесінде пайда болатын материалдық және рухани сипаттағы білім. Г.М.Коджаспирова өз кезегінде қарым-қатынасқа мынадай түсінік береді: «бұл екі немесе одан да көп адамның арасындағы танымдық және аффективті-бағалау сипатындағы ақпаратпен алмасудан тұратын өзара іс-әрекет» [84, б. 97].

«Коммуникация» ұғымының екінші мәнін негізге алатын болсақ, ол әлеуметтік өзара іс-қимылдың мағыналық аспектісі ретінде қарастырылады.

Б.М.Вишнякова «...коммуникация әріптестердің арасындағы өзара түсіністіктің неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін тұлғааралық қарым-қатынас» [17, б. 130] деп қарастырған, яғни «... тек ұтымды дайындалған ақпаратпен бөлісіп қана қоймай, адамдар арасындағы тікелей көңіл-күй қатынасына да мән беру қажет» [17, б. 28].

Г.М.Андреева адамдардың коммуникациясы туралы сөз қозғағанда, оның тар мағынасында бірлескен іс-әрекет барысында әртүрлі идеялар мен қызығушылықтар, көңіл-күйлері мен сезімдері сияқты түсініктермен тығыз байланысты, яғни бәрін хабар алмасу деп қана қарастыруға болады деп санайды. Олай қарастыратын болсақ, коммуникация үдерісін тек хабар алмасу үдерісі деп қана түсінуіміз мүмкін [85, б. 215].

А.Н. Леонтьев хабар алмасу барысында адамдардың өздеріне қажетті ортақ пікір тудыруға тырысатындығын айтады [82, б. 291]. Біріншіден, мұнда хабар қабылданып қана қоймай, бәріне түсінікті болып, ойда қорытылғанда ғана мүмкін болады. Коммуникативтік үдерістің мәні – жай ғана хабар алмасу емес, сонымен қатар, берілген хабарды бірлесе отырып тану деуге болады. Сондықтанда әрбір коммуникативтік үдерісте іс-әрекет, қатынас, таным – үшеуі шынайы бірлестікте жүреді. Екіншіден, адамдардың өзара хабар алмасуының сипаты серіктестерінің белгілер жүйесінің құралы арқылы бір-біріне әсер ететіндігі арқылы анықталады. Дәлірек айтқанда, адамдардың хабар алмасуы серіктесінің мінез-құлқына міндетті түрде әсер етуі тиіс, яғни айтылып отырған хабар немесе белгі коммуникативтік үдеріске қатысушылардың жағдайын өзгертеді [82, б. 292]. Коммуникацияның нәтижелілігі сол әсердің қаншалықты жүзеге асқандығымен өлшенеді. Үшіншіден, хабарды беруші адам және оны қабылдаушы адам, бірыңғай немесе ұқсас кодификация мен декодификация жүйелеріне ие болғанда ғана коммуникативтік білікпен хабар алмасу жүзеге асады. Коммуникация дара және қоғамдық жетілген ақпараттар арасындағы делдалдық құрал қызметін атқарады. Оның маңыздылығы – ақпаратты жеке дара үдерістен, көпшілікке әсер ететін әлеуметтік маңызды үдеріске аудару механизмі болып табылады [82, б. 293]. Бұл механизм адамдардың тілдік әрекетінде қаланған және ол арқылы әлеуметтік нормалар мен қатынас ережелері жүзеге асады. «Сөйлеу», «тіл», «қарым-қатынас» ұғымдарының мән-мағынасы жақын болғанымен, ғылыми тұрғыдан бұл ұғымдар да бір-бірінен ажыратылады.

Қарым-қатынас – адам іс-әрекетінің ауқымды саласы, ол өмір сүрудің, тыныс тіршіліктің негізгі арқауы. Адам тек сөйлесу арқылы ғана қарым-қатынас жасамайды. Ол айналасындағылармен түрлі ым-ишара, белгі, таңба арқылы да бір-біріне ақпарат бере алады. Ф.Ш. Оразбаева «коммуникация» сөзін «қатысым» деп қарастырады. Қазақ тілін оқыту әдістемесіне «тілдік қатынас», «тілдік қарым-қатынас», «тілдесім», «жазылым», «айтылым», «оқылым» терминдерін енгізеді. Қазіргі таңда коммуникативтік дағды ұғымы осы «тыңдалым», «айтылым», «оқылым», «жазылым» дағдысымен тығыз байланыста қарастырылады. Автор тілдік қатынас сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу, қатынас жасау дегенді білдіре келіп, «адамның екінші біреуге жеткізейін деген ойын жарыққа шығаруды көздейтін; қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді» – дейді [86, б. 44]. Тілдік қатынастың педагогикалық негізі табиғат пен қоғамдағы ерекше құбылыс адамға, оның өмірдегі орнына, тілдік қатынасына байланысты екендігін айтады.

Г.Ж. Бақтыбаева өз зерттеулерінде «коммуникация» әлеуметтік қатынастың мазмұндық аспектісі болып табылатындығын айтады. Сапалы түрде мазмұнын түсініп, қабылдауға бағыт алған іс-әрекеттерді коммуникациялық іс-әрекет деп атайды. Автор «коммуникацияның негізгі функциясы – әрбір элементтің даралығын сақтай отырып, әлеуметтік ортақ әрекетке жету» деп сипаттайды [20, б. 298]. Адамдар арасындағы коммуникация білім-білікті, тиянақты ойды, құнды идеяларды, қарым-қатынастарды, эмоционалдық жағдайды, қатынасқа түсіп отырған екі жақтың іс-әрекет бағдарламасын бейнелейтін қатынас формасы түрінде коммуникативтік кеңістіктерде жүзеге асады.

«Коммуникация» ұғымына анықтама берген бірнеше ғалымдардың ой-пікірлері төмендегі 2-кестеде берілді.

Кесте 2 – «Коммуникация» ұғымына берілген контент-талдау

Авторлар	
1	2
Х.Т.Шерязданова	Коммуникация – кез келген материалдық және рухани әлем объектілерінің байланыс құралы. - тілдік қатынас, адамның адамға белгілі бір ақпаратты хабарлауы; - қоғамдағы хабар алмасу, яғни әлеуметтік коммуникация [22, б. 1].
Г.Ж. Бақтыбаева	Коммуникация – әлеуметтік қатынастың мазмұндық аспектісі. Коммуникацияның негізгі функциясы – әрбір элементтің даралығын сақтай отырып, әлеуметтік ортақ әрекетке жету [20, б. 1].
Д.Г. Мид	Коммуникация – адамдар арасындағы өзара үздіксіз диалог, оның барысында адамдар бір-бірінің ниеттерін түсінеді және оларға жауап береді [18, б. 1].

1	2
Г. Гарфинкель	Адамдар өздерінің қарым-қатынастары арқылы бір-бірін түсінеді, яғни өзара түсінісудің арқасында әлем «бұзылмайтын» болады, өйткені ондағы оқиғалар қоғам мүшелерінің бәріне бірдей түсінікті болады [87, б. 1].
Б. Тинг-Туми	Жаһандық экономикадағы, технологиядағы, көліктегі және иммиграциялық саясаттағы қарқынды өзгерістерге байланысты біздің әлем тығыз қарым-қатынас жасайтын қауымдастыққа айналуға [88, б. 1].
Б.В. Бориснёв	Коммуникация – адамдардың, топтардың, халықтардың, мемлекеттердің өзара әрекеттесуінің қажетті элементі. Оның барысында әлеуметтік үдерістер саласында жетекші орын алатын ақпаратты, сезімдерді, бағалауды, құндылықтарды өзара бөлісу жүзеге асырылады [89, б. 1].
Ф.И. Шарков	Коммуникация – бұл күрделі символдық, жеке, транзакциялық және бейсаналық үдеріс. Коммуникация қатысушылардың өздеріне қатысты кейбір сыртқы ақпаратты, ішкі эмоционалды жағдайды, сондай-ақ адамдардың бір-біріне қатысты мәртебелік рөлдерін танытуға мүмкіндік береді [90, б. 1].
Т. Шибутани	Коммуникация – адамдардың мінез – құлқының өзара бейімделуін жеңілдететін әрекет тәсілі [91, б. 1].
А.Я. Кибанов	Коммуникация – бірлескен өмір сүру қажеттіліктерінен туындайтын адамдар арасындағы байланыстарды дамытудың көп жоспарлы үдерісі [92, б. 1].
М. Тахиров	Коммуникация дегеніміз – ақпаратты қабылдауға қолайлы ортада жіберуші мен алушының хабарламалары мен мәндерін алмасу үдерісі; әртүрлі әдістермен ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін үдеріс [93, б. 1].
Л.В. Володин, О.К.Карпухина	«Коммуникация» терминінің үш мағынасы бар: 1) материалдық және рухани әлемнің кез келген нысандарының байланыс құралдары; 2) қарым-қатынас, адамнан адамға ақпарат беру (тұлғааралық коммуникация); 3) қоғамдағы қарым-қатынас және ақпарат алмасу (әлеуметтік коммуникация) [94, б. 1].

Кестеде берілген анықтамалардан мынадай ортақ көзқарасты, ой-пікірді байқадық: «Коммуникация – қарым-қатынас және ақпарат құралы; ақпарат арқылы адамдарға ықпал ету құралы». Қазіргі ғылым жүйесіндегі «коммуникация» жайлы талдаулардан оның ғылыми білімнің күрделі саласы екенін, берілген анықтамалардың көпшілігінде «коммуникация» қарым-қатынас пен диалог арқылы ашылатындығын байқадық. Зерттеулерге сүйене отырып, 3-кестеде «қарым-қатынас» пен «коммуникация» ұғымдарының ара жігін анықтауға тырыстық.

Кесте 3 – «Коммуникация» және «қарым-қатынас» ұғымдарының ерекшелігі

Қарым-қатынас	Коммуникация
Адами қарым-қатынастың барлық түрлерін біріктіреді	Коммуникация – тұлғааралық өзара іс-қимыл түрлерінің бірі

1	2
Қарым-қатынас функциялары адам арасындағы байланыстарды орнату және дамыту болып табылады	Коммуникацияның байланыс қызметі белгілі жүйелермен және сөйлеу қызметімен байланысты
Қарым-қатынастың интерактивті, перцептивті, коммуникативтік функциялары болады	Байланыс үдерістері белгілі жүйелермен және сөйлеу қызметімен байланысты
Қарым-қатынастың мазмұны мен эмоциялық фоны болады	Коммуникацияда ақпаратты беру тәсілін қоса алғанда, оны алу және бағалау маңызды сәт болып табылады.
Қарым-қатынас – бұл адамның басқа адамдармен қарым- қатынаста қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында танымдық және бағалау ақпаратымен алмасу үдерісі.	Коммуникация өзара түсіністікке қол жеткізуге және коммуникация бойынша серіктестердің бір- біріне ықпал етуге бағытталған ой-пікір, идеялар, көзқарастар, эмоционалдық күйзелістер мен ақпарат алмасу үдерісі ретінде түсіндіріледі.

Соңғы жылдары балалардың жан дүниесімен сырласып, оның мінез-кұлқын, тәртібін зерттеуде психолог-педагогтер балалар арасындағы қарым-қатынасқа айырықша назар салып отыр.

М. И. Лисинаның пікірінше «қарым-қатынастың қажеттілігі – ол адамның басқа адамдарды тануға және бағалауға, солардың көмегі арқылы өзін-өзі тану мен бағалауға ұмтылуынан тұрады» деп көрсеткен [32, б. 44-57]. Автор отбасында тәрбиеленуші және түрлі типтегі балалар мекемесіндегі отбасынан тыс тәрбиеленіп жатқан балаларды салыстыра отырып зерттейді.

Х.Т.Шерьязданова еңбектерін саралай келе, балалар мен үлкендердің арасындағы қарым-қатынас баланың жеке тұлға болып қалыптасуына, олардың дамуының түрлі аспектілеріне: танымдық белсенділігіне, коммуникативтік тілдік дағдылардың дамуына, айналадағы қоршаған ортаны дұрыс танып білуіне, қоғамда әлеуметтенуіне зор үлесін тигізеді [22, б. 124].

А.Б. Ынтықбаева коммуникативтік білік пен дағдылар қатарына адамның сезімі мен көңіл бөле білуі, өзара қатынас орната білуі, іс-әрекетке әсер ете білуі деп түсіндіреді [23, б. 15]. Осылайша, біз зерттеуде «коммуникация» ұғымының «қарым-қатынас» ұғымына қарағанда ауқымдырақ түсіндірілетінін байқадық.

Жоғарыда аталған анықтамаларды қорытындылай келе, сонымен қатар ғылыми әдебиеттердегі көзқарастар мен пікірлерді талдау арқылы біз «коммуникация» ұғымы жайлы авторлық анықтамамызды ұсынамыз:

«Коммуникация» ұғымының мәні – бұл екі немесе бірнеше адамдар арасында ақпарат, хабарлама беру, ақпарат алу немесе онымен алмасу арқылы өзінің белсенділігі мен мақсаттарына қол жеткізу.

Коммуникация үдерісінде жетістікке жету белгілі бір дағдылардың қалыптасуын талап етеді. Педагогика мен психология ілімінде «дағды» ұғымы тұлға, шеберлік, іс-әрекет, қабілет, қабылдау, ойлау, шығармашылық, эмоция

ұғымдарымен тығыз байланысты.

Аталған түсініктердің қайсысын болмасын, «дағды» ұғымымен байланыссыз зерттеу мүмкін емес. Қ. Жарықбаев дағдыға мынадай анықтама береді:

1. Дағдыландыру – соқыр сезімдермен және басқа нәсіл арқылы пайда болған биологиялық әрекетпен салыстырғанда адамның жеке басының тіршілігінде пайда болатын қылықтар.

2. Дағдылану үйренумен, жаттығумен, бір әрекетті бірнеше рет қайталаумен, дәл қазіргі әрекетті басынан өткізген адамның бұрынғы тәжірибесіндегі әрекеттермен байланысып жүзеге асады.

3. Дағдылануға алғашқы кезде әдейілеп зейін, ерік-жігер, күш жұмсалса, кейін бірте-бірте автоматтану арқылы жүзеге асып отырады. Бірақ барлық дағдылану автоматты түрде болады деуге болмайды. Кейбір өте күрделі дағдыланулар (мәселен, ақыл-оймен байланысты) автоматты түрде әрекет етпеуі де мүмкін [23, б. 17].

Дағды – іс-әрекеттің автоматтандырылған бөлігі, ол іс-әрекетті көп күш жұмсамай жасауға мүмкіндік береді. Іс-әрекетке дағдыланған адам, іс-әрекетке керекті қимыл-қозғалыстарды, жаттығуларды шапшаң жасайды [39, б. 52]. Біз осы аталған анықтамалардан дағды ұғымы іс-әрекеттің, белгілі бір жаттығудың жылдам орындауына ықпал ететіндігін аңғарамыз.

Жалпы алғанда, дағды мидың саналы, санадан тыс қызметі болып табылады. Дағдыны іс-әрекетке байланысты бірнеше түрге бөлуге болады. Олардың бастылары: ақыл-ой дағдысы (тез оқу, қатесіз жылдам жазу, есептеу т.б.), қозғалыс немесе спорттық дағды (коньки тебу, футбол ойнау, күрес т.б.). Адам бойындағы бір дағды екіншісінің қалыптасуына көмектеседі, кейбіреулері кедергі келтіреді. Дағдылар әртүрлі қалыптасады, кейде жаттығудың алғашқы кезеңінде қауырт өсіп, кейін саябырлай бастайды [39, б. 53]. Мұның өзі қолданылып отырған дағдылану әдісінің кемшілігінен болады. Сондықтан жаттығу тәсілін ауыстырып отыру дағдылануды арттыра түседі. Оқу-тәрбие үдерісінің міндеті – балаға тек білім беру ғана емес, сонымен қатар түрлі дағдыларды меңгерту болып табылады (сурет 1).



Сурет 1 – Дағды түрлері

Зерттеу барысында «коммуникативтік дағды» ұғымының көптеген түсіндірмелері мен анықтамаларымен таныстық.

Лингвистикалық дереккөздерде «дағды – бұл автоматизмге жеткізілген, қайталау арқылы қалыптасқан, дамудың жоғары деңгейімен және саналы реттеумен бақылаудың болмауымен сипатталатын әрекет» деп беріледі [95, б. 144].

В.И. Селиверстова: «дағды – жаттығулар нәтижесінде пайда болған саналы іс- әрекеттің автоматтандырылған компоненттері, іс-әрекеттің қатаң әдістері» деп санайды [96, б. 384].

Б.Л.Рубинштейн психология мен психолінгвистикада жаттығулар нәтижесінде пайда болатын адамның саналы іс-әрекетінің автоматты түрде орындалатын компоненттерін «дағды» деп есептейді [41, б. 12].

В.А.Крутецкой «дағдылар» деп күрделі саналы іс-әрекеттің құрамдас сәттері болып табылатын бекітілген, автоматтандырылған әдістер мен жұмыс тәсілдерін атайды [97, б. 399].

Дағдыны қалыптастыру – барлық сенсомоторлы деңгей жүйелерін қамтитын күрделі үдеріс. Осыған орай Н.А.Бернштейн кез келген дағдыны қалыптастырудың екі кезеңін анықтайды. Бірінші кезең – дағдыны белгілеу, екінші кезең – тұрақты дағды [102,б. 118].

А.Н. Леонтьев коммуникативтік дағдыларды былайша бөліп көрсеткен:

- үдерістің барлық қатысушыларымен қарым-қатынас жасай білу;
 - үдеріске қатысушының ішкі психологиялық ұстанымын түсіну;
 - өзара қарым-қатынас жасай білу және өзара қарым-қатынас жағдайына байланысты оларды өзгерте білу;
 - қарым-қатынас барысында өзінің психикалық жағдайын басқара білу;
- [78, б. 186].

Бірқатар зерттеулерде (А.В. Запорожец, М.И. Лисина, А.Г. Рузская т.б.), коммуникативтік дағдылар мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық дамуына және олардың қызметінің жалпы деңгейіне әсер етеді (З.М. Богуславская, Д.Б. Эльконин т.б.) деп санайды.

Мұғалім бала мектепке барғанда дағдыларының белгілі бір жүйемен дамып отыруына мүмкіндік туғызады. Балаға жазу, оқу, есептеу сияқты күрделі дағдыларды үйрете бастайды. Дағдының іргетасы дұрыс қаланса, соғұрлым жақсы, тыңғылықты бекітін болады. Бала жаңа әріптің жазу дағдысын меңгереді. Оқу дағдысы дыбыстан буынға, буыннан сөзге, сөзден сөйлемге ұзақ жолды керек етеді. Ал мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс коммуникативтік дағдысы дамуы үшін сөздік қорды байытып, оларды бір-бірімен байланыстырып сөйлеуге дағдыландыруымыз қажет, содан соң баланың сөздік қоры дұрыс қалыптасқаннан кейін өзге адаммен еркін қарым- қатынасқа түсе алады.

Коммуникативтілікті дамыту мектепке дейінгі және жалпы бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің, сондай-ақ оқу қызметінің табыстылығының қажетті шарты және әлеуметтік-тұлғалық дамудың маңызды бағыты болып табылады. Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мәселесіне арналған зерттеулерде (Г.М. Андреева, А.Н. Леонтьев және т.б.)

коммуникативтік қызметтің негізгі үдерістері – гностикалық, ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін – интерактивті, қарым-қатынасқа қатысушылардың өзара іс-қимылын реттейтін – перцептивті, өзара қабылдауды бағалайтын – рефлексия жасау дағдылары қамтылады.

Коммуникативтік дағдыны қалыптастырудың маңыздылығы бала мектепте барған кезде айқын көрінеді, мысалы, қарапайым біліктіліктің бала бойында болмауы оның құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасын қиындатады. Сондықтан да мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік іс-әрекеті сәтті жүзеге асуы үшін мынадай дағдылар қажет (кесте 4).

Кесте 4 – Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік іс-әрекетке түсу үшін қажетті дағдылар

Қажетті дағдылар	Сипаттамасы
Әлеуметтік қабылдау дағдылары	басқа адамдардың мінез-құлқын қабылдау және түсіндіру;
Ауызша әсер ету дағдылары	мазмұнды, сауатты, бай, мәнерлі сөйлеу
Вербалды емес мінез-құлық дағдылары	ым-ишара, мимика, пантомимика, көздің байланысы
Өз сөйлеуінің паралингвистикалық сипаттамаларын қолдану дағдылары	тембр, ритм, интонация, дыбыс деңгейі, артикуляция

Коммуникативтік әлеуеттің операциялық компонентін жүзеге асыруда баланың келесі коммуникативтік дағдылары маңызды: басқа балалармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыра білу; сұхбаттасушыларды тыңдай және тыңдай білу; қарым-қатынас жағдайында жеке коммуникативтік мүмкіндіктерді жүзеге асыра білу; қарым-қатынас жағдайында оңтайлы коммуникативтік позицияны алу үшін коммуникативтік жағдайдың ерекшеліктерін түсіну мүмкіндігі; сұхбаттасушыға өз көзқарасын ашық білдіре білу; жанжал жағдайынан шығу мүмкіндігі; қарым- қатынас серіктестерінің әрекеттері мен мәлімдемелеріне дұрыс жауап бере білу және т.б. Л.А.Дубинаның пікірінше, мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларына ынтымақтастық жасай білуді; қабылдау және түсіне білуді (ақпаратты қайта өңдеу); тыңдау және сезуді; өзін талдай білуді жатқызады [24, б. 155]. Автор баланың өз іс-әрекетін талдай білуін оның бойында коммуникативтік дағдыны игеруі деп тұжырымдауға болады деп санайды.

Е.В. Локтева коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру күнделікті дағдыларды (тілдік іскерлік, ауызша және ауызша емес құралдарды қолдана білу, мінез-құлық түрлерін бағалау) жаттықтыру үдерісі болып табылатындығын айтады. Оның құрамына мынадай компоненттер кіреді:

1. *Диалогтық, коммуникативтік дағдылар*: ауызша (диалогты бастап, оған қолдау көрсетіп, оны аяқтау, өзгені тыңдау, сұрақ қоя білу, өзгенің сұрағына жауап беру, тақырыптық ұжымдық талқылауға қатысу) және

қимылды қоса отырып әңгімелесу (әңгімелесіп отырған серігіне қарап тұрып әңгіме жүргізе білуі; әңгіме барысында қимылды, мимиканы, дауыс үні мен ырғағын қолдана білуі) [25, б. 187].

2. Әлеуметтік дағдылар. Сезімі мен эмоциясын көрсете білуі, үлкендермен және құрдастарымен өзара іс-әрекеттес бола білуі; жағдаяттарға байланысты эмоционалдық жағдайын реттей білуі [25, б. 188].

Е.В.Гурьянов дағды: 1. Іс-әрекет жүргізу арқылы қалыптасады; 2. Жаттығулар орындау барысында қалыптасады деп санайды [103]. Бұл пікір бойынша дағдыға кез келген іс-әрекет жатпайды, тек жаттығу негізінде қаланған іс-әрекеттер жатады. Осылайша, жоғарыда аталған барлық ұғымдарда ұқсастық бар: дағды – бұл жаттығуларға, дағдыландыруға, машықтарға, т.б. байланысты элементтік көбеюден оңтайлы сапалы деңгейде абстракцияланып, күрделілігіне қарамастан әртүрлі әрекеттерді орындау қабілеті, яғни іс-әрекетті автоматизмге дейін жеткізу.

Дағды – бұл қайталану арқылы қалыптасқан, дамудың жоғары деңгейімен және элементтік саналы реттеу мен бақылаудың болмауымен сипатталатын әрекет, басқаша айтқанда, дағды – бұл автоматизмге әкелетін әрекет. Әрі қарай, адамның басқалармен байланыс орнатуға және қолдауға деген белсенді ниетімен коммуникативтік дағдылар коммуникативті қабілетке айналады («жеке тұлғаның жеке психологиялық ерекшелігі»), ол өз кезегінде нақты жағдайларда үнемі жаңартылып, модификацияланған кезде коммуникативтік құзыреттілік сатысына өтеді.

Коммуникативтік қарым-қатынасты қалыптастыруға қажетті шарттардың бірі – коммуникативтік білік. Коммуникативтік білік мектепке дейінгі баланың жоғары психикалық функцияларының дамуына ықпал етеді, жалпы іс-әрекеттің дамуына әсер етеді.

Е.В.Руденский «коммуникативтік білік – тұлғалық, жалпы психологиялық, әлеуметтік психологиялық және арнайы қабілет» деп сипаттама береді [104]. Қарым-қатынасқа қажетті біліктерді 7 топқа бөлуге болатындығын айтады (кесте 5).

Кесте 5 – Мектепке дейінгі балалардағы коммуникативтік біліктері мен олардың сипаттамасы (Е.В.Руденский бойынша) [104, б. 111].

Коммуникативтік біліктер	Сипаттамасы
Тілдік қатынасқа түсу білігі	Бұл тілдік әрекет пен қатынастың тілдік құралдарын игерумен байланысты: баланың өз ойын анық жеткізе білу және алға қойған коммуникативтік мақсатқа жету, негізгі тілдік қызметтерді жүзеге асыру (мақұлдау, қарсылық білдіру, күмәндану, қолдау, келісу, ұсыну, тану, шақыру және т.б.);
Әлеуметтік-психологиялық білік	Бұл өзара байланыс, өзара түсінушілік, өзара қатынас, өзара әсермен байланысты: қатынасты қолдау, серіктесінің белсенділігін психологиялық тұрғыдан ынталандыру, серіктесінің коммуникативтік әрекетке әсерленуін болжай білу;
Психологиялық білік	Бұл өзін-өзі дайындаумен, өзін-өзі реттеумен байланысты: қатынастағы психологиялық тосқауылдарды жеңе білуі, қатынас жағдаяттарына эмоционалды түрде өзін дайындауы, эмоцияны қатынас құралы ретінде қолдана білуі;

5- кестенің жалғасы

1	2
Коммуникативтік жағдайларда қатынас нормалары мен тілдік этикетті қолдану білігі	Көңіл аулаудың жағдаятты нормаларын қолдана білуі, серіктесімен танысуды ұйымдастыра білуі, сұраныс жағдайын дұрыс орындай білуі;
Вербалды емес (Ауызша емес) құралдарды қолдану білігі	Қатынастың паралингвистикалық (екпін, ырғақ, дем алу, дикция, темп, тондық, әуендік) кинетикалық (қол қимылын пайдалану, мимика), проксимикалық (тұрыс, қимыл, қатынас дистанциясы) құралдарын пайдаланумен байланысты;
Әртүрлі ұйымдастыру түріндегі іс-әрекеттерде қарым-қатынас жасау білігі	Бірлескен іс-әрекеттерді жоспарлай білумен және оны бірлесіп орындаумен байланысты;
Өзара әрекет жасау білігі	Тұлғалармен және топпен диалог деңгейінде қарым-қатынас жасауы.

А.В.Мудрик баланың серіктесіне бағдарлана білуі, айналасындағыларды объективті қабылдай білуі (олардың көңіл күйін, мінезін түсіне білу), қатынастағы жағдайды түсіне білуі (ережені білу, байланыс құру), әртүрлі іс-әрекетте бірлесіп жұмыс істей білуі (мақсат қою, оның жетістігін жоспарлай білу), қол жеткізген жетістігін талдай білуі, ойлау қабілетінің ерекшелігі, тілінің жан-жақты дамуы, тез қабылдауы, қатынасқа деген қызығушылығы, уақытпен санаса білуі, жағдайдың егжей-текжейін түсініп, соған сәйкес әрекет жасауы маңызды коммуникативтік біліктерге жататындығын айтады [105].

В.А.Тищенко коммуникативтік білікке дұрыс, сауатты түрде өз ойын жеткізе білу, қатынасқа түсіп отырған серіктесінің берген ақпаратын қабылдай білу деген анықтама береді [19, б. 187].

Ю.М. Жуков коммуникативтік біліктің ең жиі қолданылатын түрі деп келесі топтамаларды атайды: коммуникативті біліктер жалпы және арнайы біліктер тобынан тұрады. Өз кезегінде жалпы білік сөйлеу және тыңдау деп бөлінеді. Екі топты да ауызша және ауызша емес құралдар құрайды. Тыңдай білу мен ауызша емес қатынас құралдарын қалыптастыруға көбірек назар аударылады. Өйткені олар дәстүрлі оқыту жүйесінде қалыптастырылмайды деп түсіндіріледі. Сондай-ақ, ауызша емес реакциялар сананың төменгі деңгейінде тұрады да, оны саналы түрде қолдану қосымша күш салуды талап етеді. Ал арнайы коммуникативтік біліктерге кәсіби іс-әрекеттерге байланысты (презентация, іскерлік әңгіме, өндірістік кеңесулер) біліктер жатады [106].

Р.Б.Немов мектепке дейінгі балаларда коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру көрсеткіштерін былайша анықтаған:

1. Қарым-қатынас кезінде бағдарлау дағдылары (қарым-қатынасты бастау, қолдау және аяқтау мүмкіндігі; таныс және бейтаныс адамға барабар жауап беру, адамның ниеті мен себептерін түсіну);

2. Ауызша және ауызша емес қарым-қатынас құралдарын қолдану;

3. Дағдылары (ауызша және ауызша емес қарым-қатынас құралдарын пайдалану, сөздер мен сыпайылық белгілері).

4. Қарым-қатынас үдерісін ұйымдастырудағы дағдылар (өз іс-әрекетін, пікірін, көзқарасын серіктестердің қажеттіліктерімен үйлестіру; көмектесу

мүмкіндігі серіктеске және көмекті қабылдауға);

5. Жанжалдарды жеңу дағдысы (қақтығыстарды тиісті жолмен шешу дағдысы).

6. Серіктесті эмоционалды қабылдау дағдысы (серіктестің эмоционалды жағдайын байқау және оған барабар жауап беру қабілеті; көрінісі – серіктестерге сезімталдық, жауапкершілік, жанашырлық) [26, б. 199].

Коммуникативтік қарым-қатынасты оңтайландыру үшін мектепке дейінгі баланың ересектермен және құрдастарымен тұрақты қарым-қатынасы маңызды орын алады, бұл мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға әлеуметтік сынақтан өтуге, тұлғааралық қарым-қатынас орнатуға, өзін және айналасындағы адамдарды танып білуге мүмкіндік береді. Балаға өзінің эмоциялары мен тілектерін білдіруге, басқа адамға жанашырлық танытуға және көмектесуге, жанжалды жағдайдан лайықты түрде шығуға, татуласуға, қолайлы және қолайсыз мінез-құлықты ажырата білуге үйрету керек.

Мектепке дейінгі ересек балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың әр кезеңінде балалардың қарым-қатынасы үшін достық, эмоционалды жағымды ортаны сақтау өте маңызды, өйткені бұл балалардың үйлесімді диалогтық сөйлеуін тиімді дамытудың маңызды педагогикалық шарттарының бірі болып табылады.

Ересектермен коммуникативтік қарым-қатынас «ерте және мектепке дейінгі балалық шақтың барлық кезеңдерінде» балалардың дамуына әсер етеді. Бұл жағдайда вербалды, вербалсыз қарым-қатынастың дамуына да назар аудару керек.

Мектеп жасына дейінгі балалармен вербалсыз (ауызша емес) құралдарды қалыптастырудың негізгі екі бағыты бар:

1) құрдастарымен және ересектермен достық сезімдер мен қарым-қатынастар туралы түсініктерді қалыптастыру, эмпатия сезімін дамыту;

2) эмоционалды жағдайларды, қарым-қатынастарды білдіру тәсілдерін қалыптастыру.

Л.Б. Выготский және А.В. Запорожец ересек жастағы балалардың біртіндеп ситуациялық мінез-құлықтан әлеуметтік нормалар мен талаптарға бағынатын қызметке ауысатынын атап өтті [144, б. 12]. Бірқатар ресей ғалымдары Б.Б. Волков [108], М. И. Лисина [32, б. 198], Е. О. Смирнова [27, б. 82] мектепжасына дейінгі ересек жастағы балалардың сөйлеу коммуникациясының дамуы құрдастарымен ситуациялық емес, өзара еркін байланыстардың пайда болуынан деп ойлайды

Олардың пікірінше, еркін байланыс екі факторға байланысты жүзеге асырылады:

1. Сөйлеуден тыс байланыстар саны динамикалық түрде өскен жағдайда;

2. Бірлескен іс-әрекет үдерісінде құрдастарын серіктес ретінде қабылдаған жағдайда.

Е.О. Смирнованың пікірінше: «коммуникативтік дағды – бұл баланың мағыналы әрекеті, сол арқылы өзінің мінез-құлқын қалыптастырады және оны қарым-қатынас мақсаттарына сәйкес басқара алады» [27, б. 196].

Ғалымдардың пікірлерін негізге ала отырып, мектепке дейінгі ересек балалардың коммуникативтік дағдысының ерекшелігін былайша бөліп көрсетуге болады:

- коммуникативтік дағды – бұл нақты мағыналы білім мен қол жеткізілген дағдылар жүйесіне негізделген балалардың коммуникативті әрекеттері;

- коммуникативтік дағды – бұл балалардың өзін-өзі басқару қабілеті, мінез- құлық, іс-әрекеттің ақылға қонымды әдістері мен тәсілдерін қолданып, түрлі коммуникативті міндеттерді шешуі.

Л.Б.Выготскийдің зерттеуінде «бала-бала» және «бала-ересек» қатынастарының өзара байланысы мен өзара тәуелділігі көрсетілген [28, б. 45]. Бұл сөйлеудің онтогенезін зерттеуде және мәдениет аралық айырмашылықтарды зерттеуде сәтті қолданылады. Коммуникативті қатынастардың өзара байланысы қарастырылған.

В.И. Слободчиковтың [109] пікірінше, «мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың серіктестік позициясы – құрдастарымен бірлесіп жұмыс жасау кезінде тапсырманы орындауға мүмкіндік беретін бәсекеге түсу қабілетін дамытады» деп есептейді.

Құрдастарымен бірлескен іс-әрекетінде ойын әрекеттерінен гөрі балаларды өзара ынтымақтастық үдерісінде туындайтын қатынастар қызықтырады. Қарым-қатынаста өзара түсіністік пен эмпатияға деген ұмтылысы, мысалы, іс- әрекетті басқаруы, өзінің жасаған әрекетін бағалауы, өзін құрбыларымен салыстыруы және т.б. қабілеттері пайда болады.

В.Б. Мухина [30, б. 147] балалардың коммуникативтік дағдысының қалыптасуын әлеуметтік тәрбие жағдайымен байланыстырады, егер бала үнемі құрдастарымен бірге болса, олармен байланысқа түссе, мектепке оқыған уақытта басқалармен қарым-қатынас орнатуы тез әрі жеңіл болады деп есептейді.

М.И. Лисина да осыған ұқсас көзқарасты ұстанады [32, б. 60], ол балалардың қарым-қатынасын өзара әрекеттесудің кілті ретінде қарастырады, мұнда қарым-қатынас үдерісі баланың әлеуметтік мінез-құлқының пайда болуы мен дамуының контексті ретінде әрекет етеді.

Автор балалардың ересектермен қарым-қатынасының төрт түрін анықтады:

1. Ситуациялық-жеке (тікелей эмоционалды);
2. Ситуациялық-іскерлік (заттық-әрекетті);
3. Институттан тыс-танымдық;
4. Қосымша-жеке.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың іскерлік ынтымақтастықтың мотивтеріне тән танымдық дағдыларының рөлі одан да тез артады; балалар құрдастарымен өмірлік маңызды мәселелерді талқылайды, жалпы шешімдерді шешеді. Осыған сүйене отырып, мектепке дейінгі жастағы балалар арасында қарым-қатынастың екі жетекші түрі тән екендігін баса көрсеткіміз келеді:

Біріншісі, мектепке дейінгі балалық шақтың соңында балаларда қарым-қатынастың жеке формасы пайда болады, бұл олардың адамдармен қарым-қатынас жүйесін игеруімен байланысты. Олар алғаш рет дүниені осы

ерекше қырынан ашады, олардың алдында жаңа міндеттер тұрады: адамдар әлеміндегі мінез-құлық ережелерін меңгеру, қызметтің осы саласындағы өзара қарым-қатынас заңдылықтарын түсіну, олардың әрекеттерін бақылауды үйрену.

Жаңа мәселелерді шешуде ересектердің мінез-құлқына және оны бағалауға деген сенім балалардың адамгершілік нормаларын игеруіне, олардың міндеті мен басқалардың алдындағы жауапкершілігін түсінуге негіз болады.

Екіншісі, қарым-қатынастың институционалды-танымдық формасы – бұл физикалық әлемде сезілмейтін қатынастарды орнатуға бағытталған балалардың танымдық іс-әрекеті аясындағы байланыс. Алынған фактілер балалардың мүмкіндіктерін кеңейте отырып, ересектермен «теориялық» ынтымақтастыққа ұмтылатындығын көрсетіп, практикалық ынтымақтастықты ауыстырады және бірге тақырып әлеміндегі оқиғалар, құбылыстар мен қатынастарды талқылайды. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда дұрыс қалыптасқан коммуникативті дағдылар олардың барлық жетістіктеріне әсер етеді: танымдық саланы дамыту және балалардың дүниетанымының негіздерін қалыптастыру; ерікті мінез-құлықтың пайда болуы, ережелерге сәйкес әрекет ету қабілеті; жеке өзін-өзі тануды қалыптастыру.

Ересек адаммен қарым-қатынаста бала әлеуметтік тәжірибені үйренеді және құрдастарымен қарым-қатынас жасай отырып, оны байытады, жаңа білім алып қана қоймай, өзі туралы қажетті түсінік қалыптастырады.

А.А. Котельникова [110] негізгі коммуникативтік дағдылардың болмауы баланың құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасын қиындататынын, мазасыздықтың артуына әкелетінін айтады. Бала мектепке келген кезде қарым-қатынас дағдыларының қалыптасып келуі маңызды екенін ашып көрсетеді.

Т.Н. Ушакова мектепке дейінгі ересек жастағы балалар «әлеуметтік саланы түсінуге, айналасындағылармен жан-жақты қарым-қатынас орнатуға үйренеді» деп санайды. Мектеп жасына дейінгі бала мінез-құлық ережелерін түсінеді, құқықтары мен міндеттерін, басқа адамдар алдындағы жауапкершілігін түсінеді» [111]. Бұл жағдайда ересектермен жеке қарым-қатынас орнатқан маңызды. Әсіресе бала айналасындағылармен «сенімділікті» орнатқанды жоғары бағалайды. Өзгелердің іс-әрекеттеріне өз көзқарасын, ересек адамдардың бағалауын байланыстыра отырып, мектепке дейінгі жастағы бала әлеуметтік мінез-құлық негіздерін игереді, өз көзқарастарының дұрыстығын тексереді. Нәтижесінде «ата-аналар үшін де, мұғалімдер үшін де мінез-құлықтың лайықты үлгілерін көрсетеді. Бұл жағдайда бала басқа адамдармен үйлесімді қарым-қатынасқа ұмтылады. Сенім мен шынайылық – бұл ересек адам мен бала арасындағы қарым-қатынасқа қажетті моральдық негіз, кейінірек бұл балаға қоғамда өз орнын табуға көмектеседі» [111, б. 18-19].

А.Г. Рузская, М.И. Лисина мектеп жасына дейінгі балалардың құрдастарымен қарым-қатынасының үш түрін анықтаған:

1). *Эмоционалды-практикалық қарым-қатынас*. 2 жастан 4 жасқа дейінгі балаларға тән. Қарым-қатынастың бұл түрінде бала құрдастарынан ойынға қатыстыруды күтеді және ойында өзін-өзі көрсетуге тырысады. Мектеп жасына дейінгі бала серіктестің назарын аударуға және эмоционалды түрде жауап алуға тырысады. Бұл кезеңде бала құрдастарының жеке басына деген көзқарасын

қабылдай алады. Эмоционалды-практикалық қарым-қатынас ситуациялық болып табылады, яғни ол толығымен балалардың өзара әрекеттесуінің нақты жағдайына және құрдастарының практикалық әрекеттеріне байланысты. Мұндай қарым-қатынастың негізгі құралдары – экспрессивті-мимикалық қозғалыстар. Бала 3 жасқа толғаннан кейін басқа адамдармен қарым-қатынаста сөйлеуді көбірек қолданады, бірақ көбінесе ситуациялық сипатта болады және бұл қатынас түрі визуалды және экспрессивті байланыс құралы болып табылады.

2). *Ситуациялық-іскерлік қарым-қатынас.* Шамамен 4 жасқа дейін дамиды және мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалар белгілі типке жатады. Осы кезеңде бала құрдастарына қарағанда, ересек адамға көбірек көңіл бөле бастайды, құрдастары қарым-қатынас үшін серіктес болады.

Рөлдік ойындар ұжымдық сипатқа ие бола бастайды. Рөлдік ойындағы қарым-қатынас деңгейінде де, ойын сюжетінен тыс нақты қатынастар деңгейінде де жүзеге асырылады (балалар ойын рөлдерін келіседі және ойын шарттарын талқылайды, басқалардың іс-әрекеттерін бағалайды және бақылайды). Ситуациялық-іскерлік қарым-қатынас үдерісінде ынтымақтастық пен құрдастарды тану және құрметтеу қажеттілігі байқалады. Осы кезеңде қарым-қатынас құралдарының арасында сөйлеу құралдары басым бола бастайды.

3). *Жағдаяттан тыс, ресми қарым-қатынас.* Құрдастарымен қарым-қатынастың бұл түрі көптеген балалар үшін мектепке дейінгі кезеңнің соңында дамиды. Бұл кезеңде белгілі бір объектіге немесе іс-әрекетке байланысты емес балалардың қарым-қатынасын ажыратуға болады. Мектеп жасына дейінгі балалар ешқандай практикалық әрекеттерді жасамай, ұзақ уақыт сөйлесе алады. Сондай-ақ, құрдастарының қалауына, қызығушылығына және көңіл-күйіне назар аудара бастайды [112].

Сонымен, мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік қарым-қатынас пен дағдыларын зерттеген ғалымдардың ой-пікірлерін негізге ала отырып, келесідей тұжырым жасауға болады:

- коммуникативтік дағдылар бала тұлғасының жеке психикалық қасиеттері ретінде, оның тұлғалық дамуына, әлеуметтік бейімделуіне, дербес ақпараттық, перцептивтік, интерактивтік іс-әрекеттерде субъект-субъектілік қарым-қатынастар негізінде қалыптасады;

- қарым-қатынас дағдылары – бұл баланың мағыналы іс-әрекеті (дағдылар мен коммуникативті іс-әрекеттің құрылымдық компоненттерін білу негізінде), сондай-ақ оның мінез-құлқын дұрыс құру, оны қарым-қатынас мақсаттарына сәйкес басқару мүмкіндігі;

- мектеп жасына дейінгі балалардың ересектермен де, құрдастарымен де қарым-қатынасын дамыту коммуникативтік іс-әрекет құрылымын сапалы қайта құру үдерісі ретінде көрінеді.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік дағдысының қалыптасу кезеңдерін 6- кестеден көруге болады: [113]

Кесте 6 – Мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік дағдысының даму кезеңдері

Баланың жасы	Коммуникативтік дағдылар
2-3 жас	қарым-қатынас жағдайында өз эмоцияларын білдіру қабілеті; қарым-қатынас жағдайында серіктесінің эмоцияларын тану мүмкіндігі; экспрессивті-мимикалық тиімді қарым-қатынас құралдарын қолдана білу.
3-4 жас	қарым-қатынас жағдайын түсіну мүмкіндігі; өз эмоцияларын білдіру және серіктестің эмоцияларын тану қабілеті; өз мақсатын тұжырымдай білу және себептерін анықтау; эмоционалды түрде жауап беру қабілеті.
4-5 жас	жеке қажеттілікке сәйкес қарым-қатынас мақсатын тұжырымдай білу; келіссөздер жүргізу, диалогқа кіру мүмкіндігі; қарым-қатынас жағдайында өз эмоцияларын білдіру қабілеті; қарым-қатынас үдерісінде эмоцияны басқарудың бастапқы дағдыларын көрсете білу.
5-7 жас	сөйлемді есте сақтау және оны көбейту мүмкіндігі; сөйлеудің этикалық формаларын қолдана білу дағдысы; қарым-қатынас жағдайларын қарапайым талдай білу; қарым-қатынас мазмұнын ойлай білу; қарым-қатынаста олардың мінез-құлқын бақылау мүмкіндігі; ауызша және ауызша емес құралдарды қолдану мүмкіндігі.

Жоғарыдағы ғалымдардың еңбектеріне жасалған талдауларға сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балаларға қажетті келесі коммуникативтік дағдыларды анықтадық:

- баланың тәрбиешімен, құрдастарымен вербалды, вербалды емес құралдарды қолдана отырып, қарым-қатынасқа еркін түсе білуі;
- бірлескен іс-әрекетте жағымды мінез-құлық танытуы;
- қатынас барысында өз ойларын еркін жеткізіп, жағымды, жағымсыз әрекеттерді бағалай алуы;
- жағдаятқа байланысты қарым-қатынасты құра білуі;
- қарым-қатынас барысында тіл және этикалық нормаларын дұрыс қолдана білуі.

Сонымен, жоғарыда айтылғандар *«коммуникативтік дағды» ұғымын нақтылауға мүмкіндік береді, бұл ұғымды басқа адамдармен қарым-қатынас жасау, басқалардың пікірін тыңдау және өз ойын айта алу қабілеті, қарым-қатынасты ұйымдастыра білу, қарым-қатынас нормалары мен ережелерін сақтау білігі* ретінде түсінеміз.

Осы анықтамадан шыға отырып, біз зерттеуіміздің негізгі түсінігін тұжырымдаймыз – *мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту – ауызша қарым-қатынас үдерісінде басқалардың мүдделерімен келісу, олардың көзқарасын есепке ала білу, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында құрдастарымен және ересектермен белсенді өзара іс-қимыл жасау, өзіне және басқа адамдарға оң көзқарас орнату жиынтығы ретінде кіріктірілген тұлғалық сапаларының көрініс табуының кешені.*

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік

дағдыларын дамытудың ғылыми негізделген тұжырымдамалары мен теорияларының болмауы, сондай-ақ «коммуникативтік дағды» ұғымын жаңартпалы тұрғыда пайдалану біздің зерттеуіміздің логикасын анықтайды. Біз осы тармақшада категориялық аппаратты қалыптастыруға және «мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» түсінігін нақтылауға мән бердік.

1.2 Ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың педагогикалық-психологиялық негіздері

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту тіл арқылы жүзеге асырылады. Тіл – бұл адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастың маңызды факторы. Тіл адамның басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қажеттілігінен туындайды. Сондықтан баланы әлеуметтік ортаға қосу және оның әлеуметтік байланыстарын жүйелі түрде кеңейту оның тілін дамытудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Сөйлеу адамдардың қарым-қатынасында дамиды және көрінеді. Баланың тілін дамыту мүдделері оның әлеуметтік байланыстарын біртіндеп кеңейтуді талап етеді. Олар сөйлеу мазмұнына да, құрылымына да әсер етеді. Өзінің әлеуметтік дамуында бала туылғаннан бастап адамдармен үнемі қарым-қатынас жасайды және бұл, әрине, оның сөйлеуінің өсуіне және көріністеріне әсер етеді. Біз баланың тілін дамыту үшін оның балалармен де, ересектермен де қарым-қатынасын жүйелі ұйымдастыруымыз керек.

Ж.Аймауытов білім негіздерінің ана тілі арқылы меңгерілетінін айта келіп: «Ана тілін жақсы меңгермей тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі – халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы болып, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп сақтап отыратын қазынасы мол халықтың тілі» – деп, оның қоғамдық рөлін, талай ғасырдың жемісі екенін, оны саналы да терең меңгеру қажеттігін ескертеді. Оның «Психология» атты еңбегінде (1926) баланың жан дүниесінің қалыптасуына, әсіресе, оның дүние есігін алғаш ашқан кезеңінде әке-шешенің тәрбиелік рөлі ерекше маңызды екендігі айтылады [9, б. 226]. Ол баланың әке-шешесінен берілетін тума қасиеттерді, яғни гендік ерекшеліктерді еске сала кетеді. Тіл үйретуде баланың өз тәжірибесі, көрген-білгенін, оны қоршаған орта, нәрсе, заттардың орнын ерекше бағалай келе, баланың алғашқы көріп-білетіні қоршаған орта екенін, сол қоршаған орта арқылы баланың ойы, қабылдауы, сезінуі қалыптасып, тіл байлығы жетілетіндігін көрсеткен [9, б. 227].

Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту мәселесі бойынша жазылған Н.Құлжанова, Б.Баймұратова, А.Бақраденовалардың еңбектерінде әртүрлі жаттығулар мен әдістер қолдану арқылы балалардың коммуникативтік дағдысының қалыптасатындығы жайлы айтылған.

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мәселесін зерттей келіп, баланың

нені үйрену керектігіне тоқталады:

- сөйлеуді үйрету, яғни бала сөз бен сөзді байланыстырып, өзінің ойын, талабын, көңіл-күйін, сезімдерін басқаға жеткізе алуы қажет;

- ұқсастығы мен айырмашылығын тауып, әр нәрсе туралы өзінің ойын айтып, бір пікір шығаруы керек;

- ойға тоқығанды және оған деген көзқарасын жарыққа шығара алуы керек (ойын, сурет, әңгіме арқылы) [47, б. 918].

Б.Б. Баймұратова тіл ұстарту мәселелері мен оның мазмұны мен әдістерін қарастырады. Ғалым мектепке дейінгі бала тәрбиесіндегі ана тілінің алатын орнын (5-6 жас) ересектер тобында өтілетін тіл дамыту сабақтарымен байланыстырған. Тіл дамыту сабақтарын ұйымдастыру формаларын, ана тілі сабақтарының жылдық жоспары, әңгімелесу, сұрақ-жауап, әңгімелеп беру, т.б. әдістері баланың тілін ұстартуда пайдалану жолдарын көрсеткен. Автор әдеби шығармалардың (ауыз әдебиеті нұсқалары; классиктердің шығармалары) балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытудағы рөліне тоқталған.

Ғалымның ғылыми зерттеуінің негізгі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

- бірінші ерекшелігі – мектеп жасына дейінгі балалардың ана тілін дамыту мәселесі жөніндегі алғашқы әдістемелік нұсқаудың дайындалуы;

- екінші ерекшелігі – қалалық, ауылдық балабақшаларда және отбасында тәрбиеленуші балалардың сөз игеру ерекшелігі, әрбір кезеңдегі бала тілін дамыту мәселесін, оны мейірімділікке, адамгершілікке, еңбекке, ізеттілікке, ақыл-ойын тәрбиелеумен біртұтас қарастырылуында;

- үшінші ерекшелігі – алғаш рет 6 жастағы балалар үшін үй құрылысы, баланың аты-жөні, тұратын үйінің мекен-жайы, үй жануарлары, ыдыс-аяқтар, үй құстары, жәндіктер, көліктер, құрал-сайман, табиғат, ағаш түрлері, жыл мезгілдері, төлдері, егіс, құрылыс, мамандық, киім-кешек, тағам аттары, үй мүліктері, жеміс-жидек және т.б. ұсынылуында [48, б. 219]. Автордың тұжырымдамаларын қорыта келе, балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда әдеби шығармалардың рөлін баса айтып, ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану тиімді деп санаймыз.

Ғалым «... бала тіл өнерін, сөз өрнегін айналасындағы адамдардан үйренеді, солармен сөзбе-сөз қатынас жасаудың нәтижесінде меңгереді. Бала үлкендердің сөзін тыңдау, есту арқылы әсерлі үнге еліктей, ести жүріп сөйлеуге үйренеді» деп жазады [48, б. 4]. Мектеп жасына дейінгі сәбилердің тілін дамыту үшін үш түрлі жағдайды ескеру керек екендігін талдап береді. Сол ерекшеліктердің бірін зерттеу жұмысымыздың негізгі тұжырымы ретінде алдық: «баланың тілі дамуы үшін міндетті түрде үлкен адамдармен сөйлесу, қарым-қатынаста болуы шарт». Ғалымның тұжырымына сүйене отырып, «мектепке дейінгі ересек жастағы баланың айналасындағы жақын адамдармен тіл табыса алуының алғашқы сатысы – тіл арқылы өз ойын, тілегін жеткізе алуында» деген қорытындыға тоқталамыз.

Мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік дағдысын қалыптастыру мәселесі отандық ғалымдар Ә.Әмірова, Р.Жұмағожина, А. Меңжанова, Ғ.З.Таубаева, К.Ж. Атымановалардың т.б. еңбектерінде көркем шығармалар мен ауыз әдебиеті негізінде қарастырылған. Қарым-қатынастың тәрбиелік

әсеріне ерекше мән берілген. Демек баланың сөйлеуін дамытуда халық ауыз шығармаларының алатын орны ерекше, ол баланың бойында рухани құндылықпен қатар өз ана тілін еркін меңгеруге көмектеседі.

Ғалым Қ.М.Меңдаяқова өз еңбегінде халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы балалардың тілін дамыту мен байланыстыра сөйлеуге үйретудің маңызды екенін көрсете отырып, «жаңылтпаштар баланың сөзді дұрыс айтуына үйретсе, жұмбақтар ойлауға, ойланып жауап беруге, тапқырлыққа тәрбиелейді» деген қорытынды пікірін білдіреді [49, б. 188].

Ал А.К.Меңжанованың пікірінше, оқыту үдерісінде адамгершілік тақырыбына жазылған көркем шығармалардың мазмұны бойынша адами сапаларды балалардың бойына дамыту мүмкіндігі зор. Сондықтан сабақтағы тәрбиелік мүмкіндіктерді пайдаланып, әр тақырыпты өтуде тіл дамытуға баса мән берілу қажет деп көрсетеді [113, б. 27]. Бұдан автордың бала тілін дамыту мәселесін көркем шығармамен, оны тәрбиелік мәнін ашумен байланысты қарастырғанын байқауға болады.

Ә. Әмірова балалар әдебиетінің үлгілерін пайдаланудың әдістемесін ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеп, оның сабақта және сабақтан тыс уақытта балаларды адамгершілікке тәрбиелеу құралы екенін дәлелдеген. Автор ертегілерді, әңгімелерді, диалогқа құрылған өлеңдерді балалардың рөлдерге бөліп ойнауы арқылы тілдік сөйлеу мәнеріне, байланыстырып сөйлеуге, сөздік қорын дамытуға, грамматикалық формада дұрыс сөйлеуге үйретуге болатынын тәжірибе жүзінде дәлелдеген. Ауыз әдебиеті үлгілерінің барлық жанрларына тоқталып, оларды көркем әдебиет сабақтарында тәжірибеден өткізіп, республика көлемінде жаңадан жасалған төл бағдарлама «Балбөбекке» «Имандылық-инабаттылық тәрбиесі» бөлімін тұңғыш рет енгізген. Зерттеу еңбегінің нәтижесінде адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұнын айқындайтын әдеби шығармалар мен ойын жаттығулар жүйесін жасаған. «...баланың ойлау, сөйлеу қабілетін жетілдіру, көркем сөз үлгілерін меңгерте отырып, жан-жақты дамыту инабаттылыққа, мейірімділікке, достыққа тәрбиелейді» деген [50, б. 199]. Ғалым адамгершілік нормаларының қарапайым жолдарын баланың құрбы-құрдастарының арасында және ересектермен қарым-қатынасында меңгерту арқылы ғана баланың бойында тәрбиенің негізі қаланатындығын айқын дәлелдеген.

А.Б. Бақраденова өз еңбегінде отбасындағы үлкендер мен балалардың, балабақшадағы бүлдіршіндердің өзара сөйлесуі және тәрбиеші-мұғаліммен тілдік әрекетке түсуі үшін ең қолайлысы тілдік орта болып табылатыны туралы айтқан: «Егер де бала тіл мәдениетін және әдістемесін толық меңгерген мұғалімдермен, үлкендермен және өзі араласатын балалармен белсенді қарым-қатынас жасап, олармен әңгімелесіп отыратын болса, осындай тілдік ортаның тіл дамытудағы әсері нәтижелі бола түседі. Балалардың әңгімесіне салғырт қарау, олармен тілдескенде айналасындағы адамдардың дұрыс сөйлемей мектепке дейінгі жастағы балалардың жалпы психикасы мен тілінің дамуына кері әсерін тигізеді. Ал ата-аналар мен тәрбиешілердің балаларға үлгі болатындай дұрыс бейнелі сөйлеуі – бала тілінің тез дамуының алғы шарты». Сонымен қатар ғалымның пікірінше, мектеп жасына дейінгі балалардың тілін

дамытуды ситуациялық ойындар арқылы жүзеге асырған тиімді деп санайды. Ойын мазмұны баланың сөздік қорына жаңа сөздер енгізуге, үйренген сөздерді белсенді түрде қолдана білуге көмектесетінін айтқан. Ойын әрекетінің тартымды, баланы сөйлеуге ынталандыратындай болуы, ситуациялық ойын элементтерінің бала психологиясына жақын келуі, ұлттық тәрбие негізінде қарым-қатынас тұрғысында алынуы сияқты идеяларды ұсынған [34, б. 53]. Автордың ересек адамдар мен балалардың өзара сөйлесуі мен тілдік әрекетке түсуі үшін ең қолайлысы тілдік орта және ситуациялық ойындар деген тұжырымы зерттеуіміздің негізін құрады сөзсіз.

Г.З.Таубаева балалар әдебиетінің мазмұндық ерекшеліктерімен жұмыстың төмендегідей жолдарын көрсеткен: көркем шығармаларды оқып беру, оқылған шығарма мазмұнын әңгімелеу, басты кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау, оған өздігінен қорытынды жасау мүмкіндіктерін жетілдіру және үйрету, әдеби шығармаларды рөлдерге бөліп орындау, кейіпкердің образына ене білу эмоционалдық-образдық мазмұнын түсінуге, оқиға желісіндегі жүйелілікті есте сақтап, оны өмірмен салыстыра білуге жаттықтыру [52, б. 132].

А.А. Капенова қазақ отбасы мүшелерінің мектеп жасына дейінгі балалармен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың белгілерін анықтаған:

- тілдің тазалығы – сөйлеуші тілінде әдеби сөздерге жатпайтын, сөзді лайлап, шұбарлайтын мәні жоқ сөздер мен жаргондардың болмауы;

- тілдің нақтылығы – айтылатын құбылыс немесе жағдайдың шынайы екенін сөз арқылы нақты бейнелеу. Сөздік қоры мол, тілі жан-жақты дамыған адам әр уақытта қажетті сөздерді қиналмай тауып, тілінде жеңіл қолдана алады;

- тіл логикасы – сөйлеушінің тілі мен ойының бірлігі. Тілдің логикалық құрылымына синтаксис белгілері, яғни қажетті жерде кідіріс жасап, акцентсіз сөйлеу;

- тілдің түсініктілігі – сөйлеуші тілінде қолданылған термин сөздердің тыңдаушы үшін түсінікті болуы;

- тіл мәнері – сөйлеушінің сөзді мәнеріне келтіре, көңіл-күйге сәйкес эмоционалды сөйлей білуі [51, б. 21].

Демек қазақ отбасы мүшелерінің мектеп жасына дейінгі балалармен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда тілдің тазалығын, нақтылығын, логикасын, түсініктілігін, мәнерін сақтаудың маңызды екендігін ерекше атап көрсеткен.

Қ.Ж. Атыманова: «... коммуникация дара және қоғамдық ақпарат арасында делдалдық қызмет атқаратын, дараға және көпшілікке әсер ететін әлеуметтік маңызды үдеріске аудару механизмі. Бұл механизм адамдардың тілдік әрекетінде қаланған және ол арқылы әлеуметтік шарттас нормалар мен қатынас ережелері жүзеге асады» деп көрсеткен. Сонымен қатар ғалым мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік біліктерін қалыптастырудың жайын төмендегідей саралайды:

- *біріншіден*, қатынас екі немесе одан да көп адамдардың өзара іс-әрекетке түсу үдерісі ретінде қарастырылған;

- *екіншіден*, мектепке дейінгі ересек жас қарым-қатынасты дамытудың, яғни коммуникативтік біліктерді мақсатты түрде қалыптастыруды қамтамасыз етудің

тиімді кезеңі болып табылатыны анықталған;

- үшіншіден, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалар коммуникативтік іс-әрекеттің субъектісі және оның белсенді тасымалдаушысы, сондай-ақ, қатынас барысында мінез-құлқын және тәртібін еркін басқаруға және әділ бағалауға талпынысы балалардың коммуникативтік біліктерін қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз ететіндігі айқындалған;

- төртіншіден, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік біліктерін қалыптастыруға ықпал етушілердің үлкендер (тәрбиеші педагогтар мен ата-аналар) және өздерінің құрдастары болатыны тұжырымдалған [31, б. 152]. Автордың жоғарыдағы пікірлерін басшылыққа ала отырып, зерттеу жұмысымызда мектепке дейінгі ересек жастағы баланың коммуникативтік дағдысын дамытуда мақсатты біліктер мен үлкендердің ықпалының маңызды екендігіне мән беретін боламыз.

К.М.Метербаеваның ойынша, мектеп жасына дейінгі балаларды байланыстырып сөйлеуге үйретудің ерекшелігінің бірі – дидактикалық ойынды пайдалануды кеңінен қолдану. Бұл жастағы балаларды қоршаған дүниемен таныстыруда табиғи материалмен немесе оның бейнесімен ойналатын дидактикалық ойындар сезімдік тәрбие беруде, олардың танымдық іс-әрекетін, байланыстырып сөйлеу тілін дамытуда ерекше орын алатынын көрсеткен. Сонымен қатар, автор табиғат құбылыстарын бақылауда баланың танымдық үдерістері: көру, есту, иіскеу, тыңдау, сезу – жүзеге асырылатындығын, бақылау арқылы қабылдау сөзді белсенді пайдалануға негіз болатындығын, оның ойлау, ой қорыту үдерісімен жалғасатындығын атап көрсетеді [53, б. 2]. Ғалым бұл еңбегінде бала қарым-қатынас жасау үдерісінде қоршаған ортаны танып, өз құрдастарымен ауызекі сөйлеуге машықтанумен қатар бақылау арқылы зат атауларын бір-бірімен байланыстырып айтып беруге үйренеді дейді.

Автор қоршаған дүниемен таныстыру арқылы балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастырудың ерекшеліктерін зерделей келе, қоршаған дүние туралы шығармашылық әңгіме құрастыруда, практикалық және интеллектуалдық тапсырмаларды орындауда тілдің жоспарлаушылық функциясы қалыптасатындығына назар аударады. Саналы қарым-қатынас арқылы байланыстырып сөйлеу қалыптасады деген тұжырым жасайды.

Х.Қожахметова мектеп жасына дейінгі балалар тіл үйренуге құштар болатынын, көркем шығармаларды тыңдау арқылы жас ерекшелігіне сәйкес тіл үйренетінін, сөздігі молайып, сөздің грамматикалық құрылымын игеретінін айтады. Біртіндеп тілі ширап, айналасындағылар түсінетіндей етіп, байланыстырып сөйлей бастайды. Сондай-ақ, автордың еңбегінде дауыс интонациясына мән беру қажеттігі айтылған [114, б. 61-62]. Оның пікірінше, баланың сөзді нақышына келтіріп айтуына баса назар аудару қажет, сөздің мағынасын түсініп, оны қажетіне қарай қолдану баланың коммуникативтік дағдысының қалыптасуына жағдай жасайды.

Х.Т.Наубаева «Мектепке дейінгі жастағы балалардың бірлескен қызметтегі қарым-қатынасын ізгілендіру» атты еңбегінде орыс тілді балалардың қазақ тілін үйрену бойынша бірлескен іс-әрекеттегі қарым-

қатынастарын ізгілендірудің педагогикалық шарттарын анықтайды [35, б. 113]. Балалар қарым-қатынасын гуманизациялау арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың бірлескен жұмысындағы тәрбие беру мүмкіндіктеріне сипаттама береді.

Т.А.Левченко мектеп жасына дейінгі балаларға эстетикалық тәрбие беру жөніндегі жұмыстың негізгі құралдарын көрсеткен. Олар:

- балаларды сәндік-қолданбалы шығармашылыққа баулуда халық ауыз әдебиетінің туындыларын (ертегі, жұмбақ, мақал-мәтел, ән және т.б.) пайдалану;

- тиісті өнеркәсіп орындарына (музей, көрме, фарфор заводы, киім фабрикасы т.б.) топ саяхаттар ұйымдастыру;

- балаларды ұлттық мерекелерді («Наурыз», «Сабан той», «Қымызмұрындық», Шабандоз және т.б.) әзірлеп өткізуге қатыстыру [115]. Бала тілін дамытуға Е.Тихееваның еңбектері де негіз болады. Е.Тихеева мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие жұмысының бәрі ана тілі негізінде жүргізіледі деп санаған [55, б. 11-12]. «Баланың тілін дамыту ойын, еңбек, мереке т.б. құбылыстар мен қарым-қатынас үстінде жүзеге асады» деген пікірді басты назарда ұстаған.

Мектеп жасына дейінгі баланың тілін дамыту мәселесін алғашқы зерттеушілердің бірі – Е.Флерица. Ғалым тілдік қарым-қатынасқа көркем әдебиетті оқу, сурет бойынша әңгімелесу, мазмұндау, бақылау, сұхбаттасу, ойын үстіндегі әңгімелесуді жатқызады. Балалардың қабылдау ерекшелігін ескеріп, шығармаларды таңдау мен ұсыну қағидалары, иллюстрацияларды қарау, оқуды қайталау, бір сабақ үстінде бірнеше шығарманы үйлестіру, оқумен байланыстыра әңгімелеу түрлері, көркем оқу және әртүрлі жанрдағы шығармаларды әңгімелеп беру, өлең жаттау техникасын анықтаған [56, б. 270]. Е.Флерица бала тілін дамытуда бақылау мен сезімдік тәжірибенің орнын баса көрсетеді. Бірінші және екінші сигналдық жүйелердің өзара әрекеттесу заңдылығына сүйене отырып, баланың жасы мен даму ерекшелігіне және материалдың күрделілігіне, тәжірибеге жақындығына, жаңашылдығына байланысты қоршаған ортаны бақылау үстінде баланың белсенді тілі мен педагог сөзінің және тікелей қабылдаудың үйлесу әдістемесін ғылыми негіздеп берген. Е.Флерицаның дидактикалық міндеттерге байланысты арнайы әңгімелесу кезінде баланы диалогтық сөйлесуге үйрету туралы ой-пікірі бүгінде өз маңызын жойған жоқ [56, б. 271-280].

А.М. Леушинаның пікірінше, қарым-қатынас шеңбері кеңейген сайын және танымдық қызығушылықтары өскен сайын бала контекстік сөйлеуді меңгереді. Бұл ана тілінің грамматикалық формаларын игерудің жетекші мағынасын көрсетеді. Сөйлеудің бұл формасы оның мазмұны контексте ашылатындығымен сипатталады және сол арқылы белгілі бір жағдайды ескеруіне қарамастан тыңдаушыға түсінікті болады. Бала жүйелі оқытудың әсерінен контекстік сөйлеуді меңгереді. Балабақшадағы сабақтарда балалар ситуациялық сөйлеуге қарағанда, көбірек дерексіз мазмұнды көрсету керек, себебі олар ересектердің сөйлеуінен жаңа сөйлеу құралдарымен және формаларымен танысады. Мектеп жасына дейінгі бала бұл бағытта алғашқы қадамдарды ғана жасайды. Байланыстырып сөйлеудің дамуы мектеп

қабырғасында жалғасын табады. Уақыт өте келе бала қарым-қатынастың шарттары мен сипатына байланысты ситуациялық немесе контекстік сөйлеуді қолдана бастайды [116, б. 11-12].

Сонымен, зерттеу жұмысымызда мектеп жасына дейінгі баланың тілін дамытуға, тілдік қарым-қатынасын қалыптастыруға байланысты отандық және ТМД бойынша зерттелген ғылыми зерттеу жұмыстарындағы негізгі идеяларды анықтап, 7-кестеге түсіруге тырыстық.

Кесте 7 – Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту, тілдік қарым-қатынасын қалыптастыру бойынша ғылыми еңбектердегі негізгі идеяларға сипаттама

Автор	Көзқарастары, ой-пікірлері
1	2
К.Д. Ушинский	<ul style="list-style-type: none"> - ана тілінің қоғам өміріндегі, жеке тұлғаны дамыту мен тәрбиелеудегі рөлін анықтайды; - сөйлеуді дамытудың құралдарын, әдістері мен тәсілдерін, дидактикалық ұстанымдарын қарастырады; - ойлаудың бейнелі табиғатын, олармен жұмыс жасауда көрнекіліктің қажеттілігін дәлелдейді; - жаттығуларда халық ертегілерін кеңінен қолданады.
Е. Н. Водовозова А. Б. Семенов	<ul style="list-style-type: none"> - мектеп жасына дейінгі балаларға арналған бірқатар ертегілерді ұсынады. - ертегілерді балаларға қысқартылған түрде айтудың жолын ұсынады.

7-кестенің жалғасы

1	2
	<ul style="list-style-type: none"> -балаларға арнап сөйлеу сөздігін құрастырады. -баланың тілін, олардың сөйлеу ерекшеліктерін ескереді. -суретке қарап, әңгімелеу, үлкендермен бірге әңгімелесу практикасын қолданады.
М. Х. Свентицкой	<ul style="list-style-type: none"> - сабақ барысында ойынға, өзара әңгімелесуге ерекше назар аударады. - суретпен және суретсіз әңгіме құрудың тиімді әдістемесін жасайды. -балаларға арналған жас ерекшелігіне сәйкес кітаптарды тек ересек топтарға оқуды жөн көреді.
Е. А. Аркина	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың ересектермен сөйлесуі, қарым-қатынас жасауы айналасындағы әлемді танудың қайнар көзі деп санайды.
	<ul style="list-style-type: none"> - сөйлеуді дамыту, айналадағы өмірді бақылаумен қатар, көркем әдеби шығармаларды оқуды ұсынады.
Н. К. Крупская	<ul style="list-style-type: none"> -шынайы бақылау арқылы сөйлеуді дамытуды ұсынады; -баланың сөйлеуін дамытудағы кітаптың рөліне басты назар аударады. Кітаптың тілі қарапайым болуы керек деп санайды.
Е. И. Тихеева	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың сөйлеуі әлеуметтік ортада, әлеуметтік байланыстардың кеңеюімен, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас үдерісінде дамиды. - сөйлеу мәдениеті тәрбиешінің және айналасындағы барлық адамдардың сөйлеу мәдениетімен тығыз байланысты; балалардың сөйлеуі іс-әрекетте, ең алдымен ойын мен іс-әрекетте қалыптасады. -Сөйлеу мазмұнын байытуға көп көңіл бөледі.
Е. А. Флерина	<ul style="list-style-type: none"> -бақылаулар мен сенсорлық тәжірибенің сөйлеуді дамытудағы рөлін атап өтеді, тікелей қабылдауды, мұғалімнің сөзін және балалардың белсенді сөйлеуін қолданудың маңызды заңдылығынанықтайды. -қарым-қатынастағы кездейсоқ жағдайдың рөлін, балалармен арнайы сөйлесудің қажеттілігін атап өтті, оның жіктелуі мен сөйлесу әдістемесін ұсынды.
А.П.Усова	<ul style="list-style-type: none"> -дыбыстық мәдениетті тәрбиелеудің әдістемесін жасайды. - сөйлеуді үйрету, көркем әдебиетпен танысу эксперименталды түрде зерттеледі;
М.М. Кони́на	<ul style="list-style-type: none"> - сөйлеудің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеуді ұсынады. - көркем әдебиетті ақыл-ой, сөйлеу, адамгершілік және эстетикалық тәрбие құралы ретінде пайдалану тәсілдерін тереңдетеді.
В.И. Логинова	<ul style="list-style-type: none"> - заттармен, олардың белгілері мен қасиеттерімен, олардан жасалған материалдармен таныстыру негізінде сөздік қорды байыту әдістемесін нақтылады; - сөздіктің дамуын балалардың ұғымдарды игеруіне байланысты деп қарастырады;
А.М. Бородич	<ul style="list-style-type: none"> -әңгімелеуге үйретуде диалогтің маңызын ашып көрсетеді. -көркем әдебиетті оқытумен таныстырады; - балалардың сауат ашу әдістемесін жасайды;
Ф.А. Сохина	<ul style="list-style-type: none"> - функционалдық-коммуникативтік функцияда тілді меңгеру дағдыларын қалыптастыру мәселесі зерттейді; -когнитивті-тіл мен сөйлеу құбылыстары туралы қарапайым білімді

Психолог ғалым М.М. Мұқановтың «Жас және педагогикалық психология» атты еңбегінің «Мектепке дейінгі жас» деген тарауында мектеп жасына дейінгі баланың психикалық даму ерекшелігі туралы айтылады. Бұл жастағы балалардың жеке басының қалыптасуында үлкендермен, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастың айрықша екендігін айта келіп, баланың жеке басы ерекшеліктеріне тоқталады: «... біріншіден, ол неңдей қасиетімен ерекшеленеді, оның ішкі «Мен» дейтін саласы қандай дәрежеде болуға тиісті екенін, екіншіден, «жеке бас» сапасы кім болса соған тән емес, бұл өз бетіндік мінез әрекеті, белгілі қасиеттері бар жеке адам деген мағынаны білдіреді. Мектепке дейінгілердің үлкендерге бағынышты болғандықтан, оларда соңғы қасиет барлық жағдайда үнемі көп кездеседі деуге болмайды. Дегенмен бұларда өзбеттіліктің бастапқы қасиеттерінің нышандары болады. Мектепке дейінгілердің өз құрбыларымен қатынасына келсек, олардың байланысы түрлі дәрежеде болып келетіні байқалады. Баланы құрбыларымен достастыратын ойын қажеттілігі, себебі баланың ойын кезінде көңіл күйі сергіп, белсенділігі артады. Өзінің өзгелерден кем еместігіне көзі жетіп, өзін көрсеткісі келеді. Екіншіден, ойынға құштарлығын қанағаттандыру үшін құрбыластарымен достаса бастайды. Осындай ойын сәттерін бақылау кезінде құрбылас балалармен неліктен тату дос болатынын сұрасаң, достық, жолдастық мағынасын әлі саналы түсінбейтініне көз жеткізесің. Құрбысының мінезі, қылығының қандай жағы сүйкімді, жағымсыз әрекеті қандай екендігі туралы талдап айта алмай, тек ол ренжімейді, ойынды бірге ойнаймыз деп жауап береді» [36, б. 247]. Ғалымның «баланың ойын арқылы құрдастарымен қарым-қатынас жасауы оның белсенділігін арттырады» деген пікірі біздің зерттеуімізде – мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытудың негізгі қағидаларының бірі ретінде басшылыққа алынады [36, б. 248].

Ә.Алдамұратов ғылыми зерттеу еңбегінде сәби жастан бастап, баланың өсуін, дамуын үш кезеңге – сөйлеуге дейінгі, баланың алғашқы тілінің шығу, тілдің грамматикасын меңгере бастау кезеңдеріне бөліп сипаттайды. Соңғы кезеңнің үш жасқа дейінгі уақытты қамтып, бүлдіршін сөздердің мән-мағынасын және қолданылуын, жеке сөздердің қызметін де түсіне алатындығы, бала тілінің шығуы оның дүниетаным шеңберін кеңейтіп, сөйлеу тілін дамытатындығы» [37, б. 222] туралы ой топшылауы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың дамуының негізін құрайды.

Б.Елеусізова сөйлеу тілі қарым-қатынас пен ойлаудың құралы болып саналады. Ғалым балалардың қарым-қатынас психологиясына тоқтала отырып, бір-бірімен қарым-қатынас жасау тұлғаның даралық мінез қасиетіне тым жақындығының оның 4 сатыдан құралатынын атап өтті.

«Бұл сатыларда: өзгелермен қарым-қатынас орнатуға ниет білдіру кезеңін, әріптесінің кімдер екенін танып-білуге ықылас білдіріп, олар жайында мәліметтер алуға ұмтылатын, серіктер жайында өзара тілдесіп, қарым-қатынас

жасап, тілдескен әріптестері нендей жағымды істер барын байқайтын ұнамды қасиеттері мен олқылықтарының кездесетінін анықтап, кімнің кім екенін білетін болады» [38, б. 272]. Ғалым қарым-қатынастың екі бөлімнен тұратынын, яғни бірінші қарым-қатынас орнатуда ойлау мен саналы әрекеттің тұсы болса, екінші бөлімі адамның өзге адамдардың сырт келбеті мен жүріс-тұрысын тілдесуде бірлесіп әрекеттің бейнесін сипаттайды.

Баланың дүниетанымының өсуі қоршаған дүниені таныстырумен тікелей байланысты. Сондықтан да бала тілін дамытуға қатысты ғалымдардың зерттеулерінде қоршаған ортамен таныстыруды негізгі нысан ретінде алып отырған.

Е.Суфиев балалардың ой-өрісін, дүниетанымын, өзіндік іс-әрекетін дамыту олардың күтімін, денсаулығын жақсартуға байланысты екенін түсіндірген балада зат пен құбылысты тікелей қабылдауды және нақты көрнекілікті өне бойы керек қылмайтын ойлаудың ең жоғарғы түрі дерексіз ойлау элементтері де дами бастайтындығын айтады. Баланың сөйлеуі едәуір дамып, сөз байлығы артқандықтан, ол өз ойын жарамды түрде баяндап бере алады. Жеті жастағы баланың сөз байлығы орта есеппен алғанда 4000 сөзден асады. Баланың мұндай сөздік қоры оны алғаш рет оқуына толық жеткілікті болады деп тұжырымдайды [117]. Ғалым 5-6 жастағы баланың ойлауы нақты ойлау екені, оны дерексіз ойлауға жетелеп, бара-бара дерексіз ойлауды дамыту қажет екенін аңғартады.

Т.Тәжібаев жазу тілінің мектепке дейінгі жастағы балада әлі пайда болмаған, болса да өсіп дамымаған психологиялық функцияларды керек ететінін, мектептің міндеті балалардың жазу тілін дамыту үдерісінде осы функцияларды жетілдіру екенін көрсете келіп: «Жазба сөзді жақсы білу үшін психологиялық операцияны жаңа түрде пайдалану керек», – дейді. Олай болса, бастауыш мектеп балаларының мектепке түскен кездегі психикалық, дене даму ерекшеліктерін және тәжірибе дәрежесін білудің ауызша, жазбаша тіл дамыту жұмысын ұйымдастыру үшін үлкен мәні бар [118]. Балалардың мектепке келіп түскен кездегі даму ерекшеліктері жөнінде оқулықтарда берілген мағлұматтар бойынша 6-7 жасар бала ой жұмысымен шұғылдана алады деген қорытындыға сүйене отырып, ауызша тіл дамыту жұмысын да осы кезден, яғни 6-7 жастан жүйелі жүргізуге толық мүмкіндік бар екенін көреміз.

Қ.Жарықбаев дағды автоматтанып, әдетке айналатыны жайлы айтқан. Жас баланың дағдылары мен әдеттері үлкендердің қылығына еліктеу негізінде қалыптасады. Еліктеу арқылы бала түрлі тұрмыстық дағдыларға (бетті, қолды жуу, мезгілмен ұйықтау, ояну, тамақтану, ойнау т.б.) машықтанады. Бала дағдыларын үлкендер қадағалап отырмаса, кейде олар ұнамсыз әдеттерге айналып кетуі мүмкін. Баланың дағдыларын дамыту оған әуелі жақсы үлгілер көрсетіп, содан кейін ғана оны жаттықтыра бастаған дұрыс нәтиже беретінін айтады [39, б. 272]. Автордың пікіріне сүйене отырып, мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға ауыз әдебиетіндегі шығармалардың мазмұнын, оның идеясын, тәрбиелік мәнін аса күрделі педагогикалық үдерісті басшылыққа алу керек. Автордың дағдыларды дамытуда үлкендердің маңызын атай отырып, жұмысымыздың зерттеу объектісінде үлкендердің түсіндірме жұмыстарын

басшылыққа алу қажет екенін аңғарамыз.

Х.Т. Шерьяданова: «Баланы қоршаған дүниемен таныстыру – баланың психикасын дамытудың, жеке бастың сапасын қалыптастырудың қажетті шарты. Мұғалімнің міндеті заттар жөнінде, адамдар мен олардың еңбегі жайындағы балалардың ой-өрісін кеңейту болып табылады. Қоршаған ортаны танып-білу балаларды адамдарға деген сүйіспеншілікке, олардың қайғысы мен қуанышына ортақтасуға, мейірімділікке, еңбек адамын құрметтеуге тәрбиелеумен тығыз ұштастыру қажет» деп көрсетеді [22, б. 46-47] Жас баланың психологиялық ерекшелігін зерттеу дүние жүзі психолог-ғалымдарының назарынан тыс қалмаған және ол мәселеде ғалымдар ірі нәтижелерге жеткен, оларды көпшілік зерттеушілер басшылыққа алып жүргені де белгілі. Сонымен қатар автор ұлттық ойындарды балалар мен ересектер арасындағы қарым-қатынасты дамыту құралы ретінде пайдалану идеясын анықтаған. Мұнда балалардың тілін дамытуда қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстардың сыртқы көрінісі мен құрылысына қарай бір-бірімен байланыстыра қабылдайды, ойлайды. Сол арқылы танып-біліп, баяндай білетіндігін белгілейді деп тұжырымдаған.

Ж.Қ. Әубакірова ғылыми-зерттеу жұмысында 5-6 жастағы балалардың қарым-қатынасын зерттеудің екі бағытын көрсетті. Бірінші бағыт таңдап алынған балалардың белсенді ойнауына жағдай жасау, ал екінші бағыты, қазіргі таңдағы балалардың ойнау әрекетіндегі енжарлықты түзету мақсатымен ойындарды лайықтап, ережелерге сәйкес жаңғыртқан. Соның нәтижесінде балалардың басқа балалармен қарым-қатынасы, топта бірлесіп келісімге келуі, балалардың коммуникативтік і-сәрекетті жүзеге асыру дағдылары айқындалған [33, б.158]. Қарым-қатынасты жетілдіруде ұлттық ойындар мен ұлттық құндылықтардың баланың психикалық дамуына көп функционалды ықпал ететіндігін дәлелдеген. Бұл еңбекті мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудағы басты эталон ретінде қарастырамыз.

М.К. Бапаева «біріншіден, педагогтерді даярлауда олардың зерттеушілік позициясын (бағытын) қалыптастыру қажет болатын болса, екіншіден жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдерістерді қарым-қатынас психологиясы негізінде ұйымдастырып отыру пайдалы нәтижелерге қол жеткізеді» деген тұжырым жасайды [119]. Бұдан тәрбиеші-педагогтің баламен қарым-қатынасында жетекші рөл атқаратынын байқадық. Біз осы ғылыми ойды зерттеу жұмысымыздың әдістемелік кешенін құрайтын – тәрбиешілерге арналған семинар жұмысын ұйымдастыруда ескерміз.

Г.М. Қасымова «Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда дамытпалы ойындарды қолданудың психологиялық және педагогикалық негіздері» атты еңбегінде [60, б. 115] қарым-қатынасқа тікелей негізделген қимыл-қозғалыс ойындарын баланың коммуникативті дағдысының дамытудың ұтымды жолдарының бірі ретінде қарастырғанын байқаймыз. Мұндай ойын барысында бала құрдасымен, ересектермен ойнай отырып, бірлесіп ортақ шешім қабылдауға үйренеді.

Зерттеу проблемасының психологиялық ерекшеліктерін талдау барысында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік

дағдысын дамытуға кедергі келтіретін мынадай факторлар мен салдарларды анықтадық (кесте 8).

Кесте 8 – Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуға кедергі келтіретін факторлар мен салдарлар

Коммуникативтік дағдылардың қалыптасуына кедергі келтіретін факторлар	Салдары
1.Отбасындағы қолайсыз қарым-қатынастар	эгоизм
2. Баланың жүйке жүйесінің типі мен темпераментіне байланысты	қырсықтық; тұрақсыздық; қорқыныш
3.Психофизиологиялық бұзылыстар мен соматикалық туа біткен ауруларға байланысты	үлкендермен қарым-қатынастың бұзылуы
4.Жаңа инновациялық технологиялардың (гаджетке, ұялы телефонға, компьютерлік ойынға тәуелділік) пайда болуы;	агрессивті, тұйық мінез жек көру қатыгездік өзімен-өзі оңаша қалу

Ұ. Ауталипова мектепке дейінгі балалардың отбасындағы өзара қарым-қатынастарын зерттей отырып, араларында шиеленіс қатынастарын тудыратын себептерді анықтайды және отбасына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бағыттарын жан-жақты ашып көрсетеді [61, б. 123]. Сонымен қатар ғалым балалардың қарым-қатынасындағы мән-жайды психологиялық тұрғыдан айқындай келе, ата-ана баланы жастайынан тапқырлыққа, байқағыштыққа, тапсырмаларды тиянақты орындауға жұмсай алса, онда баласын мектепке даярлауда жетістікке жететендігін дәлелдеген және ғалым кез келген тапсырманың баланың бойында коммуникативті дағдыларының дамуына тікелей бағытталатын атап өткен. Ал М.Н. Махаманова мектепке дейінгі жастағы балаларда жеке басының қалыптасуы басталады деп санайды. Ойын барысында әртүрлі әлеуметтік рөлдерді сынап көреді, өз іс-әрекеттерін ережелерге бағындыруды үйренеді. Бұл баланың санасында оның «мен» бейнесінің екі жоспарын саралауға ықпал етеді: «Мен» – нақты және «Мен» – менсіз. «Мен» имиджінің жоспарларын ажырата білмеген жағдайда, бала оқу үдерісінде оған қойылатын талаптарды қабылдауда, сондай-ақ оларды ұстануда және олардың іс-әрекеттерінің нәтижелерін бағалауда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау арқылы өзін-өзі тануды болжайтын құзыреттілік компоненттері анықталады. Өзін-өзі танудың даму бағыттары анықталды. Онтогенезде мектеп жасына дейінгі баланың өзін-өзі тануының ең маңызды көрсеткіші оның серіктесімен субъект ретіндегі қарым-қатынасы болып табылады [62, б. 145].

Л.Я. Лозованның пікірінше, коммуникативтік дағды баланың жеке басының психикалық қасиеттері болып табылады. Коммуникативтік дағдылар балалардың тұлғалық дамуы, әлеуметтік бейімделуі, қарым-қатынастың ақпараттық, интерактивті және перцептивті функцияларын жүзеге асыру үшін жағдай жасайды. Автор коммуникативтік дағдыны баланың жеке басының

дамуының қажетті шарты, бұл дағды басқа адамдармен қарым-қатынас үдерісінде қалыптасады және баланы әлеуметтендірудің субъективті шарты деп есептейді.

Жеке іс-әрекет тәжірибесі мен қарым-қатынас тәжірибесі тығыз байланысты. Бала басқа балаларды қызығушылықпен бақылайды, олардың жетістіктерін өз іс-әрекеттерін қызғаныштарымен салыстырып, оны ересектер мен құрдастарының ортасында талқылайды. Көптеген зерттеу жұмыстарында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың бір-біріне деген тұрақты қарым-қатынасы қалыптасады.

А.Г.Рузскаяның пікірінше, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың қарым-қатынасының сипаты өзгереді. Алты-жеті жастағы бала көп жағдайда жалғыз өзі ойнамайды. Бірлескен ойынның нәтижесінде балалар арасында жаңа серіктестік және достық қарым-қатынас тудырады [112, б. 222].

Бірлескен практикалық іс-әрекеттің тәжірибесін игеру барысында балалар жалпы идея негізінде ұйымдасқан мінез-құлық, бірлескен жұмыс және ойындағы келісілген іс-әрекеттер дағдыларын үйренеді, белсенділікті, бастаманы және өзіне деген сенімділікті дамытуға ықпал етеді.

А.В. Запорожец алты жасында бала өзін байқайды, ал жеті жасында әлеуметтік бағытталған жұмысқа, мазмұнды ұзақ ойындарға, әлеуметтік құбылыстар туралы білім алатын, коммуникативті іс-әрекет дағдыларын дамытатын іс-шараларға ерекше қызығушылығы артады деп сенеді [44, б. 121].

Мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамытуда айырмашылықтар байқалады. Кейбір балалар мінез-құлық, қарым-қатынас нормаларын ұстанады; олар жақсы жұмыс істей алады, жұмысты тез аяқтайды, жолдасына көмектеседі, белсенді жауап береді, бірге жұмыс істейді, белгілі бір тәртіп ережелерін бұзуды байқайды, бұл бұзушылықтарды жоюға тырысады. Ал басқа балалар қарым-қатынас, мінез-құлық нормаларын сақтамайды, құрдастары мен ересектерді елемейтінін байқаймыз. Сонымен қатар бұл жастағы балалар түрлі жағдайда өзін-өзі белсенді дамытуға толық мүмкіндігі болады және бала бойында ұйымдастырушылық қабілеті дамиды.

Ұйымдастырушы балалар ойын тақырыбын және тапсырмаларды таңдай алады, құрбы-құрдастарын іс әрекетке жұмылдыра алады. Ұйымдастырушылық дағдылар батылдық, табандылық, белсенділік, еректік, жауапкершілік және мақсаттылық сияқты жеке қасиеттердің қалыптасуымен тығыз байланысты дамиды. Этикалық нормаларды ассимиляциялау өзгеше байқалады. Егер ортаңғы топтағы балалар кейіпкерлер іс-әрекеттерінің тек жағымды тұсын бағаласа, ал мектепке дейінгі ересек жастағы балалар мотивациялық бағалауға, мінез-құлықты дәлірек және дәл саралауға қабілетті. Балалар әртүрлі моральдық көріністерді ұстанады, кейбір баланың эмоционалдылығы, аффективтілігі басым болады, онда шыдамдылық пен төзімділік байқалады. Бұл ересек жастағы баланың еркі әлі де тұрақсыз, өзін-өзі бақылау әлсіз екенін көрсетеді. Осыған сүйене отырып, Д.Б. Эльконин тәрбиешінің маңызды міндеті – баланың бойында әртүрлі іс-әрекет барысында ерікті және еріксіз мінез-құлқын дамыту деп санайды [120].

Я.Л. Коломинский [121], А.В.Мудрик [105, б. 304], Е.Г.Савина [122],

еңбектерінде коммуникативтік дағдыны белгілі бір әлеуметтік ортада өзара әрекеттесу үдерісіндегі баланың «жеке қасиеттерінің бірлігі» деп есептейді. Сондықтан коммуникативтік дағдылар баланың саналы коммуникативті іс-әрекеттерінде және сөйлеу талаптары мен әңгімелесушінің ерекшелігіне қарай мінез-құлқын қалыптастыру қабілетінен көрінетіндігін анықтаған.

А.А. Люблинская [29, б. 166], В.Б. Мухина [30, б. 272], Р.Б. Немов [26, б. 199] және т.б. ресейлік ғалымдар мектепке дейінгі ересек жас кезеңін балалардың әлеуметтенуінің және коммуникативті дағдысын дамытудың, динамикалық психикалық және әлеуметтік-тұлғалық дамудың маңызды кезеңі деп санайды, себебі бұл кезеңде баланың бойында физиологиялық, интеллектуалдық, коммуникативтік, эмоционалды-еріктік жағынан қарқынды (прогрессивті) өзгерістер болады.

Н.Ф Голованова ересек жастағы балалардың бойында «Мен және Қоғам» ұстанымы қалыптасады, ал бұл әлеуметтік байланыстарға тікелей байланысты деген тұжырым жасайды [123].

5-6 жастағы балалардың мектепке дайындығын зерттеген Г.Г. Кравцов, В. А.Петровский, Е.Е.Шулешко коммуникативтік дағдының қалыптасуы баланың мектепте сәтті оқуының маңызды шарттарының бірі деп санайды [124].

О.В. Акулова ересек жастағы балалардың барлығы дерлік мектепке дейінгі ұйымға, балабақшаға барады, онда жалпы орта білім беру ортасында тәрбиеленеді. Мектепке дейінгі ұйымға барған балалардың теориялық білімі мен практикалық дағдылары өзара қарым-қатынас аясында кеңейеді [125]. Олай болса, әлеуметтік-коммуникациялық тәжірибе байытылған сайын балалардың қарым-қатынасы динамикалық түрде дамиды, яғни қарым-қатынас баланы өзін-өзі реттеудің бағыттаушы компонентіне айналады. Осы кезеңде сөйлеу коммуникациясының үстемдігі, яғни балада нақты қатынастар деңгейінде ауызша өзара әрекеттесуді жүзеге асыруға деген ынтасы, контекстік сөйлеудің ситуациялық сөйлеуден басым болу тенденциясы байқалады, балада «басқаға» қандай да бір ақпаратты хабарлау қажеттілігі туындайды.

Коммуникативтік қарым-қатынас үдерісінде мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың сөйлеуі жетекші рөл атқарады. Осыған байланысты Дж. Пиаженің зерттеулерінде балалардың сөйлеуі екі топқа бөлінеді деген маңызды тұжырым бар:

1. *Әлеуметтендірілген сөйлеу.* Бұл қарым-қатынасқа түсуші серіктесінің жауаптарына деген қызығушылығымен сипатталады. Оның функциясы – сұхбаттасушыға әсер ету. Әлеуметтендірілген сөйлеудің категориялары: ақпарат, сын, бұйрық, сұрау, қауіп, сұрақ, жауап. Әлеуметтендірілген сөйлеу саналы мақсаттарға құрылады, шындыққа бейімделеді, тәжірибе мен логика заңдарына бағынады.

2. *Эгоцентрлік сөйлеу.* Бұл әртүрлі болуы мүмкін: қайталау (эхолалия), монолог, ұжымдық монолог. Бала бұл кезеңде «әңгімелесушінің» көзқарасы қандай, ол не туралы ойлайды, мұндай нәрселерге қызығушылық танытпайды. Эгоцентрлік сөйлеудің функциясы экспрессивті түрде болады [42, б. 526].

Алайда Л.Б. Выготский балалардың эгоцентрлік сөйлеу құбылысына

мүлдем басқа, қарама-қарсы түсінік береді. Оның зерттеулері эгоцентрилік сөйлеу баланың іс-әрекетінде өте маңызды рөл атқара бастайды деген қорытындыға келді. Мектеп жасына дейінгі баланың эгоцентрилік сөйлеуі ересек адамның ішкі сөйлеуімен тығыз байланысты: ол басқаларға түсініксіз, қысқартылған, өткізіп жіберу тенденциясын ашады және т.б. мұның бәрі баланың эгоцентрилік сөйлеуі мен ересек адамның ішкі сөйлеуін жақындастыратыны сөзсіз. Мектеп жасындағы эгоцентрилік сөйлеудің жойылу фактісі жеті жылдан кейін оның жоқ болып кетуіне емес, ішкі сөйлеуге айналуына мүмкіндік береді. Алайда, автордың теориялық ұстанымдарына және дамудың бастапқы нүктесін түсінуге байланысты бір құбылыстың түсіндірмесі қалай түбегейлі өзгертетінін көре аламыз. Егер Дж. Пиаже үшін бұл бастапқы нүкте – бұл әлеуметтік әлем біртіндеп ығыстыратын аутизм болса, онда Л.Б. Выготский үшін бала бастапқыда мүмкіндігінше әлеуметтік, ал оның әлеуметтік дамуы барысында оның жеке психикасы мен ішкі өмірі пайда болады, оның негізгі құралы – ішкі сөйлеу [28, б. 362].

Т.Е. Браудо балалардың сөйлеу онтогенезін зерттеу негізінде балалардағы сөйлеуді зерттеуде қойылған екі міндет бар, оларды шартты түрде 2 топқа бөлуге болады дейді:


1-ші топ. Сипатталған жағдайларды лингвистикалық тұрғыдан түсіндіре отырып, балалардың сөйлеуін тікелей сипаттау және сөйлеудің қалыптасуына негізделген психикалық үдерістерді зерттеу. 1-ші топқа шартты түрде қатысты іргелі зерттеулердің мысалдары ретінде Клара мен Вильгельм Штерн «Die Kindersprache» еңбегін қарастыруға болады. Бұл еңбек толығымен авторлардың балаларының сөйлеу күнделіктеріне негізделген.

2-ші топ. Зерттеулер тілді сараланған белгілер жүйесі ретінде қарастыратын дәстүрлерге, оларды біріктірілген пайдалану ережелеріне сүйенеді [126].

Ф. Де Соссюрдың пікірінше, тіл – бұл белгілер жиынтығы, ал белгі – «екі жақты психикалық функция», мұнда таңбалаушы мен таңбалаушы бір-бірімен тығыз байланысты, ал екінші жағынан, бұл байланыс өте формалды және тек тілдегі әлеуметтік дәстүрлерге байланысты» [127]. Мұнда біздің зерттеу жұмысымызға байланысты коммуникативтік қарым-қатынаста тілдің байланыс формасын басшылыққа аламыз.

«Тілдің мәні, – деп жазады әйгілі ағылшын философы Б. Расселл, – қарым-қатынастың кез келген әдісін қолданудан емес, бекітілген қауымдастықтарды қолданудан тұрады... яғни, нақты нәрсе – айтылған сөз, сурет, қимыл немесе кез келген нәрсе – басқа нәрсе туралы түсінік тудыруы мүмкін» [128].

Лингвист В.А. Звегинцев те дәл осындай көзқарасты ұстанды. Ол тілді, біріншіден, айналамыздағы әлемді дискретті ұғымдарға психикалық бөлу құралы ретінде, екіншіден, осы ұғымдарды жіктеудің құралы ретінде анықтады [129]. Біздің зерттеуіміздің мәселелері бойынша Г.Н. Рошко зерттеуінің маңыздылығын атап өткіміз келеді, ол мектепке дейінгі жаста сөйлеуді дамытудың келесі міндеттерін анықтайды [130] (сурет 3).



Сурет 2 – Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту міндеттері

Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай, балалардың сөйлеуін дамытуда зерттелетін екі міндет ерекшеленеді, олар 2 топқа бөлінеді:

1. Тілді практикалық тұрғыдан игеру мыналарды қамтиды: сөздікті және сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту және фонемалық естуді дамыту.

2. Сөйлеуді түсіну мыналарды қамтиды: фонемалық талдау, оқу қабілеті және арнайы оқыту.

Ересектермен бірлескен іс-шаралар балаға еліктеу арқылы маңызды мәдени дағдыларды игеруге, белгілі бір конструкциялардағы адамдардың нақты өзара әрекеттесуінде қолдану мақсаты мен тәсілдерін түсінуге көмектеседі. Бала маңызды прагматикалық тілдік дағдыларды игереді, олардың қалыптасуы негізінен кері байланыс пен қарым-қатынастың тиімділігіне байланысты. Кері байланыс нақты лингвистикалық құрылымдардың функционалды мақсатына қатысты қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Тілді зерттеуші, американдық психолог Л. Блум тілді меңгеру үдерісін былайша сипаттайды:

1) баланың өз ниеттерін білдіруі мен түсіндіруін талдау тілді меңгеру үдерісін түсінуге мүмкіндік береді;

2) тілдік даму бала дамуының басқа салаларынан оқшау үдерісі болып табылмайды және балалар мінез-құлқының басқа да нысандарының қалыптасуы аясында жүзеге асырылады;

3) тілді меңгеру баланың әртүрлі іс-әрекеттерін үйлестіру үдерісінде, осы үдеріске байланысты ниеттерін білдіру және түсіндіру кезінде жүзеге асырылады, бұл тілді меңгеру үдерісін анықтайды [131].

Мектеп жасына дейінгі балалар ана тілінің морфологиялық жүйесін үйренеді, күрделі сөйлемдерді, сөз тіркестерін және т.б. құрастырып айта алады. Ересектердің көмегімен мектеп жасына дейінгі бала нақты көрнекі жағдайдан мәнмәтінің құруды талап ететін контекстік сөйлеуді түсінеді. Сондай-ақ, ойынның мазмұны мен ережелерін, ұйымдастырылған іс-әрекетінде рөлдерді бөлуді және т.б. міндеттерді шешу туралы түсіндіріп айта алатын болады.

Мектеп жасына дейінгі бала сөйледі үйреніп қана қоймай, айналасындағы дүниені тануға, оның түрлі өмірлік жағдаяттармен қатар, әртүрлі қызмет түрлеріне, қарым-қатынас жасауға зор ықпал ететінін атап өткен.

Алғашында мектеп жасына дейінгі баланың бойында ситуациялық сөйлеу қалыптасады. Е.О. Смирнова мен В.М. Холмогорованың пайымдауынша, бұл «нақты ситуациялық жағдайға сәйкес баланың көз алдында тұрған нақты заттарға қатысты сөйлеу» деген анықтама береді [132]. Демек ситуациялық жағдайда коммуникативтік сөйлеу тілі қалыптасады.


Мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу тілі – контекстік және мазмұндық болып бөлінсе, ал тар мағынада ситуативтік әрі қолданбалы сөйлеу тілі қалыптасады. Контекстік сөйлеу тілі «жағдайды оның тікелей қабылдауынсыз түсінікті ету үшін толығымен сипатталады.

О.Н. Сомкованың пікірінше, контекстік монологтік сөйлеуді дамытуда «кітап мәтіндерін тыңдау және қайталау, тілдің мәдени үлгілерін игеру маңызды рөл атқарады. Мектеп жасына дейінгі бала өзіне қойылатын талаптарды қабылдайды және сөйлеу кезінде оларды сақтауға тырысады» [133].

Контекстік монологтік сөйлеуді құру заңдылықтарын зерттей отырып, мектеп жасына дейінгі бала ситуациялық сөйлеуді қолдануды тоқтатпайды. Ситуациялық сөйлеу төменгі деңгейдегі сөйлеу ретінде анықталмайды. Табиғи қарым-қатынас жағдайында оны ересек адам пайдаланады. Уақыт өте келе мектепке дейінгі жастағы бала жағдайға байланысты ситуациялық немесе контекстік сөйлеу тілін қарым-қатынастың мазмұнына қарайды. Мектеп дейінгі жастағы бала тұрақты ұйымдастырылған сабақтар арқылы контекстік сөйлеуге ие болады. Мектеп жасына дейінгі балаларға ситуациялық сөйлеуге қарағанда абстрактілі мазмұнды айту жеңіл, сондықтан да балалар ересектердің сөйлеуінен түсінетін жаңа сөйлеу құралдары мен формаларына көшу қажеттілігін сезінеді.

Осылайша, мектепке дейінгі жаста сөйлеудің ең қарқынды дамуы жүзеге асырылады, баланың сөздігі екі жүзден бірнеше мың сөзге дейін артады, бала сөйлемдермен сөйлеуді үйренеді және көптеген күрделі грамматикалық құрылымдарды игереді. Мұның шын мәнінде қалай болатыны әлі күнге дейін нақты белгілі емес, дегенмен қарапайым рефлекторлық ассоциативті оқыту емес, белгілеу және түсіну үдерістері үлкен рөл атқаратыны анық.

Зерттеуші ғалымдар балалардың сөйлеу тілінің қалыптасуының әртүрлі кезеңдерін ұсынып, әрқайсысының жас шектерін көрсетті. Мысалы, А.Н. Леонтьев мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу дағдысының қалыптасуында төрт кезеңді белгілеген. Оны 3-суреттен көруге болады:



Сурет 3 – Балалардың сөйлеу тілінің даму кезеңдері
(А. Н. Леонтьев бойынша)

Ересек жастағы балалардың дұрыс сөйлеуі логикалық жүйелілігімен сипатталады, бұл жастағы балалар тілдің формальды ғана емес, сонымен бірге семантикалық жағын да игереді, біртіндеп сөйлеуді жоспарлай алатын болады [54, б. 179]. Ересек жастағы балалардың құрдастарымен қарым-қатынасы тұрақты бола бастайды. Қарым-қатынаста айтатын әңгіме тақырыбы тек қазіргі жағдай туралы ғана емес, сонымен бірге олармен бұрын не болғандығы туралы: қайда болғанын, не көргенін және т.б.б. әңгіме айтып, балалар бір-бірін мұқият тыңдайды, достарының әңгімелерін эмоционалды түрде қабылдайды, жауап береді. Осының арқасында ауызша сөйлеудің қарқынды дамуы жүзеге асырылады, яғни балалар ересек адамның көмегінсіз коммуникация орнатып, іс-әрекетін ұйымдастыра алады. Құрдастармен ойын ережелерін бірлесіп талқылауға, бір-біріне көмектесуге тырысады. Олар ойын кейіпкерлері өзін қалай ұстау керектігін бір-біріне көрсетеді. Ойын барысында түсініспеушіліктер туындаған жағдайда балалар ережелерді ескере отырып, өздерінің әрекеттерін серіктестеріне түсіндіруге немесе олардың әрекеттерін сынға алуға тырысады. Сонымен қатар іс-әрекеттерді үйлестіру, балалар арасында жауапкершіліктерді бөлу көбінесе ойын барысында пайда болады. Бұл жаста балалар ойын алаңын құра алады, сюжетті ойын жоспарын құрып, рөлдерді үлестіре алады. Осылайша, мектепке дейінгі ересек жаста баланың құрдастарымен қарым-қатынасы жағдаяттан тыс ресми сипатта болады. Мектеп жасына дейінгі балалар ойынның кеңейтілген түрінде ынтымақтастық қарым-қатынас жасауға

ұмтылатын болады.

Г.А. Урунтаева сөйлеу әрекетін әңгімелеу, тыңдау, пайымдау, әңгіме мен ертегі түрлеріне ажыратады. Зерттеуші мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу ерекшеліктері ретінде келесілерді атап өтеді:

- сөйлеу белгілі бір жағдаяттардан шығады, қарым-қатынастың әмбебап құралына айналады;

- сөйлеудің үйлесімді формалары пайда болып, экспрессивтілігі артады;

- бала сөзбен әрекет ету үдерісінде ана тілінің заңдылықтарын түсінеді;

- бала өз ойларын дәйекті, қисынды түрде айтуды үйренеді, ойлау интеллектуалдық мәселелерді шешудің әдісіне айналады, ал сөйлеу ойлау құралы мен таным құралына, танымдық үдерістерді зияткерлендіруге ықпал етеді;

- сөйлеудің реттеуші функциясы дамиды, ол әдеби шығармаларды түсінуде, ересектердің нұсқауларына бағынуда көрінеді;

- сөйлеудің жоспарлау функциясы практикалық және интеллектуалдық мәселелерді шешуден бұрын басталады;

- сөйлеудің дыбыстық функциясы пайда болады, сөзді абстрактілі бірлік ретінде бөлу, бұл сөзді таным объектісіне айналдыруға және жазбаша сөйлеуді игеруге мүмкіндік береді;

- тілдік қызмет формаларын түсіну қалыптасады;

- сөйлеу ерікті қызметтің ерекше түріне айналады, оған саналы көзқарас қалыптасады;

- сөйлеу өзіндік формалары бар ерекше әрекетке айналады: тыңдау, әңгіме, пайымдау және әңгімелер;

- фонемалық даму үдерісі аяқталады: бала дыбыстарды дұрыс естиді және айтады;

- сауат ашу негіздерінің алғышарттары пайда болады [134];

Т.А. Ладыженская бойынша сөйлеу әрекетінің құрылымы келесі кезеңнен тұрады:

- қарым-қатынас шарттары мен міндеттеріне және мәлімдеме мазмұнына бағдарлау;

- жоспарлау (сөйлеу бағдарламасын құрастыру);

- бағдарламаны іске асыру;

- бақылау [135].

Ғалымдардың еңбегін саралай келе, сөйлеуді дамытудың міндеттерін басшылыққа аламыз. Зерттеу мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеулерге сүйене отырып, ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдылары арқылы дамытылатын келесі қабілеттерді бөліп көрсетеміз:

- тіл арқылы олардың бірқатар әлеуметтік, эмоционалды және материалдыққажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігі;

- түсіндіре алу қабілеті;

- сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс рәсімдеу арқылы өз ойларын дәлірек білдіру қабілеті;

- әртүрлі дыбыстарды анық айту қабілеті;
- әңгімелесушінің реакциясын күтіп, оның сөздеріне жауап беру, екі жағдайда да сөйлесуді бастау және қолдау қабілеті.
- қарым-қатынаста ынтаны білдіру қабілеті;
- қарым-қатынас серіктесінің жағдайын ескере білу қабілеті.

Бұл қабілеттер тыңдау, түсіну, жауап беру және сөйлеу реттілігін сақтау іскерліктерінен тұрады.

«Сөйлеу» мен «тіл» ұғымдары бірдей ұғымдар емес. Сөйлеу дегеніміз – адамдардың тіл арқылы басқа адамдармен қарым-қатынас жасау әрекеті.

Сонымен коммуникативтік дағдылардың қалыптасуы балалардың жеке тұлға ретінде әлеуметтенуіне және ақпараттық, перцептивті, интерактивті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға ықпал етеді. Зерттеушілердің тұжырымдарына сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдылары баланың жеке басын дамытудың қажетті шарты болып табылатынын және басқа адамдармен қарым-қатынас және өзара әрекеттесу үдерісінде қалыптасатынын анықтадық.

Мектепке дейінгі ересек жастағы баланың бағалау лексикасы белсенді меңгеріледі. Бұл баланың ересек адаммен ситуациялық емес, жеке қарым-қатынасының қалыптасуымен, ересек адамның жеке басына қызығушылықтың көрінісімен байланысты. Балалар жеке қасиеттерді білдіретін сөздерді қолдана бастайды (адал, қарапайым, қамқор, сезімтал және т.б.). Өздеріңіз білетіндей, мектепке дейінгі балалық шақта ересек адам бала үшін маңызды тұлға болып табылады, ересек адаммен қарым-қатынаста бала толығымен дамып, көкжиегін кеңейтеді. Баланың ересек адаммен қарым-қатынасының нәтижесі баланың белсенді сөздігін дамыту және жетілдіру болып табылады.

А.В.Занков мектеп жасына дейінгі балалардың бойында сәби кезінен бастап қарапайым ұғымдар мен түсініктерді қабылдау мүмкіндігі бар екендігін дәлелдеген [136]. Бұл шақтағы басты педагогикалық талап – бала психикасына салмақ түсірмей, әлгі шұғыл өзгерістерге толы таным үдерісін шеберлікпен, арман тілектермен, мақсаткерлікпен ұйымдастырып, қажетті арнаға жетелеп отыру.

«Балалық шақта дамудың адында жүріп, дамуды соңынан ілестіріп отыратын оқыту ғана жақсы» ақыл-ой қызметінің төмендегідей көрсеткіштері дамуды іске асырады деп есептейді [42, б. 24]. Олар – байқампаздық, өз ойын еркін жеткізе білу, практикалық іс-әрекеттер атқара білу.

В.В.Давыдов ақыл-ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысын есептейді [43, б. 420]. Тұтас алғанда, барлық авторлардың даму туралы ойлары оқыту барысында баланың психикасының жаңа сапалық деңгейге көтерілуі дегенге келіп саяды және оның басты шарты ретінде әрекет алынады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың сөйлеуге деген қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі емес, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін ұйымдастырылған іс-әрекетті жолға қою мәселесі саналады. Л.Б. Выготский баланың жас кезінде танымдық, қабылдағыштық қабілеттерінің ерекше

болатындығына байланысты олардың тілді тез меңгеретінін көрсетеді. Қоршаған орта арқылы баланың ойы, қабылдауы, сезінуі қалыптасып, тіл байлығы жетіледі деп қарастырады. Балардың тілінің дамуы, байланыстырып сөйлеулері туралы мәселелерге психологтердің әрқайсысының өзіндік пікірі, өзінше талдауы бар.

А.А. Люблинская табиғаттағы заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстардың сөзбен белгіленетінін тұжырымдаса, Л.Б. Выготский «Сөз – ойлау мен тілдің негізгі жиынтығы» деп көрсетеді [28, б. 362].

Ғалым балалардың жас ерекшеліктерімен санаса отырып, ең алдымен олардың түйсіктерін, одан кейін есін, одан әрі ойларын, ең соңында тіл мен қолын дамыту қажет деп кеңес береді, себебі бала меңгергенді дұрыс айта білуі және оны күнделікті ісінде қолдана білуі қажет.

М.Б.Каган өзінің еңбегінде балалардың оқу әрекетіндегі танымдық белсенділігіне байланысты үш деңгейге бөлген теориясын басшылыққа алуды ұсынады [81, б. 23]. Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту балабақшадағы педагогтердің үлесіне тиеді және олардың ұйымдастыру шеберлігімен тікелей байланысты. Сондықтан бүгінгі күні тәрбиеші-педагог мамандарына түпкілікті білім берумен қатар, кәсіби іс-әрекетінің ғылыми негіздерін практикада қолдануға, практикалық біліктілік пен дағдыны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Ең басты талап – тәрбиешінің баланың бақыты мен тағдырына жауапкершілікпен қарап, дене, физиологиялық, психологиялық даму заңдылықтарын түсінуі [81, б. 24]. Бұл жастағы балалардың психологиялық ерекшелігі сол, олар қоршаған ортадағы дүниені танып білсем деген қызығушылығы басым болып келеді. Бұл кезде баланың өзіндік ішкі позициясы қалыптасады және белгілі бір әлеуметік қатынас қабілеті дамиды. Сөйлесім әрекеті түрлерін іріктегенде, бұл мәселе үнемі ескеріліп отырылуы қажет. Әсіресе, тілдесім жағдайларында балалардың өз ойы мен пікірін білдіруіне мүмкіндік беретін жағдаяттарды іріктеудің маңызы зор. Педагогикалық практикада тәрбиеленушінің даму деңгейіне байланысты жетістіктерді дер уақытында зерттеп тұру қажеттігі күннен-күнге үлкен маңызға ие болуда. Бұл қажеттік баланың тұлға ретінде қалыптасу үдерісін тиімді басқару мақсатынан және ондағы жүріп жатқан өзгерістердің тереңдігін, қарқыны мен ерекшеліктерін білукеректігінен туындаған. Бала қоршаған әлемді ойын, еңбек, серуен барысында және арнайы ұйымдастырылған іс-әрекетте, педагог-тәрбиешімен, ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас кезінде танып біледі. Осындай жетістіктерге жету үшін тәрбиеші-педагог алдында тұрған баланы ертеңгі мектеп оқушысы деп қарап, баланың мінез-кұлқын, сана-сезімінің жетілу дәрежесін таным үдерістерінің (түйсігі, қабылдауы, ес, ойлау, сөйлеу, зейінінің) дұрыс бағытта қалыптасып, дамуын қадағалап, әрі дамытып отыру керек. Сондықтан осындай ерекшелігін ескере отырып, ұйымдастырылған іс-әрекет үдерісін жүргізу қажет. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйым балаларының танымдық белсенділігін арттыру мәселесі жоғары деңгейде шешіліп, оқытудың жаңа технологиялары енгізіліп, сапалы нәтижелері байқалып отыр. Осындай технологиялардың бірқатары рефлексияға

ерекше мән бере бастауымен пайдалы деп айтуға болады [81, б. 25].

Н.Ф. Голованова мектепке дейінгі ересек жастағы баланың тұлғасына берген анықтамаларға сәйкес әлеуметтенудің және коммуникативті дағдыларды дамытудың, динамикалық психикалық және әлеуметтік-тұлғалық дамудың маңызды кезеңі ретінде анықтайды, оның барысында барлық салаларда прогрессивті өзгерістер болады: физикалық, интеллектуалдық, коммуникативті, эмоционалды-еріктік. Балаларда «Мен және қоғам» ұстанымы қалыптасады, ол әлеуметтік байланыстарға бағдарланады [123, б. 25].

Л.Б.Лисинаның зерттеуі бойынша мектепке дейінгі ересек жастағы баланың бағалау лексикасы белсенді меңгеріледі. Бұл баланың ересек адаммен ситуациялық емес жеке қарым-қатынасының қалыптасуымен, ересек адамның жеке басына қызығушылықтың көрінісімен байланысты. Балалар жеке қасиеттерді білдіретін сөздерді қолдана бастайды (адал, қарапайым, қамқор, сезімтал және т.б.). Өздеріңіз білетіндей, мектепке дейінгі балалық шақта ересек адам бала үшін маңызды тұлға болып табылады, ересек адаммен қарым-қатынаста бала толығымен дамып, көкжиегін кеңейтеді. Баланың ересек адаммен қарым-қатынаста көрінеді, оның нәтижесі баланың белсенді сөздігін дамыту және жетілдіру болып табылады [32, б. 258].

Мектепке дейінгі баланың коммуникативтік дағдысы қоршаған ортамен қарым-қатынас барысында қалыптасады. Баланың сіңіретін және қолданатын тиімді қарым-қатынас құралдары бірінші кезекте оған айналадағы адамдардың қатынасын анықтайды.

Мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік дағдысы деп мектепке дейінгі баланың жеке-психологиялық қасиеттерінің кешені (қарым-қатынас, эмпатичность, тілектестік); коммуникативтік қызметтің білімі, шеберлігі мен дағдылары; әлеуметтік-коммуникативтік қызметке түсу ниеті мен қажеттілігі; әлеуметтік-коммуникативтік жағдайларды талдай білу және барабар бағалай білу және айналасындағылармен іскерлік және жеке қарым-қатынаста өзінің жағдайын бақылау [107].

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, біз мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың төмендегідей негізгі психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалады:

- балалардың коммуникативті модельдерді игеруі құрдастарымен және ересектермен бірлескен іс-әрекетте жүреді;

- баланың әлеуметтік қажеттіліктерін қалыптастыруда және оның адам іс-әрекетінің тәжірибесін игеруде жетекші рөл құрдастарымен бірлескен ойындарға тиесілі;

- қарым-қатынас пен коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың маңызды факторларының бірі – мектепке дейінгі ұйымдағы балалар топтарындағы қолайлы психологиялық климаттың болуы;

- балалардағы коммуникативті дағдыларды қалыптастыру үшін сензитивті болып табылатын 4-5 жас аралығы педагогикалық басшылықтың тиімділігін

анықтайды.

Біздің көзқарасымыз бойынша, мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдылары баланың жеке басын дамытудың қажетті шарты болып табылады, олар басқа адамдармен қарым-қатынас және өзара әрекеттесу үдерісінде көрінеді. Бұл дағдылардың қалыптасуы жеке тұлғаның қоғамдағы әлеуметтенуінің тиімділігінің және мектеп жасына дейінгі балалардың ақпараттық, перцептивті, интерактивті іс-әрекеттерді өз бетінше жүзеге асыруының субъективті шарты болып табылады.

Зерттеу мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеулерге сүйене отырып, ересек жастағы балалардың келесі негізгі коммуникативтік дағдыларын дамыту маңызды екенін бөліп көрсетеміз:

- тіл арқылы олардың бірқатар әлеуметтік, эмоционалды және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігі;

- түсіндіре алу қабілеті;

- сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс рәсімдеу арқылы өз ойларын дәлірек білдіру қабілеті: зат есімдер мен сын есімдерді септік жалғауларын пайдалану, сөйлем құрылымдарын құру және т.б.;

- әр түрлі дыбыстарды анық айту қабілеттілігі;

- әңгімелесушінің реакциясын күтіп, оның сөздеріне жауап беру, екі жағдайда да сөйлесуді бастау және қолдау қабілеттілігі. Бұл қабілеттілік жоғарыда аталған тыңдау, түсіну, жауап беру және сөйлеу реттілігін сақтау іскерліктерінен тұрады.

1.3 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың қазіргі жайы

Қоғамда ғылым мен техниканың қарыштап алға жылжуы, индустриялық-инновациялық экономиканың дамуы, адам санасының ғылымға, техникаға бет бұруы білім берудің жаңартпалы мазмұнына көшуге ықпал етуде. Еліміздегі жүргізіліп жатқан білім беру реформалары бойынша заман талаптарына сәйкес оқытудың парадигмасы өзгеріп, білім берудің мазмұны жаңаруда.

Білім беру мазмұнын жаңарту, жаңалау дегеніміз – әрбір білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін, формаларын қайта реформалау. Жаңалау – тәрбие және білім беру тәжірибесін жетілдіру мен қайта түзу мақсатына орай педагогика ғылымының заманауи жетістіктерін мектеп өміріне енгізіп, пайдалану. Үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қазіргі тұрақсыз өзгеріп тұрған әлемде өмір сүруге бейімделуге қабілетті болып қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасауға ерекше назар аударылуда.

«ҚР-ның 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында» білім беру бағдарламаларын жаңғырту қажеттігі атап көрсетілді [137].

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көрсетілгеніндей, «коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптырудың мақсаты ауызша сөйлеуді дамыту, әртүрлі өмірлік жағдаятта қарым-қатынас дағдыларын меңгеру мен оқу мен жазудың алғышарттарын қалыптастыру» болып табылады [138].

Бүгінгі заман талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында да баланың бойына жастайынан білім, білік пен дағдылары қалыптастырумен қатар, жеке тұлға тәрбиелеу көзделіп отыр. Қазіргі таңда ұлттық және адами құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы, бәсекеге қабілеттілігі мен құзыреттілігін көрсете білетін тұлға қалыптастыру – жаңартылған білім мазмұны бойынша күтілетін негізгі нәтижелердің бірі болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі мақсаты – баланың жас ерекшелігіне сай әлеуетті мүмкіндіктерін барынша дамытуға, функционалдық тұрғыдан сауатты, кез келген өмірлік жағдайларда меңгерген білім, білік, дағдыларын тиімді қолдануға қабілетті бірегей тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Осы стратегиялық құжаттың негізінде 2021 жылы ҚР Үкіметі «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» қаулы қабылдап, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласын жаңартудың ережелері мен жаңа моделі жасалынды. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде» (2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген) «...қазіргі өзгермелі заманда мектепке дейінгі тәрбиелеу саласындағы педагогтің үнемі дамуға ұмтылуы, балаларды дәлелдер келтіруге үйретуі, оларды сыни тұрғыдан талдауға үйретуі, сондай-ақ шығармашылық эксперименттер жүргізуге қабілетті болуы маңызды» екендігі атап көрсетілді. Модельде мектепке дейінгі білім беру саласындағы педагогтер «белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуы тиіс» деп жазылған [3, б. 2].

Аталмыш құжаттарда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, дамыту мен білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралардың бірі ретінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларының мазмұны мен іске асыру шарттарын реттейтін нормативтік құқықтық базаны жаңартуды, вариативтік оқу бағдарламаларын әзірлеуді, балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру тәсілдерін жетілдіруді ұсынады.

Соған сәйкес елімізде мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде қолданылған бағдарламаларға талдау жасай отырып, жаңартылған білім беру жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктерін анықтадық (кесте 9).

Кесте 9 – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына сипаттама

Бағдарлама атауы	«Балбөбек» бағдарламасы	«Өзін өзі тану» бағдарламасы	«Тәй- тәй» бағдарламасы	«Қарлығаш» бағдарламасы	Үлгілік оқу бағдарламалары	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
------------------	-------------------------	------------------------------	-------------------------	-------------------------	----------------------------	---

9- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Бағдарлама туралы қысқаша мәлімет	Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының лабораториясында дайындалған (1992 ж.)	Бөбек қорының президенті С. Назарбаеваның авторымен құрылды. (1992 ж.)	«Сорос-Қазақстан» «Тәй-тәй» технологиясы негізінде дайындалған. (1992 ж.)	4-5 жастағы балаларды дамыту бағдарламасы (1992 ж.)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – МДТОМЖС)(2018 ж.)	Қ.Р. Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары
Мақсаты	халықтық педагогикаға негіздеп, жаңарту бағытында балаларды еңбекке баулу, ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеу	Баланың өзін-өзі және оны қоршаған әлемді танып-білу негізінде рухани жан дүниесін байыту	Көркем әдебиет арқылы, сюжетті рөлдік ойындар арқылы тәрбиелеу	Баланың жекелей шығармашылық тұлғасын отбасымен тығыз әріптестік қатынаста тәрбиелеу	«4К» моделі бойынша креативтілікті, коммуникабельділікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамыту	Жалпы, адами, ұлттық, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру.
Мазмұны мен құрылымы	Этнопедагогика идеялары іске асырылып, материалды құрудың тақырыптық қағидаты сақталынған.		Баланың туғаннан 12 жасқа дейінгі балалармен және отбасына арналған.	білім беру аймағын қамтиды : «Тіл және әлеуметтік дағдылар», «Денсаулық және қауіпсіздік» «Таным»	5 білім беру саласын қамтиды: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік қорға»	Физикалық даму, коммуникативті дағдыларды дамыту; танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; әлеуметтік

				«Шығармашылық».		эмоционалды дағдыларды қалыптастыру
Басты ерекшеліктері	Адамгершілік тәрбиесіне көңіл бөлуге, дәстүрлі құндылықтарды қолдауға, имандылық-инабаттылық тәрбие беруге бағытталады. Ата-аналамен тығыз қатынаста болу үшін жұма күні «Ашық есік күні» ұйымдастырылады.	Белсенділік орталықтарын пайдалану арқылы баланың ойын барысында бірімен өзара іс-қимыл, әрекет жасалады.	Әрбір жас тобына және әрбір білім беру саласына арналған оқу іс-әрекетінің міндеттері, мазмұны, нәтижелері анықталған. Көркем әдебиет арқылы тіл байлығын дамыту	Бағдарламаны жүзеге асырудың ең маңызды шарты – ересектер мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту.	Баланың жас ерекшелігіне сай функционалды тұрғыдан сауатты, кез келген өмірлік жағдайларда меңгерген білім, білік, дағдыларын тиімді қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады.	физикалық дамыту; коммуникативті дағдыларды дамыту; танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы бұрыннан қолданыстағы оқу бағдарламаларына ересек жас тобындағы балалардың жасы 4-5 жас деп белгіленсе, ал қазіргі бағдарламада 5-6 жас деп белгіленген (ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы бұрыннан қолданыстағы оқу бағдарламалары әртүрлі жас аралығындағы балалармен жұмыста үздіксіздік пен сабақтастықты толыққанды қамтамасыз ете алмайтынын көрсетті. Әртүрлі педагогикалық тәсілдер немесе әдіснамалар баланың бірқалыпты үздіксіз дамуына кедергі болуы мүмкін, қолданылатын оқу бағдарламалары мен әдістері әртүрлі болып келетін бір топтан екінші топқа ауысуды қиындатуы мүмкін (OECD, 2006; 2012). Ерте жастағы балалар үшін жүйелілік – дамудың аса маңызды аспектісі болып табылады: тұрақты орта және біртұтастық баланың танымдық және әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды ерте меңгеруіне ықпал етеді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің тәжірибесінде ересек жас тобындағы балалардың коммуникативтік белсенділігі мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс-әрекет (сабақ) жағдайында орын алатыны белгілі. Дегенмен бұл міндет мақсатты түрде орындала бермейді. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқытудағы қазіргі қалыптасқан жағдайға талдау жасау барысында әдіскер мамандар бұл салада теориялық және әдіснамалық базаның әлсіздігін, ғылыми зерттеулер мен инновациялық ізденістердің аздығын, мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың

коммуникативтік дағдыларының қалыптасуының бастауыш сыныппен сабақтастығы төмен деңгейде екендігін анықтаған. Сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде бірқатар өзекті мәселелерді: балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге құмарлығын арттыру, баланың жеке дербестігін қалыптастыру, педагог-мамандардың кәсіби біліктілігін жетілдіру, оқыту және тәрбиелеу сапасын бағалау жүйесін жасау т.б. шешу талап етіледі. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінің құжаттарын саралай отырып, келесі кестеде жаңартылған мазмұн мен дәстүрлі мазмұнның салыстырмалы сипаттамасы берілді (кесте 10).

Кесте 10 – Мектепке дейінгі білім беру бойынша білім мазмұнының салыстырмалы сипаттамасы

Салыстырмалы көрсеткіштер	Дәстүрлі мазмұны	Жаңартылған мазмұны
Негізгі іс-әрекет түрлері	Ойын әрекеті және оның түрлері	Кең ауқымды дағдыларын дамытуға бағытталған белсенді әрекеттер
Білім беру үдерісін ұйымдастыру формасы	Ұйымдастырылған оқу қызметі	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті
Білім беру үдерісі	Педагог пен тәрбиеленушілердің бірлескен әрекеті	Ересектер (ата-ана, педагог, психолог) мен баланың бірлескен іс-әрекеті
Әдістері	Репродуктивті әдістер	Продуктивті (өнімді), интерактивті әдістер

Білім беру салалары	«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»	Физикалық қасиеттерді, коммуникативтік дағдыларды дамыт, танымдық және зияткерлік, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Инклюзивті білім беру	Қарастырылмаған	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (бұдан әрі – ерекше балалар) – тиісті деңгейде және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар балалар
Бағалау және мониторинг	Нақты бағалау ережелері мен талаптары болмады	Индикаторлар құрастырылған
Ата-ананың рөлі	Енжар, үдеріске көп қатыспайды	Баланың қызығушылығына қарай бағытталған педагог-тәрбиешімен бірлескен іс-әрекет
Педагог-тәрбиешінің рөлі	Либералды стиль	Демократиялық стиль

Жаңартылған мазмұндағы стандарттың және үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына қарай заманауи технологиялық тұрғыдан келесі педагогикалық үдерістер ұйымдастырылады:

- баланың жас және жеке-дара ерекшеліктерін ескеріп, оның құзыреттілік даму деңгейін қамтамасыз етуге, балаларға білім беру қызметін көрсететін әртүрлі типті мектепке дейінгі ұйымдар іс-әрекетінің сапалы диагностикасын

және мониторингін жүргізу арқылы тиімді бағалау үшін жағдай туғызуға;


- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қажетті деңгейіне және мектепке дейінгі балаларға білім беру саласындағы дүниежүзілік тәжірибеге сәйкес келуіне қол жеткізу сияқты индикатордың қызметін айшықтап көрсетуге бағытталған;

- баланың әрбір іс-әрекет бойынша дамуын анықтайтын үш деңгейі (бірінші деңгей – бала қандай да бір әрекетті қайта жаңғыртады, екінші деңгей – бала не істегенін түсінеді, үшінші деңгей – бала нені білсе, соны қолданады) бойынша қадағалауға арналған индикаторлар жүйесі құрылған; бағдарламада әртүрлі жастағы балалардың мүмкіндіктері мен тұлғалық сапалары ескерілген (сурет 4).



Сурет 4 – Мектепке дейінгі оқыту бағдарламасының түйінді идеялары

Жаңартылған мазмұн бойынша құрылған стандартта пәндік-дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар келесі 5-суретте нақты көрсетілген [139, б. 193].



Сурет 5 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға арналған ортаны

ұйымдастырудың талаптары

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың барлық жас топтары үшін кіріктірілген оқу бағдарламасы (бастауыш мектепке ауысқанға дейін) баланың толығырақ және үздіксіз дамуын қамтамасыз ете алады (OECD, 2012). Кіріктірілген оқу бағдарламасы балалардың дамуы олардың физикалық және ақыл-ой қабілеттері, тәрбиелену жағдайлары арасындағы динамикалық және тығыз өзара әрекет ретінде қарастырылатынын көрсетеді (Taguma, Litjens and Makowiecki, 2013). Оқу бағдарламасын жүзеге асырудағы икемділік педагогтердің қажетті деңгейдегі дайындығын қамтамасыз етуді, балалар мен мектепке дейінгі ұйымның қажеттіліктеріне бейімделуді талап етеді [140]. (OECD, 2012).

Осындай күрделі мәселелерді шешу бағытында «НЗМ» кең ауқымды дағдылар бойынша балалардың ерте жастан дамуына қолдау көрсетуге негізделген ХХІ ғасырдың педагогикалық тәсілдемелерін жүзеге асырудың үлгісін жасады. Бағдарламада «мектепке дейінгі ересек жастағы бала өзіндік әлеуетін бақылап, бағалауды, өзінің күш-жігеріне сеніп, іс-әрекетте қарым-қатынасқа түсіп, табысқа жетуді үйренуі тиіс» деп көрсетіледі. Бұл оның балабақшадан мектепке барған кезде оқуын анағұрлым жеңілдетіп, мектепте оқу барысында басқа құрбыларымен қарым-қатынасқа түсуге деген мотивациясын арттыруға ықпал етеді [141]. (ББҒДМБ, 2016).

Оқу нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптарға ересек жастағы балаларда:

- коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларын қалыптастыру;


- креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру көзделеді (сурет 6).



Сурет 6 – Жаңартылған білім мазмұнының басты ерекшелігі

«НЗМ» ДББҰ ұсынған білім беру бағдарламасында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларына ерекше мән беріліп, педагогтердің «балалардың ұйымдастырылған оқу қызметінің білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарының бірлігін қамтамасыз ету және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» бойынша білімдерін жетілдіру қажеттігі айқын көрсетілген.

Мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған білім мазмұнындағы бағдарламаның түйінді идеясы келесі 7-суретте көрсетілген:



Сурет 7 – Мектепке дейінгі жаңартылған білім беру бағдарламасының түйінді идеялары

Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулерде мектепке дейінгі балалардың зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы бір-бірімен үздіксіз байланысты екендігін дәлелдеген.

Соңғы жылдары мектепке дейінгі білім беруде «Бала үніне» барған сайын маңызды көңіл бөлінуде. «Бала үнін» есту ересектердің өзін тұлға ретінде сыйлайтынын сезінуі және түсінуі қажет. Бұл үшін төмендегілер аса маңызды:

- ересектер баланың сұрағына жауап берерде сәл кідіріс жасап, ойланып жауап бергені жөн;
- баланың қойған сұрағына орай қарсы сұрақтарды дер кезінде дұрыс қоя білу керек;
- баланың көңіл күйін, салған суретін, ертеңгілікте өнер көрсетуін,

тамағын, ұйқысын және т.б. баламен бірге талдау;

- балаға дұрыс қолдау көрсете білу керек (мысалы, «жарайсың, мұның қызық болды» т.б. жылы сөздер айту);

- белгілі бір шешімді таңдау немесе қабылдау үшін баламалы шешімдер ұсына білу және т.б.

Мектепке дейінгі білім беру бойынша әлемдегі жетекші мамандардың бірі Тони Бертрамның пікірінше, «Бала үнін» ескеру балалардың келешекте демократиялық әлемнің толыққанды азаматтары болып қалыптасуы үшін ғана емес, балалар қазірдің өзінде қоғам азаматтары ретінде өз ойын еркін айту құқығын бала кезден пайдалана білуге дағдылануы үшін қажет.

Бағдарламаның мазмұнында қазіргі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда баланың бойындағы коммуникативтік дағдыны толыққанды жетілдіру үшін бес білім беру саласының мазмұны кіріктіріліп, мектепке дейінгі балаларда «4К», яғни 1) креативтілік дағдысын; 2) коллаборация, яғни командада жұмыс жасау дағдысын; 3) коммуникативтік дағдысын; 4) критериалды ойлау дағдысын дамытуға бағытталғанын байқаймыз. Сонымен қатар әрбір баланың үнін тыңдау үшін, ойын жігерлендіріп, ынтасын қалыптастыру үшін осы «4К», яғни іс-әрекеттің барлығын кіріктіріп, дұрыс ұйымдастырған кезде ғана тиімді болып табылады.

«4К» негізі – шығармашылық, сыни ойлау, ынтымақтастық және коммуникация кез келген салада табысқа жетуге көмектесетін төрт дағды 1950 жылдары АҚШ-та пайда болды. Оны қарулы күштерге кадрлар даярлаумен айналысатын мамандар ойлап тапқан.

Давоста өткен әлемдік экономикалық форумда форумның президенті, экономист Клаус Шваб төртінші өнеркәсіптік революция жайлы айта отырып, бәсекеге қабілетті бола алатын мамандардың бойында мынадай құзыреттіліктер, яғни ХХІ ғасыр дағдылары болуы шарт деп төмендегідей дағдыларды ұсынады [142, б. 1]:

- міндеттерді кешенді шешу;
- сыни ойлау;
- шығармашылықпен ойлау;
- адамдарды басқара білу;
- командамен жұмыс жасау;
- басқалардың және өзінің эмоциясын басқара білу;
- өз пікірін айта білу, шешім қабылдай білу;
- әңгіме серіктесіне қарай бағдар ұстау;
- келіссөз жүргізе білу;
- бір міндеттен екіншісіне жылдам ауыса алу.

Осы құзыреттіліктер «Давостық ондық» деп аталды. Бұл Давостық ондыққа енген жаңа дәуір дағдыларынан ресейлік мамандар «4К негізін» құрып, негізгі сұранысқа ие дағдыларды іріктеп алды.

«4К» негізіне кіретін дағдылар тобы «болашақтың дағдылары» деп айтылады. Аталған дағдылардың мазмұнына сипаттама жасайтын болсақ, жоғарыдағы «4К негізінде» 2021 жылғы 15 наурызда бекітілген «Мектепке

дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің» 3-тармақшасында айқын көрсетілген. Онда «баланың қажеттіліктері – ойынға, қимыл-қозғалысқа, таңдауға, өз өмірін бақылауға, пайдалы іс-әрекетке, жақын жылы қарым-қатынас жасауға, араласуға, жаңа нәрсе жасауға, зерттеуге, эксперименттерге, танымдық белсенділікке қажеттілік» делінген.

Модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау. «4К негізінің» құрамына сыни ойлау, креативтілік, коммуникативтілік, командада жұмыс жасау құзыреттіліктері енеді. Зерттеу жұмысымызда осы «4К негізіне» кіретін дағдыларды мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда басшылыққа алдық (сурет 8).



Сурет 8 – «4К» негізінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуға қажетті дағдылар

Коммуникация қазіргі жағдайда келіссөздер жүргізу және байланыс орнату, сұхбаттасушыны тыңдау және өз көзқарасын жеткізу мүмкіндігі өмірлік маңызды дағдыға айналды және *қатынасқа түсуге дайындығы*, қарым-қатынастың мақсаты мен мәнмәтініне және серіктеске бейімделу, қарым-қатынасқа сендіру.

- *қатынасқа түсуге дайындығы*, яғни жұрт алдында сөз сөйлеуге шыққанда қорқыныш үрейдің болмауы, қатынас барысында кез келген кездейсоқ қойылған сұрақтарға жауап беру және кері сұрақ қоюға да дайын болуы;

- *серіктестері мен кез келген контекстермен байланысқа түсуде мақсатқа бейімділік*, түрлі ситуациялық мәселе бойынша пікірлесу барысында әрқилы ауызша, вербалды емес байланысқа түсу тетіктерін таңдай білуі, серіктесінің түрлі эмоциялық жағдайына ыңғайлана байланыс жасай білуі;

- *сендіру байланысы*, ол дегеніміз коммуникация барысында ауызша түрінде сөздік қоры мен тілдік ережелердің сақталуы үлкен мазмұнға ие және вербалды емес құралдар, яғни қимылдар, мимикасы, интонациясының дұрыс таңдалуы мақсатқа жетуге ұтымды қызмет жасайды.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік оқу жоспарында коммуникативтік дағдылар «Сөйлеуді дамыту» бөлімінде сөйлеудің дыбыстық мәдениетін, грамматикалық сөйлеу мәдениетін тәрбиелеудің әмбебап құралдары түрінде ұсынылады. «4К» негізі арқылы сөйлеуді дамытудың мазмұны мен формасы ғана анықталмайды, сонымен қатар баланың сөйлеуінің мынадай даму деңгейі ескеріледі:

- 1) сөйлеуді қарым-қатынас тәсілі ретінде пайдалану;
- 2) белсенді сөздік қорын толықтыру;
- 3) байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру;
- 4) грамматикалық құрылымы дұрыс диалогтық және монологтық сөйлеуді құру;
- 5) сөйлеу шығармашылығын жетілдіру.

«4К негізінің» мазмұны балаларға жаңа идеяларды қалыптастыруға, жағымды қарым-қатынас жасауға және сұрақтар қоюға, жауаптарды талдауға және қорытынды жасауға үйретуге бағытталған. Кез келген жаңа түсініктің мазмұнын түсініп, меңгеріп қана қоймай, өз бетінше білім алу және жасау қабілетін дамытып, ең маңыздысы, өзін-өзі басқару және командада жұмыс істеу қабілетін дамытуға толыққанды жағдай жасау қажет. Бұл жағдайда «4К негізінің» мазмұны мыналарды қамтиды:

1. Критикалық ойлау (сыни тұрғыдан ойлау) дағдыларын қолдану: проблеманы шешу, дәлелдеу, талдау, түсіндіру, ақпаратты жалпылау;

2. Креативтілік – көркемдік, білуге құштарлық, қиял, жаңашылдық, өзін өзі көрсету.

3. Коммуникация – сапалы ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын, сөйлеу қабілетін игеру, көпшілік алдында сөйлеу және мұқият тыңдау;

4. Командада жұмыс істеу – көшбасшылық, топтық жұмысты ұйымдастыру, ынтымақтастық таныту.

«4К» негізінің оқыту құрылымдары балабақшада тұлғаның қажетті дағдыларын мен қасиеттерін қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді, бұл болашақ өмірде жаңа жағдайға тез бейімделуге және өзін сенімді сезінуге көмектеседі. Қазіргі уақытта сыни тұрғыдан ойлау әдісі негізінен ұйымдастырылған іс-әрекет барысында (ассоциация әдісі, «жуан және жіңішке сұрақтар әдісі», «шын-жалған» әдістері т.б.) қолданылады. Тәрбиеші-педагог балаларға тақырыпты талқылауға және ойлануға уақыт бөледі, балалар тақырып бойынша мүмкіндігінше өз ойларын, жауаптарын айтады. Әрі қарай берілген жауаптар арасында байланыс орнатады және тақырып бойынша сұрақтар қою үшін немесе басқа командалардың жұмысын талдау үшін орындарын

ауыстырады. Бұл топтағы балалардың материалды сәтті игеруіне ықпал етеді. Топ бойынша жұмыс балаларға креативті ойлауға көмектеседі, қарым-қатынас жасау арқылы қойылған міндеттерді бірлесіп шешеді, бір-бірінің қателіктерін табады және түсіндіреді. Топтағы әрбір қатысушыны тыңдауды үйренеді. Оның таңдауы мен пікіріне құрметпен қарайтын болады. «4К» негізінің жүйесін қолдану тәрбиеленушілерді жаңа қырынан ашуға көмектеседі, себебі жаңа әдістер әр баланың жеке басын дамытады, оны ойлануға, өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік береді, эмоционалды деңгейін арттырады, демек, дененің денсаулығына пайдалы әсер етеді.

Командада жұмыс істей білу – бұл бір-бірімен келісе білу, өзара ой алмасуға қолдау көрсету, басқа адамдарды түсінуге тырысу, өзінің және басқаның әрекеттерін бағалай білу.

Командада жұмыс істей білу дағдыларына үйрету балаларға кез келген әлеуметтік ортада (балабақшада, құрдастар арасында) бейімделуге көмектеседі. Экскурсиялар, сурет салу, мүсін жасау, құрастыру жөніндегі жұмыстарды бірігіп орындау, қимылды дамыту және музыка сабақтарында жалпы ойындар мен би билеуді біріктіру, көркем әдебиетті оқудан алған әсері бойынша бірлесіп қайғыру – осының бәрі балалар ұжымын құруға көмектеседі және біртіндеп ұжымда бірігіп жұмыс істеуге қалыптасады.

Ұйымдастырылған іс әрекетте балалардың мектепке, білімге ынтасы тәрбиеленеді, дұрыс мінез-құлық дағдысы, жауапкершілік сезімі, орындаушылық қабілеті, төзімділігі, еңбектену әдеті қалыптасады. Балалар бақшасында сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, құрастыру, жаратылыстану, сурет салу, мүсіндеу, аппликация, музыка, дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде өткізіледі. Оқыту балалардың белсенді іс-әрекетімен, нәтижеге жетуге ұмтылуымен, ұзақ уақыт ерік назар аударуымен байланысты. Бұл оның дене және ақыл-ой күштерін едәуір жұмылдыруын талап етеді. Осыларды ескере отырып, оқу көлеміне, оқу сағатының ұзақтығына, күн тәртібіндегі орнын дұрыс белгілеуге, бағдарламаның әртүрлі бөлімдерінің жиілігіне, уақытылы жүргізілуіне үлкен сақтықпен қарау керек.

Мектеп дейінгі ересек жастағы балалардың командалық жұмыс барысында өз ой-пікірлерін айтуға үйретудің келесі тәсілдерін қолдануға болады:

- мұқият ойланып, содан кейін ғана жауап беруді қажет ететін сұрақтар арқылы;
- таптаурын болған сөздермен емес, мұқият ойластырылған жауап алу үшін әртүрлі түрлендіруге болатындай құрастырған сұрақтарға жауап беру арқылы;
- өз ой-түсініктерін сызбалар, сурет нобайлары түрінде бейнелеп, айналасындағы кеңістік туралы, белгілі бір проблема туралы өз идеяларын сипаттауға тырысатын суреттер арқылы;
- баланың жан-дүниесі туралы және қоршаған әлем туралы түсінігін бейнелейтін әңгімелер арқылы;

- баланың нені білетінін, қалай түсінетінін, көңіл күйі мен жетістіктерін бейнелеуге мүмкіндік беретін ойындар арқылы.

Бұл жерде тәрбиешінің міндеті – балаға мұқият көңіл бөліп, баланың ой-пікірін тыңдау, өз ойын айтуға үйрету арқылы баланың түсінігін немесе қалауын білу.

Сингапурлық Клэйм Сэпот-Куэссен оқыту құрылымын қабылдау, сыни талдау дағдыларын, егжей-тегжейлі бақылау дағдыларын дамытуға, дәлелдемелерді келтіруге баса назар аудара отырып оқытуға мүмкіндік береді. Сингапурлық әдістеме бойынша қазіргі білім беру қызметі:

1. Әр балада өзіндік жеке көзқарас қалыптастыруға мән береді.
2. Әртүрлі іс-әрекет түрлерін дамытады.
3. Балалардың танымдық белсенділігін арттырады.
4. Балалардың шығармашылық ойлауын дамытады.
5. Ойшыл интеллектуалды баланы тәрбиелейді.

6. Өзара ынтымақтастыққа, түсіністікке, қуаныш пен ынта атмосферасын қалыптастыруға ерекше көңіл аударады [143].

Жақын арадағы даму аймағы (ЖАДА) – баланың өздігінен игере алмайтын, бірақ ересектердің көмегімен игере алатын тапсырмалар кеңістігі туралы теориялық құрылым.

Ең алғаш бұл ұғымды Л. Выготский енгізген. «Ең бастысы, бала қазірдің өзінде біледі, бірақ ол үйренуге болады» деген жеке тұлға туа біткен емес, әлеуметтік тұжырымдама, ол адамның мәдени дамуы нәтижесінде қалыптасады деп сендірді. Ол дамудың екі жолын анықтады:

- өзін-өзі дамыту: ол физиология мен психиканың жетілуіне қарай табиғи түрде жүреді.

-мәдениетті игеру: тіл, сан жүйесі, мінез-құлық және моральдық нормалары [144].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы No 348 бұйрығына 1-қосымша) мектепке дейінгі білім беру ұйымы баланы толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі мен білім берудің белгілі бір бағыттарын қамту, тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады:

- Физикалық қасиеттерді дамыту;
- Коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; (кесте 11)
- Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру [138, б. 1].

Кесте 11 – Дәстүрлі оқу бағдарламасы мен жаңа мазмұнды оқыту

бағдарламасының «Сөйлеуді дамыту» бөліміне талдау[138, б. 2-3].

Дәстүрлі оқыту бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны	Жаңа мазмұн үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны
«Қатынас» саласы	Коммуникативтік дағдыларды дамыту
Мақсаты: тілдік құзіреттілікті меңгерген, ана тілі мен мемлекеттік тілді меңгеруге мүмкіндігі бар және үлкендермен және құрдастарымен еркін қатынас жасайтын мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастыру	Мақсаты: балалардың түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру болып табылады.
«Сөйлеуді дамыту»	«Сөйлеуді дамыту»
Мақсаты: балалардың ана тілінің ережелері мен нормаларын меңгеруі негізінде тілдік құзіреттіліктерін қалыптастыру.	Мақсаты: балалардың ана тілінің ережелері мен нормаларын меңгеруі негізінде тілдік құзіреттіліктерін қалыптастыру.
Міндеттері: - сөздер мен барлық дыбыстарды дұрыс айтуға даярлау және артикуляциялық аппараттарын дамыту; - сөйлеу барысында сөздік қорын дамыту және оны белсенді қолдану дағдысын жетілдіру; - тілдің грамматикасын дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру; - өз ойын дұрыс тұжырымдап айту, қысқа әңгімелер құрастыру, хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолданып, айтылу мәнеріне қарай ажырату дауыс ырғағы бойынша ажырату іскерліктерін дамыту; - тілдік шығармашылыққа тұрақты қызығушылығын тәрбиелеу; - қарым-қатынас жасау мәдениетінің қарапайым дағдыларын дамыту.	Міндеттері: -сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау; - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; - балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен бірге көрнекі материалдарды таңдау; - балалар әндерін, билерін қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.
Тіл дамытуда тіл қызметінің түрлері	Тіл дамытуда тіл қызметінің түрлері
Тілдің дыбыстық мәдениетін жетілдіру Сөздік қорларын дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөздік қор
Тілдің грамматикалық құрылысын меңгерту Байланыстырып сөйлеуге үйрету	Тілдің грамматикалық құрылымы Байланыстырып сөйлеу Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті

1	2
Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы: 20-25 минут	Кіріктірілген ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.
Тіл дамыту бойынша жылдық сағат саны: 36 сағ.	Аптадағы нормативтік жүктеме 2 сағ, барлығы: 20 сағ
Ерекшелігі: «Қатынас білім беру» саласы деп аталады, тіл дамыту бөлімінің мақсаты тілдік күзіреттілікті дамыту және сабақ ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті деп аталады	Ерекшелігі: «Коммуникативтік дағды» деп аталады. Балаға қарапайым тұжырымдар айту, өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу көзделеді. Барлық оқу әрекеті ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиешінің жұмысында балалармен жан-жақты іс-әрекет жағдайында коммуникативті қабілеттерді дамытудың басым тенденциясы болып табылады. Мектеп жасына дейінгі ересек баланың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мектеп жасына дейінгі балалардың барлық іс-әрекеттерін қоса алғанда, балалардың мектепке дейінгі мекемеде болған барлық уақыты ішінде жүзеге асырылады.

Ересек мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативті дағдыларды дамыту үдерісінің жемісті болуы – тәрбиешімен қарым-қатынас жағдайына және өзара әрекеттесу жағдайына сәйкес жүзеге асырылады.

Бала қатысатын әрбір әрекет оның қабілеттерін дамыта бермейді. Іс-әрекеттің коммуникативті дағдыларды дамытуға оң әсер етуі үшін ол белгілі бір талаптарға жауап беруге міндетті, бұл мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандыру әдісіне тікелей байланысты. Олай болса, баланың коммуникативті дағдыларын дамыту балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың шарттарына, әдістері мен формаларына байланысты [3, б. 2].

«4К» моделіне негізделген оқыту кезінде тәрбиеші кеңесші-фасилитатор позициясында әрекет етеді. Бұл жерде «facilitate» сөзі ағылшын тілінен аударғанда көмектесу, жеңілдету деген мағынаны білдіреді. Тәрбиеші «фасилитатор» ретінде балалардың жеке тәжірибесіне жүгінеді, оларды өз бетінше сұрақтардың шешімін табуға шақырады. Бұл жағдайда тәрбиеші «білім тасымалдаушысы» рөлінен біраз уақытқа шығып, оны балалардың өзіне орындауға тапсырады. Оның міндеті – жаңа тәжірибе қалыптастыру үдерісін қолдау, балаларды табысты жұмыс істеу құралдарымен қаруландыру. 12-кестеде осы позициялардың салыстырмалы талдауы келтірілген.

Кесте 12 – «4К» моделі бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудағы айырмашылықтар

Мақсаты: білім мен дағдыларды беру	Мақсаты: бірлесіп іздеу және түсіну ақпарат, қызметке қосу
Рөлдер: тәрбиеші барлық сұрақтарға жауап білетін сарапшының рөлін алады	Рөлдер: тәрбиеші және балалар өзара тең (жасына қарамастан рөлдері бірдей, бірақ өмірлік тәжірибесі бірдей емес)

1	2
Мазмұны: тәжірибеге негізделген және педагог ұсынған теорияларды зерттейді.	Мазмұны: тәжірибеге негізделген және берілген теорияларды тәрбиеші мен балалар бірге зерттейді .
Шешім қабылдау: шешімді мұғалім қабылдайды	Шешім қабылдау: бірлескен іс-әрекет үдерісінде шешімді бірге қабылдайды. Бұл балалар тобы мен тәрбиешінің табысты ынтымақтастығының нәтижесі болып табылады.
<p>Үдеріс:</p> <ul style="list-style-type: none"> - авторитарлық тәсіл қолданылады; - түсіндіреді және бағалайды; - тәрбиеші өзін білімді деп санайды; - сабақ тақырыбы бойынша кәсіби тілде көбірек айтуға тырысады; - тапсырма беруде мүмкіндігінше көп білім беруге бағытталады; 	<p>Үдеріс:</p> <ul style="list-style-type: none"> - демократиялық тәсіл қолданылады; - тыңдайды, қолдайды, идеяларға ашық және өзгенің пікірін бағалайды; - балалардың «тілінде» сөйлейді; - «біз оқытпаймыз, біз дамытамыз» (білім беру үшін ғана емес, сонымен қатар мінез-құлықты өзгерту үшін жұмыс істеледі); - сабақ соңында балалар қабілетті болады; бір нәрсені үйрену ғана емес, басқаша жаңаша идеяны ұсына алады.

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында «4К негізінде» мектеп жасына дейінгі ересек балалардың басты құзыреттіліктерін қалыптастыру әртүрлі ұстаным бойынша жүзеге асырылады. Солардың ішінде коммуникативтік дағдыларды дамыту және әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалардың коммуникативті дағдыларын дамытуда кіріктіру ұстанымы басшылыққа алынған. Кіріктіру балалардың бойындағы жеке дара ерекшеліктері мен қасиеттерін ашуға, олардың «жақын арадағы даму аймағын» ескере отырып, бір және бірнеше білім саласы шеңберінде мазмұнды үйлестіруге және материалды түрлендіруге толық мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, «4К» моделіне негізделген мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік іс-әрекеті үш түрлі деңгейде орындалады:

1) «Мен – Мен» деңгейі: өзіммен байланыс баланың өзін-өзі бағалауы, балалар ұжымындағы өз орнын білуі, балалар тобында өзін қалай қабылдауы және сезінуі;

2) «Мен – Ол» деңгейі: серіктеспен қарым-қатынас баланың бір-бірімен қаншалықты сәтті қарым-қатынас жасауы, тыңдай және ести алуы, эмоцияларды білдіре алуы, эмпатикалық көріністерге қабілетті болуы;

3) «Мен – Олар» деңгейі: топпен өзара әрекеттесуі, баланың топтағы іс-әрекетті қаншалықты сәтті жүзеге асыра алуы, оның мүшелері арасындағы ынтымақтастық құра алуы, топты нәтижесін болжауды және бағалауды білуі.

2 ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДЫ МОДЕЛЬДЕУ

2.1 Ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын қалыптастырудағы ойынның рөлі мен маңызы

Зерттеу тақырыбына арқау болып отырған ойын арқылы ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың мүмкіндіктері мол. Өйткені, біріншіден, ойын мектепке дейінгі бала үшін ең маңызды әрекет болып саналады. Бала ойнай отырып, білім алуға қабілетті. Екіншіден, бүгінгі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға қойылып отырған қоғамның талабы баланы әлеуметтендіру, олардың ортада өзін-өзі танытуына, өзгелермен қарым-қатынас жасай алуына қажетті дағдыларды меңгерту болғандықтан, ойынның ұйымдастырылған іс-әрекетінде кеңінен қолданылуы осы талаптардың орындалуының да қажетті шарты болып саналады.

Демек жаңа мазмұнды оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілгендей, мектепке дейінгі балалардың барлық оқу әрекеті ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Ойын жетекші іс-әрекет ретінде балалардың өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ коммуникативті дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Ойын барысында мектеп жасына дейінгі балалар жан-жақты дамиды, айналасындағы ересектермен және құрдастарымен өзара әрекеттеседі, сөйлеу тілі дамиды, сөздік қоры молаяды, сөйлеудің грамматикалық құрылымы дамиды.

«Ұлы Дидактиканың» авторы Я.А.Коменский ойынды «баланың рухани әлемі мен денесінің даму қозғалысы» ретінде бағалап, ойын баланың жасына, халықтың әдет-ғұрпына сәйкес болу керектігін айтты[172,16]. Соңғы жылдардағы зерттеушілердің ғылыми тұжырымдарында, ең алдымен, ойынның қарым-қатынас, оқыту және өмірлік тәжірибе жинақтау құралы ретінде күрделі әлеуметтік-мәдени феномен екендігіне басымдылық беріле бастады.

Шын мәнінде, ойын – мектепке дейінгі жастағы балаларға етене жақын әрекет түрі. Психологиялық құрылымына қарай ойын баланың дене және психикалық мүмкіндіктеріне сәйкес келеді. Бала ойнай отырып, басқа адамдармен бірлесіп өмір сүруге үйренеді, ол бірте-бірте қоғамдық мінез-құлық тәсілдерін, сонымен бірге еңбек әрекетіне қажетті дағдыларды меңгереді. Осылайша ол болашақ өнімді іс-әрекетке объективті түрде дайындалады.

Оқыту үдерісінде арнайы қолданылатын дидактикалық ойын түрлерінде баланың дамуына қажетті практикалық алғышарттар мол. Ойынның әлеуметтік-мәдени сипаты мен табиғаты ерекше болғандықтан, ол мектепке дейінгі ұйымда балалармен ұйымдастырылған іс-әрекеттің теңдесіз бір бөлігі болып табылады. Ойын барысында баланың әлеуметтік топтағы рөлі арқылы мінез-құлық ережелері меңгеріледі, өзіндік «қоғамның шағын үлгісі» қалыптасып, ол кейіннен «үлкен өмірге көшіріледі». Ойында баланың ұжымда бірлесе әрекет ету дағдысы қалыптасады, балалардың бойында ойын барысында қойылған мақсаттарға жетуге қажетті даралық қабілеттер ұштала

түседі; ойынға қатысушыларда сан түрлі құралдар арқылы қалыптасқан мәдени дәстүрлер тәжірибесі саналы түрде жинақталады. Сондықтан да мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілері үшін ойын – баланың өз белсенділігін көрсетуінің негізгі формасы болып саналады.

Ойын – бұл ересектердің қарым-қатынасымен, мінез-құлқымен танысу құралы, олар мінез-құлықтың үлгісі болып табылады. Ойында балалар қарым-қатынастың ең маңызды дағдыларын, жеке қасиеттерді, байланыс орнату үшін қажетті дағдыларды меңгереді. Бала әңгімелесушіні түсінуге және тыңдауға үйренеді, басқаларға өз ойларын ауызша білдіруге және жағдайға сәйкес күнделікті сұрақтарға нақты жауап беруге дағдыланады.

Ойын тәрбиешілердің балалармен қарым-қатынас жасаудағы бірден-бір көмекшісі болуы керек. Психологиялық- педагогикалық әдебиеттерде ойынның көптеген анықтамалары бар, бірақ оның барлығы бір-біріне ұқсас. Ойын – бұл әрекет. Ойын әрекеті өз кезегінде адам қызметінің бір түрін білдіреді.

О.А. Карабановтың пікірінше ойын – бұл барлық қатысушыларға еркін сөйлеу құқығын беретін әрекет болып табылады [145].

Л.Б. Выготский ойынды белгілі ережелерге бағынатын ақылға қонымды, орынды, әлеуметтік жүйе деп санайды [144, б. 25].

«Ойын» сөзінің қазақ тіліндегі мағынасының түп-төркіні қуанышқа, әзілге сәйкес келеді. Бұл қазақ халқының мақал-мәтелдерінде анық байқалады. Мысалы, «Асық ойнаған – азар, доп ойнаған – тозар, кітап оқыған – озар» деген нақыл сөзде ойын балалардың іс-әрекетін көрсетсе, «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» мақалында «ойын» сөзі «қалжыңдау» дегенге сәйкес келеді.

Ойын жөнінде айтылған философиялық көзқарастар әлем мәдениетімен тығыз байланысты.

Г.Спенсер ойын балалардың ағзасындағы басы артық энергияның әсерінен, күшінің тасуынан пайда болады деп түсіндіреді [146]. И.Хейзинг балалар ойындарының маңызын жоғары бағалайды, оның пікірінше ойындар арқылы баланың есте сақтау, зейін, қиял, ойлау мен сөйлеу сияқты танымдық үдерістері, сонымен қатар мейірімділік пен адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, байқампаздық пен креативтілік сияқты тұлғалық қасиеттері қалыптасады. Автор ойынды бүкіл мәдениетке, өнерге теңеп, оған поэзияны, би өнерін, салт-дәстүрдің барлығын енгізеді [147].

Неміс философы И.Кант ойынды қоғамға тән құбылыс ретінде танып, Г.Спенсердың көзқарасын ұстанады [148].

Ғалымдардың еңбектерін саралай келе, ойын әрекетінің жүзеге асуына мынадай жағдайлар әсер етеді:

1. Ойын әрекетін жүзеге асыру үшін балада артық энергия, күш болуы қажет, «бұл жерде энергиялық күшті біз баланың ойнауға деген құлшынысы, талпынысы тұрғысында түсінеміз». Балалар осы энергиялық күш негізінде ойнап, қанағаттанады.

2. Ойын – адамдар генінде қалған истинкті жеткізуші. Балалар ойнау арқылы өмір тәжірибесімен танысады, ересектердің қимылын қайталайды, сол арқылы өмірге қажет қимылды, іс-әрекетті, ойлау дағдыларын меңгереді.

3. Ойын балалардың қиялынан туындайды, ойын – бала

шығармашылығы. Баланың қиялы ойын арқылы шарықтайды, олар ойнау үдерісінде «басқа әлемге» енеді[149].

4. Ойын қоршаған ортаға, қоғамға қарай түрленеді. Бұл қазіргі заман мен ертеректегі ойындардың әртүрлі болғандығынан көрінеді. Қазақ халқының ертеректегі ойындары оның салт-дәстүріне байланысты шыққан. Мысалы, жамбы ату, көкпар, асық ойыны т.б.

5. Ойын – белгілі бір білімді, іс-әрекетті үйрету құралы.

К.Гросстың пікірінше, бала өзінің күшін, ақыл-ойын дамытып дағдылану үшін ойнайды [149, б. 189].

Ұлы ойшыл Абай ойын туралы: «... Ойын – баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілеттерін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді» деген тұжырым жасайды» [4, б. 5].

Ы.Алтынсарин: «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы, біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек қана осы мектептерде» деп, мектептегі оқыту үрдісін ғылыми негізде ұйымдастырылуына баса көңіл аударды [5, б. 28]. Ол өз еңбектерінде ойындар туралы арнайы ғылыми мағлұмат бермесе де, ғалым оқушыларды білім алуға қызықтыруда түрлі жаңылтпаштарды, жұмбақтарды кеңінен қолданған. Олар интеллектуалдық сипаттағы ойын түрінде жүргізілген.

Ғұлама ғалым А. Байтұрсынов: «Баланы ойынға үйрету, ойынға қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйрету керек» дейді [8, б.121]. Ғалымның бұл қағидасын мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырылған іс-әрекетінде пайдалану ойынды баланы тілдік қарым-қатынасқа, өмірге үйрету әдісінің ерекше түрі ретінде ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жаңа заман талабымен сәйкестендіре отырып негіздеуді, оның тиімді жолдарын айқындауды талап етіп отыр.

А.Байтұрсыновтың еңбектерінде, оқулықтарында, тілдік материалдарды оқушыларға меңгертуде дидактикалық ойындарды кеңінен қолданған. Ғалым өзі бұл қадамының себебін: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын тәжірибелік білімнің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беру арқылы бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыру» деп тұжырымдайды [8, б. 93].

Автордың ғылыми ұстанымы бойынша, оқулық жазғанда теория мен практикамен байланысы ұстанымын үнемі басшылыққа ала отырып, оқушының

меңгерген білімін тәжірибеде орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін тілдік материалдарды үш кезеңде ұғындыру жұмыстарын жүргізу қажеттігіне назар аударған:

- бірінші кезеңде тіл білімінің сыртқы болмысын таныту жұмыстары жүргізіледі. Мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді орынды пайдалана отырып, тіл заңдылықтары мен ережелерінің болмысын меңгертеді;

- екінші кезеңде оқушылардың тәжірибеде өз білімін қолдана алу дағдылары мен біліктерін, білімдерін бекіту үшін «Сынау» және «Дағдыландыру» жұмыстары жүргізіледі. Сөздердің мағыналары қандай, олар сөйлемде қалай орналасады, бір-бірімен қалай тіркеседі, сөйтіп тіл білімінің заңдылықтары тәжірибе жүзінде танытылады;

- үшінші кезеңде оқушыларды шығармашылық ойлауға дағдыландыру үшін дидактикалық ойындар қолданылады [8, б. 91]. Бұл ойындарды қолданудағы басты мақсаты оқушының жаңа білім жөнінде түсінігін қалыптастыруға, білімін жетілдіруге, баланың тіл ережелерін өздігінен ізденіп қолдануға үйрету болады. Дидактикалық ойындарда оқушылардың жас шығармашылық қабілетін дамытатын тапсырмалар беріледі.

Сонымен қатар ғалымның тілдік материалды меңгеру кезеңін, яғни I-кезеңді эмпирикалық, II-кезеңді теориялық, III-кезеңді шығармашылық ойлау деп қарастыруы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытудың ұтымды жолы деп санаймыз. Әрине, балабақшада бұл сатылы жұмыстар балалардың ұғымы мен түсінігіне қарай жеңілдетіліп беріледі. Онда теориялық мағлұмат ұсынылмайды, бірақ ғалым көрсеткен үлгі бойынша тілдік және қатысымдық дағдылар сатылап, жеңілден ауырға қарай жүйелі түрде жүргізіледі. Бұл пікірден ғалымның коммуникативтік тілдік құзыреттілігін үйретуде дидактикалық ойындарды балаларға жаңа материалды толық меңгерту үшін ғана емес, сонымен қатар сабаққа қызығушылығын арттыру мақсатында қолданғаны байқалады. Мысалы автордың оқулықтары мен еңбектерінде арнайы «дидактикалық ойындар» деген термин қолданылып, аты аталмаса да, сабаққа оқушылардың ынтасын туғызатын ойындардың түрлерін кеңінен қолданған [33, б. 63].

Ойындарды балалардың сауатын арттыруда, олардың орфоэпиялық дағдыларын қалыптастыруда толық пайдаланған. Бұл мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың сөйлеуін дамытуға қатысты жүргізуге толық сай келеді. Осы ойынның шартын өзгерту арқылы тапсырма мақсатын да өзгертуге болады. Бұл өтілген тақырыпқа, қандай іскерлік біліктерді қалыптастыру деңгейіне байланысты. «Қата оқыған жақ қайта оқиды» деген дидактикалық ойынның тақырыбын, ойынның мақсатын «Сөз мағынасын дұрыс тап», «Ұқсас сөздерді кім көп табады?» деп ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты мен ойынның түріне қарай әртүрлі етіп өзгертуге болады [7, б. 159].

Ғалым дидактикалық ойындардың басқа түрлерін арнайы «Ойнандар, ойлаңдар!» деп тапсырма түрінде де беріп отырған.

Ойындар жөнінде XX ғасырдың бас кезінде қазақ зиялы қауымы құнды пікірлер айтқан. Мәселен, қазақтың педагогика ғылымының іргетасын салған М.Жұмабаев баланың өміріндегі ойынның маңызын айта келе, «...ойын

дегеніміз – айқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Ойын – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, балаға қиялы қанат бітіретін ғажайып нәрсе, өмір тынысы» деген [7, б.15].

Мектепке дейінгі білім беруде ойын әрекетін ұйымдастыру мәселесіне М.Т. Тұрыскелдина [59, б. 254], Т. Иманбеков [58, б. 210], Г.М. Қасымова [60, б. 78], Б.А. Төкеев [150, б. 160] , Ұ.Т. Төленованың еңбектерінде зерттеулер жүргізген [151, б. 1].

Б.А. Төкеев балалардың ойын жіктемесін төмендегідей қарастырады:

1. Балалардың бастамасымен ұйымдастырылатын ойындар:

- ойын эксперимент – бұл өнімді және шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, яғни пәндердің қасиеттерін зерттеу (және бұл енді ойын емес, өйткені бұл ойын-сауық емес);

- сюжеттік-бейнелеу. Бір нәрсені көшіру ойыны;

- сюжеттік- рөлдік (баланың қиялынан туындаған);

- режиссерлік (мен өзім ойлап табамын, актерлер рөлінде – ойыншықтар);

- театрландырылған (балалар сценарийлерді өздері ойлап тауып, өздері рөлдерді сомдайды).

2. Ересектердің бастамасымен ұйымдастырылатын ойындар:

- оқыту ойындары:

а) дидактикалық (оқыту);

б) сюжеттік-дидактикалық (дүкен, жол қозғалысы ережелері, бұл егер өртболса, эвакуациялау және т. б.);

в) қимыл-қозғалыс ойындары .

- бос уақыт ойнайтын ойындары:

а) танымдық (ештеңе үйретілмейді, дайын білімді қажет етеді); б) мерекелік ойындар (Жаңа жыл, мерекелік);

в) театрландырылған қойылымдар (театрландырылғанға жақын, бірақ олардағы басты тәрбиеші).

3. Ұлттық ойындар

Ойын технологиясының негізгі компоненті- тәрбиеші мен балалардың тікелей және жүйелі байланысы. Оның мағынасы:

- тәрбиеленушілерді белсенділігі;

- танымдық қызығушылықты арттырады;

- эмоционалды көтерілуді тудырады;

- шығармашылықтың дамуына ықпал етеді;

- сабақтың уақытын нақты шоғырландырады тұжырымдалған ойын шарттары;

- тәрбиешіге ойын әрекеттерінің стратегиясы мен тактикасын өзгертуге мүмкіндік береді

- деңгейге байланысты ойын тапсырмаларын қиындату немесе жеңілдету арқылы материалды игеру.

Ойын барысында бала ерікті мінез-құлық тәжірибесін алады, ойын ережелерімен міндеттерін орындайды, өзін-өзі басқаруды үйренеді, бірлескен, ұжымдық ойынның өзіндік тәртіптерін сақтайды, ондай ойындарда өзара әрекет етуге, ортақ мақсатқа бірлесіп жетуге үйренеді.

Ойын күрделі және көп қырлы құбылыс. Оның келесі функцияларын атап өтуге болады:

1. *Оқыту функциясы* – есте сақтау, зейін, қабылдау сияқты жалпы білім берубілігі мен дағдыларын дамыту.

2. *Қызықтыру функциясы* – топта қолайлы атмосфера құру, сабақты, ересек адамның баламен қарым-қатынасының басқа түрлерін қызықсыз оқиғаданқызықты оқиғаға айналдыру.

3. *Коммуникативті функция* – балалар мен ересектерді өзара жақындату, эмоционалды жағымды байланыстарды орнату, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

4. *Релаксация функциясы* – қарқынды жаттығу, жұмыс кезінде баланың жүйке жүйесіне жүктемеден туындаған эмоционалды (физикалық) стрессті жеңілдету.

5. *Психотехникалық функция* – оның психофизикалық жағдайын неғұрлым тиімді іс-әрекетке дайындау дағдыларын қалыптастыру, қарқынды ассимиляция үшін психиканы қайта құру.


6. *Өзін-өзі көрсету функциясы* – баланың ойында шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға, оның әлеуетін толық ашуға деген ұмтылысы.

7. *Компенсаторлық функция* – нақты өмірде орындалмайтын (жұмыс істейтін) жеке ұмтылыстарды қанағаттандыру үшін жағдай жасау.

Жоғарыдағы аталған ғалымдардың еңбектерін саралай келе, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын кешенді ұйымдастырылған іс-әрекетте ойынды тиімді қолдану арқылы дамытуға болатынын анықтадық. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалармен жұмыс істеудің ең тиімді формаларының бірі – коммуникативті дағдылары мен эмоционалды саласын дамытуға арналған ойын жаттығуларымен жұмыс.

Коммуникативтік дағдыны мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Коммуникативтік дағдыны мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру баланың қоғамда қабылданған нормалар мен құндылықтарды, оның ішінде моральдық және адамгершілік құндылықтарды игеруін қамтиды; оның ересектермен және құрдастар; тәуелсіздік және өз іс-әрекеттерін өзін-өзі реттеу; әлеуметтік және эмоционалды интеллектті, эмоционалды жауаптылықты, эмпатияны дамыту, құрдастарымен бірлескен іс-әрекетке дайындықты қалыптастыру, құрметпен қарауды және өзіне сенімділік пен жауапкершілікті ең тиімді ойынның негізгі түрі – әлеуметтік рөлдік ойын болып табылады. Мектепке дейінгі балалық шақ және жеке тұлғаны қалыптастырудың тиімді құралы оның моральдық-еріктік қасиеттері, коммуникативтік дағдылары, әлеуметтену, ойын әлеммен өзара әрекеттесу қажеттілігін жүзеге асырады, ерікті мінез-құлық, мотивация және басқалар қалыптасады [40, б. 1-3].

Балаларға ұсынылатын ойындар, әдетте, мазмұны мен түріне қарай: сюжетті рөлді, театрландырылған, драматизациялық, ережелі, дидактикалық ойындар болып бөлінеді (сурет 9)



Сурет 9 – Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытуға арналған ойын түрлері

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытумен тәрбиелеуде қолданылатын ойын түрлерінің маңызы мен қызметін ұсынамыз. Д.Б. Элькониннің пікірінше жас ерекшеліктерін дәл және дұрыс есепке алу балалардың өзін-өзі тану, зияткерлік қызмет құрылымдары және балалардың мінез-құлқы маңызды факторлардың бірі деп атайды.

Сюжетті рөлді ойын – бұл балалар ересектердің белгілі бір функцияларын арнайы жасалған немесе ойдан шығарылған жағдайда қабылдайтын әрекет; ересектердің іс-әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынасты жаңғырту Зерттеу тақырыбымызға сәйкес сюжетті-рөлді ойын мазмұнын түсінікті етіп жеткізуге тырысады, оған қажетті құрал-жабдықтарды табуға талпынады, оларды дайындау үшін еңбектенеді, ал еңбек ұжымдық іс-әрекетке біріктіреді және шығармашылық іс-әрекетке бағдарлайды, балалардың өзара қарым-қатынасын реттеп, олардың бойында адамгершілік сапаларды қалыптастырады.

Ойынның маңызы – ойынның маңызды функцияларының бірі коммуникативті функция болып табылады, ол ойын барысында білім мен дағдылармен алмасуды дамытудан және осы негізде достық қарым-қатынас орнатудан тұрады. Ойын барысында бала айналасындағы ересектердің мінез-құлқын, қарым-қатынасын және іс-әрекетін түсінеді. Мұндай ойындарда баланың айналасындағы шындық өмірді бейнелейтін сюжеттер болады. Бала алған рөлдеріне сай кейіпкердің киімін киіп, қимылын, дауыс ырғағын мәнерлі жеткізуге тырысады, көркемдік сабақтардан (ән-саз, бейнелеу өнері сабақтары) алған білімдерін пайдаланады, қуыршақты ұйықтату үшін бесік жырын айтып әлдилейді, бейнелеу өнері сабақтарында жасаған ыдыс, үй жиһаздарын, қағаздан құрастырған заттарды ойын құралы ретінде пайдаланады.

Сюжетті рөлді ойынның ерекшелігі – оны балалардың өздері жасауында, ал ойын қызметі айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады [40, б. 4]. Бұл ойындар баланың жас ерекшелігіне орай қысқа да, ұзақ та болып ұйымдастырылды. Нәтижесінде барлық топтағы балалардың сөйлеу дағдылары нақты әрекет түріне қарай дамытылып, өзара қарым-қатынас жасауға үйренді.

Ойынның атқаратын қызметі – құрдастарымен қарым-қатынас; жанжалдардың шешімін табу; эмпатия; эмоцияны білдіруге көмектеседі қиялды дамытады; балабақшаға бейімделуге көмектеседі және ұйымдастыру барысында, тәрбиеші екі маңызды ережені қадағалау қажет: ойынды іс-әрекет ретінде дамыту және баланы тәрбиелеу, екінші балалар ұжымын қалыптастыру

мақсатында ойынды тиімді пайдалану негізінде диалогтік сөйлеу тілі пайда болады, олардың көмегімен кейіпкерлер арасындағы қатынастар көрсетіледі. өзара тығыз байланысты қамтиды. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар жас ерекшелігіне сәйкес келмейтін рөлдерді сомдағысы келмейді (ұлдар тәрбиеші рөлін атқарудан бас тартады және т.б.).

Сюжеттік-рөлдік ойынды ұйымдастыру барысында төмендегідей ұстанымдарды ұсынамыз:

- 1-ұстаным, балалардың ойын дағдыларын дұрыс игеруі үшін тәрбиеші балалармен бірлесіп ойнауы қажет. Бірлескен ойын барысында тәрбиеші «құрдасымен бірге ойнайды» деген түсінікке сүйенуі керек;

- 2- ұстаным, тәрбиеші балалармен мектепке дейінгі балалық шағының ұзақ мерзімді уақыт аралығында ойнауы қажет, дегенмен жас ерекшелігін ескере отырып ойын құрылымын күрделендіріп, ересектер тарапынан ойын әрекеттерін түсіндіріп, баланы ынталандыруы керек;

- 3-ұстаным, ойын дағдыларын қалыптастыру кезінде баланы ойын әрекетіне бағыттау қажет, іс - әрекеттер және оның мағынасын құрдасына ересектерге түсіндіру. Ойын жоспарларын түсіндіре отырып, ойын әрекетіне тиімді үйлестіру қажет;

- 4- ұстаным тәрбиеші алдымен ойын мәдениетін, ойын сауаттылығын толық игеруі керек; сюжеттік-рөлдік негізде тәрбиеші сюжеттің элементтерімен, қызықты оқиғалармен, кейіпкерлермен олардың әрекеттермен еркін жұмыс жасай білу керек.

Балалардың ойынын ұйымдастырған жағдайда педагогикалық шарттардың бірі – ол баланың жас ерекшелігі ескерілуі, сондықтан да мектепке дейінгі ересек жастағы баланың ойынының мәні баланың рөлін атқаратын адамның басқа балалармен рөлдерін алатын өзгелермен типтік қарым-қатынаста болады. Сондай ойындардың бірі «Дүкенші», «Құрылысшы», «Тәрбиеші мен балалар»,

«Зообақтағы жануарлар тіршілігі», «Туған күн» т.б сюжеттік-рөлдік ойындар мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың күрделі рөлдерді қолдану, өзара қарым-қатынасқа түсу, командалық жұмысты тиімді орындау басшылыққа алынады.

Театрландырылған ойын – бұл мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту құралы ретінде белсенді қолданылады. Театр ойынында балалар жұмыстың мазмұнын, оқиғалардың логикасы мен дәйектілігін, олардың дамуы мен себептерін жақсы білуі керек.

Ойынның маңызы. Театрландырылған ойын әлемді түсінудің, сонымен қатар бейімделудің бір тәсілі. Ойын балалардың қиялын дамытуға ықпал етеді, көру және есте сақтау қабілетін арттырады. Театр әңгімелері мен ойындары балалардың қажеттіліктерін жүзеге асыра алады. Мұндай ойындар балалардың халық ауыз әдебиеттерін тиімді қолдану барысында грамматикалық білім, білік, дағдыларды меңгертумен қатар баланың өзгелермен қарым-қатынас жасауға, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға тікелей бағытталған. Мұндай ойындарды балалармен коммуникативті дағдысын дамытуда «Көркем әдебиет» ұйымдастырылған іс-әрекетте жоспарлы қолданған тиімді.

Ойынның ерекшелігі: балалардың танымдық қызығушылықтарын дамытады, театр ойындары жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін ашуға көмектеседі. Сонымен қатар театрлық іс-әрекет – бұл мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік-эмоционалды, сөйлеу және коммуникативті дамуының тиімді құралы, оның тәжірибесін жан-жақты байытады, өнерге деген қызығушылықты арттырады, баланың коммуникативті дамуына оң ықпал етеді. Бұл ойын балалар арасындағы достық қарым-қатынасты тәрбиелеу; бірлесіп ойнау; үлкендерді жақсы істермен қуантуға ұмтылу; қызықты іс-әрекеттерді өз бетінше таба білуге үйретеді.

Ойын барысында 5 жастағы балалар мынадай дағдыларды игереді:

- тиімді қарым-қатынас нормалары мен ережелері туралы түсінікке ие болады;

- ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасай білу.

- өз іс-әрекетін сөйлеумен белсенді сүйемелдеу.

- театрлардың таныс түрлерінің қуыршақтарын қолдана отырып, таныс ертегілер, өлеңдер, әндер бойынша сценарий бойынша ойнайды.

- кейіпкерлердің эмоционалды жағдайын сезіне білу.

- құрдастарының алдында еркін сөйлей алады;

Ережелі ойын – бұл баланың нормативті өзара әрекеттесу формаларын, яғни басқалармен қарым-қатынас жасай алатын, игере алатын және тағайындай алатын кеңістік, балалар мен ересектер нақты белгіленген ережелер аясында ұйымдастырылады.

Ойынның маңызы. Бұл ойын арқылы балалардың мінез-құлқын нормативтік реттеу және жетістікке жету мотивациясы дамиды. Сонымен қатар ойын арқылы баланың интелектуалдық қабілеттері мен физикалық мүмкіндіктері дамиды, атап айтқанда олар интелектуалдық ойындар мен қимыл қозғалыстық ойындарда іске асады. Ойын барысында бала өзінің практикалық іс-әрекетінен тыс қоршаған шындықтың кең салаларын қалпына келтіруге тырысады және ол мұны тек шартты әрекеттер арқылы жасай алады. Ерік, шыдамдылық, ұстамдылық, өз іс-әрекеттері мен іс-әрекеттерін бақылауды жүзеге асыру қабілеті қалыптасады. Ойын ережелерін сақтай отырып, балалар жолдастарына көмек көрсетуге, достасуға, ашық ойындарға жанашырлық танытуға үйретеді, серіктестікке, өзара көмек беруге тырысады.

Ойынның ерекшелігі: бала ойын желісінің логикасына ғана сүйеніп қоймайды, сонымен қатар нормалар мен ережелер шектеулерін ескереді. Ережелермен ойнау жетекші қызметтің көрінісі ретінде, яғни баланың өзі орнатқан ережесі арқылы ұйымдастырылады. Тәрбиеші баланың білуге деген қызығушылығын оятып, оларды әртүрлі іс-шараларға тарта отырып, балалар тәжірибесін кеңейтуге ықпал етеді. Ал тәжірибе мен білім жинақтау – бұл болашақ шығармашылық қызмет үшін қажетті алғышарт болып табылады.

Рөлдік ойын – бұл балалардың бойында шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, олардың жаңа идеялар мен ұтымды тұжырымдамаларын айтуға қабілеттерін жетілдіруге бағытталған ойын түрі.

Ойынның маңызы. Бұл ойынды баланың дәстүрлі хоббиі деуге болады.

Мұндай ойындарда бала тәуелсіз тұлға ретінде қалыптасады. Мұндай ойындар балаға құрдастарымен қарым-қатынас орнатуға, көмек көрсетуді үйренуге, назар аударуға, басқаларға қамқорлық жасауға көмектеседі. Бала неғұрлым үлкен болса, соғұрлым ол құрдастарымен сөйлескенді ұнатады.

Ойынның атқаратын қызметі. Балалар шағын қиялындағы әңгіме мен өлең құрастыруға, өз ойын еркін айтуға, дәлелдеуге және тілдік қарым-қатынасқа кедергісіз түсуге үйренеді. Рөлдік ойын барысында баланың сөздік қоры, сөздерді бір-бірімен байланыстыруын дамытады және өзге адамның пікірін тыңдауға, өз ойын айтуға үйренеді. Сонымен қатар бала бойындағы сезімдерді байытуға және тәжірибе жинақтауға, қиялын дамытуға, қорқынышты жеңуге қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Рөлдік ойындар белгілі бір талаптарға сәйкес ұйымдастырылады және тәрбиеші сол ережелерді қатаң ұстануы қажет:

- таңдалған рөлдік ойындар бала үшін қызықты болу шарт;
- мазмұны айқын, баланың жас ерекшелігіне сәйкес таңдалған мазмұнды ескеру қажет;
- балалар рөлді сомдау кезінде сөздерді анық, дұрыс, сөздердің байланысын мұқият қадағалау керек.

Режиссерлік ойын. Бұл баланың ойыншықтардың белгілі бір санымен бастайтын ойыны, ол рөлді өзіне алмайды, бірақ ойыншықтың рөлдерін береді, олардың әрқайсысының атынан әрекет етеді және сонымен бірге жалпы әрекетті «басқарады».

Ойынның маңызы. Режиссерлік ойын барысында шығармашылық, іздеу іс-әрекетінің, тәуелсіздіктің қалыптасуы ынталандырылады, эмоционалды-ерікті сала, мінез-құлық өзгереді, жоғары адамгершілік мінез-құлық дағдысы қалыптасады, бір-біріне деген жауапкершілікті сезіну қабілеттері қалыптасады.

Дидактикалық ойындар – бұл оқу ойындары түрінде ұйымдастырылған. Ойын белсенді оқытудың бірқатар принциптерін жүзеге асыратын және ережелердің, ойын іс-әрекетінің бекітілген құрылымы мен бағалау жүйесінің болуымен сипатталатын, белсенді оқыту әдістерінің бірі болып табылатын оқу сабақтарының түрі.

Ойынның маңызы – коммуникативті дағдыларды дамытуға арналған дидактикалық ойындар. Бұл ойындар конструктивті-коммуникативті дағдыларын дамытуға, қуаныш сезімдерін білдіруге, басқа адамдардың эмоционалды тұрғыда өзге адамдардың мінез-құлқын тануға бағытталған.

Ойынның ерекшелігі – Бұл әр қатысушы мен команда жалпы негізгі мәселені шешумен біріктіріліп, олардың мінез-құлқын жеңіске бағыттайтын ұжымдық, мақсаты оқу әрекеті. Бірлік пен татулықты, ұжымда әрекет ету қабілеті достық қарым-қатынас орната білу, басқалардың жағымды қасиеттерін байқап, оны сөзбен жеткізе білу, жанжалды жағдайларды шеше білу және бір-бірімен қарым-қатынаста жанжалдарды жеңу, өзара әрекеттесудің вербалды емес және пәндік тәсілдерін дамыту, тікелей, еркін қарым-қатынас пен эмоционалды жақындықтың қолайлы атмосферасын құру. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуға бағытталған дидактикалық ойындарды қолдануда халық ауыз әдебиеттерін қолдану тиімді,

себебі халық ауыз әдебиетінде мақал-мәтел, нақыл сөздер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, өтірік өлеңдер сияқты атадан-балаға молмұра ретінде тараған көне жанрлары баланың ойлау қабілеті мен қатар, шешендік өнер мен ұлттық құндылықтарды дәріптеуге тікелей бағытталған.

Коммуникативті дағдысын дамытуға бағытталған дидактикалық ойындардың түрлері: «Сыпайы сөздер», «Барлығына сыйлық», «Кім, қандай?», «Айна арқылы сөйлесу», «Кім жылдам?»

Ойынның мақсаты: коммуникативті дағдыларын және жанжалдарды шешу қабілетін дамыту, мимика мен ым-ишара шеберлігін дамыту.

Ойынның шарты: тәрбиеші мен балалар арасындағы сұрақ-жауапта тілдік қатысымды толық қолдану аясында тақырыпқа сәйкес суреттер, карточкалар, альбомдар, интерактивті тақтада электронды ресурстар беріледі. Сұрақ-жауап қою негізінде баланың ойлау қабілеті мен бір-бірімен сөйлесу, баяндау, тақырыпты терең меңгертуге негізделген ұғымды тез ұғынуға тиімді болып табылады.

Ойынның барысы: балалар бір-біріне қарама-қарсы тұрып, «әйнек арқылы» ойын жаттығуын орындайды. Олардың арасында қалың әйнек бар екенін елестету керек, ол дыбысты өткізбейді. Балалар топқа бөлініп айна алдында жүргізушінің айтқан тапсырмасын орындау керек. Осылайша балалар ым-ишара мен айнаның алдында тұрып ұжымдасқан күйде, ортақ келісіммен дидактикалық ойынды ұтымды ойнап шығады, ал өзге балалар бақылап, қай топ белсенді болғанын, тапқырлығын байқатқанын айтады. Креативтілік балалар әрекетінің түрлері: ойында, құрастырғанда, сурет салғанда, мүсіндеуде, музыкалық әрекеттерде, сонымен қатар сөйлеу барысында едәуір айқын білінеді. Бала бір материалды, оның түрлі пішіндері мен бейнелерін әртүрлі қырынан танып, оны өзінің салған суреті мен сызған сызбаларында түрліше бейнелеуді, өзі құрастырған ертегілерде басқаша қолдануы мүмкін. Түрлі материалдармен, дыбыстармен, сөздермен тәжірибе жасауға ерекше қызығушылықпен кіріседі. Бес жасар баланың ынталылығы түрлі ойындарды таңдау, үлкендер мен құрдастарына сұрақ қою мен ұсыныс жасау, өздігінше тиімді әрекеттерді ұйымдастыру мен жүзеге асыруға ерекше белсенділік танытуы арқылы пайда болады. Бұл жастағы баланың өз бетінше (дара) әрекет етуі өзіне қызмет етудің қарапайым түрлері (киіну, шешіну, жуыну және т.б.), жекелеген тапсырмаларды орындауы (асханада кезекшілік ету, өсімдіктер мен жануарларды күтіп-баптау), өз еріктерімен ойнайтын орта қалыптастыруы, меңгерген білімдері мен түрлі тиімді әрекеттері арқылы көрінеді. Бес жасар баланың еркіндігі оның өз көзқарасын қорғау, өзі қалаған нәрсені алуы, өзі ұнатқан баламен ойнауы сияқты тәуелсіз әрекеттері арқылы байқалады. Еркіндік сезімі балаға ашық, өз ойын, сезімін қысылмай жеткізу мүмкінді туады. Бала ойынына үлкен мән беріледі. Себебі, ойын – баланың негізгі әрекеті. Бала өмірге келісімен ойын арқылы өзін қоршаған әлемді, табиғатты таниды.

Қорыта келе, ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуда ойынның маңызы ерекше. Ойын – бұл нәтиже емес, үдерістің өзі болатын әрекет түрі. Бала үшін ойын өзін-өзі тану және өзін-өзі көрсету құралы болып табылады. Ойын баланың эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз етеді,

әртүрлі ұмтылыстар мен тілектерді, ең алдымен ересек адамдар мен құрдастары арасында қарым-қатынасты жүзеге асыруға мүмкіндік береді деген тұжырым жасаймыз.

2.2 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың әдістемелік жүйесі

Алғаш рет әдістемелік жүйе туралы түсінікті 1975 жылы А.М. Пышкало енгізді. Ол «әдістемелік жүйе – бұл оқыту мақсаттары, оқыту мазмұны, оқыту әдістері, оқыту формалары мен құралдары болып табылатын құрылым» [152] деген.

А.М.Пышкалоның тұжырымдамасы бойынша кез келген теориялық модельдің әдістемелік жүйесі бес иеррхиялық элементтердің байланыстылығымен сипатталады, олар:


- мақсат;
- әлеуметтік тапсырыс;
- мазмұн;
- нақты мамандық үшін қолданыстағы стандарттар мен бағдарламалар;
- әдістер;
- ұйымдастырылған формалар мен оқытудың құралдары

В.В. Краевский «әдістемелік жүйені» педагогикалық іс-әрекеттің ажырамас моделі ретінде қарастырады, ал әдістемелік жүйенің компоненттері: оқытудың мақсаты мен күтілетін нәтижелері; оқытудың мазмұны; әдістемелік қамтамасызету, сонымен қатар оқыту әдістері, ұйымдастырушылық формалары мен құралдары» деп тұжырымдаған [153].

Е.В.Данильчук әдістемелік жүйе білім беру үдерісі субъектілерінің мақсатты педагогикалық өзара әрекеттесуін құруға қажетті және жеткілікті өзара байланысты компоненттердің (мақсаттар, мазмұн, әдістер, құралдар, ұйымдастырушылық формалар мен басқару) жиынтығын анықтайды [154].

Жоғарыда ғалымдардың анықтамаларына сүйене отырып, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың әдістемелік жүйесінің құрылымын кейінгі реттілік сипатта ұсынамыз: (сурет 10).

Мақсаты: мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту



Сурет 10 – Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытудың әдістемелік жүйесі

Әдістемелік жүйе мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес жасалып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны, мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелері көрсетілді. Мектепалды сыныпқа (5-6 жастағы балалар) арналған «Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптері және Сөйлеуді дамытудың әдістемелік нұсқаулығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша) әзірленді.

Әдістемелік жүйеде мектепалды сыныптың, яғни 5-6 жастағы балаларға арналған «Коммуникативтік дағдыларды дамытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (оқыту қазақ тілінде) негізге алынды.

Ұсынған әдістемелік жүйенің мақсаты – мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуға бағытталған оқыту мен тәрбие үдерісін ұйымдастыру.

Әдістемелік жүйе бойынша мынадай міндеттер басшылыққа алынды:

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың дағдысын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау;

- балалардың коммуникативті дағдысын дамытуға қажетті тиімді әрекет түрлерін анықтау;

- балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуға бағытталған ойындарды кешенді қолданудың тиімді әдістері мен технологияларын қолдана отырып, тапсырмалар жүйесін жүзеге асыру;

«Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптері үлгілік оқу бағдарламасындағы коммуникативтік дағдыларды дамыту, яғни мақсат, міндеттері мен күтілетін нәтижелері басшылыққа алынған.

Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуға арналған «*Кел, ойнайық та, сөйлейік*» атты ойындар жинағы балалардың коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын кешенді дамытуға бағытталған ойын түрлерінен тұрады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту мақсатында ең алдымен мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеші-педагогтерінің біліктілігін арттыру жұмыстарын жүргізу қажет. Осыған байланысты МДҰ-ның тәрбиеші-педагогтерінің біліктілігін арттыруға арналған «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты 32 сағаттық оқу бағдарламасы дайындалды. Оқу бағдарламасының мақсаты: мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту бағытында МДҰ тәрбиеші-педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру (бағдарламаның толық мазмұны 3.2-тармақшасында берілді).

«Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптері алғы сөзден, шартты белгілерден, коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған тақырыптар мен тапсырмалардан тұрады. Дәптердегі жаттығулар арқылы тәрбиеші балаларды ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорларын, байланыстыра сөйлеуін дамытуға жаттықтырады. Жұмыс дәптерінде тапсырмалар мен ойын-жаттығулар оқу мақсатына сәйкес іріктеліп берілді. «Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптерінде балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуға бағытталған 32 тақырыпты қамтиды.

Тапсырмалар мен ойын-жаттығулар жинағымен жұмыс арқылы бала құрдастарымен, айналасындағы ересек адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға және тіл табысуға машықтанады.

Коммуникативтік дағдыларды дамытуды көздейтін «Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптері балалардың дыбыстарды дұрыс айтуға, байланыстырып сөйлей алуға, қарым-қатынас мәдениетін дұрыс сақтауға үйретуге бағытталса, ал 4К негізіндегі ойындар жиынтығы баланың сыни ойлауын, креативтілігін, командада жұмыс жасай алу білігін және коммуникативтік дағдысын дамытуды мүмкін етеді. Балаларға арналған жұмыс дәптерінің безендірілуі де 5 жастағы балаға лайықталып жасалған. Тапсырмалар жинағында берілген жұмбақтар балалардың логикалық ойлауын дамытса, жаңылтпаштар тіл ұстарту, көңіл-күйін көтеру сияқты функцияларды атқарады.

Біз балалардың белсенділігін арттырудың әртүрлі нысандарын, шағын топтарда, ұжымдық іс-әрекет жағдайында жұмыс істеу, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеретін көп деңгейлі тапсырмалар қолдандық. Материалды толық зерттеу барысында балалар үшін әртүрлі анализаторларға әсер ететін қол жетімді әдістер көптеген көрнекі материалдар, аудио және бейне жазбалар қолданылды. Көмекші фактор ретінде балалар мен ересектердің бірлескен білім беру іс-әрекетін жүргізу кезінде әр тақырып бойынша мультимедиялық презентацияларды қолдандық. Сұрақ әдісі кеңінен қолданылды, оның мақсаты сөйлеуге және ойлауға жалпы ынталандыру болды.

Әдістемелік жүйенің құрамындағы әдіс-тәсілдер мен технологияларды сұрыптауда оқыту жүйесіндегі әдістерді топтастырудың үш жолы басшылыққа алынды:

1. Оқу әдістерін дидактикалық мақсатқа топтастыру (білім, білік, дағдықалыптастыру);

2. Оқу әдістерін білім көзі бойынша топтастыру (сөз, көрнекілік, іс-әрекеттік тәжірибе);

3. Оқу әдістерін баланың танымдық әрекетіне қарай топтастыру.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуда инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдану тиімді болып табылады. Аталмыш тәсілдемелерді мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің ұйымдастырылған іс-әрекетте қолдану білігі орташа деңгейде. [155].

Осындай кемшіліктердің орнын толтыру және мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуға арналған оқу

әдістерін саралау, оқу тәжірибемізде «ӨТШТ» (ТРИЗ), «3 БББ», «Кейс», «Мнемотехника», «Синквейн», «Миға шабуыл», және т.б. әртүрлі танымдық, дидактикалық ойын әдістерін қолдануды мүмкін етті.

Ойын әдістері мынадай міндеттерді шешуге көмектеседі: біріншіден, сөздік қорын дамыту барысында бала мақсатқа жетуге деген эмоциялық қатынасын, ықыласын арттырады; екіншіден, ойынның шарты, түрі, тәсілі балаға өз ойын жүйелі әрі анық айтуға, байланыстырып сөйлеуге, қарым-қатынас жасау мәдениетін меңгеруге, логикалық және шығармашылық мүмкіншілігін ашуға көмектеседі; үшіншіден, ойын жаттығуларын талдау, бекіту, қайталау кезеңдерінде жүйелі түрде қолдану мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуға, сөз сөйлеу шеберлігін ұштауға жағдай жасайды [155, б.19].

Ойын әдісі мынадай бағытта жүргізіледі:

- үйретудегі баланың міндеті ойын арқылы шешіледі;
- сөйлеу әрекеті ойын ережелеріне бағындырылады;
- ойын баланың сөйлеу тілін дамытудағы негізгі құрал ретінде пайдаланылады;
- балалар ойнау барысында мәселенің шешу тетігін іздейді, шығармашылықойлауы қалыптасады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуда, сөздік қорын байыту мен байланыстырып сөйлеуге үйретуде *миға шабуыл* тиімді әдіс-тәсілдердің бірі боп табылады.

Миға шабуыл ұжымда бірлесіп жұмыс жасауда және дұрыс шешім қабылдауда оң нәтижесін береді.

Баланың болашақтағы және оның кәсіби бағдарына байланысты маңызды мәселелерді шешу үшін ми шабуылын қолдану өте тиімді. Әрбір бала тақырып аясында өзінің тәжірибесі туралы айтып береді. Содан кейін талқылау үшін ашық сұрақтар қойылады. Балалардың өздері бір-біріне сұрақ қойып үйренгені дұрыс. Сұрақ қою мүмкіндігі – ынтымақтастық пен қарым-қатынастың өте маңызды бөлігі. Балаға белгілі бір тақырып бойынша мүмкіндігінше көп сұрақтар қоюға үйрету қажет. Алдымен тақырыпты таңдап алу қажет, әрбір қатысушы сұрақтар қойып, кезекпен айтады, содан кейін барлық қатысушылар ең жақсы сұрақты таңдайды.

Сыни ойлау – қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдердің қолданылуын көздейтін ойлау түрі.

Шығармашылық пен сыни ойлауды дамыту тәсілі ретінде «*Менталды карталарды*» қолдануға болады. «Менталды карталар» ағылшын тілінен аударылған (MindMaps) «ақыл-ой картасы» деп түсіндіріледі. Ғылыми әдебиеттерде «жад картасы», «ойлау картасы», «интеллект картасы» деген ұғымдар қолданылады. Бұл – визуализацияның графикалық тәсілі (әдісі) және ақпаратты құрылымдау құралы. Менталды карта әдісінің авторы британдық психолог Тони Бузеннің пікірінше, баланың бойындағы креативті, сыни ойлау үдерісі есте сақтау қабілетімен өте тығыз байланысты [156].

Менталды карта – бұл графикалық ағаш тәрізді схема, оның ортасында

атау, символ немесе сурет түрінде орналасқан картаның негізгі идеясы (тақырыбы) және негізгі идеяның (тақырыптың) белгілі бір бөлігіне сәйкес келетін, тақырыптың мазмұнын көрсететін сызықтар (бұтақтар).

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетте менталды карталар әдісін қолдану мүмкіндіктері В. М. Акименконың зерттеу жұмыстарымен тығыз байланысты. Ол бұл әдістің мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолдану мүмкіндіктерін негіздеді және оның балалардың сөйлеуін дамытуда өте тиімді деп санады.


Балалар менталды карталар құрастыру барысында әртүрлі лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын игереді, оның ішінде заттардың және пішіндердің, әлем құбылыстарының атауларын, жалпылама сөздерді (көкөністер, жемістер, киім, үй жануарлары және т.б.) жинақтауды үйренеді. Баланың сыни ойлауы, сөздік қоры, байланыстырып сөйлеуі дамиды, құрдастарымен бірлескен ынтымақтастық құруда тиімді әдіс болып табылады (кесте 13).

Кесте 13 – Менталды карталардың тиімділігі

Дағды	Тиімді іс-әрекет
Есте сақтау	мидың екі жарты шарының жұмысы жақсарады, кескін мен түстерді қолдану арқылы интеллект картасы оңай есте сақталады.
Тартымдылық	жақсы интеллект картасы өзінің эстетикасына ие, оны қарастыру қызықты және тартымды болады.
Уақытылы	ақпараттың жетіспеушілігін анықтауға және жетіспейтін нәрсені түсінуге көмектеседі.
Шығармашылық	шығармашылықты ынталандырады, мәселені шешудің стандартты емес жолдарын табуға көмектеседі.
Қайта қарау мүмкіндігі	біраз уақыттан кейін интеллект картасын қайта қарау суретті тұтастай игеруге, оны есте сақтауға және жаңа идеяларды көруге көмектеседі.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалармен менталды карта әдісін қолданудың тиімді нәтижелері:

- заттарды топтарға жіктеу, біріктіру қабілеті;
- әртүрлі негіздегі құбылыстар, қарапайым қатынастарды орнату және заттар мен құбылыстар арасындағы өзара тәуелділік;
- баланың өз бетінше әңгіме құра білу қабілеті (карта-схема);
- баланың әңгіме фрагменттері арасындағы семантикалық және синтаксистік байланыстарды сақтай білуі;
- заттар мен құбылыстарды ауызша сипаттаудың әртүрлі құралдарын қолдануы (сурет 11);
- ана тілінің грамматикалық нормаларын сақтауы;
- зерттелетін лексикалық тақырыптар аясында пәндік сөздікке ие болуы.



Сурет 11 – Заттар мен құбылыстарды ауызша сипаттау үлгісі

Коммуникативтілік теориясы – бұл баланың достық қарым-қатынасын нығайтуға, табуға және қоғамда өзін-өзі тануға көмектесетін негіз. Адам өз әлемі жабылған кезде, сұранысқа ие және танымал болу қиын. Бірақ егер ол өз ойларын басқаларға жеткізуді және адамдармен сөйлесуді үйренсе, оның жеке жетістігінің кілті.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалармен кейс-технологияны жүзеге асыра отырып, коммуникативтік құзыреттілікті, командада жұмыс істей білуді, ересектермен және құрдастарымен диалог жүргізе білуді, жанжалды жағдайларда әрекет ете білуді үйретуге болады (кесте 14).

Кесте 14 – Кейс тапсырмалары және оның рөлдік жобалау үдерісіндегі қызметі

Кезеңдері	Балалардың іс-әрекеті
Ситуациялық жағдаймен, оның ерекшеліктерімен танысу	Ситуациялық-жағдайды қабылдайды
Білімді белсендіру	Командаға бірігеді, рөлдерді өзара бөліп алады, өзара әрекеттеседі, ынтымақтасады, келіседі
Миға шабуыл	Ізденіс әрекетін жүзеге асырады.
Презентация	Өз рөлдерін ұсынады, презентация жасайды.
Рефлексия	Талдайды, қорытынды жасайды.

Балаларға арналған «Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптерінде берілген тапсырмалармен жұмыста тәрбиеші ситуациялық жағдайға құрылған «кейстер» арқылы рөлдік ойындар ұсынады.

1) Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбы: «Дос болайық бәріміз!»

Мақсаты: баланың бойында достық қарым-қатынасты нығайту, жағдайды өз бетінше талдау, креативті және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, өз идеялары мен шешімдерін құрдастарымен талқылауға үйрету, өзінің ұсыныстарын айта білу қабілеттерін қалыптастыру.

Қолданылатын әдіс: «Кейс» тапсырмасы

Ойынды ұйымдастыру барысы: Балаларға «Шынайы достар» туралы ситуациялық жағдай ұсынылады.

Ситуациялық жағдай: Ата-анасы балаға Лего ойыншықтарын сатып береді. Балаға қатты ұнағаны сонша, лего-құрастырғыштардан зәулім ғимаратты тез құрып тастайды. Екінші бір бала өтіп бара жатып, зәулім ғимаратты байқаусыздақұлатып алады, тұрғызылған ғимарат шашылып қалады. Ситуациялық-жағдайды балалар мұқият тыңдап, өз бетінше рөлдерге бөлініп, шешімін табуы тиіс.

Ситуациялық-жағдайды талдау: Қалай болды? Не болды?

Балалар ситуациялық-жағдайды рөлдерге бөліп ойнап шығады. Бір бала – конструкторлардан зәулім ғимарат салады, екіншісі – ғимаратты бұзған бала болып ойнайды.

Балаларға кейіпкерді сипаттайтын суреттері бар карталар ұсынылады. Мысалы: бір кейіпкер зиянкес, екінші кейіпкер қыңыр, қырсық, бір кейіпкер жылауық, бірі – қайырымды, бірі – әдепті, тәрбиелі, екіншісі сабырлы т.б.

Соңында балалармен қорытынды жасалады: Кім өзара келісе алды? Қалай келісті? Не үшін?

Күтілетін нәтиже: - балалардың өзі және айналасындағы достары арасында жағымды қарым-қатынас қалыптасады;

- бір-бірін тыңдай біледі және өзі туралы жүйелі айта білу дағдылары қалыптасады;

- еркін сөйлесу қабілеттері дамиды;

- сыни ойлауы қалыптасады.

2) Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбы: «Ғажайып қыс»

Мақсаты: Балалардың креативтілік қабілетін дамыту. Алдымен балалар қардың формалары (пішіні) салынған стикер арқылы топқа бөлінеді.

1- топ: Суретте бейнеленген балалардың әрекетін фетр құралымен құрастырады.

2- топ: Қыс мезгілінде қандай киімдерді киетіні туралы бір-біріне жасырын сұрақтар қояды, жұмбақ құрастырады.

Алдымен «ӨТШТ» (ТРИЗ) әдісі бойынша жұмбақ құрастыру алгоритмі таныстырылады. Жұмбақ құрастыру үшін алдымен сұраққа жауап іздейді. Мысалы, объект – кактус – қандай? – тікенек. Тікенек тағы не бар? Тікенек шырша, ошаған, кірпі, жантақ бар. Кактус не істейді? – Кактус өседі, күнді сүйеді, емдік қасиеті бар, т.б

Сонда кактус туралы жұмбақты былай құрастырды:

Тікенек боп өседі, бірақ шырша емес, Күннің көзін сүйеді, бірақ жантақ емес[157].

Балаларға «ӨТШТ» әдісі бойынша бір-біріне қыстық киімдер, қысқы ойындар, оған қажетті құралдар туралы жұмбақ жасыруға тапсырма беріледі.

Балалар жұмбақ құрастыру алгоритміне сүйене отырып, шана туралы мынадай жұмбақ құрастырып шықты (кесте 15).

Кесте 15– Жұмбақ құрастыру алгоритмі

Қандай?	Не істейді?	бірақ	Осындай тағы не бар?	емес
Табаны бар	жүреді	бірақ	адам	емес
Ағашы бар	отыруға болады	бірақ	орындық	емес

3) Ұйымдастырылған іс-әрекеттің түрі: «Кім жылдам» коммуникативтік дидактикалық ойын.

Мақсаты: дыбыстарды дұрыс айтуға және байланыстырып сөйлеуге, есте сақтауға үйрету, шығармашылық дағдысын дамыту.

Қолданылатын әдіс: *Мнемотехника*

Мнемотехника әдісі – мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың қарым- қатынасын дамытумен қатар балалардың сөйлеу тілі мен командалық жұмыста оң шешім табуға әсерін тигізеді.

Мнемоника (грек. μνημονικόν-есте сақтау өнері) – қажетті ақпаратты есте сақтауды жеңілдететін және ассоциацияларды (байланыстарды) құру арқылы есте сақтау көлемін арттыратын арнайы әдістердің жиынтығы: дерексіз нысандар мен фактілерді визуалды, аудио немесе кинестетикалық көрінісі бар ұғымдарды, объектілерді жадтағы ақпаратпен байланыстыру, жеңілдету үшін әртүрлі модификациялар арқылы есте сақтау.

Мнемотехника арқылы баланың есте сақтауы, байқағыштығы, байланыстырып сөйлеуі, қиялы, шығармашылық қабілеттері дамиды.

Ойынды ұйымдастыру барысы: Қыс мезгілі жайында сұрақтар беріледі. Ғажайып қыс тақырыбына сәйкес өлең жолдары интерактивті тақтада көрсетіледі, балалар тәрбиешімен бірге қайталайды. Сосын балалар өлең жолдарын сурет арқылы айтып береді. Мнемотехника әдісін бірнеше рет қайталап қолданғаннан кейін балалар сол өлең жолдарына байланысты суреттерді қолдана отырып, өз қиялдарынан өлең шығарып құрастырады (сурет 12).



Сурет 12 –Мнемотехниканы жүзеге асыруға арналған тапсырма


Қатысымдық әдістің теориялық-әдістемелік негіздерін зерттеген Ф.Оразбаева өзінің еңбегінде қатысымдық әдістің екі бағытын көрсеткен:

біріншісі – екі адамның немесе бір топ адамның арасындағы тығыз қарым-қатынасын белсенді іс-әрекет арқылы жүзеге асыру», ал екіншісі – сөйлемдерді дұрыс айту арқылы жүзеге асырылады. Олай болса, сурет бойынша әңгімелету, сұрақ-жауап алу тәрбиеші мен баланың, бала мен баланың арасындағы тығыз қарым-қатынастағы белсенді іс-әрекеттерді басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі балалардың коммуникативті дағдысын дамытуға болады деп есептейміз.

4) Ұйымдастырылған іс-әрекеттің түрі: «Ақылды доп» қатысымдық ойын-жаттығуы.

Мақсаты: дыбыстарды дұрыс атай алуға, командада жұмыс жасауға, мамандықтар туралы ұғымды кеңінен білуге, қатысымдық дағдысын дамытуға бағытталған.

Ойынды ұйымдастыру барысы: Балалар топқа бірігіп, дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші балаларға топты кезек-кезек лақтырып, суретті көрсетіп сөздерді, мамандық атауын айтады. Мысалы: Мамандықтар тақырыбын сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұнына сәйкес түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, сол тұста балаларға жаңа ұғымдарды терең түсініп, дұрыс айта алу үшін «Ақылды доп» ойын-жаттығуын жүргізеді. Онда түрлі мамандықтарға байланысты тәрбиеші *дәрі* сөзін алса, балалар кері жауап ретінде *дәрігер* деп жауап береді, *ән-әнші*, *би* -*биші*, *жұмыс-жұмысшы*, *құрылыс-құрылысшы* т.б. (сурет 13).



Сурет 13 – «Ақылды доп» қатысымдық ойын- жаттығуы

Театрландырылған әдіс өнердің қолжетімді түрлерінің бірі болып табылады, ол балаға кез келген қалауы мен мүдделерін қанағаттандыруға, сыртқы әлеммен оның барлық алуан түрлілігімен танысуға, сөздік пен дыбыстық сөйлеу мәдениетін жандандыруға мүмкіндік береді.

Театрландырылған іс-шаралар сөйлеудің экспрессивтілігін, зияткерлік және көркемдік-эстетикалық тәрбиені қалыптастыруға қатысты көптеген педагогикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Ол сондай-ақ баланың сезімдерін, тәжірибелерін және эмоционалды жаңалықтарын дамытудың көзі болып табылады, оны рухани байлықпен таныстырады. Өнер туындылары сізді алаңдатады, кейіпкерлер мен оқиғаларға жанашырлықпен қарайды және осы эмпатия үдерісінде белгілі бір моральдық бағалаулар жасалады, олар жай ғана хабарланады және игеріледі. Олар:

- көркем білім беру және балаларды тәрбиелеу;
- эстетикалық талғамды қалыптастыру;

- адамгершілік тәрбиемен;
- есте сақтау, қиял, бастамашылық, сөйлеу;
- коммуникативтік қасиеттерді дамыту;
- оң эмоциялық көңіл-күй құру, шиеленісті жою, театр ойыны арқылы жанжалды жағдайларды шешу.

Балабақшадағы театрландырылған іс-шаралар бойынша ойын сабақтар М.Н. Маханованың пікірінше («балабақшадағы театрландырылған сабақтар») балабақшадағы театрлық іс-шараларға назар аударған жөн. Олар мыналарды қамтуы мүмкін:

- Қуыршақ спектакльдерін көру және олар бойынша әңгімелесу;
- Драматизация ойындары;
- Түрлі ертегілер мен қойылымдарды дайындау және ойнау;
- Орындау мәнерлілігін қалыптастыру бойынша жаттығулар;
- Этика бойынша жеке жаттығулар;
- Балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуына арналған жаттығулар.

Сабақтарда театр іс-әрекеті бойынша балалармен жұмыс жасау әдістемесі кезең-кезеңмен құрылады:

1) бірінші кезеңде балалар ертегінің мәтінін ұжымдық түрде талдап шығарады;

2) екінші кезеңде бір балаға ертегінің барлық кейіпкерлері үшін оқу ұсынылады;

3) үшінші кезеңде балалар бірқатар шығармашылық тапсырмаларды орындайды (қуаныш, қорқыныш және т. б. білдіру);

4) төртінші кезеңде ертегілер рөлдер бойынша оқылады және т. б.

Автордың жіктемесін басшылыққа ала отырып, балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуда театрландырылған іс-әрекет әдісін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

«Сөйлеуді дамыту» әдістемелік кешені бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбына сәйкес балалар халық-ауыз әдебиеті түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен таныстырылады. Тақырыпқа сәйкес «Мақта қыз бен мысық» атты ертегісінің мазмұнын балалар жақсы біледі, сол себепті бірінші топ балалары ертегі мазмұнының бастапқы күйін ұжымдасқан күйде рөлдерді сомдаса, ал екінші топ балалары ертегінің өз қиялдарынан жаңа нұсқасын сахналайды. Мысалы: 1-ші топтың балалары «Мақта қыз» мысығының айтқанын орындамай, құйрығын кесіп алған рөлді ойнаса, 2-ші топтың балалары Мақта қыздың бұл әрекетін жасамайды, жануарға деген мейірімін, жанашырлығы мен қамқорлығын білдіретін басқа сценарий ойлап құрастырады.

Театрланған әдісті басшылыққа ала отырып, тәрбиеші мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды ымыраға келу, ақылдасу, креативті ойлау, сыни ойлау, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады.

Қазақтың ұлттық ойындарын ережелі ойын түрімен байланыстырып ойнатуға болады. Ұлттық ойындарды ойнау негізінде балалардың бойында ұлттық сана сезімі, рухы, жауапкершілігі, бір-біріне деген сенім мен құрдасының жағымды эмоциясын ескеріп, соның көңіл-күйіне бағыттауға үйренеді. «Асық ойыны», «Ақсерек, көк серек», «Арқан тарту», «Ат жарыс» т.б.

Осындай ойындардың бірі – «Арқан тарту». Ойынның мақсаты мен шартына сәйкес арқанды екі жаққа екі топтың балалары тартады, қай топ арқан жіпті тартып алса, сол жеңеді. Ойын арқылы балалар бір-біріне деген сенімділікке, жауапкершілікке, татулық пен бірлікке тәрбиеленеді.

Режиссерлік ойындар. «Өзі режиссер» атты ойыны арқылы балаларға жан-жануарлардың бейнесін сала отырып, оларды жануарлардың біз білмейтін тұстарын қойылым ретінде сахналауға үйретуге болады. Мұнда балаларға сыни ойлауға, коммуникативтілікке, креативтілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік ашылады. Сахналық көзқарас – бұл сенімнің және қиялдың көмегімен тақырыпқа, іс-әрекетке немесе серіктестерге деген көзқарасын өзгерте білу, шартты түрлендіруді негіздей отырып, мінез-құлқын сәйкесінше өзгерту.

Ойынды ұйымдастыру барысы: Алдымен тәрбиеші балаларға режиссердің кім екендігі туралы толық ақпарат береді. Ол өзін әртіс, қойылымның жетекшісі, үйлестірушісі деп таныстырады. Топтың ішінен бір бала режиссер болады. Ол өзіне ұнаған жан-жануардың бейнесін жан-жақты көрсетуге, дыбысын, іс-қимылын т.б көрсетумен қатар сахнаның бейнесінде өзі таңдап солай жасап шығады. Осы кезде басқа балалар өздері таңдаған кейіпкерлердің рөліне дайын болады.

Мысалы, әдістемелік кешендегі үй жануарлары туралы режиссерлік ойын негізінде ойналады.

«Затты түрлендіру» үстел үсті ойынының мақсаты балалардың сыни ойлауын, креативтілігін, тапқырлығын дамыту. Алдымен тәрбиеші балаларға түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Тәрбиеші кез келген затты алып, оны үстелге қояды немесе шеңбер бойымен бір баладан екіншісіне өтеді. Трансформацияның мәні түсінікті болу үшін әр бала өзінің жаңа мақсатын негіздей отырып, тақырыппен өзінше әрекет етуі керек. Әртүрлі заттарды түрлендіру нұсқалары:

- қарындаш немесе таяқша: кілт, бұрағыш, шанышқы, қасық, термометр, тісщеткасы, құбыр, тарак және т. б.;

- кішкентай доп: алма, қар, картоп, тас, кірпі, бауырсақ, және т. б.;

- орындықты діңгекке айналдыруға болады; бұл жағдайда балалар заттың шартты атауын дәлелдеу керек. Мысалы, үлкен орындықты патша тағына және т. б. айналдыруға болады.

«Синквейн» әдісі мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеуін дамыту әдістемесінде тиімді әрі ұтымды қолданылады. Синквейн әдісі сөйлеуді дамыту жұмысында бірте-бірте жүзеге асырылады: біріншіден, балалар сөздерді-іс-әрекеттерді және сөздерді-заттардың белгілерін тандауды қалыптастырса, содан соң сөзден сөйлем құрастыруды үйренеді. Мұнда мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоционалды сөздігін дамытуға басты назар аударылады.

Синквейн әдісін қолданудың нәтижесі негізінде балалардың жақсы сөйлеуін дамыту, сөздік қорын кеңейту, ойлауды дамыту және сөйлеу және ойлау қабілеттеріне деген сенімділікті қалыптастыру болып табылады. Синквейн әдісінің басшылығымен кез-келген бала өзінің шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін толық жүзеге асыра алады. Баланың сөйлеу дамуының деңгейі неғұрлым жоғары болса, синквейн әдісі соғұрлым қызықты

болады.

Синквейн әдісі баланы әртүрлі ұғымдарды синтездеуге, жалпылауға және талдауға тез және тиімді үйретуге көмектеседі. Өз ойын дұрыс, толық, сауатты білдіру үшін баланың сөздік қоры жеткілікті болуы керек. Сондықтан жұмысты сөздікті кеңейту мен жетілдіруден бастау керек. Баланың сөздік қоры неғұрлым бай болса, оған синквейнді құрып қана қоймай, мәтінді қайта айтып, өз ойын білдіру оңайырақ болады.

Әріптерді енді үйреніп бастаған және оқи алмайтын балаларға сұраулы сөздермен синквейннің ауызша құрастырылуын ұсынуға болады. Кім туралы, не туралы? Қайсысы, Қайсысы, Қандай? Не істеді, Қайтті? деген жетекші сұрақтардың көмегімен балалар негізгі ойды бөліп көрсетуге, сұрақтарға жауап беруге және белгілі бір алгоритм бойынша өздерінің ауызша емес өлеңдерін жасауға үйренеді. Тапсырма 16-кестеде берілген.

Кесте 16 – Ұшақ тақырыбындағы синквейн

Қандай?	Ұзын, шапшаң, әдемі
Неден жасалған?	Темірден, жылы, жұмсақ
Не істейді?	Тез жетеді, ұшады, қонады тасымалдайды
Түсі қандай болады?	Ақ, көк, түрлі түсті
Қандай түрге жатады?	Көлік түріне, аспанда жүреді

Осылайша балалар өз құрдастарымен және ересектердің көмегімен синквейн әдісін тиімді қолданады және коммуникаивтік дағдысын дамытудың тиімді жолдары ретінде пайдаланады.

Топтық жұмыс – бұл жалпы идеялармен немесе мотивтермен біріктірілген адамдар тобы. В.В. Вороновтың пікірінше, командалық жұмыс дағдылары – бұл коммуникативтік және әлеуметтік дағдылар кешені (дағды – қайталау және автоматизмге жеткізу жолымен қалыптасқан әрекет).

Н.А. Косалапов пікірінше «Командада жұмыс істей білу» командалық жұмыс қабілеті ортақ мақсатқа жету үшін команда мүшелерінің арасындағы оң өзара әрекеттесу болып табылады және команда мүшелерінің мүдделері сәйкес келеді деп жазады.

Командалық жұмыс – бұл өзара қолдау мен көмекті қажет ететін адамдар арасындағы өзара әрекеттестіктің тамаша нұсқасы.

Ынтымақтастық жұмыстарды орындау барысында балалардың адамгершілік-эстетикалық тәрбиесі жүзеге асырылады, олар келесі дағдыларды дамытады:

- бірлескен жұмыс, оның мазмұны туралы келіссөздер жүргізу.
- бірге жұмыс жасау, бір-біріне жол беру, көмектесу, кеңес беру.
- өз жұмысын жоспарлау, оның ретін, мазмұнын, құрамын анықтау;
- жұмыс жасау кезінде өзінің және жолдасының жетістіктерін бағалау.

Командада жұмыс істеу қабілеті балалардың өзара әрекеттесуін білдіреді, бұл қатысушылардың келісілген мақсаттарға жету үшін күш біріктіруді, топтық жұмысты бірлесіп жоспарлауды үйренеді, мақсатқа жетуге ұмтылады. Өзара әрекеттесу кезеңінде бір-біріне қолдау көрсету, бір-біріне

жеке ішкі міндеттерге және ортақ мақсаттарға жетуге көмектесу маңызды.

- топтық жұмыс үшін дұрыс тапсырмаларды таңдау өте маңызды:

- жұмыстың мазмұны балаларға қызықты болуы керек.

- тапсырмалар балаларға қиындық деңгейінде қол жетімді болуы керек.

Тапсырмалар жиынтығы проблемалық болуы керек, белгілі біртанымдық қиындық тудыруы керек, бар білімді белсенді пайдалануға мүмкіндік беруі керек.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті қарым-қатынасын нығайту үшін қолданылатын квест тапсырмалары да өте тиімді болып табылады. Себебі тапсырмалар негізінде бір-бірінің ойын ескеріп, диалог құруға, қарым-қатынасты нығайтуға толық жағдай жасалады.

Зерттеу жұмыстарын қорытындылай келе, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытуда жоғарыда аталған әдістемелік жүйені басшылыққа алу оң нәтиже берері сөзсіз.

2.3 Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Зерттеу жұмысымыздың тақырыбы бойынша теориялық және әдістемелік зерттеулерге сүйене отырып, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту аясында басшылыққа алынатын компоненттерді, өлшемдер мен көрсеткіштерді, соған сәйкес жоғары, орта, төмен деңгейлерін нақтылап, құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық.

Модель (франц.тілінен ауд. modele – үлгі деген) дегеніміз – белгілі бір жүйенің бейнесі. Модель – объектіні (табиғи немесе әлеуметтік) бейнелейтін немесе жаңғыртатын және оны зерттеу осы объект туралы жаңа ақпарат беретін етіп алмастыра алатын ақыл-ой немесе материалдық тұрғыдан жүзеге асырылатын жүйе.

Модельдің қасиеттері бойынша объектінің барлық қасиеттерін бағалауға болмайды, тек модельде де, объектіде де ұқсас; мұндай қасиеттер маңызды деп аталады. Модельге қойылатын негізгі талаптардың бірі – сәйкестік талабы, яғни оның негізгі, маңызды қасиеттері, параметрлері бойынша шындыққа сәйкестігі.

Е.А. Нагрелли педагогикада модельдің жалпы түрі белгілі бір жүйенің маңызды компоненттері арасындағы маңызды байланыстар мен қатынастарға негізделген құрылымдық және функционалды модель екенін көрсетеді [158, б. 255].

Зерттеушінің пікірінше, педагогикадағы модельдеу бірқатар факторлармен қиындайды. Олар байланысты:

- біріншіден, әлеуметтік құбылыстар мен үдерістердің көп факторлығымен;

- екіншіден, субъективті фактордың болуымен модельдер, әдетте, детерминистік емес, стохастикалық сипатқа ие;

- үшіншіден, әлеуметтік құбылыстарды анықтайтын факторлар мен жағдайлар, әдетте, табиғи үдерістерде болғаннан гөрі сандық сипаттауға қиын болатын сапалық белгілерден тұрады.

А.И. Немовтың «модель» анықтамасы модельдің екі сипаттамасына негізделген:

1) Модель – бұл «ақыл-ой немесе материалдық тұрғыдан іске асырылған жүйе»;

2) Модель – бұл «прототипті зерттеу құралы».

3) Бұл сипаттамалар модельдерді және модельдерді алу үдерісін зерттеу үшін

4) Модельдеуді танудың логикалық әдісін қолдануға мүмкіндік береді: аналогия бойынша тұжырымдар, оның тақырыбы ақпаратты модельден прототипке ауыстыру және жүйелік тәсіл [26, б. 26].

5) Қазіргі ғылымда «Модель» сөзі объектінің жасырын ішкі қасиеттерін модельдеуге бағытталған.


6) Г.К. Селевкодан кейін «Модель» терминін белгілі бір қасиеттерді көрсететін және білдіретін жүйенің бір түрі. Модель – маңызды байланыстардың идеализацияланған объектісі [159].

7) И.А. Луценко өзінің зерттеу жұмысында коммуникация және оның түрлерінанықтай отырып, қарым-қатынастың бірнеше моделін анықтаған:

Сызықтық модель қарым-қатынасты үдеріс ретінде бейнелейді, адресат хабарламаны жасайды және оны адресатқа жібереді, бұл ауызша немесе жазбаша сөйлеу арқылы жүзеге асырылады.

Интерактивтік модель міндетті түрде талқылауға жағдай жасайтын кері байланысты қамтиды. Коммуникативтік үдеріске белсенді қатысуға тартылған әрбір адам келесі сөйлеу актісін ынталандыратын ақпаратты алушы да, жіберушіде кезек-кезек әрекет етеді.

Транзакциялық модель қатысушылардың хабарламаларын бір уақытта жіберу және алуды қамтиды. Байланыс актісі өткен, қазіргі және болашақ оқиғалар аясында қарастырылады, бір-бірімен өзара әрекетке қатысушылар қарым-қатынас жасайды (сурет 14).




Сурет 14 – Транзакциялық модель

Сонымен қатар коммуникацияның әр қатысушысы– коммуникатор, яғни өз хабарламасын тек алынған ауызша хабарламаны түсіндіру негізінде ғана емес, сонымен бірге, ең алдымен, өзінің белсенділігі мен мақсаттарына қол жеткізу құралдарымен байланыстыру арқылы жасайды [65, б. 58].

Коммуникативті акт – хабарламаны коммуникатордан (жіберушіден)

алушыға (алушыға) беру үдерісі. Бұл ретте коммуникативтік актінің аяқталуы жіберілген хабарламаны қабылдау фактісі және кері байланысты растау болып табылады. Осылайша сызбадан байқағанымыз, коммуникация адамға өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыруға және әлеуметтік құндылықтарды жүзеге асыруға ықпал етеді: (ескертеді, хабарлайды, түсіндіреді, сипаттайды; көңіл көтереді, сендіреді және т.б.)

Коммуникативтік үдерістің элементтерін талдауға сүйене отырып, өз жұмысымызда әр сұраққа сәйкес келетін және қарапайым (сызықтық) байланыс моделін білдіретін графикалық түрдегі негізгі бес коммуникация элементтерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді [160] (сурет 15).



Сурет 15 – Коммуникацияның қарапайым (сызықтық) моделі (Г. Лассуэлл бойынша)

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектепке дейінгі жасындағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың ұсынылып отырған үлгісі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартының (бұдан әрі – Стандарт)» талаптарын орындауға бағытталған. Мұнда мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік шеберлігі мен дағдылары, болашақ мектеп қабырғасына еркін толыққанды дайын жан-жақты қарым-қатынасты меңгерген тұлғаны қалыптастыруда бағытталған. Біздің зерттеу жұмысымыздағы басты міндетіміз – жоғарыда талданған теориялық және педагогикалық-психологиялық аспектілерін басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі ересек жастағы баланың коммуникативтік дағдысы қалыптасқан бала моделін құру. Сол себепті біз зерттеу жұмысымызда модельді құруда ғылыми әдіснама, әдіснамалық тұғыр, тиімді ұстанымдар арқылы жүзеге асады. Тұжырымдамалық негіз бөлімінде зерттеу мәселесінің мақсаты, міндеттері тұғыр мен ұстанымдары жан-жақты талданған. Келесі бөлімдер аталған үлгінің біртұтас қызметін өзара қамтамасыз ететін негізгі құрылымы болып табылады:

Модельдің тұжырымдамалық негізі.

Педагогикалық әдіснамада тұғыр мен ұстаным ұғымдары жиі кездеседі, тұғыр – функционалдық тұрғысынан қызмет атқарса, ұстаным – зерттеу мәселесінің нақты элементі ретінде қолданылады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту төмендегі тұғырларға негізделеді: *жүйелілік, кіріктірілген, коммуникативтік, іс-әрекеттік, синергетикалық тұғырлар*.

Зерттеу жұмысымызда басшылыққа алынған *жүйелілік* тұғырды жан-жақты сипатайық.

Жүйелілік тұғыр – танымды әрекеттің әмбебап құралы. Кез-келген педагогикалық құбылыс ішкі және сыртқы құрамдас болатын жүйеден тұрады. Жүйе дегеніміз – біртұтас бүтіндік құрайтын өзара байланысты бөлшектердің ретке келтіретін жиынтығы мен олардың арасындағы қарым-қатынасы. Жалпы «жүйе» ұғымы грек тілінен аударғанда «құрастыру» деген мағынамен түсіндіріледі.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуда жүйелілік тұғырының алатын орыны ерекше. Себебі жүйелілік тұғыр барысында педагогикалық жүйе бір-бірімен байланысты құрамдас бөлшектердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Мұнда білім беру мақсаты беріліп, педагогикалық үдеріс субъектілері (тәрбиеші-педагог – бала, бала – бала) қатысады.

Осылайша, жаңартылған білім мазмұны жағдайында білім берудегі басты назарды балалардың белсенді қызметіне аударады. Жүйелі іс-әрекет барысында бала әмбебап оқу әрекеттерін игереді, тұлға ретінде дамиды (әмбебап оқу әрекетінің негізгі түрлері – коммуникативтік, танымдық, бақылаушы, тұлғалық).

Ендеше осы аталған жүйенің бір-бірімен тығыз байланысын орнатып, ортақмақсатқа бағыттауда тәрбиеші мен баланың арасындағы жүйелі іс-әрекет талапетіледі.

Тәрбиеші-педагогтің міндеті – балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында танымдық әрекетін тиімді ұйымдастыру. Іс-әрекетті ұйымдастыру кезінде баланың жеке басының дамуының психологиялық, жас және жеке ерекшеліктерін және осы ерекшеліктерге тән қызмет түрлерін ескеру қажет.

Аталмыш әдіснамалық тәсіл аясында коммуникативтік дағдыларды дамыту үдерісінің мазмұны субъектілердің танымдық сөйлеу қызметі ретінде қарастырылып отыр, бұл мақсатқа бағытталған сипатқа ие, қажеттілік пен жоспарлауға және нақты әдістерге негізделген ұйымдастырылған іс-әрекет коммуникативтік дағдыларды жүзеге асырумен анықталады.

Кіріктірілген тұғыр – педагогикалық үдерістің кез келген компонентінде кіріктірілген ұстанымды жүзеге асыру, педагогикалық үдерістің тұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ету. Кіріктірілген тұғыр – бұл жүйенің немесе бүкіл жүйенің жеке элементтерін сапалы түрлендіру үдерістері. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үдеріс пен педагогикалық кірігу (пәнаралық, пәнішілік, тұлғалық, тұлғаишілік) нәтижесі ретінде ұсынылған. Кіріктірілген тәсіл Қазақстан халқының мәдениеті, салт-дәстүрімен таныстыру барысында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үдерісінің түрлі аспектілерін қарастыруды ұсынады, бұл тыңсапалы нәтиже, жаңа жүйелі және біртұтас білім береді. Коммуникативтік дағды мен танымдық, зияткерлік, физикалық

қасиеттері, шығармашылық әлеуметтік-эмоционалды дағдылары ойын түрінде ұйымдастырылған және кіріктірілген іс-әрекет барысында жүзеге асырылады. Сонымен қатар бала бойындағы қалыптасатын дағдылар коммуникация, сыни ойлау, командамен жұмыс, креативтілік дағдыларын кіріктіру және әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыптары сәйкес болуы өте тиімді. Сол себепті біздің зерттеу жұмысымызда таңдалған кіріктірілген тұғыры ұтымды деп есептейміз.

Аталған тұғыр жаңартылған білім беру мазмұнында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, қағидаларды анықтаудың негізі болып табылады.

Коммуникативтік тұғыр. Коммуникативтік тұғыр мектепке дейінгі ересек жастағы баланы ұйымдастырылған іс-әрекеттің субъектісі ретінде тануға көмектеседі, ал оқыту және тәрбиелеу жүйесі мектепке дейінгі ересек жастағы баланың жеке психологиялық, жас және ұлттық ерекшеліктерін, сондай-ақ оның мүдделерін барынша есепке алуды көздейді.

Сөйлеудің нақты жағдайы ретінде сөйлеу әрекетін түсіну балаларды оқытудағы коммуникативтік тұғыр сәйкес жүргізілетін заманауи зерттеулерге тән (В.И. Капинос, А. А. Леонтьев, М. Р. Львов, Б. И. Пассов және басқалар). Ғалымдардың пікірлерінше, коммуникативтік тұғырдың ең тиімді екендігін алға тартады, себебі сөйлеу дағдыларының икемділігін, оларды әртүрлі өмірлік жағдайларға ауыстыру мүмкіндігін қалыптастырады. Сөйлеудің коммуникативтік және танымдық функциясының өзара әрекеттесуі туралы ереже, біздің ойымызша, мектепке дейінгі білім берудегі балалардың сөйлеу әрекетін ұйымдастырудың негізі болып табылады. Осы ұстанымға сүйене отырып, сөйлеуді ассимиляциялаудың коммуникативтік (әлеуметтік) және танымдық мотивтерін қарым-қатынаста өзектендірілуі қажет балама мотивациялық тенденциялар ретінде ажыратуға болады. Балалардың мектепке оқуға мотивациялық дайындығы мәселесі тұрғысынан бұл, бір жағынан, мектепке дейінгі жастағы балалардың тілі мен сөйлеу заңдылықтарын ашудағы танымдық белсенділігін арттыру керек дегенді білдіреді. Екінші жағынан, балалардың құрдастарымен және ересектермен шынайы қарым-қатынасын ояту және қолдау, сөйлеу дағдыларын игеру нәтижелері оқу іс-әрекеті үшін ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмір үшін де маңыздылығын қамтамасыз етуі қажет [161].

Коммуникативтік тұғыр тілдік қарым-қатынасты үйретуге, оялмасу үшін тілді қолдануға бағыттайды. Ол үшін ұйымдастырылған іс-әрекетте балалардың қарым-қатынас жасау және қарым-қатынас үдерісінде кәсіби маңызды және ақпараттың жалпы мәдени құндылығын түсіну қажеттілігін қалыптастыруға және қолдауға баса назар аударылады.

Аталған тәсіл қазіргі заманғы оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптарды іске асырады: педагогтің сабақтағы коммуникативтік мінез-құлқы; нақты өмірдегі қарым-қатынас жағдайларын қайта жасайтын және осындай жағдайлар шеңберінде оқу іс-әрекеттерін орындауды көздейтін тапсырмаларды пайдалану; сөйлеудегі грамматикалық форманы және оның функцияларын қатар меңгеру;

балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алу.

Коммуникативтік тұғырдың әдістемелік мазмұны, ең алдымен, ұжымдық жұмыс түрлерін кеңінен қолданумен, проблемалық мәселелерді шешумен, тәрбиеші мен балалар арасындағы ынтымақтастықпен байланысты оқу іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері болып табылады.

Аталған тәсіл шеңберінде оқытудың түпкі мақсаты коммуникативтік құзыреттілікті, яғни балалардың сөйлеу қарым-қатынасына дайындығы мен қабілетін қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Бұл тәсілдің отандық әдістемедегі ең жаңа түсіндірмесі – ынтымақтастықта оқыту.

Бұл оқытудың мәні әртүрлі ұйымдастырылған іс-әрекетте балалардың белсенді бірлескен іс-әрекеті үшін жағдай жасау болып табылады. Мұндай тәсілмен оқыту 3-4 баладан тұратын шағын топтарда ұйымдастырылады. Топта (күшті, орта, әлсіз) бір тапсырманы орындау кезінде бағалау олардың біреуінің сәттілігі немесе сәтсіздігін ескеріп, бүкіл топтың нәтижесіне әсер ететін жағдайларда қойылады. Бағалауда сондай-ақ, жалпы әр бала өз жұмысының нәтижесі үшін ғана емес, бүкіл топтың нәтижесі үшін де жауап береді.

Тәжірибе көрсеткендей, бірлесіп іс-әрекет ету әр баланың сөйлеу тәжірибесінің уақытын едәуір арттыруға, сонымен қатар ақпаратты өз бетінше алуына, оны сыни тұрғыдан түсінуге және игеруге, баса назар аударуға мүмкіндік береді.

Қазіргі әдістемедегі коммуникативтік тәсіл тілді оқытудың теориялық негізінде қарастырылады. (Н.Е. Веракса, А.В. Запорожец, А.А.Люблинская, А.М. Леушина, И.Я. Лернер, Н.А. Менчинская, Е.И.Матецкая, Б.Л. Новоселова, Е.Ю. Никитина, Б.Л. Рубинштейн, Л.И. Савва, В.Л. Скапкина, О.Н. Сомкова, А.И. Савенков және т.б.) жоғары уәждемелі ақпараттық жағдайда мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуды болжайды, мұнда мектепке дейінгі жастағы балалардың әрекеті коммуникативтік мәселелерді, проблемалық жағдайларды құру мен шешудің қисынымен жүзеге асырылады, ал үйрету қатысушылардың тұлға аралық сұхбаттық өзара сипатына ие.

Іс-әрекеттік тұғыр. Іс-әрекеттің мақсаты адамдардың ақиқат өмірін қайта жаңғыртуға бағытталған. Сондықтан адамның барлық деңгейіндегі заттық және рухани әрекеті еңбек негізінде пайда болып, оның негізгі ерекшелігін бойына сіңіріп, айналадағы өмірді шығармашылықпен қайта жаңғыртады.

Әрекет тәсілінің негізгі нүктелері – ақпараттық репродуктивті білімнен іс-әрекетті білуге біртіндеп көшу.

Осылайша, жаңартылған білім мазмұны бойынша білім берудегі назарды балалардың белсенді қызметіне аударады. Іс барысында бала әмбебап оқу әрекеттерін игереді, тұлға ретінде дамиды (әмбебап іс-әрекетінің негізгі түрлері – коммуникативтік, танымдық, бақылаушы, тұлғалық).

Іс-әрекет теориясын әрбір білім алушы танымдық іс-әрекетке саналы, белсенді қатысуы арқылы өзін-өзі іске асыруы, табысқа жетуі, кәсіби өзін-өзі анықтау құралы тұрғысынан қарастырады.

Іс-әрекетті ұйымдастыру кезінде баланың жеке басының дамуының психологиялық, жас және жеке ерекшеліктерін және осы ерекшеліктерге тән қызмет түрлерін ескеру қажет.

А.Г. Асмолов, П.К. Анохин, Н.А.Бернштейн, Т.П. Щедровицкий және т.б. зерттеулеріне негізделген. Біздің зерттеуімізде бұл тәсіл мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үдерісінің құрылымын анықтауды, олардың бірізділігін балалардың меңгере білуін, құралдары мен түрлері, әдістерінің бірлігі негізінде білім беру үдерісіне қатысушылардың іс-әрекетінің құрылымын қамтамасыз етеді.

Аталмыш әдіснамалық тәсіл аясында коммуникативтік дағдыларды дамыту үдерісінің мазмұны оның субъектілерінің танымдық-сөйлеу қызметі ретінде қарастырылып отыр, бұл мақсатқа бағытталған сипатқа ие, қажеттіліктермен, жоспарлаумен және нақты әдістер негізінде нақты құралдарды тартуға негізделген коммуникативтік дағдыларды дамытуды жүзеге асырумен анықталады.

Синергетикалық тұғыр – (грек тілінен. «син» «со» бірлесіп» және «эргос» «әрекет»), «бірлік», «тұтастық» деген мағынаны білдіреді.

Синергетикалық тұғыр тұлғаны дамытудың әмбебап үлгілерін іздеуге бағытталған күрделі жүйесі болып табылады.

Синергетикалық ойлар мен пікірлер өткен ғасырдың 70 жылдарында басталып, ал «синергетика» термині Герман Хакеннің еңбектері арқылы ғылыми әдебиетке енгізілген. Педагогика сияқты синергетиканың да негізгі мақсаты – тұлғаның даму үдерісін басқару. Адамда тосыннан пайда болатын белсенділік, шығармашылық қабілеттер бар болғандықтан, қазіргі уақытта синергетика идеясы педагогикалық тәжірибеде кеңінен қолданылу үстінде [161, б.163].

Синергетика тұрғысын педагогика және методология білім беру саласында жан-жақты үлес қосқан отандық ғалымдар З.Ж.Жаңабаев, Б.А.Мукушев [162] т.б. олар күрделі, ашық жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін-өзі дамытумен байланысты болғандықтан, қазіргі философияның жаңа кезеңін ашуға серпін беретіндігін негіздейді.

З.Ж. Жаңабаев педагогика мен синергетиканың арасындағы тығыз байланысты көрсете отырып, педагогикадағы жүйелілік-қызметтік әдістер синергетикалық тұғыр негізінде дамиды деген пікір айтты [163].

Синергетикалық тұғыр білімінің ашық сызықты емес өзін-өзі ұйымдастыратын жүйелерді зерттеу мен басқаруда идеялар, ұғымдар мен әдістердің жиынтығын қолдануды қамтитын танымдық және практикалық іс-әрекеттегі әдіснамалық бағыт.

Синергетикалық тұғыр – тәрбиеші мен баланың ұйымдастырылған іс-әрекетінде бірлескен, тұтастық, ынтымақтастықта белсенді шығармашыл жұмыс жасау арқылы дамуға бағытталған күрделі педагогикалық үдеріс болып табылады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуда түрлі іс-әрекеттерді пайдаланудағы өзін-өзі ұйымдастыра алуы, айналасындағы құрбы-құрдастарымен субъектілік коммуникативтік тұрғыда белсенді ұйымдастыра алуын басшылыққа алады. Мұнда баланың өз

құрдастарымен ойын негізінде, қарым-қатынас жасауда бір-бірінің эмоционалды түсінуі, жағымды тілдік қарым-қатынасты бірлесіп, белсенділік, шығармашылық пен ізденушілік қабілеттерді, іс әрекетті тиімді қолдана алуы.

Біз өз зерттеуімізде мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың келесі ұстанымдарын басшылыққа аламыз.

Әдістемелік ұстаным зерттеу мәселесіне алынып отырған педагогикалық құбылысты өзгертуге негіз болатын басты қағидалар жиынтығы.

1. *Баланың ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас жасау ұстанымы.* Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту бағдарламасында көрсетілген мақсат-міндеттерді шешуде әртүрлі әдіс-тәсілдер мен құралдар қолданылады (ойындар, тапсырмалар, проблемалық жағдаяттар, ұйымдастырылған іс-әрекет элементтері, көркем әдебиет, қойылым және т.б.). Мұндағы басты ереже, барлық өзара әрекеттің негізі – құрдастары болып табылады. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың құрдастарымен қарым-қатынас жасау құрдас бейнесін қалыптастырудың басты шарты ғана емес, ең алдымен өзін танудың, өзіндік сана-сезімін (бала басқа «айнадағыдай» көрінеді) құрудың құралы. Сондықтан да құрдастарының неғұрлым дәлме-дәл бейнесі балаға өз-өзінің мінез-құлқын, сезімін, мүмкіндіктерін жақсы түсінуіне мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға тән эгоцентризмнің алдын алуға бағытталған (Ж.Пиже, Л.Б.Выготский).

2. *Әрекеттесудегі өзара «шекара ұстау» ұстанымы.* «Бала – ересек адам» «бала – құрдас» өзара әрекеттің нақты қағидаларының қажеттілігін болжайды. Аталған қағидалар балаға түсінікті және қолжетімді болуы тиіс. Сонда ғана бала қарым-қатынас субъектілерімен өзара әрекетке саналы да еркін түсе алады.

3. *Еліктеу ұстанымы.* Ересек адамның мақсаты құрдастарымен қарым-қатынас барысында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына жағдай жасау. Бастапқыда ересек адам басты назарда құрдастарын ұстайды, өзара әрекет мақсатын құрады, қарым-қатынас үдерісін бақылайды. Бала біртіндеп барлық бұл кезеңдерді энтериоризациялап (ішке ауыстыру), күнделікті өмірде қолдана білуі тиіс.

4. *Коммуникативтік ойын ұстанымы.* Ойынды қолдану – құрдастарына деген сезімді қалыптастырудың неғұрлым тартымды және тиімді құралы. Еліктеу ойындарынан (жануар бейнесі, ертегі кейіпкерлері) нақты қатысымға және нақты құрдастарының бейнесіне. Қатысымның вербалды құралдарын қолданудағы ойындарды таңдау вербалды емес құралдарға басымдылық таныту бағытында жүргізіледі.

Сонымен, біздің ойымызша, дәл жоғарыда аталған ұстанымдар мақсатта айқындалған, жаңартылған білім беру жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың түрлері мен әдістерін таңдауды қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту мақсатына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалармен педагогикалық жұмыс жасаудың

мазмұны анықталды.

Жоғарыда жан-жақты қарастырылған коммуникативтік дағдылар құрылымының компоненттері анықталды. Мақсаттың нәтижеге айналуы мектепке дейінгі жастағы балаларда келесі құрылымдық компоненттерді дамытудың арқасында жүзеге асырылады:

- *Мотивациялық-коммуникативтік компонент;*
- *Танымдық-коммуникативтік компонент;*
- *Эмоционалдық-коммуникативтік компонент;*
- *Іс-әрекеттік-коммуникативтік компонент;*

Барлық компоненттердің бір-бірімен өзара тығыз байланысты екенін айта кеткен жөн және бұл компоненттер баланың коммуникативтік қызметке дайындығының негізін құрайды.

Біздің ойымызша, коммуникация құрылымының осы моделінің компоненттері мектепке дейінгі жастағы балалар иеленуі керек қарым-қатынас дағдыларының компоненттеріне толығымен сәйкес келеді, өйткені қарым-қатынас үшін нақты құрылымның болуы екі қарым-қатынаста көмектеседі деп санаймыз: ол өз идеяларын жүйелеуге және есте сақтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар тыңдаушыға ұстануға және қалуға көмектеседі.

Реан А.А. қарым-қатынаста өзара байланысты үш маңызды компонентті (жақтарды) анықтаған:

- қарым-қатынастың коммуникативтік жағы (адамдар арасындағы ақпарат алмасудан тұрады);
- қарым-қатынастың интерактивті жағы (адамдар арасындағы өзара әрекетті ұйымдастырудан тұрады);
- коммуникацияның перцептивті жағы (қарым-қатынасқа түсушілердің бірін-бірі қабылдау үдерісінен тұрады) [164, б. 36].

Ломов Б.Ф. жеке тұлғаның коммуникативтік қарым-қатынасының өзіндік ерекшелігін былайша көрсетеді:

- басқалармен қарым-қатынас орнатуға ұмтылуы («Мен қалаймын»);
- қарым-қатынасты ұйымдастыру қабілеті (Мен жасай аламын»), өз кезегінде әңгімелесушіні тыңдау қабілетімен сипатталады.
- эмоционалды эмпатия, жанжалды жағдайларды шешу; басқалармен қарым-қатынас кезінде сақталуы тиіс нормалар мен ережелерді білу («Мен білемін») [75, б. 36].

Бұл ерекшелік бала дамуының барлық кезеңінде көрінеді. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда қарым-қатынас барысында қанағаттандырылатын қажеттілік мазмұны сияқты өлшемдермен сипатталатын коммуникативтік белсенділік; баланы ынталандыратын мотивтер; басқа адамдармен қарым-қатынас жасау құралдары үлкен рөл атқарады [6, б. 29].

А.В. Мудрик коммуникативтік дағдылар компоненттерін ақпараттық-коммуникативтік, реттеуші-коммуникативтік, аффективті-коммуникативтік деп бөліп көрсеткен (кесте 17) [128, б. 76].

Кесте 17 – Коммуникативтік дағдыларының компоненттері

Компоненттер топтары	Құрылымдық мазмұны
Ақпараттық-коммуникативтік	қарым-қатынас үдерісіне қатыса білу; қарым-қатынас жағдайларында серіктестерін бағдарлай білу; ауызша және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын байланыстыра білу.
Реттеуші-коммуникативтік	қарым-қатынас үдерісінде өз жолдастарының қажеттіліктерімен келісе білу; қарым-қатынас жасайтындарға сене білу, көмектесу және қолдау; бірлескен міндеттерді шешу кезінде өзінің жеке іскерлігін қолдана білу; бірлескен қарым-қатынас нәтижелерін бағалай білу.
Аффективті-коммуникативтік	өз сезімдерін, қызығушылықтарын, көңіл-күйін серіктесімен бөлісе білу; қарым-қатынас кезінде серіктесіне жауапкершілік, жанашырлық, қамқорлық көрсету; бір-бірінің эмоционалды мінез-құлқын бағалау.

Зерттеу міндеттеріне сәйкес құрылған моделдің мақсаты – мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін, компоненттерін, өлшемдерін, көрсеткіштерін, құралдары мен әдіс-тәсілдерінің тиімді нәтижесін ұсыну.

Біз ұсынып отырған құрылымдық-мазмұндық модельде жоғарыдағы компоненттерді басшылыққа алдық: *мотивациялық-коммуникативтік, танымдық-коммуникативтік, эмоционалдық-коммуникативтік, іс-әрекеттік-коммуникативтік*. Аталған компоненттерге сәйкес оның өлшемдері, көрсеткіштері мен зерттеу әдіс-тәсілдері, формалары, соған сәйкес іске асыру кезеңдері, деңгейлері анықталатын тұтас құрылымдық мазмұны болып табылады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің мотивациялық-коммуникативтік компонентінің атқаратын басты қызметі бұл ересек жастағы балалардың бір-бірімен ақпаратты алмасуға деген ынта-жігері, талпынысы, екі жақты ақпаратты алмасудың амалдарын меңгерудегі қызығушылық сезімдерімен сипатталады.

Мотивациялық-коммуникативтік компоненттің басты ерекшелігі – мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың өз ортасында еркіндігін білдіру, ал іс-әрекеттің негізгі басты түрткі күші – баланың ішкі санасының өзге балалармен толық ойын білдірудегі ынталандыруы және жігерлендіруі.

Д.Аткинсон жетістікке жету себептерін анықтаған ғалым. Ол жетістікке жету себептерін кең әлеуметтік мотивтер, өзін-өзі анықтау, жетілдіру мотивтері болуы мүмкін деген. Қызығушылық мотивтері (ынталандыру, жоғары деңгейде болу, құрбы-құрдастарының арасында ең жақсы болуға деген ұмтылыс), теріс мотивтерді (мұғалімдермен, жолдастармен жағымсыз қарым-қатынастан аулақ болу) анықтаған [165].

Б.Л. Бережковская мен Н.Б.Варенцованың зерттеулері көрсеткендей, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың іс-әрекетін шағын топтармен

ұйымдастыру мотивацияны күшейтеді, шығармашылық әрекетке ықпал етеді және балалардың қызығушылығын тудырады. Балалардың іс-әрекетін ұйымдастырудың осы түрін қолдану тиімді әрі даму әлеуетіне ие, жеке маңызды әлеуметтік мотивтерді өзектендіруге мүмкіндік береді.

Осы жағдайларды ескере отырып, мектепке дейінгі ересек жастағы баланың жеке дамуының кешенді нәтижесі – осы кезеңнің соңында қалыптасқан «баланың ішкі ұстанымы» (Л.И. Божович), баланың мектепте сәтті білім алуына қажетті көптеген психологиялық сипаттамалардың негізі мен алғы шарттарын құрайды.

«Баланың мектепке жеке дайындығы баланың мектепке және оқуға деген көзқарасынан көрінеді және баланың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің әлеуметтік мотивтерінің белгілі бір даму деңгейін және баланың ішкі жағдайын анықтайтын олардың нақты құрылымын болжайды» [166].

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ересектермен қарым-қатынасындағы әлеуметтік мотивтердің дамуы сөйлеу тілінің сапасын жақсартуға толық мүмкіндік жасайды. Балалар күрделі сөйлемдердің жеткілікті мөлшерін, сондай-ақ кейіпкерлердің эстетикалық және этикалық қасиеттерін, олардың физикалық және моральдық жағдайын анықтайтын сын есімдерді қолдана бастайды.

В. И. Ковалев мотивті қажеттілікті ынталандырумен өзгерту және байыту ретінде қарастырады. Егер ынталандыру мотивке айналмаса, онда ол «түсіндірілмейді» немесе «қабылданбайды» дегенді білдіреді. Осылайша, мотивтің пайда болуының ықтимал нұсқасы деп жазады В. И. Ковалев, келесі түрде ұсынылуы мүмкін: қажеттіліктің пайда болуы – оның хабардар болуы қажеттіліктің «кездесуі» ынталандыру мотивке қажеттілікті өзгерту (әдетте ынталандыру арқылы) және оны түсіну [167].

А. Н. Зерниченко мен Н.В. Гончаров мотивацияда үш кезеңді ажыратады: мотивтің қалыптасуы, қажеттілік объектісіне жету және қажеттілікті қанағаттандыру. Екінші және үшінші кезеңдер нақты әрекеттермен байланысты [168].

Бұл компонент білім субъектісінің іс-әрекетінің қозғаушы күші болып табылады, оның бастамасын қалыптастырады және танымдық іс-әрекеттің мақсаттылығы мен тиімділігін анықтайды. Мотив танымдық белсенділіктің эмоционалды компонентін қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады.

Осылайша жоғарыдағы мотивациялық-коммуникативтік компонентін ғалымдардың зерттеу жұмыстарын жан-жақты талдай келе біз, В.И. Ковалевтың мотивациялық компонентінің өлшемін қажеттілік-ынталандырушылық деп таңдап алуымызға себеп болды.

Қажеттілік-ынталандырушылық өлшемінің көрсеткіштері: өзара қатынас арасындағы ақпарат алмасуға ынта-ықыласы, ақпарат алмасудағы өзара түсіністікке жету, өзара қатынас арасындағы ақпарат алмасуға деген қызығушылығы, өзара жағымды қарым-қатынас құруы;

Мотивациялық-коммуникативтік компонент баланың өзге өз құрдастарымен сөйлеу тілін пайдалану барысында ынталандыру үдерісі жүретін болса, осы жағдайда баланың қарым-қатынас жасауда сол сөйлеу

тілінің ерекшеліктерін тануға, дұрыс қарым-қатынас орнатуда танымдық компоненттің алатын орны ерекше.

Олай болса, келесі танымдық-коммуникативтік компоненттің ара жігіне тоқталайық.

Танымдық-коммуникативтік компонент – бұл білімді игеруге және түсінуге, өзін-өзі тануға және өзін-өзі анықтауға ұмтылысы. Мектепке дейінгі ересек жастағы баланың танымдық іс-әрекетте мотивтері келесідей: айналасындағы әлемдегі адамның рөлі, басқа адамдармен қарым-қатынас жүйесі туралы идеяларының болуын; ауызша және ауызша емес қарым-қатынас құралдары туралы идеяларды; әртүрлі өмірлік жағдайларда мінез-құлық нормалары мен ережелері туралы түсініктердің болуы, дұрыс сөйлеу, балалардың өзара түсіністікке жеткізетін бірлескен жағымды ортаны құруда екі жақты ақпарат алмасу, бір-бірін дұрыс қабылдай алуы, дұрыс байланыс орната алатын білім көлемін анықтайды.

Балалардың бір-бірімен қарым-қатынасында жаңа білімдермен қатар сөздік қорларын дамыту, сөздермен сөздерді байланыстырып сөйлей алуы, толық сөйлемдерді қолдана отырып, құрдастарымен еркін түсінісе білуге деген танымдық қабілеттерін қалыптастырады. Танымдық компонент барысында баланың ақыл-ой белсенділігі баладағы танымдық құндылыққа терең жол ашуға мүмкіндік тудырады.

В.В. Щетининаның зерттеуіне сәйкес, мектепке дейінгі жастағы баланың танымдық белсенділігі «мазмұны мен құрылымы оның қоршаған шындыққа субъективті қатынасын анықтайтын мектепке дейінгі ересек жастағы баланың жеке басының танымдық, эмоционалды-сезімдік, мотивациялық-қажеттілік, мінез-құлық-ерікті салаларын сипаттайтын психикалық үдерістердің, күйлер мен қасиеттердің динамикалық интегративті жиынтығы» ретінде көрінеді [169].

Ғалым В.И.Щитинаның ойымен келесі отырып, біз танымдық компоненттерінің өлшем бірлігін *мазмұнды-құрылымдық* деп алуымызға себеп болды.

Мазмұндық-құндылықтық өлшемнің көрсеткіштері: екі жақты ақпарат алмасу, әрекеттесу нормалары мен ережелерін білу және оларды іс жүзінде қолдану, екіжақты ақпарат алмасуда өзара түсіністікке қол жеткізу мағынасын саналы ұғыну, екіжақты ақпарат алмасу үдерісінде өз серіктестеріне мұқият қарау туралы ұсыныстар, екіжақты ақпарат алмасу үдерісінде өзін қалай ұстау.

Эмоционалды-коммуникативтік компонент адамның әлемге, іс-әрекетке, өзіне және басқаларға деген көзқарасын көрсетеді. Бұл сүйіспеншілік, махаббат, жанашырлық таныту. Эмоционалды компонент балалардың жеке дамуымен, олардың әлеуметтенуімен тығыз байланысты педагогикалық басқарылатын үдеріс, эмоциялармен мақсатты жұмыс істеуге, балалардың эмоционалды көріністерін дәйекті түрде байытуға бағытталған.

Іс-әрекетке итермелейтін білім объектісіне эмоционалды қатынасты көрсетеді. Позитивті эмоциялар мен сезімдер білімді игеруге және өңдеуге, танымдық іс-әрекеттің дамуына негіз болатын дағдылар мен іс-әрекеттерді дамытуға ықпал етеді. Жаңа нәрсені білудің эмоционалды ләззаты

мотивацияның пайда болуының күшті қозғаушысы ретінде қызмет етеді. Бұл компонент білімге деген қызығушылықты және танымның субъективті тәжірибесінің эмоционалды мазмұнының өзіндік ерекшелігін қамтиды, бұл адамның танымдық белсенділігінің көрінісі үшін эмоционалды жағымды атмосфераны қамтамасыз етеді. Білетін адамның маңызды іс-әрекеттерге деген ұмтылысы оның эмоционалды жағдайына, сондай-ақ сыртқы және ішкі себептерден туындаған кедергілерге қарамастан, оның белгіленген білім мақсатына жетуіне ықпал ететін ерікті табандылығына байланысты.

Мектепке дейіні ересек жастағы баланың эмоционалды үдерістері тепе-теңдікке ие болады. Бірақ сонымен бірге, осы кезеңде баланың эмоционалды өмірі қанық және қарқынды болады.

Балада басқа адамға деген жанашырлық, эмпатия сияқты эмоциялар бар, онсыз балалардың қарым-қатынасы мен өзара әрекеті мүмкін болмайды. Мектепке дейінгі жастағы бала қатысатын барлық іс-шаралар (ойын, сурет салу, модельдеу, дизайн, бизнеске көмектесу) жарқын эмоционалды бояуға ие болуы керек, бала оған қызығушылық танытуы қажет.

Балалардың құрдастарына оң көзқарас танытуы, құрдастарына жеке қарым-қатынас түрін қалыптастыру (яғни «қоғамдастық», «қатысу» (Е.О. Смирнованың тұжырымдамасы) құрдастарына жеке, бәсекелестік қатынастардың басым болуы), басқаларға деген жанашырлық сияқты эмоциялардың пайда болуы, құрдасының көңілін табу, көмек көрсету үшін өз бетінше әрекет ете алуы, жұбату, ойыншықпен немесе тәттілікпен бөлісу және т.б. сондай-ақ, бала қоршаған ортаға селективті, ортасын белсендіру сияқты мотивтер қалыптасады.

Эмоционалды компоненттің өлшемін *мінез-құлықтық-құндылықтық* деп алуымызға себеп болды. Мінез-құлықтық-құндылықтықтың өлшемінің көрсеткіштері, құрдасының эмоциясын білу және түсінуі, қарым-қатынас үдерісіне кіруі, сұхбаттасушының назарын аудару мүмкіндігі, ересектер мен жақындарына мейірімділік, сыйластық білдіруі, құрдастарымен және ересектермен тілдік қарым-қатынаста еркін сұхбаттасуы.

Іс-әрекеттік-коммуникативтік компонент іс-әрекеттің әдістерін игеру нәтижесінде қалыптасқан білім мен дағдылардың операциялық мәнін анықтайды; білім мен дағдыларға негізделген адамның өзгеретін жағдайда қандай да бір іс-әрекеттік немесе әрекетті орындау қабілеті ретінде көрінеді.

Сонымен қатар іс-әрекеттік-коммуникативтік компонент танымдық қиындықтарды жеңу қабілеті, өзіндік және сапалы идеалды немесе материалдық өнімді әзірлеу бойынша іс-әрекетке қанағаттану, іс-әрекеттің өзін-өзі бағалауы, іс-әрекеттік- практикалық-дербестік, зерттеулердің толықтығы, идеялардың әртүрлілігі, әзірлеменің бірегейлігі мен күрделілігі, өнімнің сапасы, өзін-өзі анықтау.

Іс-әрекеттік-коммуникативтік өлшемнің көрсеткіштері: мінез-құлық ережелері мен нормалары арқылы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу үдерісін реттей білу, құрдастарының мүдделерін ескере отырып, өз қарым-қатынас мақсаттарын білдіру және оған қол жеткізу мүмкіндігі, құрдастарымен қарым-қатынас үдерісінде просоциалдық әрекеттерге қабілеттілік, жанжалды

жағдайларды сындарлы түрде шешу қабілеттілігі, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынаста монологтық және диалогтық сөйлеу, еркін әңгімелесу дағдыларын меңгеру.

М.И. Лисина өз жұмысында белгілі бір критерийлердің бір мезгілде болуы баланың қарым-қатынасқа деген қажеттілігін көрсете алады деп есептейді:

Бірінші критерий – баланың ересек адамға деген қызығушылығының болуы. Баланың әрекеті ересек адамды тануға бағытталған.

Екінші критерий – баланың ересек адамға деген эмоционалды көріністері. Бала ересек адамды бағалайды және оған деген көзқарасын көрсетеді.

Үшінші критерий – баланың өзін көрсетуге бағытталған әрекеттері, ересек адамның алдында оның қызығушылығын арттыру.

Төртінші критерий – баланың ересек адамның көзқарасына бейімділігі. Балалар ересек адамның берген бағасын тез қабылдайды [170].

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдылары құрылымы компоненттерінің мазмұнын кесте түрінде ұсынамыз (кесте 18).

Кесте 18 – Коммуникативтік дағдылары құрылымының құрамдас бөліктерінің мазмұны

Коммуникативтік дағдыларының компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
1	2	3
Мотивациялық-коммуникативтік	Қажеттілік - ынталандырушылық	-қарым-қатынастағы баланың Бастамашылдығы, просоциалдық әрекеті, -эмпатия мен қарым-қатынас құралдарының дамуы; -өзара қатынас барысындағы ақпарат алмасуға ынта-ықыласының болуы;
Танымдық-коммуникативтік	Мазмұндық - құндылықтық	-екі жақты ақпарат алмасуда әрекет; - нормалары мен ережелерін білу және оларды іс жүзінде қолдана алуы; -өз сезімдері мен ойларын вербалды және вербалды емес құралдар арқылы жеткізуі;
Эмоционалды-коммуникативтік	Мінез-құлықтық - құндылықтық	-құрдасының эмоциясын білу және түсінуі; -қарым-қатынас үдерісіне кіруі; -сұхбаттасушының назарын аудару мүмкіндігі; -ересектер мен жақындарына мейірімділік, сыйластық білдіруі; -құрдастарымен және ересектермен тілдік қарым-қатынаста еркін сұхбаттасуы;
Іс-әрекеттік-коммуникативтік	Іс-әрекеттік	-мінез-құлық ережелері мен нормалары арқылы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу үдерісін реттей білуі; -құрдастарының мүдделерін ескере отырып, өз қарым-қатынас мақсаттарын білдіруі және оған қол жеткізу мүмкіндігі; -құрдастарымен қарым-қатынас үдерісінде просоциалдық әрекеттерге қабілеттілігі; - жанжалды жағдайларды сындарлы түрде шешу қабілеттілігі;

		- кұрдастарымен және ересектермен қарым-қатынаста монологтық және диалогтық сөйлеу, еркін әңгімелесу дағдыларын меңгеруі
--	--	--


Б.В. Бычкова, Ю.В. Филиппова мектепке дейінгі жастағы балалар арасындағы қарым-қатынастың әртүрлі аспектілері бойынша жүргізілген зерттеулерін талдай келе, анықталған өлшемдер мен көрсеткіштердің мазмұны мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдылары қалыптасуының деңгейлерін айқындауға мүмкіндік береді (жоғары, орташа, төмен).

Жоғары деңгейі: коммуникативтік дағдылары бар мектепке дейінгі жастағы балалар өз құрдастарымен қарым-қатынасқа қызығушылық танытады, қарым-қатынас кезінде белсенді, тәуелсіз, сөйлеудің интонациялық ерекшеліктерін біледі, ауызша емес қарым-қатынас тәсілдерін қолданады; өзіне және басқаларға талапшыл және жауапты, әлсіз құрдастарына көмек көрсетеді және кеңестерді тыңдайды; тәрбиешінің ескертулерін бағалайды; эмоцияларын басқара алады; тәрбиешінің талаптарын сақтауға тырысады.

Орташа деңгейі: мектеп жасына дейінгі бала қарым-қатынас жағдайында бағдарлай алмауымен және қарым-қатынас нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалай алмауымен ерекшеленеді, олар вербалды (ауызша емес) қарым-қатынас тәсілдерін толық білмейді, құрдастарының талап-тілектерін дұрыс бағаламайды, эмоционалды жағдайын нашар басқарады.

Төмен деңгейі: коммуникативтік дағдылары орта деңгейдегі балалар қарым-қатынаста қиындықтар болады, қарым-қатынас жағдайын түсіну және оған жауап беру кезінде қиындықтар жиі кездеседі.

Әрі қарай, зерттеу логикасы бойынша біз жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту моделін теориялық негіздеуге көшеміз. Біз балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үдерісін модельдеуді шындықты зерттеудің модельдік тәсілі туралы тұжырымдамалық идеяларға, ғалымдардың еңбектерінде ұсынылған педагогикадағы модельдеу, модельдер мен әдістер туралы теориялық идеяларға сүйене отырып жүргіземіз. Аталған үлгі жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы балалармен эксперименттік жұмыстар ұйымдастыру үшін негізге алынды (сурет 16).



Сурет 16 – Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту моделі

Ұсынылып отырған жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту моделі:

- мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша мақсаттылық тұжырымдардың жиынтығы болып табылады;

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауының құралы;

- оның барлық компоненттері (құраушылары) өзара тығыз байланыста, әрекеттестікте күрделі бір құрылым құрайды, ол өз кезегінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытады.

Модельді жүзеге асыруда мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда формалар, әдістер, құралдар қолданылады. Ұйымдастырылған іс-әрекет инновациялық формада қарастырылып, онда дәстүрлі, интерактивті, диалогтік, қатысымдық, ойын және т.б.әдістер қолданылады. «Сөйлеуді дамыту», 4К негізіндегі ойын жиынтығы құралдарының «тәрбиеші (ересектер) – бала, бала (құрдас) – бала өзара әрекеттестігінде балалардың коммуникативтік дағдыларын нәтижелі дамытуда ықпалы зор.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту жеке тұлғалық сапаларының компоненттерінің (мотивациялық-коммуникативтік, танымдық-коммуникативтік, эмоционалдық-коммуникативтік, іс-әрекеттік-коммуникативтік) қалыптасуына сәйкес жүзеге асырылады. Кезеңдердің жүзеге асырылуына мазмұн негіз болады. Ал бұл болса, модельдің құрылымдық бөліктерінің бір-бірімен тығыз байланыста құрылғандығын білдіреді.

Модельде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың қажеттілік-ынталандырушылық, мазмұндық-құндылықтық, мінез-құлықтық-құндылықтық, іс-әрекеттік өлшемдері көрсетілді. Олардың төмен, орта, жоғары деңгейлері айқындалған.

Біз ұсынып отырған модель мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған және мақсатты жүйелі жұмыс пен даярлықты талап ететін кешенді және көп қырлы үдеріс.

Осы модельдің тиімділігін айқындау үшін тәжірибелік-эксперимент жұмысын жүргізу қажет болды. Оның өткізілу барысы мен мазмұны келесі тарауда баяндалады.

3 ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫСЫН ДАМУДАҒЫ АНЫҚТАУ ДАМУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСТАРЫ

3.1 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың диагностикасы

Бұл бөлімшеде жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудағы тәжірибелік-эксперимент жұмысының барысы мен ұйымдастырылу ерекшеліктері қарастырылып, эксперименттік зерттеу нәтижелері сандық және сапалық тұрғыдан талданады.

Эмпирикалық зерттеу әдістерінің бірі ретінде тәжірибелік-эксперимент зерттелетін психикалық құбылыстар мен үдерістер толық басқарылып, бақыланатындай жағдайларда жүргізілетіні белгілі.

Ал зерттелетін құбылыстар мен үдерістердің қалыптасу заңдылықтары мен механизмдерін анықтауға мүмкіндік беретін негізгі әдіс – педагогикалық эксперимент. Ол белгілі бір зерттеу мақсатына сәйкес қадағалауға негізделген және педагогикалық жағдайларда психологиялық-педагогикалық құбылысты мақсатты және жоспарлы түрде зерттеуге бағытталған ғылыми таным тәжірибесі ретінде түсініледі.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс зерттеу мәселесі бойынша ғылыми болжамды және теориялық негіздерді тексерудің негізгі жолы болып табылады.

Педагогикалық эксперименттің мақсатына байланысты оның келесі түрлерін ажыратады:

1) өмірде бар педагогикалық теория мен практика мәселелері зерделенетін **анықтаушы эксперимент**. Бұл эксперимент зерттеудің басында зерттелетін мәселенің оң және теріс жақтарын анықтау үшін жүргізіледі;

2) **қалыптастырушы эксперимент** барысында жаңа педагогикалық технологиялар құрастырылады (мысалы, оқытудың және тәрбиелеудің жаңа мазмұны, нысандары, әдістері енгізіледі, инновациялық бағдарламалар, оқу жоспарлары және т.б. құрылады). Егер нәтижелер жүргізілген қалыптастырушы іс-шаралардың тиімділігін көрсетіп, зерттеу болжамы расталса, онда алынған мәліметтер одан әрі ғылыми-теориялық талдаудан өтіп, қажетті тұжырымдар жасалады;

3) **бақылау эксперименті** – психологиялық-педагогикалық көрсеткіштерді қайта диагностикалау және оларды анықтау эксперименті шеңберіндегі диагностика нәтижелерімен салыстыру. Ол көбінесе статистикалық әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Егер нәтижелер шартты түрде оң сапаның жоғарылауын немесе шартты түрде теріс сапаның төмендеуін көрсетсе, онда субъектілерге әсер ету құралының тиімділігі туралы қорытынды жасалады (дамытушы ойындар, жаңа педагогикалық әдістер мен технологиялар және т. б.).

Көбінесе эксперименттің жоғарыда аталған түрлері кешенді түрде

колданылады. Мұның өзі зерттеудің біртұтас өзара байланысын, дәйекті парадигмасын (моделін) құрайды.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік жұмысының мақсаты – мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың әдістемелік кешенін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру.

Осы мақсатқа сәйкес тәжірибелік-эксперимент жұмысының келесідей міндеттері анықталды:

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың моделінде көрсетілген әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар негізінде балалардың коммуникативті дағдылары дамуының компоненттері, критерийлері мен көрсеткіштеріне сәйкес адекватты психодиагностикалық әдістемелерді сұрыптау;

- зерттелушілердің таңдама топтарын айқындап, олармен жүргізілетін тәжірибелік-эксперимент жұмысын ұйымдастыру;

– арнайы құрылған авторлық сауалнамалар негізінде мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешілері мен ата-аналардың мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту туралы ой-пікірлерін анықтау;

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысы дамуының деңгейін алғашқы реттік диагностика негізінде анықтау;

- қалыптастырушы эксперимент барысында жүзеге асырылған жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың әдістемелік кешенінің тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмысы аясында тексеру;

- алынған мәліметтерді математикалық-статистикалық әдістер арқылы өңдеу және талдау, зерттеу болжамын дәлелдеу және тұтас жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелерін қорытындылау.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы 2019-2021 жылдары аралығында өткізілді.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының базасы. Эксперимент жұмысы Алматы қаласының мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындары №30, №105, 179 «Бөбекжай-балабақшаларында» ересек топ балаларымен («Құлыншақ», «Толағай», «Балауса», «Қарлығаш», «Құлыншақ» топтарында) жүргізілді.

Зерттелушілер туралы мәлімет. Тәжірибелік-эксперимент жұмысына барлығы 150 бала қатысты: эксперимент тобында –76 бала, бақылау тобында – 74 бала болды. Сонымен қатар экспериментке 35 ата-ана мен 27 тәрбиеші қатысты.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы үш кезеңнен тұрады: анықтаушы эксперимент; қалыптастырушы эксперимент; бақылау, яғни зерттеу жұмысының нәтижесін тексеру эксперименті.

Анықтаушы эксперименттің мақсаты – мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысының даму деңгейі алғашқы мәліметтеріне сүйене отырып, дамытудың жолдарын анықтау, сонымен бірге мектепке

дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту моделінің үш компоненттері (*мотивациялық, танымдық, эмоционалдық, іс-әрекеттік*) бойынша балалардың коммуникативтік дағдылар деңгейлерін (жоғары, орташа, төмен) айқындау болып табылады.

Осы орайда мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын диагностикалау үшін мынандай әдістемелер кешені айқындалып, қолданылды:

- 1) «Баланың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге ұмтылысын диагностикалау» авторлық сауалнамасы;
- 2) Г. Р. Хузееваның ситуациялық жағдаяттар «Менің досым» суретті әдісі;
- 3) Г.Р. Хузееваның «Бояу» әдістемесі;
- 4) Е.О.Смирнованың балалардың құрдастарымен қарым-қатынаста коммуникативтік құзыреттілігін анықтауға арналған «Суреттер» әдістемесі.
- 5) Е. Е. Кравцованың «Ересек адаммен контекстік қарым-қатынас» әдісі;
- 6) Е.А. Вороничтің байланыстыра сөйлеу құралдарын қолдануды бағалау әдістемесі (Е.М. Мостюкова и Т.Б. Филичева тапсырмалары негізінде);
- 7) Е.А. Вороничтің «Баланың коммуникативті мінез-құлық профилі» әдістемесі (М.И. Лисина бойынша).

Бұл әдістемелер мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері бойынша жіктелді (кесте 19).

Кесте 19 – Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысының бастапқы деңгейін зерттеу әдістемелері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер	Әдістемелер
1	2	3	4
Мотивациялық — коммуникативтік	Қажеттілік - ынталандырушылық	-қарым-қатынастағы баланың бастамашылдығының, просоциалдық әрекеті, -эмпатия мен қарым- қатынас құралдарының дамуы; -өзара қатынас барысындағы ақпарат алмасуға ынта-ықыласының болуы;	«Баланың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге ұмтылысын диагностикалау» авторлық сауалнамасы
Танымдық— коммуникативтік	Мазмұндық — құндылықтық	-екі жақты ақпарат алмасуда әрекет; - нормалары мен ережелерін білу және оларды іс жүзінде қолдана алуы; -өз сезімдері мен ойларын вербальді және вербальді емес құралдар арқылы жеткізуі;	Г. Р. Хузеева Ситуациялық жағдаяттар; «Менің досым» суретті әдіс. Сонымен қатар экспериментке 35 ата-ана мен 27 тәрбиеші қатысты.Кравцованың «Ересек адаммен контекстік байланыс» әдісі
Эмоционалдық — коммуникативтік	Мінез-құлықтық — құндылықтық	-құрдасының эмоциясын білу және түсінуі; -қарым-қатынас процесіне кіруі; -сұхбаттасшының назарын аудару мүмкіндігі;	Вороничтің «Байланыстырасөйлеу құралдарын қолдануды бағалау» әдістемесі (Е.М. Мостюкова және

19-кестенің жалғасы

1	2	3	4
		-ересектер мен жақындарына мейірімділік, сыйластық білдіруі; -құрдастары мен және ересектермен тілдік қарым- қатынаста еркін сұхбаттасуы;	Т.Б. Филичива тапсырмалары негізінде) Г.Р. Хузееваның «Бояу»әдістемесі
Іс— әрекеттік-коммуникативтік	Іс — әрекеттік	- мінез-құлық ережелері мен нормалары арқылы қарым- қатынас пен өзара әрекеттесу процесін реттей білуі; - құрдастарының мүдделерін ескере отырып, өз қарым- қатынас мақсаттарын білдіруі және оған қол жеткізу мүмкіндігі; - құрдастарымен қарым- қатынас процесінде просоциалдық әрекеттерге қабілеттілігі; - жанжалды жағдайларды сындарлы түрде шешу қабілеттілігі; - құрдастарымен және ересектер мен қарым- қатынаста диалогтық және диалогтық сөйлеу, еркін әңгімелесу дағдыларын меңгеруі	Е.А. Вороничтің «Баланың коммуникативті мінез- құлық профилі» әдістемесі (М.И. Лисина бойынша) Е.О.Смирнованың баланың құрдастарымен қарым-қатынаста коммуникативтік құзыреттілікті анықтауға арналған «Суреттер» әдістемесі


Кестедегі таңдалып алынған диагностикалық әдістемелердің көмегімен алынған нәтижелер төменде талданып көрсетілген. Сондықтан мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту бойынша тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсаты мен міндеттері, модельдің компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлеріне сәйкес алынған нәтижелері ашып көрсетіледі.

Зерттеуіміздің негізгі мәселесі коммуникативтік дағдының даму деңгейін анықтауға арналған психодиагностикалық әдістемелер жиынтығындағы бірінші қолданған әдістеме – ол өзімізбен құрастырылған авторлық сауалнама болды. «Баланың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге ұмтылысын диагностикалау» әдістемесі бойынша төмендегідей нәтижелер алынды (кесте 20).

Кесте 20 – «Баланың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге ұмтылысын диагностикалау» әдістемесі бойынша анықтаушы эксперименттегі балалардың құрдасымен қарым-қатынасқа түсу мотивациясы деңгейлерінің (%) пайыздық көрсеткіштері

Деңгейі	Бақылау тобы(76 бала)	Эксперимент тобы(74 бала)
Жоғары	13 (17,1%)	14 (18,9%)
Орташа	36 (47,4%)	34 (45,9%)
Төмен	27 (35,5%)	26 (35,2%)

Бұл нәтижелер диаграммада көрсетілді (сурет 17).



Сурет 17 – Анықтаушы эксперимент бойынша балалардың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу мотивациясы деңгейлерінің (%) пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы


Жоғарыдағы нәтижелерден байқағанымыздай, бақылау және эксперименттік топта да балалардың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу ұмтылысы орташа және төмен деңгейдегі көрсеткіштерді көрсетті. Мұның өзі анықтаушы кезеңде екі топтың балаларында құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу мотивациясы жеткілікті дамымағандығын білдіреді.

Келесі әдістеме – Г. Р. Хузееваның ситуациялық жағдаяттар «Менің досым» суретті әдістемесі бойынша балалардың салған суреттері мен әңгімелесу барысында алынған жауаптары кілтке сәйкес талданып, келесі нәтижелер алынды (кесте 21).

Кесте 21 – Г. Р. Хузееваның ситуациялық жағдаяттар «Менің досым» суретті әдістемесі бойынша анықтаушы эксперименттегі балалардың құрдастарына эмоционалды қатынас деңгейлерінің (%) пайыздық көрсеткіштері

Деңгейі	Бақылау тобы (76 бала)	Эксперимент тобы (74 бала)
Жоғары	14 (18,4%)	12 (16,2%)
Орташа	39 (51,3%)	35 (47,2%)
Төмен	23 (30,3%)	27 (36,5%)

Анықтаушы эксперименттегі Г. Р. Хузееваның ситуациялық жағдаяттар «Менің досым» суретті әдістемесі бойынша балалардың құрдастарына эмоционалды қатынас деңгейлері өлшемдеріне сүйене отырып, бақылау тобы мен эксперименттік топтардың пайыздық салыстырмалы көрсеткіштері диаграммада келтірілді (сурет 18).



Сурет 18 – Анықтаушы эксперимент бойынша балалардың құрдастарына эмоционалды қатынас деңгейлерінің (%) пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Бұл диаграммадан байқағанымыз, бақылау және эксперимент топтарындағы айырмашылықтар көп емес. Зерттеу барысында алынған көрсеткіштер бақылау және эксперименттік топтарда балалардың құрдастарына эмоционалды қатынас деңгейлері әлі де дұрыс қалыптаспағандығын, көбінесе амбивалентті және жағымсыз қатынастардың басымдығын көрсетті. Бақылау тобын құраған балаларда құрдастарына эмоционалды қатынастың жоғары деңгейі барлығы 76-ның ішінде не бары 14 зерттелушіде, яғни 18,4%-нда көрініс тапса, ал эксперимент тобында жоғарғы деңгейлік көрсеткіш 12 (16,2%) зерттелушіде көрінді.

Аталмыш әдістеменің талдауы бойынша балалардың құрдастарына эмоционалды қатынас деңгейлері төмен тұлғалар тиімді бірлесіп әрекет ете алмайды, өзара жағымсыз қатынаста болады. Мұндай салқын қатынастар балалардың кез-келген іс-әрекетте мақсатқа жетуіне кедергі келтіруі мүмкін.

Алынған нәтижелер зерттеуге қатысқан балалардың құрдастарына эмоционалды қатынас деңгейлерінің орташа көрсеткішін көрсетті – бақылау тобында 39 (51,3%) балада, эксперимент тобында 35 (47,2%) балада орташа деңгей анықталды. Мұның өзі екі топтағы зерттелуші балаларда құрдастарымен көбінесе амбивалентті қатынастар тән екендігін білдіреді.

Екінші ретте бізбен қолданылған Г.Р. Хузееваның «Бояу» әдістемесі бойынша балалардың пайыздық көрсеткіштері 22-кестеде көрсетілді.

Кесте 22 – Анықтаушы эксперименттегі Г.Р. Хузееваның «Бояу» әдістемесі бойынша балалардың пайыздық көрсеткіштері

Тұлғааралық қарым-қатынас параметрлері	Бақылау тобы (76 бала)			Эксперимент тобы (74 бала)		
	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
		а			а	н

1	2	3	4	5	6	7
Құрдасының іс-әрекетіне эмоционалды қатысу дәрежесі	15 (19,7%)	24 (31,6%)	37 (48,7%)	14 (19%)	27 (36,4%)	33 (44,6%)
Үлкендердің құрдасының жұмысын бағалауға эмоционалды реакциясы	17 (22,3%)	26 (34,2%)	33 (43,4%)	19 (25,7%)	25 (33,8%)	30 (40,5%)
Просоциалды мінез-құлықтың көріну дәрежесі	12 (15,8%)	22 (28,9%)	42 (55,2%)	13 (17,5%)	24 (32,5%)	37 (50%)

22-кестеден көріп отырғанымыздай, бақылау тобы зерттелушілерінде бірінші параметр – құрдасының іс-әрекетіне эмоционалды қатысу дәрежесінің төмен көрсеткіштері 37 (48,7%) және орташа көрсеткіштері 24 (31,6%) баладан алынды. Мұның өзі бақылау тобы зерттелушілеріне басқа баланың іс-әрекетіне қызығушылықтың болмауы немесе әлсіз қызығушылық тән екендігін көрсетеді. Екінші параметр үлкендердің құрдасының жұмысын бағалауға эмоционалды реакциясы бойынша бұл балалардың арасында төмен көрсеткішті көрсеткендер 33 (43,4%), ал орташа көрсеткішке ие болғандар саны 26 (34,2%) болды. Бұдан жасайтын қорытынды мұндай балаға құрдастарының бағаларына нем құрайлы қарауы немесе тіптен оның теріс алған бағасына қуанып, құрдастарының оң бағасына керісінше, ренжуі сияқты реакция танытуы тән.

Үшінші параметр просоциалды мінез-құлықтың көріну дәрежесі шкаласы бойынша бақылау тобындағы балалардың 42 (55,2%) төмен, 22 (28,9%) орташа көрсеткіштерге ие болды. Мұндай көрсеткіштер көрсеткен балаларға әдетте құрдастарының өтінішінен бас тартады, тек егер де ол одан бірнеше рет қайталап сұрағанда ғана өтінішін орындауы немесе орнына басқа нәрсені сұрауы тән болады.

Эксперимент тобы зерттелушілерінде бірінші параметр - құрдасының іс-әрекетіне эмоционалды қатысу дәрежесінің төмен 33 (44,6%) және орташа көрсеткіштері 27 (36,4%) тән. Бұл балаларға да құрдасының іс-әрекетіне қызығушылықтың жеткіліксізді тән екендігін көрсетеді.

Екінші параметр бойынша бұл балалардың арасында төмен көрсеткішті көрсеткендер 30 (40,5%), ал орташа көрсеткішке ие болғандар саны 25 (33,8%)

болды. Бұл көрсеткіштер мұндай балаға үлкендердің құрдасының жұмысын бағалауға эмоционалды реакциясы жеткіліксіз дамығандығын көрсетеді.


Үшінші параметр бойынша эксперименттік топтағы балалардың 37 (50%) төмен, 24 (32,5%) орташа көрсеткіштерге ие болды. Мұндай көрсеткіштер көрсеткен балаларға просоциалды мінез-құлықтың төмен және орташа көрініс табатынын көрсетеді.

Үшінші кезекте қолданылған Е.О.Смирнованың «Суреттер» әдістемесі бойынша балалардың құрдастарымен қарым-қатынаста коммуникативтік құзыреттілігі дамуының деңгейі нәтижелері 23-кестеде көрсетілді.

Кесте 23 – Анықтаушы эксперименттегі Е.О.Смирнованың «Суреттер» әдістемесі бойынша балалардың құрдастарымен қарым-қатынаста коммуникативтік құзыреттілігі дамуының деңгейі

Деңгейі	Бақылау тобы (76 бала)	Эксперимент тобы (74 бала)
Жоғары	17 (22,4%)	16 (21,6%)
Орташа	30 (39,4%)	28 (37,9%)
Төмен	29 (38,2%)	30 (40,5%)

Бұл әдістеме бойынша алынған нәтижелер 19-суретте де көрсетілді.



Сурет 19 – Анықтаушы эксперименттегі Е.О.Смирнованың «Суреттер» әдістемесі бойынша балалардың құрдастарымен қарым-қатынаста коммуникативтік құзыреттілігі дамуының деңгейі


Әдістемеден алынған нәтижелерден байқағанымыздай, бақылау және эксперименттік топ балаларында құрдастарымен қарым-қатынаста коммуникативтік құзыреттілігі дамуының деңгейі орташа және төмен екендігі анықталды. Мұның өзі балалардың құрдастарымен қарым-қатынас кезінде кездесетін түрлі конфликтілі жағдаяттарда өздерінің айтатын сөздері мен мінез-құлқын әлі дұрыс басқара алмайтынын, конфликтідене не қашу немесе агрессивті позицияны ұстанатынын білдіреді.

Төртінші кезекте бізбен Е. Е. Кравцованың «Ересек адаммен контекстік қарым-қатынас» әдістемесі жүргізілді. Әдістеме негізінен баланың ересектермен өзара әрекеттесу жағдайларын дұрыс тани алуын және берген тапсырмаларын түсіне алу қабілетін диагностикалайды. Бұл әдістеме бойынша нәтижелер 24-кестеде көрсетілген.

Кесте 24 – Анықтаушы эксперименттегі Е. Е. Кравцованың «Ересек адаммен контекстік байланыс» әдістемесі бойынша зерттелуші топтардағы балалардың коммуникативтік қабілеттерінің даму деңгейі

Деңгейі	Бақылау тобы (76 бала)	Эксперименттік топ (74 бала)
Жоғары	12 (15,7%)	13 (17,6%)
Орташа	38 (50%)	35 (47,3%)
Төмен	26 (34,3%)	26 (35,1%)

Алынған нәтижелер диаграммаға түсірілді (сурет 20).



Сурет 20 – Анықтаушы эксперименттегі Е. Е. Кравцованың «Ересек адаммен контекстік қарым-қатынас» әдістемесі бойынша зерттелуші топтардағы балалардың коммуникативтік қабілеттерінің даму деңгейі

Кесте мен диаграммадан көріп тұрғанымыздай, бақылау тобындағы балалардың ересек адаммен коммуникативтік қабілеттерінің даму деңгейі – жоғарылар 12 (15,7%), орташа деңгейді көрсеткендер 38(50%), төмен деңгейдегілер 26 (34,3%) баланы құрады.


Эксперимент тобында жоғары деңгейді көрсеткендер – 13(17,6%), орташа деңгейдегі нәтижені көрсеткендер 35(47,3%), төмен деңгейді көрсеткендер 26 (35,1%) бала болды. Е.Е.Кравцованың «Ересек адаммен контекстік қарым-қатынас» әдістемесі бойынша зерттелуші бақылау және эксперимент топтарындағы балалардың коммуникативтік қабілеттерінің даму деңгейі орташа және төмен екенін көрсетті. Мұның өзі екі топтағы да балалар ересектермен өзара қарым- қатынастың жағдаяттарын барлығын бірдей жақсы тани бермейтінін және сәйкесінше ересектер ұсынған барлық тапсырмаларды толық түсіне бермейтінін білдіреді. Сондай-ақ мұндай балалардың мінез-құлқы кейбір кезде ережелерге сәйкес келе бермейді. Мұндай көрсеткіштер

балалардың басқа адамдармен қарым-қатынаста және өзара әрекетте елеулі қиындықтарға тап болатынын байқатады. Анықтаушы экспериментте қолданылған Вороничтың байланыстыра сөйлеу құралдарын қолдануды бағалау әдістемесі бойынша балалардың пайыздық көрсеткіштері 25-кестеде келтірілген.

Кесте 25 – Анықтаушы эксперименттегі Вороничтың байланыстыра сөйлеу құралдарын қолдануды бағалау әдістемесі бойынша балалардың пайыздық көрсеткіштері

Деңгейі	Бақылау тобы (76 бала)	Эксперимент тобы (74 бала)
Жоғары	15 (19,7%)	13 (17,6%)
Орташа	28 (36,9%)	31 (41,9%)
Төмен	33 (43,4%)	30 (40,5%)

Жоғарыдағы 25-кестеде келтірілген нәтижелер 21-суретте көрініс тапты.



Сурет 21 - Анықтаушы эксперименттегі Вороничтың байланыстыра сөйлеу құралдарын қолдануды бағалау әдістемесі бойынша балалардың пайыздық көрсеткіштері

25-кесте мен 21-суреттегі нәтижелерден байқағанымыздай, екі топтағы да зерттелуші балаларының байланыстыра сөйлеу құралдарын қолдана алу деңгейі төмен және орташа екендігі анықталды. Бұл нәтижелер зерттеуге қатысқан ересек жастағы мектепалды топта тәрбиеленетін балаларға әлі әңгімелеудегі мағыналық тұтастықты сақтамау, лексикалық-грамматикалық рәсімдеудің жеткіліксіздігі, тапсырмаларды дербес дұрыс орындай алмау тән екендігін көрсетеді.

Келесі кезекте қолданылған Е.А. Вороничтің «Баланың коммуникативті мінез-құлық профилі» әдістемесі бойынша балалардың пайыздық көрсеткіштері 26-кестеде көрсетілді.

Кесте 26 – Анықтаушы эксперименттегі Е.А. Вороничтің «Баланың коммуникативті мінез-құлық профилі» әдістемесі бойынша балалардың сандық және пайыздық көрсеткіштері

Баланың ересектермен қарым- қатынасының жетекші формасы	Бақылау тобы (76 бала)			Эксперимент тобы (74 бала)		
	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
Жағдаяттық-іскерлік қарым-қатынас	12 (15,8%)	23 (30,2%)	41 (54%)	13 (17,6%)	26 (35,1%)	35 (47,3%)
Оқу-танымдық қарым-қатынас	15 (19,7%)	25 (33%)	36 (47,3%)	14 (18,9%)	23 (31%)	37 (50%)
Жағдаяттық емес- тұлғалық қарым-қатынас	13 (17,1%)	27 (35,5%)	36 (47,4%)	15 (20,3%)	25 (33,8%)	34 (45,9%)

26-кестедегі нәтижелер көрсеткендей, зерттелуші топтарға балалардың ересектермен қарым-қатынастың төменгі және орташа деңгейі тән екендігі анықталды. Жағдаяттық-іскерлік қарым-қатынас бойынша бақылау тобында төменгі деңгейі барлар 41 (54%), орташа деңгейді көрсеткендер 23 (30,2%) баланы құраса, эксперименттік топта төмен деңгейі барлар 35 (47,3%), орташа деңгейі барлар 26 (35,1%) болды.

Оқу-танымдық қарым-қатынас бойынша да екі топта орташа және төмен көрсеткіштер алынды. Бұл параметр бойынша бақылау тобында төменгі деңгейі барлар 36 (47,3%), орташа деңгейді көрсеткендер 25 (33%) баланы құраса, эксперименттік топта төмен деңгейі барлар 37 (50%), орташа деңгейі барлар 23 (31%) болды.

Жағдаяттық емес- тұлғалық қарым-қатынас параметрі бойынша бақылау тобында төменгі деңгейі барлар 36 (47,4%), орташа деңгейді көрсеткендер 27 (35,5%) баланы құраса, эксперименттік топта төмен деңгейі барлар 34 (45,9%), орташа деңгейі барлар 25 (33,8%) болды.

Жоғарыда баяндалған Е.А. Вороничтің «Баланың коммуникативті мінез-құлық профилі» әдістемесі бойынша алынған мұндай нәтижелер екі топ балаларында да қарым-қатынастың жетекші формасы барлық формалары бойынша ересектермен коммуникация жасау дағдылары әлі дұрыс қалыптаспағандығын білдіреді.

3.2 Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың мазмұны

Анықтау экспериментінің нәтижесі мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысының даму деңгейі төмен екенін байқатты.

Сөйлеу тілінде, оның ішінде, ана тілінде баланың құрдастарымен түсінікті тілде сөйлесуінде, сөйлемдерді байланыстыра білуінде, өз ойын жүйелі, айқын жеткізуінде кемшіліктер болды.

Сол себепті балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуды кешенді түрде ұйымдастыруға мән берілді. Бірінші кезекте мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамыту үшін алдымен мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің осы бағытта біліктілігін арттыруды көздейтін «Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту» атты 32 сағаттық бағдарлама жасалды.

Оқу бағдарламасының мақсаты: мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту аясында кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.

Оқу бағдарламасының міндеттері:

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерімен таныстыру;

- коммуникативтік дағдыны дамыту бойынша балаларға арналған «Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптерімен, «4 К» негізіндегі коммуниктивтік ойындар жинағымен жұмыс жүргізудің әдістемелік ерекшеліктерімен қаруландыру.

Күтілетін нәтиже:

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін біледі;

- коммуникативтік дағдыны дамытудың әдістемелік ерекшеліктерін меңгереді;

- озық тәжірибелер сараланады, жинақталады.

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары төмендегі 27-кестеде берілді.

Кесте 27 – «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту» атты оқу бағдарламасының тақырыптық жоспары

Дәріс	3	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңартудың негіздері. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөніндегі нормативтік-құқықтық актілер
тәжірибелік	2	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мен моделін зерттеу тақырыбы тұрғысынан талдау.
Дәріс	3	Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық аспектілері мен әдіснамалық тұғырлары. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың психологиялық және педагогикалық негіздері
тәжірибелік	2	Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуды психологиялық және педагогикалық тұрғыдан сүйемелдеу үлгілері. Ата-анамен жұмыс істеу технологиясы

Дәріс	3	Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуды 4К негізінде ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері
тәжірибелік	2	Ұйымдастырылған іс-әрекетте 4К негізіндегі креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті және командада жұмыс істей білуді кешенді қолдану жолдары
Дәріс	3	Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың «Сөйлеуді дамыту» әдістемелік кешенімен жұмыс істеу ерекшеліктері
тәжірибелік	2	«Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптерінің құрылымы мен мазмұнын зерттеу нысаны тұрғысынан талдау
Дәріс	3	«4 К» негізіндегі коммуникативтік ойындар жинағымен жұмыс істеу ерекшеліктері
тәжірибелік	3	Коммуникативтік дағдылар негізінде ұйымдастырылған іс-әрекетті құру алгоритмі («Мен және менің айналам» 1-тарауының «Мен қандаймын?», «Бақытты отбасы», «Нұрын шашқан, балабақшам», «Достығымыз жарасар» т.б. тақырыптары бойынша)
Дәріс	3	Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар «Мен – бейнесін» құру.
тәжірибелік	3	Коммуникативтік дағдылар негізінде ұйымдастырылған іс-әрекетті құру алгоритмі («Кел, дос болайық!» 2-тарауының «Достық», «Бақаның арманы», «Жақсы мен жаман» және т.б. тақырыптары бойынша)

«Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту» атты оқу бағдарламасының дәріс сабақтарында педагог-тәрбиешілердің зерттеу тақырыбының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөніндегі нормативті ресми құжаттардағы орнын білуі, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық және әдістемелік негіздерімен танысуы мақсат етілді. Тәжірибелік сабақтарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мен моделін зерттеу тақырыбы тұрғысынан талдауға машықтану, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудағы «Сөйлеуді дамыту» әдістемелік кешенімен жұмыс істеу ерекшеліктерін игеру жүзеге асырылды.

Қалыптастыру экспериментінің екінші кезеңінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына негізделген, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ересектер тобына арналған «Сөйлеуді дамыту» әдістемелік кешені тәжірибеден өтті. Эксперименттік жұмысымыздың қалыптастыру кезеңі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, сыни ойлау, командамен жұмыс жасауға, креативті ойлау және коммуникативті дағдысын дамытуға, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеуге, сондай-ақ

балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және эмоционалдық, зияткерлік тұрғыдан дайындығын қалыптастыруға бағытталған [203].

«Сөйлеуді дамыту» әдістемелік кешені тәрбиешілерге арналған «Сөйлеуді дамыту» әдістемелік нұсқаулығынан», мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған «Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптерінен, «Кел, ойнайық та, сөйлейік» 4К негізіндегі ойындар жинағынан тұрады.

Әдістемелік кешеннің мақсаты: ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру және балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу, коммуникативтік дағдысын қалыптастыру.

Міндеттері:

- коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдау және есту қабілеті, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға дайындау;

- ынтымақтастықпен топта жұмыс істеу қабілетін дамыту (келіссөздер жүргізу, әрекеттерді ынтымақтастықта тарату, тілек білдіру, бірлескен іс-әрекет ережесін әзірлеу, ережеге сәйкес әрекет ету);

- ым-ишара, мимика мен пантомиманы дамыту, балаларды сөйлеуден басқа қарым-қатынас құралдары бар екенін түсінуге үйрету;

- адамның эмоцияларымен таныстыру, өзінің эмоциялары мен сезімдері туралы хабардар болу, басқа адамдардың эмоционалды реакциясын тануды үйрену және эмоцияларын адекватты түрде жеткізу қабілетін дамыту;

- топта бірлескен іс-әрекет дағдыларын дамыту; бір-біріне мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу; сезімін сөзбен жеткізу қабілетін қалыптастыру; басқаны түсіну; серіктестің әрекеттері мен өз әрекеттерін үйлестіре білу;

- балаларда жақындарына деген бауырмалдыққа, оларға қамқорлық көрсетуге ұмтылысқа, туған еліне, қаласына деген сүйіспеншілік сезіміне, оның тарихына қызығушылық таныту сияқты адамгершілік сапаларды тәрбиелеу;

Күтілетін нәтиже:

- ересектермен және достарымен еркін қарым-қатынасқа түсе алады;

- ересек адамдардың мамандықтарын, олардың еңбектерін біледі, тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінеді;

- сюжет бойынша әңгіме құрастыра алады;

- шағын әңгімелер менертегілерді мазмұндайды.

- әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіре алады;

- ойын жағдайындағы қарым-қатынас тәжірибесі кеңейеді; құрдастарымен бірлесе жұмыс жасау кезінде белгіленген тәртіп ережелерін сақтайды;

«Сөйлеуді дамыту» әдістемелік кешенінің құрылымы мен мазмұнына сипаттама беріп көрейік. Ересек жастағы балаларға арналған «Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптері 3 тараудан, 36 тақырыптан тұрады.

«Кел, достым, танысайық!» тақырыбымен жұмыста «Мен» туралы ұғыммен таныстыру, достарының арасында қысылмай сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсаты қойылып, қоршаған ортаға және өзіне деген жағымды қатынастарын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету міндеттері жүзеге асырылады. 4К негізделген «Кел, сөйлесейік» коммуникативтік ойыны ойнатылады. Ойынның мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын,

белсенді сөздік қорын, диалогке түсу қабілетін дамыту. Ойынның шарты бойынша 2 немесе одан да көп адам қатыса алады. Ересек адам келесі сөздермен бастайды: «Сөйлесейік. Мен ... (сиқыршы, қасқыр, кішкентай) болғым келеді. Сіз қалай ойлайсыз, неге? ». Бала жорамал жасайды және әңгіме басталады. Ақыр соңында, сіз баланың кім болғысы келетінін сұрай аласыз, бірақ сіз оның қалауын бағалай алмайсыз және егер ол қандай да бір себептермен мойындағысы келмесе, жауап беруді талап ете алмайсыз. Бұл ойын тұйық және ұялшақ балалар үшін пайдалы, өйткені бұл ойын баланы қарым-қатынастан қорықпауға үйретеді, қарым-қатынас жасау қажеттілігін тудырады. Алғашқы кезеңде балалар сұрақ қоюдан немесе ойынға қатысудан бас тартуы мүмкін. Сол үшін ересек адам бастаманы өзі алып, баламен бір деңгейде болуы керек.

«Кел, достым, танысайық!» тақырыбымен жұмыста топтық формамен ұйымдастыру көзделеді. Миға шабуыл, сыни ойлау, әңгімелесу әдістері қолданылады. «Шынтақтарымен амандасу» тәсілі (сергіту және топқа біріктіру) арқылы гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді және гүлдің түсіне қарай топқа біріктіріледі. Нәтижесінде өз ойын еркін жеткізеді және өз құрбыларымен, үлкендермен қарым-қатынас жасауға үйренеді, сөздік қоры мен байланыстырып сөйлеуі дамиды; ортада өзін еркін ұстай білу қабілеті қалыптасады, тыңдалым дағдылары дамиды.

«Мен және менің эмоцияларым» тақырыбымен жұмыста балада эмоция туралы қарапайым түсінік қалыптастыру үшін балалармен қуаныш және реніш сезімдерін білдіре алу, жақындарына деген жақсы сезімдерін көрсету, әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру сияқты жұмыстар ұйымдастырылады. 4К негізделген басқалардың сезімін түсінуге және сезінуге тәрбиелейтін «Айна» ойыны ойнатылады. Балалар екіден бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады да, бір-бірінің көзіне қарайды. Біреуі бір қимыл жасаса, екіншісі оны қайталайды Тәрбиеші қимыл және ым-ишара арқылы әртүрлі эмоционалды жағдайларды ұсынады (мұң, қуаныш, қорқыныш, ауыру, жек көру, т.б.б.). Ойын топпен орындалады. Балалар ойын барысында өз эмоцияларын педагогтің көмегімен орындайды, тыңдалым, айтылым дағдылары негізінде өз эмоцияларын білдіріп, өз ойларын сурет арқылы имитациялық ойында қолданады. балаладың командада құрдастарымен, ересектерді тыңдалым, айтылым дағдыларын іске асыра алады. Нәтижесінде бала өз эмоциясын басқаруға, оны дұрыс жеткізе алуға дағдыланады; өзге адамдардың эмоциясын тануға үйренеді.

«Кел, балалар, оқылық» тақырыбында балалардың сурет бойынша шағын әңгіме құра білу дағдыларын жетілдіру үшін бала балабақшадағы әрекеті туралы әңгімелесуде барысында үйренген сөздерін белсенді қолдану; тақырыптық заттарды жалпылай білу; бірлескен достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу міндеттері жүзеге асырылады. «Комплимент» ойыны арқылы балалар бір-бірімен жақын танысып, бір-бірін толық тани бастайды. Топта қалған пішін бойымен тұрып, ретімен көңілге жағымды, әсерлі сөз оралымдарын айтады. Мысалы, «жақсы», «тапқыр ұл бала» т. б.), ал қалғандары бұл теңеудің кімге арналғанын табады. Комплимент иесі ойынды

ары қарай жалғастырады. Нәтижесінде өзі мен құрбылары арасындағы қарым-қатынастың жағымды тәжірибесі қалыптасады; тыңдалым дағдысы мен әңгімелесу қалыптасады, сөйлесу қабілеттері дамиды; қамқорлық пен ұқыптылық, шыншылдық қасиеттері қалыптасады.

«Менің отбасым» тақырыбымен жұмыста баланың балабақшадағы әрекеті туралы әңгімелесуде үйренген сөздерін белсенді қолдану, тақырыптық заттарды жалпылай білу, бірлескен достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу мақсаты қойылады. «Доп» ойынында бала құрдастарына доп лақтырып, ол туралы бір нәрсені білуге тырысады: өзіне ұнайтын есім, ертегілер мен мультфильмдердің сүйікті кейіпкері, сүйікті нәрсе, таңдаған тамақ немесе болашақ мамандық. Балалар басқа адамның қалауын тапқан кезде өте қатты қуанады. Командалық жұмыс барысында отбасы туралы өлең жолдарын суреттер арқылы бір-біріне айтады. Музыка арқылы «Бармақтар отбасы» әуені Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз Бас бармағым – атам, Балаң үйрек – апам, Ортан терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде – бесеуміз!

Конус театры арқылы «Үш аю» ертегісімен жұмыс ұйымдастырылады. Мнемотехника әдісі қолданылады. Нәтижесінде қарым-қатынас жауапкершілігі, үлкендерді құрметтеу қасиеттері қалыптасады. сөздік қоры байып, байланыстырып сөйлеу дағдысы қалыптасады.

«Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптерінде ұлттық ойын түрлерінің ерекшеліктерін атата отырып, затпен жұмыс істеуге және оларды таңдай білуге жаттықтыру, сөздік қорды жетілдіру, ұлттық ойын элементтерін ойнату арқылы ептілікке тәрбиелеу, ұлттық ойын түрлеріне қатысты сөздерді дұрыс түсініп, оларды сөйлегенде белсенді қолдануға үйрету мақсат-міндеттерін жүзеге асыру үшін «Қазақтың ұлттық ойындары» тақырыбы материалдары берілген.

Ұлдар мен қыздар үшін ортақ ұлттық ойын элементтерін таңдауда балалардағы бар ортақ қасиеттер ескеріледі. Құрдастардың танымдық образын қалыптастыруға бағытталған ойындар сыртқы ерекшеліктерді, жеке қасиеттерді, қызығушылықтарды, олардың қалауын түсінуге бағытталады. Мысалы, «Орамал тастамақ» ойынында балалар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші балаларды айнала жүріп, бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала «менің артымда» деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе, ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Топпен, жеке «Мақал-мәтелді бейнелеу» ойыны балалардың вербалды емес қарым-қатынас құралдарын қолдану қабілетін дамытады. Балаларды кез-келген мақал- мәтелді ыммен, мимикамен бейнелеуге шақырады: «Ас адамның арқауы», «Білімді бірді жығады, білікті мыңды жығады».

Нәтижесінде балалар өз әңгімелеулерін бірізді айтып беруде ұлттық ойындар туралы білімін қолданады.

Отбасы мүшелерінің арасында жақсы қарым-қатынас қалыптастыруда «Тату-тәтті бәріміз» тақырыбымен жұмыс істеудің маңызы зор. Бұл

тақырып бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетте сурет бойынша шағын әңгіме құра білу дағдыларын жетілдіру, жалпылауыш сөздерді және зат есімдерді дұрыс қолдануға үйрету, өз ойын айтуға дағдыландыру, отбасында ынтымақтастық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу жүзеге асырылады. Мысалы, «Сыпайы сөздер» ойынында сыпайы сөздерді қолдана білуге үйренеді. Ойын доппен шеңбер бойымен ойналады. Балалар сыпайы сөздерді атай отырып, бір-біріне доп лақтырады. Тек сәлемдесу сөздерін ата дегенде, балалар кезекпен «сәлем», «қайырлы күн», «біз сізді көргенімізге қуаныштымыз», «сізді көргеніме қуаныштымын» сөздерін, алғыс айтуға «рақмет», «алғысым шексіз»; кешірім сұрауға «кешіріңіз»; қоштасуда «қош бол», «кездескенше» сөздерін айтып, сыпайы, әдепті сөйлеу үлгілерін көрсетеді.

Топпен, жеке ұйымдастырылған жұмыс түрлері менталды карта, миға шабуыл әдістері арқылы жүзеге асырылады. Суреттер арқылы құрастырады, әр бір топ карсы топқа айтады. Нәтижесінде тату, татулықтың түрлерін меңгеру арқылы сөздігі, байланыстырып сөйлеу, диалогті, монологті сөйлеуі дамиды; сөйлем құрайды; омоним, синоним, антонимдерді қолдана біледі. «Бірлік», «татулық», «бауырмалдық» деген ұғымдардың мәнін түсінеді. «Достық» пен «татулық» туралы түсініктерін күнделікті өмірде қолданады. Балалар сыпайы сөздерді айта алуды білетін болады.

Дыбыстардың сөздегі орнын, сөздегі буындардың санын анықтау дағдыларын қалыптастыруда ертегінің жалғасы мен соңын ойлап табуға үйрету, байланыстырып сөйлеуін дамыту; қоршаған ортада мейірімді, адал болуға, өтірік айтпауға тәрбиелеу мақсатында берілген «*Тышқан, ит және мысық*» тақырыбының маңызы зор. «Серіктесе отырып сурет салу» жұмысы арқылы балалардың топта тұлға аралық қатынастарын анықтау, қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту мүмкін болады. Балалар екіден бөлініп, үстел басына отырады. Балаларға тік сызықпен екі бөлікке бөлінген альбом парағы таратылады. Әр бала серігі жағындағы бөлікке сурет сала бастайды. Тақырып еркін. Тыныштық сақтау, уақытты созбау шарты қойылады.

Ертегінің мазмұнын меңгеріп, әдеби талдау арқылы ертегінің көңіл толқытар тұстарын мәнерлеп, өзіндік пікір, сыни көзқарас қалыптасады. Адал достыққа, қайырымдылыққа, адамгершілікке, батылдыққа, отансүйгіштікке тәрбиеленеді.

«*Мақта қыз бен мысық*» тақырыбы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) айтылу интонациясына қарай ажыратып, сөйлеуде қолдана білуге үйрету мақсатында жұмыс дәптерінде оқу материалдары берілген. «Мен келісемін» ойыны топпен жүргізіледі. Тыңдалған шығарманы құрдастарымен бірлесе отырып, өзара рөлдерді бөліп алып ойнайды. Ойыншы ойлап тапқан барлық нәрселермен келіседі. Бұл жаттығуда қарсыласты жағымды жағынан көрсету, оның ең жақсы қасиеттерін атап өту маңызды болмақ. Есте сақтау керек, импровизация келеке-мазақ пен жаман әзілдер үшін емес. 1-ші қатысушы бала «Мұхитқа қалай барғанымыз есінде ме?»десе, 2-ші қатысушы «Иә, ауа-райы керемет болды!» деп жауап береді. 1-ші қатысушы: «Сіз маған дәмді лимонад әкелдіңіз!». 2-ші қатысушы «Иә, мен балық

ауладым». Ойын нәтижесінде балада қиялдау, шығармашылық ойлау қалыптаса бастайды, сөздік қоры, байланыстырып сөйлеуі дамиды, ертегі кейіпкерлерін өз шығармашылығымен драматизациялайды.

Сонымен «Сөйлеуді дамыту» әдістемелік кешенінің құрылымы мен мазмұнына талдау жасау жұмыс дәптерінің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылғанын, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуға бірден-бір құрал бола алатынын көрсетті.

«Сөйлеуді дамыту» әдістемелік кешенінің құрамына мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған ««Кел, ойнайық та, сөйлейік» 4К негізіндегі коммуникативтік ойындар» жинағы кіреді. Аталмыш жинаққа кірген ойындар кешенді дағдыларды (топқа түсу, креативтілік, сыни ойлау, коммуникативтік) дамытуды көздейді. Төмендегі 28-кестеде 4К негізіндегі ойын топтық, креативтілік, сыни ойлау, коммуникативтік тұрғыдан жіктеліп, олардың әрқайсысына жататын ойын түрлері мен мақсаты, күтілетін нәтижелері көрсетілген.

Кесте 28 – «Кел, ойнайық та, сөйлейік» мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған 4к негізінде құрылған коммуникативтік ойындар жіктемесі

4к негізіндегі ойындар	Ойынның атауы	Ойынның мақсаты	Күтілетін нәтижесі
1	2	3	4
топтық	«Танысу», «Ине мен жіп» ойыны, «Соқыр би», «Жоспар бойынша тап, «Шығарма», «Мен сізге жазамын ...» «Сиқырлы көзілдірік», «Пікірталас», «Сыпайы сөздер», «Тергеу»	Мақсат: бір-бірімен таныстыру. «Мен» деген белгімен таныстыру және практикада қолдану, басқаға сенуге, серіктеске жауап беруге, оның тілектерін түсінуге үйрету, бірлескен іс-әрекеттерді орындау кезінде ауызша емес қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру; топта балалардың шығармашылық идеяларын ортақ мәмлеге келтіру, сұхбаттасушылардың сұрақтарына сыпайы жауап беру, жауабын қысқа және дұрыс тұжырымдауға үйрету; сөйлеу дағдыларын қалыптастыру	- талқылауға қатысу, келісе білу, құрметпен өзара іс-қимыл жасау, басқалардың пікірлерін тыңдау және қабылдау, олардың әрекеттерін іс-әрекеттермен үйлестіру, команданың басқа мүшелеріне көмектесуге дайын болу; - жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын болу, топта жағымды ахуалды қалыптастыру; - достарының арасында ортақ шешімге келу; - ынтымақтастықта топта жұмыс істеу білігі бар.

Креативтілік	«Қателіктерді атап өту», «Жалған естеліктер», «Мен келісемін» ойындаы	Мақсаты: балалардың логикасын, шығармашылық қабілеттерін дамыту; басқаларға мейірімді қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу; имитациялық дағдыларды, артикуляциялық аппаратты дамыту, қиял мен импровизация қабілетін дамыту; балаларды театрландырылған ойынға қатысуға ынталандыру, шығармашылық бастаманы ынталандыру; сөздік қорын байыту; достық серіктестікке тәрбиелеу.	ақпаратты талдау, құбылыстар мен оқиғаларды түсіндіру, оларды бағалау және негізделген қорытынды жасау мүмкіндігі, - шағын көріністерді ойнауға тарту. -өзіндік шығармашыл идеяларды бастам ету; -жағдаяттардан шыға алу; жаңа бір дүниені шығармашыл етіп шығара білу.
Сыни ойлау	«Иә – жоқ», «Қара жәшік», «Суреттер-жұмбақтар» «Жұптасқан суреттер», «Ойыншықты анықта» ойындары	Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. Ұқсастықтарды құрастыру, белгілі бір топтарға бөлу, қиял мен шығармашылықты дамыту; балаларды жалпы театрлық әрекетке қатысуға шақыру	-мәселелерді шешудің түбегейлі жаңа тәсілдерін ұсыну және әзірлеу қабілеті, сұрақтарға жауаптар, субъектінің алдында тұру немесе білімді қолдану, синтездеу және өзгерту арқылы идеяларды білдіру, себеп-салдарын анықтай алу; байланыстарды тану, -жаңа шешімдерді тез тауып, сәттілік пен сәтсіздіктің себептерін түсіну мүмкіндігі. -ойлау қабілеттерін дамыту: салыстыру, талдау, жіктеу, жалпылау, абстракциялау.
Коммуникативтік	«Ең жылдам», «Соңғысын анықта», «Қарауылдар мен барлаушылар», «Өткел», «Командалармен жүгіру» (пойыздар) ойындары	Мақсаты: логикалық тұрғыдан сұрақтар қоюға деген ұмтылысты ынталандыру, өз пікірін қалыптастыру, бір-біріне мейірімді қарым-қатынас қалыптастыру. Дамытуды және белсендіруді жалғастыру балалардың сөздік қорын дамыту, вербалды және вербалды емес коммуникативті дағдыларын дамыту балалардың дағдыларын қалыптастыру.	құрдастарымен ересектер арасында жағымды қарым-қатынас орнатуға, ымыраға келу, диалог пен монлогтың сөйлеу дағдысын дамыту; балалардың коммуникативті қабілеттерін дамыту. - жауапкершілік пен ынта жігерін дамыту. жауапкершілікті, - қарым-қатынастың мақсаты мен контекстіне және серіктеске бейімделу: әр түрлі қарым қатынас жағдайында әр түрлі ауызша және серіктестің эмоционалды мәртебесіне назар аударатырып, вербалды емес байланыс құралдары.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу мотивациясын, эмоционалдық қарым-қатынасын арттыруда,

қарым-қатынастың барлық формалары бойынша ересектермен, балалармен коммуникация жасау құзыреттілігі мен қабілеттерін дамытуда ойын арқылы ұйымдастырылған іс-әрекетті жүргізудің маңызы зор. Төменде берілген ойындар мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың сабаққа деген ынтасын, қызығушылығын тудырып қана қоймайды, оладың коммуникативтік құзыреттілігі мен қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады.

«Гүлзар» ойыны

Ойынның мақсаты: балалардың бойында креативті ойлауды, шығармашылық қабылдау мен ойлауды дамыту, әлеуметтендіру, өзара әрекеттесу және топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеуін дамыту.

Ойында қолданылатын әдіс-тәсілдер: ТРИЗ, сұрақ-жауап; *Формасы:* жұппен, топпен сюжетті-рөлдік ойын

Құрал-жабдықтар: АКТ, гүлдердің сурттері

Күтілетін нәтиже:

Ойынның шарты:

Тәрбиеші суретті көрсетіп, сұрайды:

- Бұл не? (қияр).

- Түсі қандай қияр? (жасыл).

- Тағы не бірдей түсті? (шөптер, алма, жапырақ, шегіртке, шырша жапырағы).

- Мен қияр туралы қандай ұсыныс жасағанымды тыңдаңыз: "қияр шыршамен бірдей түсті". Бұл қайталанулар балаларға белгінің неғұрлым жалпы ұғым екенін түсінуге мүмкіндік береді. Бірте-бірте тренингтер күрделене түседі: ал да ғ ы уақытта белгі айтылмайды, тек оның мағынасы қалады.

Ойынның атауы: «Сөйлемді аяқта»

Мақсаты: балаларға өздерінің сүйікті әрекетіне, жанашыр жандарына, қызығушылық танытатын заттарына, хоббилеріне эмоциялық сезімін білдіруге және олар туралы айтуға үйрету.

Ойынның шарты: Балалар шеңберде тұрады. Жүргізуші педагогтің қолында доп бар. Ол сөйлемді бастайды және допты лақтырады. Қағып алған бала сөйлемді аяқтап, допты ересек адамға қайтарады:

Менің ең жақын досым... Менің сүйікті ісім... Менің сүйікті мерекем...

Менің сүйікті мультфильмім... Менің сүйікті ертегім...

Менің сүйікті әнім

Ойынның атауы: «Танысу»

Мақсаты: Балаларды бір-бірімен таныстыру. «Мен» деген белгімен таныстыру және практикада қолдану.

Материалдар: Қоңырау, карточкалар, фломастер мен қарындаштар, «Мен» белгісі.

Әрекетті бірге жасайтын алгоритмі .

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің ата-жөнім Бүгін біз бірінші рет кездестік және де ешкім бір-бірін білмейді. Енді бізге не істеу керек?

- Дұрыс. Бізге танысу керек. Дұрыс, ал, қанекей, танысайық. Мен 1-2- 3 сандардан кейін әркім өз атын айтады, ал егер мен «тыныш» деген сөзді айтсам бәріміз ауыздарымызды алақанмен жауып қоямыз.

- Сендерге барлық аттар естілді ме? Неліктен? *(барлығы шулады)*

- Ал енді бізге не істеу керек? Біз қалай танысамыз? *(бір-бірден)*

- Барлық балалар өз аттарын бір-бірден айтады. Кім бастайды? Сендер қазірүндемей кім бірінші болады, таңдап аласыңдар. *(Пантомима.)*

(Тәрбиеші балалардың артынан жүріп, ақырындап бір баланы көрсетеді. Бұл баланың атын кім есте сақтады, сол қолды көтеріп айтады және де сол жақта және оң жақта тұрған көршілерінің аттарын айтады. Барлық балалар хормен қайталайды.)

Ойынның атауы: «**Туған күн**» сюжеттік-рөлдік ойыны.

Мақсаты: топтағы балалар бір-бірімен ұжымдық тәсілді қолдана отырып, бірлесіп рөлдерді сомдауға және тақырыпқа сәйкес креативті ойлауға дағдыланады, құрбы-құрдастарымен жағымды көңіл-күйді ұйымдастыра білуге үйренеді.

Ойын барысы: топтың ішінен өзара келісіп, туған күн иесі тағайындалады, барлық балалар оған сыйлықтар беру барысында қимылдармен, ым- ишарамен көрсетіп, туған күн иесін барынша қуантуға тырысады. Сол сәтте туған күн болып отырған қызды ренжіткен баланы еске түсіріп, оны достарына айтады. Ал достары болса, ренжіткен баланы ортаға шақырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, дос болуға шақырады. Балалар ұжымдық бірлікті сақтай отырып, келесі жолы туған күні болатын баланың кім екендігінанықтайды.

Күтілетін нәтиже:

- баланың бойында эмоционалдық сезім қалыптасады;

- ынтымақтастық, креативті ойлау, командада жұмыс жасау білігі қалыптасады;

- коммуникативті дағдылары: сөздік қоры, диалогті қарым- қатынасы дамиды;

Ойынның атауы: «**Шынайы достар**» коммуникативтік-рөлдік ойыны

Бұл ойында берілген рөлдерді ойнау арқылы мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдылары қалыптасады.

Мақсаты: баланың бойында достық қарым-қатынасты нығайту, жағдайды өз бетінше талдау, креативті және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, өз көңіл-күйлерін (эмоцияларын) бағалауға үйрету.

Әдіс-тәсілдер: кейс-технологиясы, түсіндіру, сұрақ-жауап

Құралдар: достық туралы электронды суреттер, жұмыс дәптері

Формасы: топтық, жұптық

Ойынның барысы: «Шынайы достар» туралы ситуациялық жағдай ұсынылады.

«**Рақмет**» деуге үйренеміз

- Балалар, сендерге ойын ұнады ма? Біз жақсы ойнадық па?

Ал, қазір, сендер өз көршілеріңнің қолын алып, оларға алғыстарыңды жауырыңдар (*Майра, рақмет, маған сенімен ойнаған ұнады.*)

Өз көңіл-күйімізді бағалауға үйренеміз.

- Қараңдаршы, балалар, менде мынандай ақ парақ бар.

- Қазір бұл парақта тамаша өсімдік гүл ашады. Бұл жай гүл емес, сиқырлы. Ол сендердің көңіл-күйлеріңді көрсетеді. Қазір бәріміз көзді жұмып, гүлді елестетеміз, содан кейін жапырағын алып, ұнаған түске бояймыз.

- Қараңызшы, қандай әсем жапырақтар, сендердің көңіл-күйлеріңізді бұл жапырақтар арқылы көруге болады.

Балалар ойынның тәртібін білмейтін балаға үйретеді, түсіндіреді.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамыту мақсатында төмендегі көркем әдебиет өкілдерінің – Б.Көбеевтің «Атасы мен немересі», М.Төрежановтың «Қызғаншақ», «Қуыршақ», Қ.Мырза Әлінің «Желім», Н.Сералиевтің «Балабақшада», «Кім болсам екен?» атты шығармалары мен ауыз әдебиеті үлгілерінен: «Түлкі мен бөдене», «Жан жануарлардың дауласқаны», т.б. шығармаларын тыңдатуға болады.

Біртіндеп мазмұны ғана емес, танымдық жағы да күрделеніп отыратын бұл шығармаларды тыңдату, мүмкіндігіне қарай, бейнетаспадан мультфильмдерін көрсете отырып тыңдату баланың сезіміне, қабылдауына оң ықпал етеді [93].

Сонымен бірге олардың шығармадағы оқиғаларға қызығуын туғызып, оның мазмұнын қайта айтып беруге деген ықыласын арттырады. Яғни баланың тыңдалым арқылы сөйлеуге мүдделілігі дамытылады.

Өзі қайта баяндау үшін бала бойында ертегідегі немесе шығармадағы сөздерді түсінуге деген танымдық мотив туады. Ал бұл өз кезегінде сөздік қордың табиғи тұрғыдан дамуына әкеледі. Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті – сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдануға үйрету екені даусыз.

«Қажет суретті тап» ойыны балалардың өз бетінше іс-әрекет жасап, сөйлеуін дамытуға мүмкіндік береді.

Ойынның мақсаты: сыни ойлауға үйрету, күн тәртібіне қажет іс-әрекетті есіне түсіру. Қай кезде не істелетіні жөнінде сөйлем құрап айтуға үйрету. Түрлі жаттығу жұмыстарын өздігінен орындауға жаттықтыру.

Ойынға қажет заттар: үлкен және кішкене суреттер немесе қуыршаққа арналған ыдыстар, ермексаз, балшықтан жасалған тоқаш, кәмпит, нан, бауырсақ, ет, шұжық, т.б.

Ойын ережесі: Тәрбиеші-педагог мұғалім үлкен суретті балалардың бәрі көрінетіндей орынға іледі. Мысалы: үлкен тәрелке немесе орамал ұстаған қыздың суреті. Балалар қораптағы суреттердің ішінен тақтаға ілінген сурет мазмұнына сәйкес заттардың суретін алып үстелге қояды. Не істегені туралы айтады. Ойынның соңында балалар ойынға қатысты заттардың суретін салады (өз қалаулары бойынша нан, қант тоқаш т.б.)

«Кімде мына түстес зат бар?» коммуникативті ойыны. Тәрбиеші жасыл түсті затты көрсетеді, «Кім табады?» деп сұрақ қояды. Балалар жасыл түсті заттарды алады. Мысалы: шөп, жапырақ, қияр т.б.

Ойынның тақырыбы: «Пішіні ұқсас заттарды тап».

Ойынның мақсаты: Түрлі заттарды формасына қарай ажырата білуге

үйрету. Сөзбен атап айтуға жаттықтыру, сабақта алған білім-дағдыларын тиянақтау.

Ойын жабдығы: Формасы әртүрлі заттар: доп, машинаның дөңгелегі, қияр, кітап, геометриялық фигуралар-үшбұрыш, төртбұрыш, квадрат, машина (осы машинадан әр түрлі формаларды тапқызу). Тәрбиеші қағазға түрлі форманы бейнелейтін қима қағаздар дайындайды.


Ойынды ұйымдастыру барысы: Тәрбиеші сабаққа дайындалған заттарды және қима қағаздарды әкеледі. Заттарды не сол заттардың суреттерін балаларға үлестіріп береді. Мысалы, «Кімде домалақ зат бар?» деп сұрайды. Балалар аталған форманы өз суреттерінен не ойыншықтарынан тауып, үстел үстіндегі қима қағаздардағы ұқсас сызыққа қояды да, сөзбен айтады (бұл – алма, түрі – домалақ, түсі – қызыл сары, дәмі тәтті, ағашта өседі, күзде піседі т.б.) Жеміс-жидек, көкөніс туралы тақпақ не жұмбақ айтылады. Аталған ойындар барысында балалардың білім-білік дағдыларының нақтылығын аңғарамыз. Әрбір ойынның ережесі мен тәртібі бар. Сол арқылы баланың ойын барысында сөйлеу тілі дамиды.

Менталды карталар «Менің отбасым» тақырыбы бойынша «Кім жылдам» коммуникативтік ойынның мақсаты: балаларға отбасы мүшелерінің туыстық қарым-қатынасын анықтауды үйрету. Отбасындағы әке, ана, әже, ата, аға, тәте, бала, сіңілі т.б. сөздерді қолдану арқылы сөздік қорын дамыту, сөздерін анық, өзара сыйластық, бірлік ынтымақтастыққа, отбасының әрбір мүшесінің рөлі жайлы түсінік беру.

Ойын ережесі: отбасы жайлы бейнефильм көрсетіледі, балалар отбасының күнделікті өзара қарым-қатынасы кезіндегі сәттерін суреттерден тауып, әңгіме құрастырады.

Қолданылатын әдіс- тәсілдері: сұрақ-жауап әдісі, түсіндіру әдісі

Ойынның шарты: Электронды тақта арқылы балалар бос киіз үйлердің астында жазылып тұрған Әке, Ана, Әже, Ата, т.б сөздерін тыңдайды, ал жылдам тапқан бала «ана» сөзі бар сақинаның ішіне, компьютер арқылы сәйкестендіреді [166] (сурет 22).



Сурет 22 – Сәйкестендіру ойыны

«Керекті сөзді жалғастыр» ойыны.

Мақсаты: отбасы мүшелерінің тұлғасы қандай екендігі туралы ұқсас суреттер тауып, соған байланысты сөйлем құрастыру.

Ойынның ережесі: әрбір бала керекті суреттерді табады, «ана» суретін алса, соған байланысты сөзді табады. Мысалы: Анам сүйкімді, әкем ақылды, Әжем жақсы, Менің – анам, Менің– әкем, Менің– әжем, т.б.

Әдіс тәсілдер: түсіндіру әдісі, менталды карталар.

Көрнекілік құралдар: ана, әке, әже, ата суреттері мен сүйкімді, ақылды, әдемі деген сөздер.

«Сөйлемді аяқта» ойыны

Мақсаты: басқалардың сезімдері мен іс-әрекеттерін түсінуге және бағалауға үйрету, өз пікірлерін түсіндіру, мектеп жасына дейінгі балалар арасында жағымды қарым-қатынас қалыптастыру, игі істерге ынталандыру; өзіне және басқаға көмек көрсетуге мүмкіндік беру.

Тәрбиеші балаларға суреттер көрсету арқылы сөздермен сөйлемдерді аяқтауды сұрайды.

Балалар: «Менің ойымша, олар менімен дос, өйткені мен...»

Тәрбиеші күз тақырыбына байланысты суреттерді көрсетеді.

Балалар: Күз мезгілінің орнына қыс мезгілі болса екен, себебі маған ұнайды, шаңғы теуіп ойнаймыз, қарды жинап аққала жасаймыз. т.б.

«Синквейн» әдісі бойынша

«Кім жылдам» коммуникативтік ойыны

Мақсаты: балалардың ұжымдық әрекеті барысында сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу дағдысын, тапқырлығы мен креативтілігін дамыту.

Ойынның ережесі: бірінші жағдайда педагог-тәрбиеші балаларға суретті жасырып, тек қана сұрақтарды қояды, ал балалар сол сұрақтар негізінде сөздік қорды пайдаланып, жасырынған суреттің жан-жақты қыр-сырын тауып, шешімін табады.

Екінші жағдайда, балалар таңдаған сурет бойынша қасындағы құрдастарымен бірге сұрақ қояды, ал балалар сол сұрақ негізінде суреттегі затты құрастырып шығады. Оның аты, қандай қызмет атқарады, не үшін қолданады, пайдасы туралы ақпараттармен алмасып, бірлескен әрекет жасайды (сурет 23, кесте 29).

Мысалы:



Сурет 23 – Суретпен жұмыс

Кесте 29 – Суретті сипаттауға арналған тапсырма

Қандай?	
---------	--

Не істейді?	
Пайдасы неде?	
Неден жасалған?	
Ол туралы не білесің?	

Сонымен жоғарыда баяндалған қалыптастыру эксперименті мазмұнының жүзеге асырылуы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуға ықпал етті. Эксперимент тобы балаларының құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу мотивациясы, эмоционалдық қарым-қатынасы, құрдастарымен қарым-қатынастағы коммуникативтік құзыреттілігі мен қабілеттері, қарым-қатынастың барлық формалары бойынша ересектермен коммуникация жасау дағдыларының көрсеткіштері жоғарылады. Олардың даму динамикасы келесі 3.3 тармақшасында мазмұндалады.


3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері

Сонымен бізбен эксперименттік топ балаларымен әр түрлі әдіс-тәсілдер мен формаларда жүргізілген қалыптастырушы іс-шаралардан кейін зерттелуші топтарда коммуникативті дағдылар дамуының деңгейлеріне екінші реттік диагностика жүргізілді. Қалыптастырушы эксперименттен кейін «Баланың құрдастармен қарым- қатынасқа түсуге ұмтылысын диагностикалау» авторлық сауалнама бойынша алынған нәтижелер төмендегі 30-кестде көрсетілген.

Кесте 30 – «Баланың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге ұмтылысын диагностикалау» әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі балалардың құрдасымен қарым-қатынасқа түсу мотивациясы деңгейлерінің (%) пайыздық көрсеткіштері

Деңгейі	Бақылау тобы (76 бала)	Эксперимент тобы (74 бала)
1	2	3
Жоғары	14 (18,4%)	24 (32,4%)
Орташа	38 (50%)	39 (52,7%)
Төмен	24 (31,6%)	11 (14,9%)

Бұл нәтижелер диаграммада көрсетілді (сурет 24)



Сурет 24 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі балалардың құрдасымен қарым-қатынасқа түсу мотивациясы деңгейлерінің көрсеткіштері


Жоғарыда көрсетілген нәтижелерді талдайтын болсақ, бақылау тобы балаларында құрдасымен қарым-қатынасқа түсу ұмтылысы орташа және төмен деңгейде қалып қойған. Анықтаушы кезеңдегімен салыстырғанда, айтарлықтай өзгерістер байқалған жоқ. Ал эксперимент тобында орташа және жоғары көрсеткіштер алынды. Мұның өзі қалыптастырушы түрлі іс-шаралардан кейін эксперименттік топ балаларында құрдасымен қарым-қатынасқа түсу мотивациясы едәуір жоғарылағандығын білдіреді.

Екінші кезекте қолданылған әдістеме – Г.Р. Хузееваның ситуациялық жағдаяттар «Менің досым» суретті әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейін мынандай нәтижелер алынды (кесте 31).

Кесте 31 – Г. Р. Хузееваның ситуациялық жағдаяттар «Менің досым» суретті әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі балалардың құрдасына эмоционалды қатынас деңгейлерінің (%) пайыздық көрсеткіштері

Деңгейі	Бақылау тобы (76 бала)	Эксперимент тобы (74 бала)
Жоғары	12 (15,7%)	23 (31,1%)
Орташа	26 (34,3%)	34 (45,9%)
Төмен	38 (50%)	17 (23%)

Қалыптастырушы эксперименттегі Г.Р. Хузееваның ситуациялық жағдаяттар «Менің досым» суретті әдістемесі бойынша балалардың құрдасына эмоционалды қатынас деңгейлері өлшемдеріне сүйене отырып, бақылау тобы мен эксперимент тобының пайыздық салыстырмалы көрсеткіштері диаграммада келтірілді (сурет 25).



Сурет 25 – Қалыптастырушы эксперимент бойынша балалардың құрдасына эмоционалды қатынас деңгейлерінің (%) пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Бұл диаграммадан байқағанымыздай, қалыптастырушы іс-шаралардан кейін бақылау және эксперимент топтары арасында елеулі айырмашылықтарды көре аламыз. Осылайша эксперименттік топтағы балалардың, бақылау тобындағы балаларға қарағанда құрдасына эмоционалды қатынас 34 (45,9%) орташа және 23 (31,1%) зерттелушіде жоғары деңгейде көрінді. Ал бақылау тобындағы балалардың көбісінде амбивалентті және жағымсыз қатынастардың басымдығы әлі де сақталғанын көруге болады. Бақылау тобында төмен деңгейдегі нәтижелерге 38 (50%) бала ие болса, 26 (34,3%) балада орташа деңгейде көрініс тапты. Содан соң бізбен қолданылған Г.Р. Хузееваның «Бояу» әдістемесі бойынша балалардың пайыздық көрсеткіштері 32-кестеде көрсетілді.

Кесте 32 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі Г.Р. Хузееваның «Бояу» әдістемесі бойынша балалардың пайыздық көрсеткіштері

Тұлғааралық қарым-қатынас параметрлері	Бақылау тобы (76 бала)			Эксперимент тобы (74 бала)		
	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
Құрдасының іс-әрекетіне эмоционалды қатысу дәрежесі	17 (22,3%)	28 (36,9%)	31 (40,8%)	26 (35,2%)	35 (47,2%)	13 (17,6%)
Үлкендердің құрдасының жұмысын бағалауға эмоционалды реакциясы	15 (19,7%)	26 (34,2%)	35 (46,1%)	28 (37,8%)	32 (43,3%)	14 (18,9%)
Просоциалды мінез-құлықтың көріну дәрежесі	14 (18,4%)	24 (31,6%)	38 (50%)	25 (33,8%)	37 (50%)	12 (16,2%)

32-кестеден көріп отырғанымыздай, бақылау тобы зерттелушілерінде бірінші өлшем – құрдасының іс-әрекетіне эмоционалды қатысу дәрежесінің төмен 31(40,8%) және орташа көрсеткіштері 28 (36,9%) тән. Мұның өзі басқа баланың іс-әрекетіне қызығушылықтың болмауы немесе әлсіз қызығушылық тән екендігін көрсетеді.

Екінші өлшем үлкендердің құрдасының жұмысын бағалауға эмоционалды реакциясы бойынша бұл балалардың арасында төмен көрсеткішті көрсеткендер 35 (46,1%), ал орташа көрсеткішке ие болғандар саны 26 (34,2%) болды. Бұдан жасайтын қорытынды мұндай балаға құрдастарының бағаларына немқұрайды қарауы, немесе тіптен оның теріс алған бағасына қуанып, құрдастарының оң бағасына керісінше, ренжуі сияқты реакция танытуы тән.

Үшінші өлшем просоциалды мінез-құлықтың көріну дәрежесі шкаласы бойынша бақылау тобындағы балалардың 38 (50%) төмен, 24 (31,6%) орташа көрсеткіштерге ие болды. Мұндай көрсеткіштер көрсеткен балаларға әдетте құрдастарының өтінішінен бас тартады, тек егер де ол одан бірнеше рет қайталап сұрағанда ғана өтінішін орындауы немесе орнына басқа нәрсені сұрауы тән болады.

Қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперимент тобы зерттелушілерінде бірінші өлшем – құрдасының іс-әрекетіне эмоционалды қатысу дәрежесінің жоғары көрсеткіштері 26 (35,2%) балада және орташа көрсеткіштері 35 (47,2%) балада көрініс тапты. Бұл балаларға да құрдасының іс-әрекетіне қызығушылықтың жеткілікті дамығандығын көрсетеді.

Екінші өлшем бойынша бұл балалардың арасында жоғары көрсеткішті көрсеткендер 28 (37,8%), ал орташа көрсеткішке ие болғандар саны 32 (43,3%) болды. Бұл көрсеткіштер мұндай балаға үлкендердің құрдасының жұмысын бағалауға эмоционалды реакциясы жеткілікті қалыптасқандығын көрсетеді.

Үшінші өлшем бойынша эксперимент тобындағы балалардың 25 (33,8%) жоғары, 37 (50%) орташа көрсеткіштерге ие болды. Мұндай көрсеткіштер көрстекен балаларға просоциалды мінез-құлықтың орташа және жоғары дәрежеде көрініс тапқанын байқатады.


Сонымен Г.Р. Хузееваның ситуациялық жағдаяттар «Менің досым» және «Бояу» атты суретті әдістемелерінен алынған эксперимент тобындағы ортадан жоғары нәтижелер қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперимент тобындағы балаларда құрбыларының жақсы имиджі қалыптасқандығын, оларға деген позитивті эмоционалды қатынас орнатылғандығын, яғни досы жөнінде жағымды көзқарас пен эмоционалды қатынас қалыптасқандығын көрсетті. Мұндай нәтижелерге ықпал еткен құрдастарына жағымды эмоционалдық қатынасты дамытуға арналған Г.Р. Хузееваның «Ойындар картотекасындағы» жаттығуларды қолдану арқылы біз эксперимент тобындағы балалардың құрдастармен қарым-қатынастағы эмоционалды кедергілерін жоюға қол жеткіздік. Біздің пікірімізше, нақты қарым-қатынас үдерісіндегі коммуникативті құзыреттілік баланың басқаның ерекшеліктерін (қалауларын, эмоцияларын, мінез-құлқын, іс-әрекет ерекшеліктерін және т.б.), басқаға бағдарлану және ескеру қабілетінде, құрдастарына сезімталдықта көрінеді. Бұл

қасиет көмектесуге деген ұмтылыс, бөлісу, басқа біреудің көзқарасын ескеру және түсіну қабілеті, қарым-қатынас үдерісінде құрдастарының іс-әрекетін, тұлғалық қасиеттерін бағалау, сондай-ақ олармен достық қатынас орната алу қабілетінде көрінуі мүмкін.

Келесі Е.О.Смирнованың «Суреттер» әдістемесі бойынша балалардың құрдастарымен қарым-қатынаста коммуникативтік құзыреттілігі дамуының деңгейі нәтижелері 33-кестеде көрсетілді.

Кесте 33 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі Е.О. Смирнованың «Суреттер» әдістемесі бойынша балалардың құрдастарымен қарым-қатынаста коммуникативтік құзыреттілігі дамуының деңгейі

Деңгейі	Бақылау тобы (76 бала)	Эксперимент тобы (74 бала)
Жоғары	14 (18,4%)	23 (31,1%)
Орташа	30 (39,5%)	37 (50%)
Төмен	32 (42,1%)	14 (18,9%)



Сурет 26 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі Е.О.Смирнованың «Суреттер» әдістемесі бойынша балалардың құрдастарымен қарым-қатынаста коммуникативтік құзыреттілігі дамуының деңгейі


Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі жоғарыдағы әдістемеден алынған нәтижелерден біз бақылау тобында балалар әлі де құрдастарымен қарым- қатынаста коммуникативтік құзыреттілігі орташа және төмен деңгейде көрініс тапты. Ал эксперимент тобындағы балаларда бұл құзыреттілік орташа және жоғары деңгейде байқалды. Мұның өзі балалардың құрдастарымен қарым-қатынас кезінде кездесетін түрлі конфликтілі жағдаяттарда өздерінің айтатын сөздері мен мінез-құлқын дұрыс басқара алуға үренгендіктерін, конфликтілі жағдаяттардан қашпай оларды бірлесіп шешуге деген ұмтылыстарын, осылайша құрдастарымен қарым-қатынаста болатын мәселелерді конструктивті шешу дағдыларын меңгергендігін көрсетеді.

Эксперимент тобы зерттелушілерінің мұндай көрсеткіштерге ие болуы бізбен қалыптастырушы-дамытушы іс-шаралар шеңберінде қолданылған 4К негізіндегі түрлі командалық жұмыстар мен мектепке дейінгі балалардың құрдастарымен коммуникативтік қабілеттерін дамытуға аранлағн түрлі ойындарды қолдану арқылы қамтамасыз етілді деп білеміз.

Келесі кезекте бізбен Е.Е. Кравцованың «Ересек адаммен контекстік қарым-қатынас» әдісі қалыптастырушы эксперименттен кейін зерттелуші топтарға қайта жүргізілді. Әдістеме негізінен баланың ересектермен өзара әрекеттесу жағдайларын дұрыс тани алуын және берген тапсырмаларын түсіне алу қабілетін диагностикалайды. Бұл әдістеме бойынша нәтижелер 34-кестеде көрсетілген.

Кесте 34 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі Е.Е.Кравцованың «Ересек адаммен контекстік байланыс» әдістемесі бойынша зерттелуші топтардағы балалардың коммуникативтік қабілеттерінің даму деңгейі

Деңгейі	Бақылау тобы (76 бала)	Эксперимент тобы (74 бала)
Жоғары	13 (17,1%)	22 (29,7%)
Орташа	27 (35,5%)	35 (47,3%)
Төмен	36 (47,4%)	17 (23%)



Сурет 27 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі Е. Е. Кравцованың «Ересек адаммен контекстік қарым-қатынас» әдістемесі бойынша зерттелуші топтардағы балалардың коммуникативтік қабілеттерінің даму деңгейі

34-кесте мен 27-суреттен көріп тұрғанымыздай, бақылау тобындағы балалардың ересек адаммен коммуникативтік қабілеттерінің даму деңгейі – жоғарылар 13 (17,1%), орташа деңгейді көрсеткендер 27 (35,5%), төмен деңгейдегілер 36 (47,4%) баланы құрады.

Эксперимент тобында жоғары деңгейді көрсеткендер - 22 (29,7%), орташа деңгейдегі нәтижені көрсеткендер 35 (47,3%), төмен деңгейді көрсеткендер 17 (23%) бала болды.

Сонымен екінші реттік диагностикалық жұмыстар зерттелуші бақылау тобындағы балалардың ересек адаммен коммуникативтік қабілеттерінің дамуы орташа және төмен деңгейде қалып қойғандығын көрсетті.

Е.Е. Кравцованың «Ересек адаммен контекстік қарым-қатынас» әдістемесі бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінен алынған жоғары нәтижелерден олардың ересек адаммен әр түрлі өзара әрекеттесу жағдайларын анық тани алу, осы жағдайларда ересектер қойған міндеттер мен талаптарды дұрыс түсіне білу және мінез-құлқын соған сәйкес қалыптастыра алу қабілеттерінің жақсы қалыптасқандығын байқауымызға болады.


Эксперимент тобындағы балалардың ересектермен контекстік қарым-қатынас орната білу қабілетін дамыту бізбен ұйымдастырылған кейс-әдістерді қолдану негізінде жүзеге асты. Себебі кейс-әдістер арқылы балалардың оқу іс-әрекетіне қызығушылығын арттыруға, олардың белсенділіктері мен қарым-қатынас дағдыларын дамытады. Мысалы кейс-тапсырмаларды орындау барысында балалар өз ойларын айтып, жеткізе алды, ересектермен және құрдастарымен диалог жүргізіп, қажетті ақпаратты ала алды. Балалар сұрақтар қоюға, әртүрлі жағдайларда шешім іздеуге, өз көзқарасын қалыптастыруға үйренді.

Зерттеуде үшінші қолданылған психодиагностикалық әдіс Е.А. Вороничтің байланыстыра сөйлеу құралдарын қолдануды бағалау әдістемесі бойынша балалардың пайыздық көрсеткіштері 35-кестеде көрсетілді.

Кесте 35 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі Е.А.Вороничтің байланыстыра сөйлеу құралдарын қолдануды бағалау әдістемесі бойынша балалардың пайыздық көрсеткіштері

Деңгейі	Бақылау тобы (76 бала)	Эксперимент тобы (74 бала)
Жоғары	15 (19,7%)	24 (32,4%)
Орташа	28 (36,8%)	38 (51,3%)
Төмен	33 (43,4%)	12 (16,3%)

Бұл нәтижелер 28-суретте бейнеленді.



Сурет 28 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі Вороничтың

байланыстыра сөйлеу құралдарын қолдануды бағалау әдістемесі бойынша
балалардың пайыздық көрсеткіштері

36-кесте мен 28-суреттегі Е.А. Вороничтің «Баланың коммуникативті мінез-құлық профилі» әдістемесі бойынша нәтижелерден байқағанымыздай, бақылау тобындағы зерттелуші балалардың байланыстыра сөйлеу құралдарын қолдана алу деңгейі әлі де төмен және орташа екендігі байқалды.

Ал эксперимент тобында қайта диагностикалау нәтижесінде зерттеуге қатысқан ересек жастағы тәрбиеленетін балаларда әңгімелеудегі мағыналық тұтастықты сақтай алу, лексикалық-грамматикалық рәсімдеудің жеткіліктігі, тапсырмаларды дербес дұрыс орындай алу қабілеттері қалыптасқандығын көруімізге болады.

Эксперимент тобындағы балалардың байланыстыра сөйлеу құралдарын қолдана алу дағдалырының дамуы бізбен құрастырылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ересектер тобына арналған «Сөйлеуді дамыту» атты оқу кешенінің үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру арқылы іске асты.

Келесі кезекте қолданылған Е.А.Вороничтің «Баланың коммуникативті мінез-құлық профилі» әдістемесі бойынша балалардың пайыздық көрсеткіштері 36-кестеде көрсетілді.

Кесте 36 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі Е.А. Вороничтің «Баланың коммуникативті мінез-құлық профилі» әдістемесі бойынша балалардың пайыздық көрсеткіштері

Баланың ересектермен қарым-қатынасының жетекші формасы	Бақылау тобы (76 бала)			Эксперимент тобы (74 бала)		
	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
Жағдаяттық- іскерлік қарым-қатынас	14 (18,4%))	27 (35,5%))	35 (46,1%))	25 (33,8%))	34 (45,9%))	15 (20,3%))
Оқу- танымдық қарым-қатынас	16 (21,1%))	25 (32,8%))	35 (46,1%))	24 (32,5%))	36 (48,6%))	14 (18,9%))
Жағдаяттық емес- тұлғалық қарым- қатынас	15 (19,8%))	28 (36,8%))	33 (43,4%))	27 (36,5%))	37 (50%))	10 (13,5%))

Е.А.Вороничтің «Баланың коммуникативті мінез-құлық профилі» әдістемесі бойынша алынған нәтижелерді өңдеу кезінде балалардағы қарым-қатынастың жетекші формасын анықтау кезінде олардың іс-әрекеттерінің көрсеткіштері ұпаймен бағаланды. Әдістемеде сөйлейтін сөздерінің тақырыбы мен мазмұнына ерекше назар аударылады. Ең көп балл баланың ересектермен жағдаяттық емес-тұлғалық қарым-қатынас жасау қабілетін көрсететін жағдаяттық емес, әлеуметтік маңызы бар, бағалау сөздері үшін қойылады.

36-кестедегі нәтижелер көрсеткендей, бақылау тобында балалардың ересектермен қарым-қатынастың төменгі және орташа деңгейі анықталды. Ал

эксперимент тобында орташа және жоғары көрсеткіштер алынды.

Жағдаяттық-іскерлік қарым-қатынас бойынша бақылау тобында төменгі деңгейі барлар 35 (46,1%), орташа деңгейді көрсеткендер 27 (35,5%) баланы құраса, эксперимент тобында жоғары деңгейі барлар –25 (33,8%), орташа деңгейі барлар – 34 (45,9%) болды.

Оқу-танымдық қарым-қатынас бойынша да екі топта орташа және төмен көрсеткіштер алынды. Бұл параметр бойынша бақылау тобында төменгі деңгейі барлар 35 (46,1%), орташа деңгейді көрсеткендер 25 (32,9%) баланы құраса, эксперимент тобында жоғары деңгейі барлар 24 (32,4%), орташа деңгейі барлар 36 (48,6%) болды.

Жағдаяттық емес-тұлғалық қарым-қатынас параметрі бойынша бақылау тобында төменгі деңгейі барлар – 33 (43,4%), орташа деңгейді көрсеткендер – 28 (36,8%) баланы құраса, эксперимент тобында жоғары деңгейі барлар – 27 (36,4%), орташа деңгейі барлар 37 (50%) болды.

Жоғарыда баяндалған Е.А. Вороничтің «Баланың коммуникативті мінез-құлық профилі» әдістемесі бойынша алынған мұндай нәтижелер бақылау тобы балаларында қарым-қатынастың барлық формалары бойынша ересектермен коммуникация жасау дағдылары әлі де жетілмегендігін білдіреді.

Ал эксперимент тобы балаларында ересектермен коммуникация жасау дағдылары бастапқы кезеңдегіден едәуір артқандығын көре аламыз. Мұндай жоғары көрсеткіштерге бізбен тұтас жүргізілген «Сөйлеуді дамыту» әдістемелік кешені, сондай-ақ мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту қағидаларын іске асыру негізінде қол жеткізілді.

Бақылау эксперименті барысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ересектер тобына арналған «Сөйлеуді дамыту» әдістемелік кешенін жүзеге асыру арқылы өткізілген түрлі дамытушы іс-шараларды қолдану негізінде эксперименттік топ балаларында коммуникативті дағдыларды дамыту нәтижелі болғанын байқатты.

Анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердегі көрсеткіштерді салыстыра келе, біз соңғы бақылау кезеңінің нәтижелерін көрсеттік (кесте 37).


Кесте 37 – Бақылау және эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

Деңгейлер	Бақылау тобы		Эксперимент тобы	
	Экспериментке дейін	Экспериментте кейін	Экспериментке дейін	Экспериментте кейін
Жоғары	15 (19,7%)	16 (21,1%)	16 (21,6%)	24 (32,5%)
Орташа	28 (36,9%)	31 (40,8%)	28 (37,9%)	36 (48,6%)
Төменгі	33 (43,4%)	29 (38,1%)	30 (40,5%)	14 (18,9%)

Алынған нәтижелердің салыстырмалы талдауы көрсеткендей, эксперименттік топта, бақылау тобымен салыстырғанда. Коммуникативтік

дағдыларының жалпы көрсеткіштері бағдарламаны жүргізгеннен кейін едәуір өскен.

Біз тәжірибелік-эксперимент жұмысының салыстырмалы нәтижесін төмендей суретте бейнеледік (сурет 29).



Сурет 29 – Бақылау және эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

Эксперимент және бақылау топтары арасындағы коммуникативтік дағдылардың жалпы көрсеткіштері бойынша көрсеткіштерінде эксперименттен кейін елеулі айырмашылықтар бар екенін көруімізге болады. Егер бақылау тобындағы балалардың коммуникативтік дағдылар дамуының көрсеткіштері өте аз өзгерген болса, ал эксперимент тобындағы мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік дағдылар көрсеткіштері едәуір артқандығын байқаймыз.

Сонымен, бізбен мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың әдістемелік кешені жасалып, жүзеге асыру барысында олардың құрдастарымен эмоционалды жағымды байланыстары артып, бірлесіп тиімді әрекет ете алу, ересек адаммен контекстік қарым-қатынас деңгейі жоғарылап, байланыстыра сөйлеу, диалогтік сөйлеу қабілеттері артқандығын көре аламыз. Мұның барлығы бізбен ұйымдастырылған қалыптастырушы іс-шаралардың тиімділігін, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған психологиялық-педагогикалық жағдайлардың дұрыс жасалғандығын, соның ішінде бізбен құрастырылған мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған әдістемелік кешеннің ықпалының зор екендігін көрсетеді.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту оларды тәрбиелеумен байланысты іс-әрекеттің ғылыми ұстанымдар жүйесіне қаншалықты негізделетініне байланысты.

Ендігі кезекте бізбен қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі алынған нәтижелердің сенімділігін тексеру үшін мәліметтердің

математикалық-статистикалық өңделуі жүргізілді. Бұл мақсатта күшті параметрлік емес критерий Манна-Уитнидің U-критерийі таңдалып алынды. Манн-Уитнидің U-критерийі - екі тәуелсіз таңдаманың сандық өлшенген кез-келген белгінің қалыптасу деңгейі бойынша салыстыру үшін қолданылатын параметрлік емес статистикалық критерий. Бұл әдіс екі вариациялық қатардың арасындағы қиылысатын мәндердің аймағы жеткілікті ме, жоқ па, соны анықтауға негізделген. Сондықтан біздің зерттеуімізде Манн-Уитни критерийінің мәні екі топ бойынша зерттелген белгінің, нақты айтар болсақ, коммуникативтік дағдылар дамуы деңгейінің салыстыруы болып табылады.

Бірінші кезекте балаларда қарым-қатынас мотивациясының қалыптасу деңгейлері бойынша зерттелуші топтар арасындағы айырмашылықтардың статистикалық мәнділігін тексердік. Бұл мақсатта бізбен IBM SPSS Statistics v.22. бағдарламасы қолданылды (кесте 38).

Кесте 38 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі эксперимент және бақылау топтары арасындағы қарым-қатынас дағдыларының даму көрсеткіштері бойынша айырмашылықтарының статистикалық мәнділігі

Өлшем		Қарым-қатынас мотивациясының қалыптасу деңгейі ("Құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу ұмтылысын диагностикалау" авторлық сауалнамасы)
1		2
Манна-Уитнидің U-критерийі		307,500
Вилкоксонның W-критерийі		758,500
Асимптотикалық мәнділік (2-жақты)		0,021
ортаңғыранг	Эксперимент тобы (n=74)	76,49
	Бақылау тобы (n=76)	73,92
Өлшем		Ересектермен коммуникация жасау дағдыларының қалыптасу деңгейі (Е.А.Вороничтің «Баланың коммуникативті мінез-құлық профилі» әдістемесі бойынша)
Манна-Уитнидің U-критерийі		311,500
Вилкоксонның W-критерийі		762,500
Асимптотикалық мәнділік (2-жақты)		0,024
Ортаңғы ранг	Эксперимент тобы (n=74)	76,68
	Бақылау тобы (n=76)	73,52
Өлшем		Ересек адаммен өзара әрекетте контекстік қарым-қатынас орната білу (Е.Е. Кравцованың «Ересек адаммен контекстік қарым-қатынас» әдістемесі бойынша)
Манна-Уитнидің U-критерийі		309,500

38 - кестенің жалғасы

1		2
Вилкоксонның W-критерийі		760,500
Асимптотикалық мәнділік (2-жақты)		0,019
Ортаңғы ранг	Эксперимент тобы (n=74)	76,36
	Бақылау тобы (n=76)	73,64
Өлшем		Құрдастармен қарым-қатынаста коммуникативтік құзыреттілігі дамуының деңгейі (Е.О.Смирнованың «Суреттер» әдістемесі бойынша)
Манна-Уитнидің U-критерийі		308,500
Вилкоксонның W-критерийі		759,500
Асимптотикалық мәнділік (2-жақты)		0,023
Ортаңғы ранг	Эксперимент тобы (n=74)	76,51
	Бақылау тобы (n=76)	73,94
Өлшем		Құрдасының жұмысын бағалауға эмоционалды реакциясының қалыптасу деңгейі (Г.Р. Хузееваның «Бояу» әдістемесі бойынша)
Манна-Уитнидің U-критерийі		306,500
Вилкоксонның W-критерийі		752,500
Асимптотикалық мәнділік (2-жақты)		0,017
Ортаңғы ранг	Эксперимент тобы (n=74)	76,35
	Бақылау тобы (n=76)	73,42
Өлшем		Балалардың құрдасына эмоционалды қатынасы қалыптасуының деңгейі (Г.Р.Хузееваның ситуациялық жағдаяттар «Менің досым» суретті әдістемесі бойынша)
Манна-Уитнидің U-критерийі		309,500
Вилкоксонның W-критерийі		763,500
Асимптотикалық мәнділік (2-жақты)		0,025
Ортаңғы ранг	Эксперимент тобы (n=74)	76,53
	Бақылау тобы (n=76)	73,32
Өлшем		Байланыстыра сөйлеу құралдарын қолдану деңгейі (Вороничтің «Байланыстыра сөйлеу құралдарын қолдануды бағалау» әдістемесі бойынша)
Манна-Уитнидің U-критерийі		308,500
Вилкоксонның W-критерийі		751,500
Асимптотикалық мәнділік (2-жақты)		0,02
Ортаңғы ранг	Эксперимент тобы (n=74)	76,57
	Бақылау тобы (n=76)	73,36

Кестедегі статистикалық мәліметтер көрсеткендей, экспериментте қолданылған барлық әдістемелер бойынша эксперимент және бақылау топтары арасындағы қарым-қатынас дағдыларының даму көрсеткіштері бойынша айырмашылықтар статистикалық мәнді болып шықты. Осылайша, Манна-Уитнидің U-критерийін есептеудегі ассимптотикалық мәнділік 0-ден жоғары көрсеткішті көрсетті. Мұның өзі топтар арасында қарым-қатынас дағдысы сияқты психологиялық өлшем бойынша мәнді статистикалық айырмашылықтардың анықталғандығын білдіреді.

Осылайша бізбен құрылған әдістемелік кешен аясында мектепке дейінгі ересек жастағы балалармен жүргізілген қалыптастырушы іс-шаралар – психотехнологиялық ойындар, сахналық көріністер, 4К негізіндегі креативтілік пен балалардың тапқырлығын дамытатын түрлі дамытушы ойындар мен жаттығулар, коммуникативтілікті дамытуға бағытталған командалық ойындар және т.б. олардың коммуникативтік дағдыларының дамуына айтарлықтай әсер етті. Атап айтсақ, дамытушы әдіс-тәсілдердің ішінде қолданылған кейс-әдістер, менталды карталар құрастыру, мнемокесте әдісі арқылы өлең жолдары мен ертегілерді өз туындыларынан шығаруға, ойлаудың алтықалпағы арқылы балалар өз шығармашылықтарын бірлесе отырып, сөздік қорларын молайтуға, коммуникативтік дағдыларды дұрыс қодануға бағытталғанын аңғардық. Біз балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетіндегі қызығушылығының артуына, олардың белсенділіктері мен қарым-қатынас дағдыларының дамуына қол жеткіздік. Мысалы кейс-тапсырмаларды орындау барысында балалар өз ойларын айтып, жеткізе алуға, ересектер және құрдастарымен диалогке түсіп, ақпарат алмасуға үйренді. Сондай-ақ, балалар сұрақтар қоюға, әртүрлі жағдайларда шешім іздеуге, өз көзқарасын білдіруге төселді. Сонымен қатар, түрлі сахналық, рөлдік ойындарды ойнау негізінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эмпатиялылығы, қарым-қатынас барысында біреудің позициясына ене алуға, басқаға мейірімділік пен ілтипат көрсетуге үйренді.

Олай болса, мұның өзі екінші топты құраған эксперимент тобында қалыптастырушы-дамытушы іс-шараларға белсенді қатысу нәтижесінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдылары жоғары деңгейде қалыптасқандығын куәландырады.

Сонымен екі таңдама тобы зерттелушілерінің қалыптастырушы эксперименттен кейінгі коммуникативтік дағдылар деңгейін салыстырғанда, Манн-Уитнидің U-критерийінің көмегімен есептелген эмпирикалық мәндердің статистикалық мәнділігі анықталып, эксперимент тобындағы зерттелушілердің коммуникативтік дағдылар деңгейлерінің тиімді артқандығы дәлелденді.

Қорыта келгенде, зерттеудің сандық және сапалық мәліметтері эксперимент нәтижелерінің айқындығын сипаттайды. Сондықтан тәжірибелік эксперимент жұмыстарының нәтижесінде алынған жоғарыдағы мәліметтер мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үдерісінде жағымды динамика байқалғаны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік берді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы оң өзгерістер мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың қажетті сенімді іргетасын қалайды.

«Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту» атты диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми болжамы дәлелденді және бірнеше теориялық және қолданбалы нәтижелер алынды.

Қазіргі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінің жұмысын реттеуге арналған мемлекеттің стратегиялық даму бағдарламалары мен нормативті құжаттарға жасалған талдаулар негізінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту мәселесінің өзектілігі дәлелденді.

Жүргізілген теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік зерттеу жұмысының нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1. Мәселеге қатысты теориялық еңбектерге жасалған талдаулар «коммуникация», «коммуникативтік дағды» ұғымдарының мәнін түзуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар «мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту» түсінігіне «мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту – ауызша қарым-қатынас үдерісінде басқалардың мүдделерімен келісу, олардың көзқарасын есепке ала білу, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында құрдастарымен және ересектермен белсенді өзара іс-қимыл жасау, өзіне және басқа адамдарға оң көзқарас орнату жиынтығы ретінде кіріктірілген тұлғалық сапаларының көрініс табуының кешені» деген сипаттама жасалды.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуға қатысты ғылыми-зерттеу еңбектері мен практикалық тәжірибелерді талдау барысында зерттеудің *жүйелілік-іс-әрекеттік, кіріктірілген, коммуникативтік, синергетикалық* әдіснамалық тұғырлары айқындалды, психологиялық-педагогикалық негіздері жүйеленді.

2. Зерттеу жұмысымызда мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудағы ойынның рөлі мен маңызы айқындалып, 4К негізіндегі ойындар кешенімен жұмысты әдістемесі әзірленді. Сол арқылы баланың коммуникативтік дағдысын дамыту жүзеге асырылды.

3. Зерттеу барысында дайындалып, тәжірибеден өткен құрылымдық-мазмұндық модельдің стратегиялық мақсаты – мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін дайындау үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштерін айқындау, әдістері мен деңгейлерін белгілеу[203]. Әдіснаманың құрдасына бағдарланған, ойын іс әрекеті үдерісінде коммуникативтік дағдалар, өзара әрекеттің нақты шекара ұстанымы, ересек адамның озыңқы бастамасы ұстанымдары басшылыққа алынған құрылымда мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың мүмкін болатындығы дәлелденді.

4. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың әдістемелік жүйесі өзара біртұтастықта танылады және іштей байланысқан келесі құрылымдардан тұрады: мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық негіздері мен әдіснамалық тұғырларына сүйеніп анықталған моделі, сөйлеуді дамыту білім мазмұны, ұйымдастырылған іс-әрекет жүйесі мен тапсырмалар кешені, 4К негізіндегі ойындар жинағы, оқыту әдістері жүйесі. Бұл құрылымдар өзара логикалық байланыса келе, зерттеу жұмысының қазақстандық білім беру жүйесінің алдына қойып отырған, қоғам қажет етіп отырған талаптармен үндесе отырып, зерттеудің алдына қойылған болжамын растауға, міндеттерін шешуге, нәтижесінде көздеген мақсатына жетуіне қызмет ететін тіректер болып табылады.

5. Тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың «Сөйлеуді дамыту» дәптері, ұйымдастырылған іс-әрекет жүйесі мен тапсырмалар кешені, 4К негізіндегі ойындар жинағы, оқыту әдістері жүйесі арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларға ие болатындығы дәлелденді [203, б 15].

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалады:

1. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысы дамуының мәні, мазмұны мен құрылымы және аталған дамыту моделі осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге септігін тигізеді. Оларды педагогтер біліктілігін жетілдіретін институттардың және жас ғалымдар мектебінің әдістемелік бағдарламаларына енгізу қажет.

2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуды зерттеу барысында айқындалған педагогикалық мүмкіндіктер негізінде жүзеге асырған дұрыс.

3. Тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында тиімділігі дәлелденген мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту әдістемесіндегі 4К негізіндегі ойындар жинағын мектепалды топтарында да қолдануға болады.

Аталған зерттеу нәтижелері болашақта жоғары педагогикалық оқу орындарында мамандар даярлау мәселесіне арналған жұмыстарды жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады деп есептейміз.

Зерттеу мәселесі күрделі болғандықтан, болашақ педагогтерді мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуға даярлау тұрғысында зерттеу керек деп санаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. берекелі қоғам». – 2022, наурыз 16.
- 2 "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы, №726 қаулысы.
- 3 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137> 14.08.22.
- 4 Құнанбаев А. Шығармаларының 2 томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 254 б.
- 5 Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1991. – 210 б.
- 6 Құдайбердиев Ш. Үш анық. – Алматы: «Қазақстан» және «Ғақлия» ғылыми әдеби орталығы, 1991. - 78 б.
- 7 Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
- 8 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 93 б.
- 9 Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1983. – 227 б.
- 10 Бахтин М.М. Искусство и ответственность. Эстетика словесного творчества. – М., 2000. - Б. 361-373.
- 11 Бердяев Н.А. Философия творчества, культуры и искусства. – М.: Искусство, 1994. – 512 б.
- 12 Алтаев Ж., Ғабитов Т. Философия және мәдениеттану. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 272 б.
- 13 Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. «Философия негіздері» пәнінен электрондық оқулық. – Алматы, 2004. – 245 б.
- 14 Маслоу А. Новые рубежи человеческой природы. – М.: Смысл, 1999. – 423 б.
- 15 Логутова М.А. Социология семьи: учебно-методическое пособие.– Новосибирск: Сибирский государственный университет телекоммуникаций и информатики, 2015. – 32 б.
- 16 Коноваленко М.Ю., Коноваленко В.А. Теория коммуникации: учебник для бакалавров. - М.: Издательство Юрайт, 2012. - 415 б.
- 17 Вишнякова Б.В. Профессиональное образование: словарь. Ключевые понятия, термины, актуальная лексика. - М.: НМЦ СПО, 1999. - 538 б.
- 18 Мид Дж. Интернализированные другие и самость. Американская социологическая мысль / под ред. В.И.Добренкова. - М.: Изд-во МГУ, 1994. – 227 б.
- 19 Тищенко В.А. Формирование коммуникативных умений старшеклассников средствами информатик: диб. ... канд. пед. наук. - Ставрополь, 2006. – 187 б.
- 20 Бактыбаева Г.Ж., Ясперс К., Маклюэн Г.М. XX ғасыр теориясындағы коммуникация мәселесі: Социально-экономические и правовые проблемы в условиях вхождения Республики Казахстан в число 50 - ти наиболее

конкурентоспособных стран мира: материалы международ // Научно-практической конференции. – Алматы, 2007. – Б. 298-301.

21Төребаева К.Ж. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-практикалық негізі: пед. ғыл. канд. ... диб.: 13.00.01. – Алматы, 2002. – 148 б.

22Шеръязданова Х.Т. Психология общения в дошкольном образовании: теория и практика. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 193 б.

23Ынтықбаева А.Б. Формирование основ профессионально коммуникативных умений и навыков у будущих учителей: автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1992. – 34 с.

24Дубина Л.А. Коммуникативная компетентность дошкольников. Психологическая служба. – М., 2006. – 155 б.

25Локтева Е.В. Формирование социально-коммуникативных навыков у детей старшего дошкольного возраста с задержкой психического развития: диб. ... канд. пед. наук. – М., 2007. – 188 б.

26Немов Р.Б. Психология: сөздік-анықтамалық. - М.: ВЛАДОС ПРЕСС баспасы, 2003. – 199 б.

27Смирнова Е.О. Особенности общения с дошкольниками. - М.: Академия, 2012. - 196 б.

28Выготский Л.Б. Мышление и речь. – Изд. 5-ое изд. - М.: Лабиринт, 1999. - 352 б.

29Люблинская А.А. Детская психология: учебное пособие для студентов педагогических ин-тов. - М.: Просвещение, 1971. – 166 б.

30Мухина В.Б. Детская психология: учеб. для студентов пед. ин-тов / под ред. Л.А. Венгера. – Изд. 2-е изд., перераб.и доп. - М.: Просвещение, 1985. - 272 б.

31Атыманова К.Ж. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік біліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... диб. – Алматы, 2010. – 152 б.

32Лисина М.И. Проблемы онтогенеза общения / науч.-исслед. ин-т общей и педагогической психологии Акад. пед. наук СССР. - М.: Педагогика, 1986. - Б. 4-5.

33Әубәкірова Ж.К. Мектеп жасына дейінгі балалармен қарым- қатынас тренингін ұйымдастырудың психологиялық, педагогикалық негіздері: психол. ғыл. канд. ... диб. – Алматы, 2001. – 158 б.

34Бакраденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеу тілін дамыту. – Алматы, 1993. – 144 б.

35Наубаева Н.Т. Мектеп жасына дейінгі балалардың өзара бірлесіп атқаратын іс-әрекеттерін гумандық негізде жүзеге асыру: пед. ғыл. канд. ... диб. – Талдықорған, 1999. – 113 б.

36Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы: Мектеп, 1982. – 247 б.

- 37 Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 1996. - 222 б.
- 38 Елеусізова Б. Қарым-қатынас психологиясы. - Алматы: Рауан, 1996. - 64 б.
- 39 Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Санат, 1993. – 272 б.
- 40 Роджерс К. Вопросы, которые я бы себе задал, если бы был учителем. Хрестоматия по педагогической психологии: учебное пособие для студентов / сост. А.Красило, А.Новгородцева. – М., 1999. – 332 б.
- 41 Рубинштейн Б.Л. Основы общей психологии. – СПб., 1999. – 522 б.
- 42 Пиаже Ж. Избранные психологические произведения. – М.: Педагогика пресс, 1999. – 526 б.
- 43 Давыдов В.В. Учебное пособие. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2005. – 420 б.
- 44 Запорожца В., Лисиной М.И. Развитие общения у дошкольников. - М.: Педагогика, 1974. – 288 б.
- 45 Божович Е.Д. Учителю о языковой компетенции школьников. Психолого-педагогические аспекты языкового образования. – М.: Изд-во МПСИ; Воронеж: НПО «Модэк», 2002. – 288 б.
- 46 Венгер Л.А. Психологическое консультирование и диагностика. – Генезис, 2001. – Ч. 2. – 160 б.
- 47 Құлжанова Н. Мектептен бұрынғы тәрбие. Орынбор. 1923. Антология педагогической мысли в Казахстане / сост. К.Б. Жарықбаев, Б.К. Калиев.- Алматы: Рауан, 1995. – 918 б.
- 48 Баймұратова Б. Сәбилердің сөздік қоры мен сөз игеру ерекшеліктері жөнінде: пед. ғыл. канд. ... диб. - Алматы, 1976. – 219 б.
- 49 Меңдаяқова Қ.М. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. - Алматы, 2008. – 188 б.
- 50 Әмірова Ә.Б. Ересектер тобындағы балаларды қазақ балалар әдебиеті арқылы адамгершілікке тәрбиелеу (5-6 жас): пед. ғыл. канд. ... диб. – Алматы, 1994. – 199 б.
- 51 Қапенова А.Ә. Қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... автореф. - Ташкент, 1991. - 23 б.
- 52 Таубаева Ғ.З. Мектепалды дайындығында оқу-тәрбие үдерісінде балалар әдебиетін пайдалану: пед. ғыл. канд. ... диб. - Алматы, 2005. - 132 б.
- 53 Метербаева К.М. Қоршаған дүниемен таныстыру арқылы балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру (5-7 жас): пед. ғыл. канд. ... диб.- Алматы, 2005. - 150 б.
- 54 Ушинский К.Д. Родное слово. – М., 1964. - 145 б.
- 55 Тихеева Е.И. Развитие речи детей. – М.: Изд. Просвещение, 1981. - 187 б.
- 56 Флерина Е.А. Эстетическое воспитание дошкольника. - М., 1961. – 331 б.
- 57 Бородич А.М. Методика развития речи детей. – М.: Просвещение, 1981. – 254 б.
- 58 Иманбеков Т.Т. Қазақ балабақшаларындағы оқу - тәрбие жұмыстарында ұлттық ойындарды пайдалану: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1995. – 128 б.

59 Турыскельдина М.Т. Қазақстанда 6 жастағы балалардың дене тәрбиесінің дамуы: пед. ғыл. канд. ... автореф. - Алматы, 1991. - 23 б.

60 Қасымова Г.М. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда дамытпалы ойындарды қолданудың психологиялық және педагогикалық негіздері: психол. ғыл. канд. ... автореф. - Алматы, 1997. – 115 б.

61 Ауталипова Ұ.И. Психолого-педагогические основы взаимоотношений детей дошкольного возраста в семье: дис. ... канд. псих. наук: 19.00.07. - Алматы, 1999. - 123 б.

62 Махаманова М.Н. Общение и развитие самопознания в дошкольном возрасте // Ученые записки СПбГИПСР. – 2013. – Вып. 1, т. 19. – 145 б.

63 Лозован Л.Я. Методике педагогического общения: учебно-метод. пособие. - Новокузнецк: Изд-во Куз ГПА, 2007. - 33 б.

64 Рузская А.Г. Развитие общения дошкольников со сверстниками / под ред. А.Г. Рузской. - М.: Педагогика; Науч. -исслед. ин-т общей и педагогической психологии; Акад. пед. наук СССР, 1989. – 216 б.

65 Луценко И.А. Ребенок и взрослый учимся общаться готовимся к речевому общению с дошкольниками: учебное метод. пособ. – Изд. 2 -ое. – Киев: изд. Мир, 2013. - 50 б.

66 Конюхов Н.И. Прикладные аспекты современной психологии: термины, законы, концепции, методы: справочное издание. – М., 1992. – 149 б.

67 Ұлттық психологиялық энциклопедия <https://vocabulary.ru/> 18.06.2020.

68 Ожегов Б.И. Толковый словарь русского языка: около 100 000 слов, терминов и фразеологических выражений / под ред. Л. И. Скворцова. – Изд. 26-е, испр. и доп. - М.: Оникс, 2009. - 1359 с.

69 Философиялық сөздік / ред. ұжым: Р.Н. Нұрғалиев, Г.Г. Ақмамбетов, Ж.Ж.Әбділдин. – Алматы: Дәуір, 1995. – 525 б.

70 Sillars A.L., Vangelisti A.L. Communication: Basic properties and their relevance to relationship research. In A.L. Vangelisti, D. Perlman (Eds.). - The Cambridge Handbook of Personal Relationships, 2006. - P. 331-351.

71 Ясперс К. Проблема единства экзистенциальной коммуникации и экзистенциального прояснения в философии К. Ясперса // Вестник ОГУ. - 2006. - №1(51). – Б. 18-29.

72. Больнов О. Новая укрытость. Проблема преодоления экзистенциализма. Философия экзистенциализма. – СПб.: Лань, 1999. – 222 б.

73 Мунье Э. Энциклопедия современной эзотерики <http://pariom.ru/wiki/Jemmanjujel> 14.08.2020.

74. Берхин П.Б. К проблеме развития удерисса познания людьми друг друга // Теоретические и прикладные проблемы психологии познания людьми друг друга: Тез. докл. - М., 1979. - Б. 100-101.

75 Ломов Б.Ф. Категория деятельности и общения в психологии // Вопросы философии. - 1979. - №8. - Б. 47-68.

76 Муравьева О.И. Стратегии общения в структуре коммуникативной компетентности: учебник. - Томск: Томский государственный университет, 2003. - 118 б.

- 77 Курбатов В.Н. Ценностно-смысловая парадигма образования // Православный ученый в современном мире. Ценности православного мира и современное общество: сборник материалов IV международной научно-практической конференции – Салоники; Греция; Воронеж: ИСТОКИ, 2015. - Б. 240-244.
- 78 Леонтьев А.А. Деятельность общения как объект научного исследования. Психология общения. - М.: Смысл, 1999. - 365 б.
- 79 Парсонс Т. Система современных обществ. – М.: Аспект-Пресс, 1998. – Б.15-23.
- 80 Черри К. Человек и информация. - М.: Связь, 1972. - 368 б.
- 81 Каган М.Б. Мир общения: Проблема межсубъектных отношений. - М.: Политиздат, 1988. - 319 б.
- 82 Леонтьев Д.А., Ханина И.Б. К проблеме общения в работах А.А. Леонтьева (к 75 летию со дня рождения) https://psyjournals.ru/kip/2011/n1/39623_full.shtml 19.04.2020.
- 83 Руденко А.М. Психология массовых коммуникаций: учебник - М.: РИОР; ИНФРА-М, 2017. - 303 б.
- 84 Коджаспирова Ю.А. Словарь по педагогике. – М.; Ростов н/Д: ИКЦ «МарТ»; Изд. центр «МарТ», 2005. – 174 б.
- 85 Андреева Г.М. Социальная психология: учебник. - 2003 // http://dou4sun.ru/files/File/biblioteka_andreeva-soc-psy.pdf 19.02.2020.
- 86 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: оқулық. – Алматы, 2002. – 109 б.
- 87 Гарфинкель Г. Исследование по этнометодологии. Серия – социология. – Спб.: Питер, 2007. - 335 б.
- 88 Тин-Туми, Куроги. Компетенция работы с лицом в межкультурном конфликте: обновленная теория переговоров лицом к лицу // Международный журнал межкультурных отношений. - 1998. - №22(2). – Б. 187-225.
- 89 Бориснёв Б.В. Социология коммуникации: учеб. пособие для вузов. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. - 270 б.
- 90 Шарков Ф.И. Коммуникология: основы теории коммуникации: учебник. – Изд. 4-е изд. - М.: Издательство «Дашков и К», 2013. - 488 б.
- 91 Шибутани Т. Социальная психология. - Ростов н/Д: Феникс, 1999. - 539 б.
- 92 Кибанов А.Я., Захаров Д.К., Коновалова В.Г. Этика деловых отношений: учебник. - М.: Инфра-М, 2002. - 367 б.
- 93 Тахиров М. Коммуникация, идентичность, признание // Коммуникология. - 2016. - №3. – Б. 18-20.
- 94 Володина Л.В., Карпухина О.К. Название статьи. – Спб.: СПбГУТ им. М.А. Бонч-Бруевича, 2012. – 144 б.
- 95 Дағды лингвистикалық Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. - 384 б.
- 96 Селивестрова В.И. Электронное издание на основе: Речевые игры с детьми. Мы и наши дети. - М.: Академический проект, 2020. - 399 б.

- 97 Крутецкий В.А. Психология: учеб. для учащихся пед. училищ. – Изд. 2-е., перераб. и доп. – М.: Просвещение, 1986. – 336 б.
- 98 Буева Л.П. Человек: деятельность и общение. – М., 1978. – 133 б.
- 99 Ильясова И.А. Управление научно-исследовательской деятельностью студентов университета в современных социокультурных условиях: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Горно-Алтайск, 2007. – 174 с.
- 100 Абдильдин Ж.М. Избр. Сочинения // В 5 т. – Алматы: Наука, 2001. – 342 б.
- 101 Әбішев Қ., Әбжанов Т. Философия тарихындағы таным теориясы және метод проблемасы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 118 б.
- 102 Бернштейн Н.А. О ловкости и ее развитии. Психология памяти. Хрестоматия по психологии / под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.Я. Романова. - М., 1991; 2000. - Б. 743-791.
- 103 Гурьянов Е.В. Психофизиологические основы навыков человека "Хрестоматия по возрастной и педагогической психологии" / под ред. И.И. Ильясова, В.Я. Ляудиб. - М.: Изд-во Моск. ун-та, 1980. – 111 б.
- 104 Руденский Е.В. Социальная психология: Курс лекций. – М.: ИНФРА – М; Новосибирск: НГАЭИГ, 1998. – 47 б.
- 105 Мудрик А.В. Социализация человека. - Издательство: Academia Серия: Высшее профессиональное образование, 2006. – 304 б.
- 106 Жуков Ю.М., Петровская Л.А., Растянников П.В. Диагностика и развитие компетентности в общении. - Киров, 2001. - 142 б.
- 107 Еркебаева Б.Ж., Жұмабаева Ә.Е. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2019. - №4(64). – Б. 424-428.
- 108 Волков Б.Б., Волкова Н.В. Психология общения в детском возрасте: учебное пособие. - М.: А.П.О., 1996. - 102 б.
- 109 Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Основы психологической антропологии. Психология человека: Введение в психологию субъективности: учебное пособие для вузов. - М.: Школа-Пресс, 1995. - 384 б.
- 110 Котельникова А.Ю., Першина Н.А. Возможности использования игротерапии для оптимизации үдерісса социализации детей с синдромом. Перспективы социализации лиц с проблемами в развитии. - Бийск, 2006. - Б. 206-211.
- 111 Ушакова Т.Н. Речевые интенции в межличностном общении // Мир психологии. - 2005. - №2(42). - Б. 222-230.
- 112 Рузская А.Г. Влияние эмоционального контакта со взрослым на появление первых слов у детей конца первого - начало второго года жизни // В кн.: Общение и его влияние на развитие психики ребенка. – М., 1974. – Б. 95 - 114.
- 113 Меңжанова Ә.К. Мектеп жасына дейінгі педагогика. - Алматы: Мектеп, 1986. - 356 б.
- 114 Қожахметова Х. Мәнерлеп оқу. ¹⁵⁸ Алматы: Мектеп, 1982. – 188 б.

- 115 Левченко Т.А. Ересек тобындағы балаларына эстетикалық тәрбие беруде қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерін пайдаланудың ғылыми-практикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... автореф. - Алматы, 1996. - 23 б.
- 116 Леушина А.М. Формирование элементарных математических представлений у детей дошкольного возраста. – М.: Просвещение, 1974. - 368 б.
- 117 Суфиев Е. Баланың дамуы және оны мектепке әзірлеу. - Алматы: Мектеп, 1965. - 95 б.
- 118 Тәжібаев Т. Жалпы психология. - Алматы, 1993. - 238 б.
- 119 Бапаева М.Қ. Жоғары мектепте психологиялық білім беру үдерісін жетілдіру. – Алматы, 2006. – 176 б.
- 120 Эльконин Д.Б. Психология игры. - М.: Владос, 1999. - 360 б.
- 121 Коломинский Я.Л. Психология сквозь любовь // Учительская газета. – 1991, март – 26.
- 122 Савина Е.Г. Формирование умений межличностного взаимодействия у младших школьников в музыкально-театральной деятельности: автореф. ... канд. пед. наук. - Екатеринбург, 2005. – 155 б.
- 123 Голованова Н.Ф. Социализация и воспитание ребенка: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – СПб.: Речь, 2004. – 272 б.
- 124 Кравцова Е.Е. Психология и педагогика. Краткий курс: учебное пособие «Прспект». – М., 1999. – 127 б.
- 125 Акулова Ю.В., Гогоберидзе А.Г., Гризик Т.И. и др. Успех. Совместная деятельность взрослых и детей: основные формы: пособие для педагогов / науч. рук. А.Г. Асмолов; рук. авт. коллектива Н.В. Федина. - М.: Просвещение, 2012. - 205 б.
- 126 Браудо Т.Е., Бобылова М.Ю., Казакова М.В. Онтогенез речевого развития // Русский журнал детской неврологии. - 2017. - №1. – Б. 18-29.
- 127 Языкознание Ф. де Соссюра <https://sites.google.com/site/yazyk13> 19.08.2020.
- 128 Рассель Б. Воздействие науки на общество / пер. с англ. В. Онышко. - М.: Изд-во иностранной литературы, 1952. - 76 б.
- 129 Звегинцев В.А. Язык и лингвистическая теория. - М.: УРСС Эдиториал, 2001. - 248 б.
